

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

ІІ-том

МАҚАЛАЛАР, ОҚУЛЫҚ, ӘДЕБИ МҰРА

1936–1938

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Ә 82

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы У. Қалижанов

Кеңес мүшелері:
*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

12-том: Мақалалар, оқулық, әдеби мұра. 1936–1938. – 416 б.

ISBN 978-601-294-154-8

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 12-томына мақалалары мен зерттеулері, орта, орталау мектептің 6-классына арналған “Әдебиет хрестоматиясы”, М.Әуезов жариялауындағы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” аталатын әдеби мұрасы енгізілді. Солардың ішінде “Евгений Онегиннің” қазақшасы туралы, “Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар”, “Мәңгі жасайтын ақын — Шота Руставели”, “Тарих путевкасын берген адам” атты мақалалары мен зерттеулері бар.

Қоғамымыздағы саяси ахуалдың қайшылықтарға толы кезеңінде жазылған мақала, зерттеулерде қазақ мәдениетіндегі өзекті мәселелер тереңінен қозғалды.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

**УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)**

ISBN 978-601-294-154-8 (12-том)
ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014

Мақалалар



САҚТЫҚ КҮШЕЙІП, КӨРЕГЕНДІК АРТСЫН

Халық фольклоры адам ұрпағына жау болған жауызды жеті басты жалмауыз деген бейнемен суреттеген еді.

Ертегі ескілігінің заманындағы адамға қарсы тұрған қараңғы әлемінің барлық сұм, сорақы белгісін бір араға жиған жиынтық-кескін осы болатын. Бұл ең жыртқыш, жауыз, ең нас-сұрқия. Осыған ұқсаған екінші бір кескін бар. Ол – шын дүние туындысы. Бұны тапқан зоология ғылымы. Бұл сұмырай “құбыжықты” теңіз кезген кемешілер көріп, атын сегіз аяқ “спрут” деп қойған. Оның өші – адам. Адамға ұмтылғанда қайыс аяқтарын бірі артынан бірін жұмсап кеп, орап алмақ болады. Сол кезде ылай судан, батпақты шыңыраудан сұм жайынның басы шығып, ұстаған затын жемекке ұмтылады.

Міні, осындай ылас сұмырайлардың арты әлі күнге арылмаған екен. Бірақ ендігі кескіні ертегі дүниесінде де, зоология дүниесінде де емес, адам ортасында боп отыр. Олар мына бүгін тарих сотының үкімімен қара таңба басылып шыққан сұрқия жаулар.

Бұларға, жаңа тарих адамына, герой адамға қарсы тұруға ойлаған спрут туыстас, кейіптестері секілді көп басты дұшпан.

Фашизмнің ылас-жауыз, обыр қарнымен астасқан әлденеше құзғын бастың аттары: Троцкий, Пятаковтар, неше түрлі “оң” мен “солдар”, диверсант контрреволюцияшыл ұлтшылдар. Осы жауыздардың қайыс аяқтары герой адамның тұтасып біте қайнасқан бір денесін, сом денесін шырмамақ болған, ол қара жүзді сұмырай жыртқыштар әділ соттан үкім алып, қырқыла-қырқыла ұрылды, жалмауыздардың қалып қойған әр басын да осындай қып табандап ұрып, тапжылдырмай қиып түсіріп, құртып отыру үшін әлде де мықты сақтық күшейіп, көрегендік арта түссін.

“ЕВГЕНИЙ ОНЕГИННИҢ” ҚАЗАҚШАСЫ ТУРАЛЫ

Поэзияның ірі шығармаларын бір тілден екінші тілге аудару өте қиын екені мәлім. Ал біздің бүгінгі тәжірибені алсақ, ұлт әдебиет үлгілерін орыс тіліне аудару жөнінде көп ақындардың сол аударып отырған шығармасының тілін білмейтіндігі тағы бар. Бұларға жәрдем етеді дерлік подстрочник атаулыны алсақ, оның өзі асыл нұсқаның нағыз соры. Подстрочниктің (сөзбе-сөз аударманың) көбі сөз емес, құр көбік, немесе әлдеқандай өзіне біткен нәзік ырғағы, өзгеде жоқ жаңалық ерекшелігі дәл түсуі былай тұрсын, тіпті ақынның қысып, қамти айтқан ой-сезімінің системасы да және көрік-стиль құрылысының ішкі логикасы да дұрыс берілмейді.

Тап басып, дөп тиген кезінде өлең жолы қыл өтпестей боп, өте бір жымдасып құрылған жол емес пе? Мұндай жолдың ішіндегі жеке сөз — ән нотасының құр созылып айтылғаны сияқты емес, өзінше бір қалқыған дірілмен айтылған нотасы сияқты болады. Ол сөз бір мағына, бір-ақ ұғымды білдіріп, сонысымен қатып, сілейіп тұрып қалмайды. Түп мағынасынан басқа тағы қосымша ымы, сазы бар сөз болады. Оқушыға түп мағынасынан басқа да елес, әсер беретін сөз болады.

Асыл нұсқаның тілін білмейтін аударушы ақынға, оның сезгіштік, қажымастық ынталылығы ғана жәрдем етеді. Жалпы подстрочниктің ішінен Маяковский айтқан бейнетпен: “тонналаған сөз рудасының ішінен радийдің жалғыз грамын” тауып аламын деп іздеу керек.

Үйтпесе, аударатын нәрсенің сыртқы түрінен басқа нәрін де, нәзік мәнін де, өзгешелік қасиеттерін де түсінбейді. Әлгі, шолақ ойлы жеңілтек аудармашылардың: “біз ұлт ақынын қолдан жасаймыз” дейтін үркөппе сөзі де осыдан туады. Эпос сарынында жазылған шығарманы

сыршыл шығармаға айналдырып, ертегі сиқыршының камалын істейтін де сол жазғандарының өзі болады.

Бірақ, бір тәуірі, аударушының бәрі мұндай емес. Совет ақындарының ірілерін алсақ, тіпті тілін білмеген шығарманың өзін аударғанда да, нағыз үлкен шебердің қолымен, барлық ынта, бейілімен істегендері үлгі аларлықтай болып отыр. Мысалы, Тихоновтың грузин тілінен жасаған аудармаларында¹ оның асыл нұсқаға қаншалық зерттегіш-ақын қолымен жанасқанын көреміз. Ол ең әуелі өзіне сарыны сәйкес келетін ақынды алды. Подстрочникті біреу жасап бергеннің үстіне өзі де жасап алды. Сол аударатын өлеңін грузин тілінде әртүрлі қып оқытып, үн ырғағына құлағын жаттықтырады. Содан соң аудармасының әрбір қайтармасын грузин сыншыларына оқып беріп, түзеп отырады. Мұндай жол асыл нұсқаның нәзік қылдарын табуға сенімді басқыш болады. Сонда да, Тихонов аудармасын орыс оқушысы да, грузин оқушысы да мақтап отырса да, ол өз аудармасының бәріне ырза бола бермейді; “1935 жылға шейін аударған бес мың жол өлеңнің ішінен өзімді толық қанағаттандыратын бес-ақ жүз жол” – дейді.

Аударма ісінің осы сияқты жалпы қиындықтарының тұсында, қазір Пушкинді аударып жатқан біздің ақындардың бір тәуір жағдайы бар. Онысы – асыл нұсқаның өз тілін білетіндіктері. Жаман көпір – подстрочник бұларда жоқ. Пушкин өлеңдері бұларға өзінің бар үнімен “шырқап, қалқып” ұғылып тұр. Бірақ осы жағдайда, бұл ақындардан қазақ оқушысының көпті талап етуіне право береді. Ол оқушы біздің ақындарға: “Осы Пушкин аудармасы үстіне, сендер өздеріңнің мәдениеттіліктеріңді көрсетесіңдер, қала берсе таланттарыңның да шама-шарқын көрсетесіңдер” – дейді. Тіпті одан да әрі барып: “Сендердің осы еңбектерің зор мұраны біздің қалайша баурағанымызды білдіретіндіктен, Қазақстандағы әдебиет қозғалысы Одақтың өзге елдерімен салысқанда, қаншалық пісіп толғанын білдіреді. Бұл істің пісіп толғандығына, мәдениеттілігіне де сын-экзамен болады” – деп те айта алады. Біздің алдымызда тұрған міндеттің қиыншылығы да, қасиеті де осы арада.

Бұл міндетті, теория жүзінде, біздің ақындар барынша толық түсінеді. Сан жағынан қарағанда жалған аударма да

аз емес. Юбилей күніне қазақ тілінде Пушкиннің “Онегин” бастаған, барлық ірі поэмалары, жеке ірі өлеңдері және әңгімелері де шығады.

Ал енді сапа жағынан алсақ, осы аудармалардың бір-қыдыруында асығыстық ізі бар. Табандап, тырысып отырып ізденудің орнына әр себепті сылтау етіп, ауырдың үсті, жеңілдің астынан кеткендік белгісі бар. Сол себепті кей жерде Пушкиннің өлең өлшеуі жойылып, расында қазаққа ұғымдырақ болатын, он бір буынды, төрт жолды өлең орын теуіп алғаны бар. Бірақ, жол ұзарғандықтан, амалсыздан, аудармашы өз жанынан әр жолға кейде демеу сөз, кейде одан да ары оғаттасып, тіпті тұтас сөз де тіркеп жібереді². “Кавказ тұтқынын” аударған Тайыр жолдас осыны істеген. Ал “ Руслан мен Людмиланы” аударушы Әбділда, асыл нұсқаның өлшеуін сақтап, ұйқасын да дәлге жақын келтіріп, жалпы өлеңін күйлі қып шығарумен қатар, кей жолдардан Пушкин сөзін қалдырып қойған. Нәтижеде: кемшін соққан, өңі қашқан, асыл нұсқаға барабар келмейтін кем-кем жолдар болады.

Бірақ бұл аудармалардың бәрі бірдей осындай емес. Мысалы, Ілияс аударған “Евгений Онегинді” алсақ, оның зор ынта бейілімен зерттеуші ақын боп ізденгенін көреміз.

Романның өзін, түсіндіргіштерін, бұрынғы зерттеушілерін оқып, аудару үстінде Ілияс алты ай отырды. Сүйтіп іздеу арқылы ол Пушкин материалын барынша жете танып, біліп отыр. Ілиястың осы ісінің әр кезеңін көргендіктен мен қазір Пушкин романының ішінде ол түсінбеген бірде-бір сөз жоқ деп айта аламын. Ол роман ішіндегі толып жатқан адам аттарының неге кіргізілгенін және Пушкиндегі шет жайыла сөйлейтін көп тарамдардың неліктен болатынын тегіс зерттеп, шешіп алған. Мұндай бұлтарыстар романда аса көп. Және әр адам, жаңағыдай әр тарамның артында тұрған жалпы тарих, мәдениет тарихы, немесе оңай ұғыла қоймайтын тұспалмен айтылған дәуір белгілері қаншалық?

Осыны ұғынып алумен қатар, Ілияс әуелі романның бір үзіндісін әртүрлі үлгімен аударып көрді. Бірақ мынандай істі тарихи зор міндет деп түсінудің өзі, оған Пушкинді дұрыс әдіспен аударудың негізгі дұрыс жолын таптырды. Ол әдіс

асыл нұсқаның өз стилін, өз түрін бұлжытпай түсіру әдісі болды.

Сонымен, “Евгений Онегин” Пушкиннің өзіндегі 14 жолдық шумақпен³, өз ұйқасы, өз өлшеуімен және әр жолдың мағына тұспалын өз қалпында беретін, тіл образын да қазақша төлеу салмай, өз айтуынша аударып беретін үлгімен істеледі.

Шынында, бұл шығарманы да көптің көзі үйренген, дағдылы он бір буын, төрт жолмен аударуға болар еді. Онда аударушы да қазаққылау жағын басымдатып, асыл нұсқаның нобайын ғана беріп, өзі де жеңіл жортып отырар еді. Бірақ Лияс бұл жолға түспеді. Сонысы дұрыс болды. Пушкин поэзиясына қазақтың “тон-тымағын кигізіп” жеңілдетем деу, оны арзандатып, әлсіретіп жіберетін жол болар еді. Ал мына әдісі табандап ізденіп, бата қимыл істеген жаңалық әдісі боп отыр.

Бұл әдіс — қазақтың жас мәдениетінің бүгінгі күйін алғанда негізгі — тарихи зор мәні бар дұрыс әдіс болады. Анығында біз қазір көркемөнер мен әдебиеттің дүниелік ірі белгілерін алғанда, өз оқушымыздың өзірлігі аз боп тұрған күйіне қарай бейімдеп, жонып, мінеп, кішірейтіп, әлсіретіп алуымыз керек емес. Қайта сол оқушымыздың өзін көтеріп, өсіріп, анау мұраны барлық ұлы тұлғасымен тұтас түсінетін сатыға апаруымыз керек.

Олай болса, Пушкин де қазақ әдебиетіне дәл Пушкин қалпымен өңін өзгертпей кіруі керек. Өзіне біткен ерекшелігімен, бұл күнге шейін қазақ оқушысы көрмеген тереңдігін толық көрсетіп, жаңа серпіні зор мол бір арнадай боп өз түрін, өз стилін ала кіруі керек.

Одақтың грузин, армян, украин сияқты мәдениетті елдерін алсақ, барлығы да ұлы ақынды осылайша, өз түрін, өз стилін бұлжытпай аударып отыр.

Осындайлық жалпы жөннен туатын дұрыс әдісті біздің жұртшылық қабылдауға тиіс. Көпшілік шынында да жақсы қабылдаған сияқты. Бірақ сонымен қатар, бұл аударманы ұғымсыздау дейтін бірен-саран адамдар да бар. Олар кей-кей кезде қазақшасын ойша орысша аударып барып қана түсінеміз дейді. Ал тағы біраз адамдар “бүгінгі қазақ поэзиясында мұндай шумақ, мұндай ұйқастар жоқ болғандықтан, қазақ оқушысының көпшілігіне тосаң тиетін

ерекшеліктерді онша тереңдетіп алмау керек еді, қазақтың өзіне мәлім түрден ұзамау керек еді” дегендейді айтады.

Бұл пікірлерді ол кісілер романның әзірше жарияланған бірінші тарауына қарап айтады. Ол тарау түсіндіргіш сөздерді өте мол қып басуды тілеуші еді. Түсіндірме сөз көп болмағанда, “Евгений Онегиннің” бірінші тарауын ұғыну аса қиын. Қазақ оқушысының көпшілігіне ол бір ауыр жұмбақ, қиын шың болуында дау жоқ. Жалғыз қазақ оқушысы емес-ау, тіпті орыс оқушысының орта буынына да оп-оңай емес. Бұл тарауда романның уақиға түйіндері, әңгімелік жағы айқынданып таралмайды. Оның үстіне көп шумақтары көлденең жайларды баян етіп, уақиғаға қатынаспайтын кісі аттары да мол араласып отырады. Және әр кісінің тұсында ақын тілімен келте қайырылып айтылған сындар, ымдар, тұспалар да көп.

Қазақ оқушысы не шала білетін, не тіпті білмейтін осы сияқты фактылар мен көп зат нәрселер бірінші тараудың әр шумағынан табылады. Әзірлігі жоқ оқушыға, мысалы, 18 шумақты алып осыдан не түсіндің десек, не айта алар еді? Ондағы аттары аталатын Фонвизин, Княжнин, Озеров, Катенин, Шаховскойлер арқылы⁴ және артистка Семенова⁵, не биші Дюпло арқылы – Пушкин өз уағындағы театр, драматургия және балет өнерінің суретін беріп отырғанын түсіне қою оңай ма? Ал 49-шумақтағы:

Адриатик толқындары,
О, Брента, көзім салам,
Толғанамын, толық тағы
Сикырлы үнің жетті маған!
Үн ардақты ақын ұлға
Альбионның өр жырында
Маған таныс, маған жақын

.....
.....

Жүздім сырлы гандолада,
Петрарконың ғашық тілін
Сол сұлумен жаттап жүрдім... —

деген сөздерінің арғы сырын екінші бірі түсіне қояр ма екен? Осының ішіндегі атаулары және солардың кірген себептерін “Орысша тілді жақсы білем, романды орыс

тілінен оқып түсінем” деген қазақ оқушысының бәрі біле қойды ма екен? Аударманы жете қарамай, ойланып, үстірт мінейтін сыншының көбі осы жолдастар ғой. Олар: “Орысшаны түсінеміз, ал қазақшасы бізге оншалық ұғымды емес” дегендей қылады. Дәл солай ғана ма екен? Бұл тұста орысшаны түсінбеймін деуге арланып, өзіне өзі жалған айтып қазақшаны түсінбеймін деумен орынсыз мезетсіп отыратын құрғақ паңдық жоқ па екен?⁶ Біз кей-кейде сол да бола ма деп шүбеланамыз. Рас, бұл жерде адам таппастық, миға қонбастық сырдың жөн екені де рас. Бірақ, әйтсе де романды ғылым жолымен терең бойлап оқымағандықтан (ал “Евгений Онегинді” солайша оқымай болмайды), ол кісілер бұл арадағы бірталай нәзік жайларды білмейді. Бұл шумақтың ішкі сырына бойлап көрсек: Альбион дегені Англия (“биік арал” деген), “өр” деген сөзді бұл арада Пушкин, Байрон поэзиясы туралы айтады. Айтқанда, Байронның “Чайльд Гарольдының”⁷ төртінші тарауын есіне алып, сонда Англия ақыны – Италияның Бранта өзенінің бойындағы түн көрінісін суреттеп отырып, сол Италияның атақты ақыны Петрарканы сөз қылғанын⁸ есіне алып сөйлейді.

Бұл шумақты мен ең қиынын таңдап алайын дегендіктен алып отырғам жоқ. Көп мысалдың бірі есебіне ғана алып отырмын. Дәліні айтсақ, бірінші тараудың талай шумақтары осы тәрізді.

Бірақ асықпай ойланып, жөнін байқап отырсақ, сол сырт көзге ұғымсыз болар деген шумақтардың талайы Ілияс аудармасында, бір жағынан, асыл нұсқаға барабар түсіп, екіншіден, қазақшылық жағынан да көрікті де, келісті де боп, әдемі қиысып отырады. Мысалы:

Театр толы: жайнап ложа;
Кресло партер қайнап тегіс;
Жоғарғы жақ шулап қозды,
Перде ашылып, шықты дыбыс.
Бейне бұлт, етіп жалт-жұлт,
Мәжілісті құрмет қылып,
Ньюмина тобы қоршауында
Тұр сахнада Истомина⁹.
Бір аяқпен жерде жылжып,
Бір аяқпен айналар жай,
Еволь үрген мамығындай:

Бірде ұшып, бірде ырғып,
Бір бүгіліп, бір жазылып
Аяқты аяқ қағып лып-лып... —

деген аудармада қандай мін бар? Бірақ мұнда Ньюмина, Еволь, Истомина сияқты, немесе көпшілік ұға қоймайтын, “партер”, “ложа” сияқты аттар да бар. Ал аударушы ақынға бұл жөнінде не бұйрық етесіз? Өлең жолының ішінде “Ньюмина” пәлен, “Еволь” түген десін бе? Әлде, басты қатырмай, біз білмейтін аттың бәрін өлең ішінен айдап таста дейміз бе? Біздің кейбір аудармашыларымызда ол да болып еді-ау. Бірақ енді олай демек, онда тіпті аш құлақтан тыныш құлақ, “Евгений Онегинді” қазақшалағанды қояйық. Үйткені, осы жаңағылар сияқты, бүгінгі аударушы мен біздің бүгінгі оқушыны біраз қинайтын өзгешелік, ерекшеліктері болмаса, “Евгений Онегиннің” барлық, шыңыраудай терең мәні де, сегіз қырлы сыры да өшіп, семіп қалады.

Шынында, осындай жайларын ойлап қарасақ, бірінші тараудың мәні аса зор. Тіпті романды мәңгілік шығарманың дәрежесіне көтерген де осы тарау емес пе екен деген ой келеді. Біраз ой жіберіп, роман мәнін суреттеп түсініп, Онегиннің өзі романның кейінгі тарауларында бұтақтап, жапырақтайтын ағаш деп салыстырсақ, мына бірінші тарау сол ағашты тудырып, өсірген анайы топырақ есепті болады. Сол өзі шыққан төркін топырағы ғана, өзге емес, дәл осы мүсінді ағашты тудырып отыр. Ал бірінші тарауда сол топырақтың физико-химиялық сипаттары көрсетіліп кеп, жаңағы ағаштың биологиялық, табиғаттық жағынан қалайша қалыптанған тарихы айтылады. Сол тұлғалы ағашымыз Онегиннің психо-физиологиялық мүсіні боп шығады.

Абайдың бір қателескен жері бірінші тараудың осы мәнін жете қарамаған. Егер терең бойлап, Онегин образының логикасын түсініп, тамыр-түбірін абайласа, аудармасының аяғында оған мылтық ұсынып “енді өзіңді өзің өлтіруің-ақ қалды” деп дәмеленбес еді. Дана ақынның ұлы романының сын-сипаты осындай. Ол күйінен қайда қашсаң да құтылмайсың. Құтылу үшін жеңілейтіп, жұқартам десең, кешілмес қаталық істер едің. “Пушкинді — Пушкин ете аударамын” деп дұрыс бағыт алған Илияс, осы міндетін

көп жағынан көңілдегідей адал қылу арқылы, бүгін таңда зор мәні бар, тарихи мәдени еңбек сіңіріп отыр.

Аударманың жоғарыда саналған қасиеттерінен басқа тағы бір ащы өткірлігін де әдемі келтірген. Ал Пушкиннің қай дәуір, қай буынның болса да, ақын атаулысына үлгі, өнеге болатын іші терең, сырты оңай, келте қайырғыштық кестесі де аудармада сезіліп отырады. Пушкин романының басындағы “Арнау сөзде”:

Достым, осы-ақ келген қолдан:
Шала сықақ, шала мұңнан,
Ел өзінен, ұлы арманнан
Жас жемісім, жұбанудан,
Таң күзеттен толғанудан,
Өспеуімнен, өшкен жылдан,
Күйген көңіл түйген сырдан —
Ала-құла жазылған сөз,
Құмарлана қолыңды соз... —

деп бір екшеп тастайды. Осы жолдарда романның бар мән-жайы туралы тұжырымды түрде түсінік берумен қатар, өзінің де ой-сезімін, сан толғауын құлақ күй етеді. Шерменде ойшының мұңды, күңгірт жан жарасын сездіреді. Ал осындай мазмұнын еске ала отырып қарасақ, мына аудармадан да сондай толғақ шын сезіліп тұрған жоқ па? Қазақ тілінде осындай аз сөздің бойына, тар жердің көлеміне осыншалық телегей толқын ой-сезімді сыйғызған өлең көріп пе едік? Көргеміз жоқ. Үйткені ол Пушкиннен ғана шыққан. Бір ерекше қасиеті — осындай келтелігінде. Сонысының өзі үлгі болсын, біздің ақындарды да осындай терең мағыналы үнемшілдікке баулысын деп, Илияс әдейі, барынша келте қайырып аударады. Бірақ осындай қайырымдар, жоғарыда айтылған қазаққа таныс емес ат, заттардың тұсында түсіндірмелер аз жазылған уақытта, кейбір түсініспегендікті туғызады. Ал түсініспеудің кінәсі аудармада емес, біздің өзімізде.

Аударманың да бүгінгі тұрған қалпын алсақ, күдік туғызатын екі-ақ ірі мәселе бар. Мұның біріншісі — оқта-текте ұйқастың тап түсе қоймайтындығы. Қазақ оқушысына атымен жаңалық болатын шумақ пен ұйқасты алған соң, өлең аяғының ұйқастары босаң болмай, нық-нық, дік-

дік түсіп отыруы қажет. Оқушы сол жаңа түрдің өлеңі де күйдей күңіреніп тұра алмайтынын сезсін. Ал қазірде кей жолының буыны асып, шұбалаң тартып қап, кейде ұйқас та жетіксіремей қап отырады.

Бұдан соңғы, әсіресе күдікті екінші кемшілік – аударманың сөздігі (словары), ақындық сөздігі туралы. Қазақ тілінің ескі, жаңа қорының бәрін жете білетін Ілияс, осы қорлардың өзін ғана қолданумен қанағаттанады да, Пушкин тілінің бір зор ерекшелігін бәсең қалдырады. Пушкин дәуіріндегі әдебиет тілінің сол дәуірмен байланысты бір бояуы дін, шіркеу сөзінің көп араласатындығы емес пе еді? Ал аудармада романның тілі кей-кейде біздің дәл бүгінгі әдебиетіміздің тілі боп қалады. Қазақтың әдеби тіліне сіңісті боп кеткен ескі кітап тілін (кейбір араб, парсы сөздерін) осы аудармаға кіргізуден Ілияс әдейі қашса да, бекер қашқан. “Мәдениет”, “Әдебиет”, “Мектеп” сияқты, немесе Абай шығармалары арқылы біз күнде оқып, құлағымыз жаттыққан: ләззат, шафқат, ғиззат сияқты кітап, дін сөздері бар емес пе? Пушкиндегі шіркеу – дін сөздерін осындайлардан төлеу салып отырса, аударма тілі – дәуірдің бүгінгі емес, өткен бір шақ екенін сездіргендей болар еді. Уақыттың тарих қабаттарының өткен кезіне қарай сырғып барып тұрған алыстығын сезінер едік. Осындай жағынан қарасақ, мысалы, Пушкиннің “Коварный искуситель”-нің орнына “Сайтанбысы” десек, әлсіз де, кемшін де соғады. Ал бұл орынға біздің бүгінгі әдебиет тілімізде сирек көрінетін, бірақ қазақ білетін “өзәзіл”, “ібілісті” алсақ, әлдеқайда қонымды болар еді.

Рас, әрине, бұл жайды “Гамлетті” өзбек тіліне аударам деп, Шекспирді біржолата арабшалатып қойған өзбек ақынының оғат тәжірибесіне ұқсатпау керек. Өзбектің әдебиет тіліндегі араб, парсы біздікіндей емес. Оларда, бүгінгі әдебиет тілін кей-кейде жаргонға ұқсатып жіберетін араб, парсы аламыштарынан құтылу – зор мәні бар шетін мәселе. Ал бізде, қазақша төлеуі болмаған жерде, өзі бар қазаққа мәлім сөз болғанда және арнаулы бояу ретінде қажет болғанда өлшеуін біліп, мөлшермен қолдану – оншалық құбыжық болмас еді дейміз.

Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан жасаған аудармаларының ерекше зор қасиеті – әсіресе асыл нұсқаның өз

тіліне тең түсіп отыратын сөздігінде. Жаңағы ақындарды аударғанда Абай да жаңа түр іздеп, өзінше соны тауып та алған. Шалыс ұйқас деген ұйқасты Татьяна хатын аударма бастағанда Пушкиннен алып, соны қазақ поэзиясына енгізді. Ол аналардың жол өлшеуін, өзі айтқандай, “Уәзімін” де сақтаған. Бірақ, сонымен қатар Абайдың шын қуаты – бояуы айқын, қыры мен сыры терең тілінде, сөздігінде жатыр.

Өзге жағының бәрін алғанда, Илиястың ұстаған жолы – шексіз дұрыс жол. Ендігі міндеті, осы сияқты мәдениетті әдісін шынымен аяқтап шығу үшін әлі де осы бетінен тереңдетіп, толықтыра түсуі керек.

Ал қазақ оқушысының сауатты жағына аздап, оларға оқу мен оқу тең емес дегенді ескерту керек. “Евгений Онегин”, “Фауст”, “Гамлет” сияқты алуаны бөлек шығармалар, қызық романша, я батыр жырынша желе текірекпен оқылмайды.

Сонымен қатар көпшілік оқушыны алсақ, оған “Евгений Онегинді” дұрыс ұғынып түсінуі жөнінде біз жәрдем етуге міндеттіміз. Бұл романның әрбір қазақша баспасына орыс тілінде берілетін қалпынан сонағұрлым мол түсіндірме сөздіктер басып отыру керек. Және басқа аударма емес, дәл осы аударманы алып отырып, көпшілікке талай лекциялар оқып, беседалар жасап, романның өзін оқып беріп отыруымыз қажет. Осы ретте тағы бір ойласатын нәрсе, “Евгений Онегиннің” көпшілікке арналған баспасын шығарғанда, осы аударманың ішінен біраз тарауларды қысқартып, әңгіменің өзін ғана тұжырымды қып беретін, қысқа вариант шығаруға да болмас па екен?

АЛҒАШҚЫ ӘСЕР

“Ер Тарғын”¹ туралы айтылатын сөз аз емес. Көмекші, жолдастық сынның терең бойлап, кеңінен алып, көсіле сөйлейтін бір үлкен кезеңіне жеткен сияқтымыз. Күннен-күнге қадірі артып, шыны көркем театр боп, өрлеп келе жатқан қазақ опера театры мынау соңғы еңбегімен тағы да бір рет құлаш ұра, жарқ еткендей болды. Ізденгіш, тапқырлық серпінімен ырза қыла, қуанта әсер етті. Бүгін алғаш көрген, бір-ақ рет көрген қалыпта барлық үлкенді-кішілі мәселелерді таратып, талдай сөйлеу қиын. Сондықтан қазір ең алғашқы жалпы әсерді айтамыз. Осы реттен қарағанда, “Тарғын” операсында, ең алдымен, барлық үлкен бұйымдарының (бұған кіретіндер: пьесаның мазмұны, режиссердің басшылығы, актер ойыны және композитор, суретші, би басқарушының ісі сияқты негізгі элементтерінің) барлығы әдемі боп туысып, үйлесіп, біте қайнасқан тұтастықпен шыққан сияқты. Барлық операны бір мол мүсінді көркем шығармаға айналдырып тұрған айқын стиль бар. Бұрынғы нәрселерде жаңағы бұйымдардың кей-кейде әрқайсысы әр сайды өрлегендей бытырандылық сезіліп қалып отырушы еді. Мынау, олармен салыстырғанда, әрі ірі де, әрі жаңағыдай түп-тұтас шыққан. Бұл жөніндегі зор еңбек – режиссер Құрманбектің еңбегі. Ізденгіш, өнерлі, сапа тапқыш еңбек. Құттықтарлық еңбек.

Осындай мағыналы, ойшыл басшылықтың сахнаға жарқырап шыққан белгісі актерлер ойыны, бишілер биі, суретші ісі, композитор қарекеті болды.

Талантты жас жазушы Сағыр² жазған “Тарғын” пьесасы негізгі рольдер жағынан, оқиға-тартыс жағынан қарағанда артистерге өте қызықты материалдар берген екен. Әсіресе Күләшқа – Ақжүніске келгенде бұрын қазақ әдебиеті, қазақ сахнасы көрмеген жолбарыс тұлғалы, құбылмалы, сайқал, сегіз қырлы мүсінді көрдік. Күләш бұл рольде өзіне

де, өзгеге де соншалық жат, жаңа рольде тақ қырлаған алмастай төңкеріле құбылды. Барлық мінез қылығының өрі мен ылдиы, күнгейі мен теріскейі көрушіге мастерлік әнінен де, әсіресе жарқ-жүрқ еткен ойынынан да өте әдемі көрініп отырды.

Тарғын — Қанабек те өз ролін ірі ғып, әсерлі ғып келістіре атқарды. Шынында Қанабектің шын үлкен актер екенін музыка театрының сахнасында алғаш айқын танытқан ролі осы сияқты.

Тананы³ ойнаған Қапиза ойын жағынан жақсы болғанмен, дәл дауыс жағынан Тана образына көп үйлесе қоймайтын сияқты. Бұл партияның үні лирикалы сопрано ғой. Қапизаның дауысы ол емес. Жалпы алғанда көрнекті рольдердегі артистердің бәрінің ойыны да операның үлкен арқауын әлсіретпей, жақсы күшейтіп жүріп отыратын сияқты. Мысалы, Манарбек — Сақан, әсіресе, Ана — Шара, Қарт Қожақ⁴ — Бісмілда өз орындарында, лайықты, қонымды боп шықты.

Бірақ осылардың қатарына іліне алмай, әсіресе, айқын түрде кемшін тұрған екі-үш кісі бар. Олар — Қапан және соның жігіті, онан соң әсіресе Сыпыра жырау⁵. Бұл сексен бестемін деген сөзін өзі сезбейді. Сақалы болмаса баладай ойнақы, салмақты мінез де жоқ.

Бұл операның билері әдемі. Әсіресе Шараның жеке билерінің орындалуы шын көркем, шебер өнердің бір әдемі тамылжыған, өте жарастықты кестелері сияқты шықты.

Осындай әзірше, қысқаша айтқан алғашқы әсерлердің ішінде тағы бір қатты риза қылатын еңбек — суретші еңбегі. Наумов жолдас бұл операда ерекше көркем декорациялар жасаумен бірге барлық киім-кесте үлгілерін де аса қонымды ғып белгілеген.

Ал енді операның ең зор түйінді мәселесі — композитор еңбегін айтайық. Операда, әрине, дауыспен айтылатын жерлердің барлығын ел әніне құрған Брусиловский¹³ жолдастың аса қымбат бір ісі — би атаулының көпшілігін де қазақтың белгілі ән, белгілі күй ырғақтарына құрғандығы. Бұл операда композитор халық ән-күйіне бұрынғыдан да көп тереңдеп, көп сүйенемін деген негізгі дұрыс бағытқа беттеп, сол халық музыкасының арқау, бояуын әлсіретпеген де бұзбаған. Өзінен қосылған композиторлық іздену,

жаңалықтар жайын мен бұл жолғы бірінші сөзде таратып, нық байлап айта алмаймын. Жалғыз-ақ композитор ісінен алған жалпы жақсы әсердің ішінде әзірше көңілге күдік келтіріп тұрған бірер жайы бар. Ол — ән атаулының көпшілігі бүгін жұрттың бәрі айтып жүрген, аса мәлім әндер болуында. Рас, бұл — тарихи жағынан кеңірек көп ойлап, көп талқылайтын мәселе.

Бірақ, сонда да суретші ізденіп отырып тарихтағы Қырым-Еділ хандарының декорациясын береді, костюм, бояуларын береді. Биші де өз бабында соны істейді. Пьеса мазмұны, актер ойыны, жалпы режиссер басшылығы бұл оқиғаны XV—XVI ғасырдың маңайы ғып көрсетеді. Ал біздің әннің бірқыдыруы бүгін тым мәлім боп жүрген әндер. Әрине, әннің сол ескі күнде шыққанын тап деп шарт қою қиын. Осы бүгін мәлім әннің өзінің де талайы сол ескі күндердің алыс сарынынан желі тартып келе жатуы мүмкін. Бірақ, солай десек те, дәл осы “Тарғынның” қазір кей жерінде қолданған әдіс бойынша ескі күйлерді әнге айналдыра пайдаланып байқау, сол тәжірибені молайта түсу пайда болмас па еді. Бүгін көпшілік айтып жүрген кейбір әндердің орнына сондай өрнектер түссе, іздену де, жаңалық та молырақ сезілмес пе еді? Сонда анау сарай, анау мінез, салттар, тарихи дәуірлер ән-күйден де өз бояуын, өз шешуін табыңқырай түспес пе еді? Бірақ, бұл мәселе, әрине, кеңінен қаралып, толығырақ талқылауды керек ететін қиын да, даулы да мәселе. Ол тақырыпқа кейін де соғармыз. Осы жағы болмаса, көп әндер, әсіресе, Күләш, Қанабек, Манарбек айтуында драмалық мағынасы зор, өте әсерлі, өте күшті боп шығып отырды.

Үлкен істің, ірі табыстың үстінде болған үстіне бола түссе екен дейтін тілек-талап табиғи нәрсе. Осы жағынан қарағанда дәл соңғы сахнадағы көпшілік әзір шикілеу сияқты. Театрдың жаңа келген адамдарының ішінде әзірше сахнада жүріп-тұруды жете үйренбегендігі байқалып қалып отырады. Әсіресе, сол әйелдер жағында көп. Сол себепті дәл соңғы сахнаның динамикасы, әсіресе көпшілікке сүйенетін драмалық түйіндері сәл солғындау сияқты. Оқиға қат-қабатының тұсындағы қозғалыс, әбігердің көбі операдағыдай зілді, мағыналы ырғақтармен шешілмейді. Кейде асығыстық, кейде көркемдігі аз ұйқы-тұйқылық

молайып кететін сияқты. Тағы бір байқаған хал, жалпы опера әзірше біраз созолаңдау, ұзындау сияқты.

Осы ретте үшінші актының бірінші суретін біраз қысқарта түсіп, оның есебіне оқиғалық түйінін сығымдап, иін қандыра түссе, теріс болмас еді. Мұның бәрі – көрікті операдан алған алғашқы әсердің қысқаша айтылған нобайлары.

Жалпы алғанда, “Ер Тарғын” операсымен біздің театр коллективі тарихи декададан соңғы күткен үмітті шын ақтады. Өсудің тағы бір зор сатысына қарай ырғымақ боп талап етіп еді: Күләш, Құрманбек, Қанабектер бастаған көрнекті топ қанатты әдемі қақты. Мұны шын табыс деп қуанамыз да, театр коллективін, театр басшылығын құттықтаймыз. Алған әсер театрға қызықты материал өзірлеп беруді зор бір қадірлі міндеттей еске салды.

СЕРГО — ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ДОСЫ

Отанымыздың ең жақсы ұлының бірі Серго¹ Орджоникидзенің қайтыс болғанына қайғылы митингіге жиналған жазушылар революцияның жалынды батыры, Ленин мен Сталиннің берік жолдасы, ауыр өнерлі кәсіптің командармы, Политбюроның мүшесі — социализм негізін құрушы көрнекті басшының бірі Григорий Константинович Орджоникидзе ортамыздан кеткеніне қатты қайғырады. Біздің партиямызда Сергоның ролі өлшеусіз зор, ол ешқашан Ленин жолынан, Ленин туынан бұрылған жоқ, ол халықтың дұшпаны троцкийшілдерді², ұлтшылдарды³, оңшыл оппортунистерді⁴, біздің социалдық Отанымыздың беріктігіне арам қолдарын сұққысы келгендерді қиратқан большевизмнің алмас құралы еді.

Ол жас күнінен өмірінің ақырғы күніне дейін коммунистің кіршіксіз таза (идеальный) образы болды. Ол революцияның айбатты бүркіті еді, оның аты — большевиктің творчестволық қайраты қайнаған Кавказ селендеріне, Совет астанасына, шет тайгада, қиыр терістіктегі Арктикада даңқты ат. Орджоникидзе өзінің бүкіл өмірін, жалынды ұлы жүрегін ауыр өнерлі кәсіп өндірісін, Отан қорғау өндірісін орнату ісіне жұмсады. Оның творчестволық ұлы істері мәңгі есімізде болады.

Социалдық Қазақстанды құру тарихында да Сергоның ролі ұмытылмайды. Ол қараңғы Қазақстан даласында ауыр индустрия құрды, өнерлі кәсіп кадрларын дайындауға көмектесті. Біз, Қазақстан жазушылары, партияның, бүкіл совет халқының қайғысына қосыламыз, революцияның қайтпас солдатты, социализмнің жалынды трибуны

Сергоше жанып істеуге серт етеміз. Біздің міндетіміз – шығармаларымызда Сергоның ұмытылмас образын беру. Сергоның коммунизм орнату үшін күрес үлгісі Отанымыздың ардақты адамдарына күш береді.

*М. Әуезов, М. Қаратаев, Қ. Жұбанов,
Ө. Тұрманжанов, П. Кузнецов, М. Алтайский, т.б.*

ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ АУДАРМА ПЬЕСАЛАР

Бұл жөнде сөз қылатынымыз Қазақстанның мемлекеттік драма театрының ғана тәжірибесі. Өйткені біздің облыстық, аудандық театрларымыз әзір аударма пьесаларды қоюға кірісе алмай келеді.

Мемлекеттік драма театрының аударма пьесаларды қоюға ең алғаш дұрыстап кірісе бастаған уақыты 1932–1933 жылдардан басталады. 1932 жылдың көктемінде режиссер Танеевтің басқаруымен “Сүңгуір қайық” қойылды.

1933 жылдың басында драма театрының көрнекті режиссері, қазірде еңбегі сіңген артистің атын алып отырған Насонов жолдас “Астық” пьесасын қойды. Содан бері қарай Насонов “Досымды”, “Жойқын князь Мстиславты” қойды¹.

Өткен 1936 жылы драма театрына ірі білімді, тәжірибелі, талантты режиссер, қазіргі халық артисі Боров жолдас келісімен “Ақсүйектер” қойылып еді. Биыл “Ревизорды” қойып беріп отыр².

Осы тәжірибелер мемлекеттік драма театрының бұл саладағы алға қарай беттеген даңғыл жолын белгілеп берді. Жақын заманда біздің театр классиктен Шекспирді, жаңа пьесадан биыл Октябрьдің 20 жылдығына арналып шығатын пьесаның бірін қоймақ³. Келесі сезонда осы сияқты екі түрлі аударма пьеса біздің сахнаға шығатыны анық. Шекспирден алынатын пьесаның аты, әзірше дәлдеп белгіленбегенмен, не “Отелло” немесе “Ромео-Джюльетта” екеуінің бірі болатыны анық. Театрдың басшылығы бұл жөнде өзінің әзірлігін істеп отыр. Аударушыға қойылған шарт бойынша Шекспирдің пьесасы ағылшын тілінен аударылады. Орыс тілінен жасалған аудармалар жай қосымша мағлұмат есебінде ғана пайдаланылады.

Міне, соңғы жылдарда Қазақстанда Мәдениет революциясының ұлы өріске басып өркендеуінің ішінде мемлекеттік драма театрының дамуы көрнекті ірі бөлегінің бірі болса, сол дамудың бір өлшеуіші осы аудармалар.

Бірақ драма театрының он жылдық тарихын шолып өтсек, аударма пьесаны қою жалғыз 1932 жылдан ғана басталмайды. Ерте кезде де бірден-саран пьесаны қойып көргені бар. Гогольдің “Үйлену” деген пьесасын, Пушкиннің “Сараң серісін” де қойып көрген⁴. Бірақ бұл пьесаларды актерлер тіленіп қойғызғанмен, театрдың ол кездегі басшылығы әрі білімсіз надан болып, әрі әсіресе ұлтшылдық дертімен ыланданып, қыңыратқып жүріп, анау классик пьесалардың қадір-қасиетін түсінбеген, бағаламаған. Соның салдарынан классик пьесаларды қазақ халқына нәрлі етіп көрсетуді ойламай, құнсыз, ажарсыз етіп көрсеткен. Осымен қазақ театрының сахнасында аударма пьесаның болуына мүмкіндік бермей, қайта жақсы пьесалардың құнын кетіріп, зиянды әрекет еткен. Көпшілікті аударма пьесалардан түңілткендей істер істеген.

Сондықтан да, мәдениетті режиссер келіп жаңа пьесаны дұрыстап қойғанша, бірнеше жыл бойына драма театры аударма пьесаларға жанаса алмай, қол үзіп қалған.

Ал енді аударма пьесаларды жалпы алғанда, біздің театрдың коллективі үшін, және жалпы жаңа жұртшылығымыз үшін қандай тарихи ірі қасиеттері бар?

Мұндай, басы ашық тұрған екі үлкен жайды айту керек. Бірінші – совет драматургиясының алдыңғы қатарлы пьесаларын қою арқылы драма театры интернационалдық тәрбиені күшейтеді. Көпшілікке совет мәдениетінің табыстарын танытып, ұғымды, қонымды етіп танытып, сол мәдениетті сүйеге, “өз тәнім” деп тануға баулиды. Совет пьесасы мен сол пьесаның образдарын қазақ жұртшылығы “жалпы социалистік, интернационалдық қазынам, және сол себепті өз пьесам, өз образдарым” деп таниды. Қазақ тіліндегі жас әдебиетімізбен саны аз ғана оригиналдарымызда жаңа тарихтың геройлары әзірше жарым-жартылап қана көрсетілсе, жалпы совет драматургиясында олар көлемдірек, кеңірек боп алуан-алуан саладан көрінеді. Партия мен совет құрылысының үлкен адамдарын болсын, немесе сүңгуірлер, ұшқыштар, қызыл әскерлер геройларын болсын – барлығын

да жалпы совет қорынан көбірек табамыз. Осыларды қазақ артисінің ойнап бере алуы, театрдың мәдениетті түрде қоя білуі, бір жағынан біздегі мәдениет фронтының дамуын көрсетеді. Екінші жағынан драма театры көпшілікке төңкерісші реалист театрдың беретін үлгі, нәрін береді, тәрбие береді.

Бұл пьесалардың зор қасиеті қазақ актерін жалғыз қазақ пьесасының көлемінде қалдырмай, сол актер типінің өзін де өзгерте, өсіреді. Қазақ актерін советтің интернационалдық мүсіні бар қайраткер етеді.

Ол пьесалардың ірі образдарын жақсы қып ойнап шығу арқылы біздің бүгінгі бірнеше ірі актеріміз үлкен сыннан өткендей боп, тәжірибе көріп, ірі табыс тапқаны бар. Мысалы, “Астық” пьесасын ойнағанда Елубай, Қапан, Қанабек, Шара, Құрманбек, Камалдар қандай белге шықты? “Ақсүйектерді” ойнағанда Мәлике, Елубай, Қалыбек, Серке, Қапан, Шәкен, Жағдалар қандай іріледі?⁵ Жалғыз бас рольдегі актерлер емес, “Астық”, “Жойқын”, “Ақсүйектерде” өте көрнекті ажарлы боп көтерілген көпшілік болды.

Қазақ драма театрының тарихында бұл тәжірибелер ұмытылмайтын үлкен-үлкен тұрғылар сияқты. Бұл жердегі орыс режиссерлерінің еңбегі де шын тарихи еңбек. Ал аудармалардың ішінде совет пьесаларынан бөлек, классик пьесалар тағы бар. Оларды қою арқылы ең әуелі, біз қазақ жұртшылығын неше алуан тарихпен, неше түрлі ұлттардың, қоғамдардың, таптардың өмірімен таныстырамыз. Сол орталардағы қоғамдық мінез-құлық, мүсін-пішіндерді танытамыз.

Осыларды үлгілі режиссердің басшылығымен, өнерлі актер болып ойнап беру, біздің барлық коллективімізді үлкен өнер мұраларын баурап алуға үйретеді. Біздің актердің бұл жөніндегі өсуі, бүкіл дүние тарихының мәдениет қорына қарай қадам басып өсуді көрсетеді. Соны дұрыстап баурап алып, мәдениетті түрде пайдалануымыз арқылы біздің театрымыз да мәдениеттіліктің, өнерліліктің сынынан өтеді. Ол жалғыз театр коллективінің ғана сыны емес, барлық республиканың мәдениетінің өсу жолындағы үлкен саты, үлкен сын — белгінің бірі.

Драма театры классик мұраларына партияның берген бағасы бойынша, совет мәдениетінің негізгі көзқарасы бойынша қарайды. Сондықтан бұл жөнінде біздің театр өзіне дұрыс та, берік те бағыт белгілеп алды. Осы жолдағы істің бірінші үлкен адымы биыл қойылған “Ревизор” еді.

Бұл постановканың қазақ театры үшін тарихи табыс екенін басшы жұртшылық әбден бағалады. Қуана қарсы алды.

Актерлердің ішінде Қалыбек, Камал, Елубай, Мәлике, Серке, Шәкен, Сейфулла, Айша, Сабира, Әбен, Жанысбектер болсын, және тіпті басқа кіші-гірім рольдердегі жастар болсын, барлығы да ойдағыдай, сүйсінерліктей еңбек етіп шықты.

Бұрын көбінесе қазақ рольдерімен өскен актерлер “осы жолы қайтер екен” деген күдіктің бәрін жойып, қайда апарып салсаң да сүбелі актер боп шыға алатынын танытты.

Драма театры “Ревизорды” жақсы қойып шыққаннан бері “енді қай классикті болса да меңгеріп ала біледі” деген сенім тудырып отыр.

Әрине, бұл жөндегі ірі еңбек режиссер Боров жолдастікі болды.

Аударма пьесаларды мәдениетті орыс режиссеріне қойғызып, сол арқылы коллективті оқыта өсіру – ең дұрыс, ең қажет жол екенін Боров, Насонов жолдастардың еңбектері әбден танытты.

Осымен қатар қойылатын бір мәселе – мемлекеттік драма театрының осы тәжірибесінен енді Қазақстанның өзге театрлары үлгі ала бастайтын мезгіл жетті. Әсіресе облыстық театрларымыз осыны ойлану керек. Бұл күнге шейін ол театрлар аударма пьесаларға жуи алмай келеді. Мәселе режиссерге тірелгендіктен солай болып отыр. Енді сол театрлардың іс жүзінде қолға алатын міндеті: мезгіл сайын өздерінің режиссерлерін қазақ драма театрына жіберіп, ұзақ уақыт мұндағы режиссер мен актерлердің ісімен таныстырып алып, сол үлгімен өз театрларына аударма пьесаны апарып қоятын болуы керек. Облыстық театрлардың аударма пьесаларға жанаспай, кешеуілдей беруі бұдан былай үлкен олқылыққа, қателікке де айналады.

Олардың әуелі классик пьесадан бастауы шарт емес. Қайта дұрысы бүгінгі пьесадан бастауы керек. Сонда жаңа пьесаны мемлекет театры қолға ала бастағанда әр облыстық театрдың режиссерлері келіп, мұндағы тәжірибені тура лаборатория үстінде танып алуына болады.

Екінші — көркемөнер комитетінің есінде болатын тағы бір нәрсе, кейбір облыстық театрға бір жаңа пьесаны апарып қойып беріп қайтуға Алматыдағы тәжірибелі режиссерлерді жіберіп отыру да дұрыс болар еді дейміз.

Ал енді аудармалар жайындағы осындай сөздермен қатар, қазақ тіліндегі оригиналдар жайынан да біраз мәселені жеке ала кету керек. Жалпы жайды алғанда аударма мен оригинал арасында талас жоқ. Бұл екеуі драма театрының сахнасында процентпен үлеспейді. Бірде оригинал 70 процент болса, тағы бірде аударма да 70 процент бола алады. Бірақ сонымен қатар Қазақстанның драма театрының өсу жолындағы ең зор міндет оригинал жағында жатқанын ұмытпау керек.

Әсіресе жаңа тақырыпқа жазылған, партия ұйымы басшысының, қазақ стахановшысының, колхоз, совхоз далаларының қаһармандарының образдары, білім-мәдениет қызметшілерінің мүсіндері көрсетілген жаңа пьесалар жасау керек. Сондай пьесаларды театр барлық жазушыға жаздырып ала білуге күш салу қажет.

Әрбір ұлт республикасындағы театр жалпы одақтық мәдениеттің табысына жаңа табыс қосуды ең бірінші қатардағы міндетім деп біледі. Социалистік революцияның арқасында табылған табыстарды өз жеріндегі дәлел, белгілермен мол қып, көлемді көркем етіп көрсетсе, ол нұр үстіне нұр. Қазақ театры қазақ сахнасында Балқаш, Қарағанды жұмысшыларының немесе Қазақстан көлеміндегі шекарашылардың қаһармандығын ұлы образ етіп көрсете алса, ондағы сәттілік одақтық үлкен жаңалық, табыс болмақшы.

Бұл жөндегі режиссер мен актердің міндеті де ерекше зор. Драма театрының қазіргі халінде аударма пьесаларды жақсы қып қоятын режиссер күші қамтамасыз. Бірақ оригиналды да осындай етіп өсіріп, ұлғайтып қоярлық күш соншалық жеткілікті емес. Аударма пьесаларда соншалық күшті болған Боров, Насонов жолдастардың оригиналға

келгенде анандай көсіле қимылдап, сенімді боп кірісуі әзірше қиындау. Бұл жөнде салмақтың көбі актердің өзінің ізденгіштігіне, өзінің тапқырлығына байланысты. Егер актер көрсеткенді ғана орындағыш, және ізденуге шабан актер болса, онда образ ұлғаймай, өспей бәсең болып шығады. Шынында бұл жөнде режиссерлерге актер үлкен көмекші болуға міндетті. Және сонымен қатар кейбір оригиналды басты актердің өзіне қойдырып, режиссерлер үнемі қасында болып, мықты басшы, жәрдемші боп отыратын да болу керек.

Үлкен актердің ішінен үлкен режиссер болып шығып, оригинал пьесаларды өз күшімен қоя алатын кісілерді де екшеу керек.

Қазақстанның мемлекеттік драма театры Боров, Насоновтай ірі режиссерлерді аударма пьесаларда толық басшы етуімен қатар, оригиналға келгенде бұларға актерлердің ішінен көмекшілер беруі де міндет сияқты. Сол көмекшілерден өндіріс үстінде оқып өсетін режиссерлер әзірлену керек.

ЕРЛІК ЕТКЕН КОЛЛЕКТИВ

Қазақ пьесасын орыс актерлерінің орыс театрында ойнауы — ірі жаңалық, сүйсінерлік уақиға.

Бұл жалғыз Қазақстан емес, басқа бірқатар республикаларда да әлі басталмаған тәжірибе еді.

Алматыдағы орыс драма театрының басшысы жолдас Рутковский¹ мен барлық актер коллективі бұл істің қаншалық соны жұмыс, қаншалық жауапты іс екенін ұғынып кіріскен еді.

Өздері шала білетін өмірдің, тарихтың жұмбақ түйіндерін жанды образдар арқылы бұлжытпай ойнап беру оңай іс емес болатын. Батылдық пен ізденгіштікті барынша мол жұмсайтын жер еді. Мынау коллектив бұл жөнде көп еңбек, ауыр еңбек етіп кеп, ақырында көрнекті іс істеп шықты.

Еткен ерліктері жемісті нәтижемен ақталғандай болды. Кешегі бірінші ойынды көрген орыс, қазақ зрителі бұл коллективтің еңбегіне ырза болып, сүйсіне қарсы алды.

Қазақ мәдениеті, қазақ әдебиетінің кеңірек өріске шығып, көпке мәлім болуы жөнінде мынандай іс үлкен бір өнімді жол екенін көрдік. Бұл сияқты алғашқы тәжірибе енді айдан ай, жылдан жыл өткен сайын молайып өрістей беруге лайық.

Біздің Қазақстан жұртшылығы, әсіресе, оның ішінде Алматы жұртшылығы мұндай тәжірибеге өзінің лайықты бағасын беруге тиіс.

Алматыдағы оқушы жастарымыз болсын, партия мен совет жұртшылығының қайраткерлері болсын, әсіресе, жұмысшы жұртшылығы болсын, барлығы да мына коллективтің еңбегімен танысуы қажет.

Орыс драма театры бұл спектакльді қоярда “құр ғана қазақ өмірінің, қазақ адамының фотографиясын беріп қоймаймыз. Бір жағынан қазаққа ұқсап (киім, грим,

козғалыс, отырыс-тұрыс жағынан), жақындап ойнасақ, екінші жағынан сол образдарды сезім мен сана жағынан көрікті образ ете, көтере ойнаймыз” дескен еді.

Мынау қалпына қарағанда, әсіресе, осы жағын тереңдетіп көрсеткен сияқты. Орыс сахнасында көп сезім (эмоциялар) мағыналанып, дәлденіп, қатты әсерлі боп көріне алды. Екіншіден, қазақты қазақ етіп, барынша ұқсатып, иландыра ойнады.

Декорация, музыка, киімдер де бір-біріне үйлесіп, спектакльді Рутковский жолдастың үлкен творчестволық оймен әдемі меңгергендігін көрсетті.

Актёрлер ішінде басты рольдің адамының барлығы да жаман ойнаған жоқ. Әсіресе, әсерлі ойын: Қыдыш (Падзолкин), Жантас (Михайлов), мұғалім (Иртенеєв), Жүзтайлақ (Кручинина)², Нұрқан, Жүніс, Тәнеке, Мөржан роліндегі артистердің ойындары болды. Кішілеу рольде Ана мен Жұмажан аса жақсы шықты.

Қысқасы, бұл тәжірибеден қуантарлық әсер алдық. Біздің жазушылардың өте зор көңіл бөлетін бір міндеті мына сахнаның да қамын ойлау деп білдім.

ҰЛЫ ҰРАН – ОТАН ҰРАНЫ

Тарихтың тыңын айырып отырған ұлы дәуір шексіз кең, сансыз мол өзгерістер кіргізді. Бүгінгі күн сол жайқын жаңалықтар ішінде әсіресе басымдап, асқындап үн салып тұрған ұлы ұран – “Отан” деген ұран.

Сана-сезімдегі ғасырлар ауыртпалығын қабыршақтай жыртып айығып, жарық дүниеге шыққан еңбек елі, әсіресе “социалистік Отаным” деген ұранын жарқын жүзбен, жалынды жүреппен айтады.

Осы халмен салыстыра қарасақ, кеше ғана қара күндер айықпай тұрған шақта барлық еңбекші елдің, барлық “бұратана” елдің сана-сезімінде “Отан” деген ұғымның өзі бар ма еді?

Көзімізбен көріп ек – жоқ еді. Панасыз ел, өгей-жетім ел отандық сана дегеннің не екенін білген де, сезген де емес еді. Сондықтан, “кімсің?” десе “Берішпін”, “Атығаймын”, “Дулатпын” деп ата тегін санаудан әрі аспаушы еді. Одан арғы дүние “нендей дүние?”, “кім дүниесі?” екенін білместен, бүгіліп, буылып өскен бір ел бар еді. “Кімсің?” десе “ходжентлікпін”, “бұқаралықпын” деп, елінің одан арғы атын – мазақ атын атай алмай өскен ел тағы бар еді.

Патшалық Ресейінде “морава”¹, “жойқын”, “қырғыз”, “сарт” демектің барлығы да сол елдің тең аты емес, қорлау, мазақтау, ұрсудың сөздері еді.

Осы күнде “Советтер союзы” немесе “Өзбекстан”, “Қазақстан”, “Татарстан”, “Қырғызстан” деген аттарды айтуда еңбекші санасында қандай үлкен ерлік пен мақтан, жалын мен наным бар. Бүгін ұлы нұрдай боп, өткен тарих күніндей болып, әлемге даңқы шығып, жарқырай туып Сталин Конституциясы келді. Жалпы союз ішінде сүбелі II одақтың бірі болып социалистік Қазақстан шықты. Енді бұл республика елінің санасында анау “сіргелі едім”,

“теріс таңбалы едім” дейтін күндер алты қырдың астында қалды!

Еңбектің қалың елі ғасырлар бойында түсіне кірместік бақытын тапты. Ол елдің санасы да асқар асты.

Сондықтан да, Балқаш, Қарағанды, Риддерлердің стахановшылары өздерінің нормасы мен табысын Орал, Донбасс стахановшысымен салыстыра өлшейді. Жалпы Одағының, жалпақ ұлы Отанының масштабы, құлашымен өлшейді.

Колхоз егіндігінің екпіндісі, совхоз саналы бақташысы, шекараның ер сақшысы барлығы да қуанышты, ынталы еңбегім “Отаным үшін” деп істейді. “Ұлы Отанымның күшіне күшім, серпініне серпінім үн қоссын” деп істейді. “Бұл еңбегім – Отанымның беріктігі үшін, амандығы үшін қуана еткен еңбегім” деп істейді.

“Жас Отанымның табысы – менің де табысым, оның тыныштығы менің де тыныштығым” деп істейді.

Сондықтан да я терең забойдан, я шекаралық қарлы жотадан, я егіндік пен жайылыстың далаларынан болсын, барлығынан аспан жара шығып жатқан қаһарман қайрат үндерінің бәрі де бір-ақ ұран үні. Ол ұран — ұлы ұран, “Отан” деген ұран.

Кешегі құлдай қор еткен отардан бүгін күндей жылытып қуантқан Отан тауып отырған Қазақстан еңбекшісі қазірде өз республикасының тағы бір ұлы биікке шыққан күніне жетті.

Бүкіл дүниеге нұрын жайған Ленин жолы Ұлы көсеміміз Сталин жолымен, Сталин Конституциясымен Қазақстанды тарихтың ірі төріне шығарды. Бүгінгі күн жалпы Одақ атты Отанымызды алғыс айта, қуана сүюімізге бұл да бір үлкен кепіл.

МҰХТАР ЖОЛДАСТЫҢ СӨЗІ

Мен драматургия жөнінде сөйлемекпін. Біз жұмысты осы күнге дейін ұйымдастыра алмай келеміз. Мәскеу, Ленинград драма секцияларының ісі сияқты дұрысталып, жөнге салынып кеткен бізде жұмыс жоқ. Ісімізде жауапкершілік аз. Бізге соңғы жыл ішінде жүз шамалы хат келді, осы хат бойынша хат иелеріне көмек ету, жастарды ұйымдастыру, әсіресе, жас жазушыларды драматургия жолына үйрету жөнінде көп жұмыстар істеуге болатын еді. Бірақ түк істелмей отыр. Бұл жөнінде жастардың алдында үлкен кінәліміз, мұны мойындау керек.

Осыдан екі-үш жыл бұрын Республикалық конкурс жариялап едік. Онан еш нәрсе шықпай, өзінен-өзі ұмытылып, нәтижесіз қалып барады, әрине, бұл да біздің шабандығымыз. Бұған да біз кінәліміз. Үкімет пен партияның үлкен көңіл бөліп отырған жұмысының бірі — театр екені өздеріңізге мәлім. Осы күні театрлардың қайсысы болса да қаулап өсіп келе жатыр. Ал біз жаңа репертуар беру жұмысын ұйымдастыра алмай отырмыз. Бұл жұмысқа қаулап өсіп келе жатқан жас драматургтерді тарта алмай отырмыз. Онан соңғы бір айтатын нәрсе — колхоз, совхоздар театрларына репертуарлар беруге арналған конкурс. Бұл конкурсқа он бес шақты пьеса түсті. Оның жарайтын-жарамайтынын айырып қарап беру керек еді, біз өз пікірімізді айтып жазушылар ұйымына бердік, бірақ жазушылар ұйымы әлі күнге қарап пікірін берген жоқ.

Біздің Семей, Ақтөбе, Шымкент театрларында қызмет етіп отырған кадрларымыз осы күні шыққан пьесаларды меңгеріп алып отыр. Мінекей, бұл біздің өскендігімізді көрсетеді. Ал драматургтер осы қарқынға ілесе алмай артта келеміз.

Біздің жеке жазушыларымыз бұл жөнінде жастарға дұрыс көмек бере алмай отыр. Өзіміз ғана біліп, менің атым жүре тұрсын, сенің атың тұра тұрсын деп отырмыз.

Театр – Бейімбет, Ғабит, Мұхтар сияқты кісілердің монополиясы сияқты болып отыр¹. Өйткені осылар ғана пьесаны жазуға міндетті сияқты. Бізде өлең, поэмаларды жазып жүрген ірі ақындарымыз бар, проза жазып жүрген жазушыларымыз да бар. Пьеса жазу олардың қолынан әбден келеді. Әдебиетте бес-алты ғана пьеса жазатын кісі болса, әрине, ол аздық қылады. Жаңа адамдар жазу керек, жаңа өмірдің тілегіне сәйкес жазушылардың барлығы қатысып отыру керек. Пьеса жазатын белгілі кісі бар деп қарап отырмау керек. Жазушылардың барлығы бұған күшін бөлу керек. Бұл жөнінде жазушыларды, әсіресе, жас жазушыларды жинап, әңгімелесу керек. Оларға көмектесіп, үйретіп отыру керек. Облыстық театрымыз күніге жаңа пьесалар сұрап отыр. Бұлардың жақсы-жақсы режиссерлері бар. Осы күні олар “Қыз Жібек”, “Жалбырды” қойып жүр. Бұл пьесалар онда қойылмасын деген пікір емес, олар үшін бұл пьесалар ауыр тиеді. Пьесаны молайту үшін ұйымның міндеті – жас драматургтерді ұйымдастырып, көпшілікті өзіне тарту. Қазірде опера театрымыз “Тарғын” операсын қойып отыр, “Сұлушаш” операсын дайындап жатыр. Осыны автолармен бірге отырып, қосатын жерін қосып, алатын жерін алып, көмектесіп отырмыз. Келешекте бірнеше жаңа пьесаларды театрға бермек болып отырмыз. Асқардың пьесасын қарап, театрға тапсырмақшымыз. Театрға қай пьеса дайындалып, қай уақытта қойылатынын біліп отыруымыз керек. Бізде өлеңмен пьеса жазған кісі жоқ. Өлең жазып жүрген ақындарымыз өлеңмен пьеса жаза алады. Бұлар драматургия жұмысына қатынасуы керек. Октябрь революциясының жиырма жылдығына жетістіктермен бару керек.

ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ

(Мұхтар Әуезовтің сөзінен)

Сөйлеуші жолдастар, кемшілікті айтқан дұрыс. Бүгінгі мәжіліс кішімізге де, үлкенімізге де үлгі боларлық мәжіліс болып отыр. Бұдан Тәжібаевтың алатын сабағы көп қой деймін. Тәжібаевтың бір ортасы – жазушылар, екінші бір ортасы – комсомолдар. Осы екі ортаның Тәжібаевқа жақсы қарайтыны, жақсы қараймын деп кешіріммен қарайтыны байқалады. Әсіресе, комсомол ұйымында сол көбірек болған сияқты. Өйткені жазушылар ұйымынан бұрын біле тұрса да олар кемшілікті әшкерелеп сынамаған. Бүгінгі сөздерге қарағанда жазушылар ұйымы да Тәжібаевқа соны істеген болып отыр. Тәжібаевтың қоғамдық еңбегі туралы жазушылар ұйымында қорытынды жасалмаған. Жазушының өзі де ойланып, толғанып өз еңбегін өзі сынап көрмеген. Жаңағы жолдастардың айтқанының барлығы Тәжібаевтың жазушылық жолында соңғы уақытта едәуір үлкен олқылыққа, сырыпқа ұшырағанын көрсетеді.

Тәжібаев классиктердің жазғандарын көп оқығандығы рас. Бірақ оқығанда, және солардан үлгі алып жазғанда механический жолмен кете береді, дұрыс түсінуі жеткілікті емес. Тәжібаев классиктердің лирикасын солар көрсеткен тура мазмұнда ғана алады. Сынап алмайды. Ол совет ақынына лайық жол емес. Бұлай кеткен соң жазушылық еңбегінің құр ғана еліктеуге, теріс жолда кеткені. Тәжібаев бүгінгі күннің саяси өткір мазмұнды тақырыптарына ат салмай ескі ақындар үлгісінде жалтарғанда, бірінші, өзін өрлетіп өсіретін соны жаңалықтан бір қалып қойып отыр. Екінші, ескіге барғанда да керексіз іздерді қайта басып, өзіне залал келтіретін шиырларды аралап кетті. Осы ретте дарашылдық, “меншілдік” сияқты сары жұрттарға қонақтап барады. Тәжібаевтың өлең жолдарында Жұмабаевтың өлеңдері

кездесіп қалатыны сондықтан. Өзің соны тілемесең де аңдамай барып ұрынып отырсың. Зор қателік: “мен” дегенді молайтып барады. Барлық ой-сезімі “меннен” шыққанын қоғамдық сапа тудырмайды. Мұның жұртшылыққа зиян келтіретін жақтары бар. Тәжібаевтай адамның жастарға ықпалы болмай қоймайды. Колхозда, ауылда жазып жүрген жазушылардың кейбірі осы Тәжібаевқа еліктеп бара ма деймін. Классиктен үлгі алып, меңгеруді ентегеллигентлің өзбасындық күйлерге салмау керек. Шелли, Гейнени, әрине, оқуың керек. Ол жөнінде көп оқып келесің.

Бірақ олардың сол заманға лайықты боп құрылған мазмұн жөндері бар, оны байқау керек!. Сен өз қоғамыңа олар атынан зиянды әкелме. Бүгінгі айтылып отырған сынның барлығы достық сын, түзеуші, жәрдемші сын деп қарсы алуың керек. Сенің алғашқы сөзің мойындау емес, қиялаған дау болып шықты, оған қанағат қылуға болмайды.

МӘҢГІ ЖАСАЙТЫН АҚЫН – ШОТА РУСТАВЕЛИ

Әдебиет туындыларының тағдыры неше алуан екені мәлім. Өз замандастары құптаған, қадірлеген, мақтаған шығармалардың да кейінгі тарихтағы орындары біркелкі бола бермейді.

Бұл жағынан қарағанда кейбір шығарма метеор* есепті болса, тағы бір шығарма нағыз жұлдыздың өзімен барабар болады.

Кейбір шығарма әдебиет аспанында жарқ етіп көріне қап, жұрттың көзін өзіне еріксіз тарта қалса да, артынан тарих мезгілі сынына ілінгенде “ағар жұлдыздай” құлай сөніп қалады.

Ал екінші шығарма сол мәңгілік ғаламында айнымас, сөнбес жарығы бар, жұлдыздай нық орнаған болады. Прогресс жолындағы адам баласының мәдени тарихына үнемі ілесіп отыратын серіктері осы соңғы шығармалар. Жалпы тарихтың белгілі бір кезеңдеріне көз жіберсең, осындай шығармалардың мерзімді орындарында аумай тұрғанын үнемі көресің. Тарих, мезгіл сыны неғұрлым ұзаққа созылған сайын, солғұрлым бұл шығармаларға қадалған көз, берілген бейіл молая бермек. Және солғұрлым, осындай мұраны артына тастап кеткен шебердің қадірі мен қасиеті арта бермек. Мәңгі жасауы шек шүбәсіз ақталмақ. Осындай сөз ескерткіштің мысалы, ескі грек мәдениетінен қалған Гомер шығармалары – “Илиада”, “Одиссея” және Шекспир, Гете, Пушкиндерден қалған мұралар.

Мінеки, дәл осы қатарға қосылатын бір ұлы шығарма грузин халқының өнері тудырған, Грузияның ұлы ақыны Шота Руставели¹ жазған – “Жолбарыс тонды жортуылшы” деген поэма.

* Метеорды қазақ “ағатын жұлдыз” дейді, шынында ол жұлдыз емес, үшқын есепті нәрсе.

Бұл ақынның туған жылы мен біздің заманымыздың екі арасында жеті жүз елу жылдай тарих асқары жатыр.

Совет Одағының көп миллионды, көп ұлттарын революциядан бұрын мұндай асыл мұрадан аулақ етіп келген жалғыз жеті жүз елу жыл ғана емес, басқа да талай бөгеуіл кедергілер болатын.

Ең алдымен, өткен заманның қырсық тарихы бөгет болған. Дін айырмасы, ұлтшылдық құрсауы, ұлт араздығы және патшалық Россияда отар елдердің мәдениетін өгей ұлдай басып, жаншып, бұқтырып келген саясат, бір ұлтты бір ұлттан әдейі қашықтатып ұстаған саясат бар-ды. Осының бәрі жаңағы ескі тарихтың қара түнек, қаскөй қиындығы еді. Халықтар мәдениетінің жолында қара бурадай шөгіп жатып алған қырсықтар еді. Жалғыз ғана Ленин дәуірінде, социализм дәуірінде ғана сол қырсықтар жойылып отыр. Енді барлық Одақтағы социалистік мәдениет жаңағы әрбір халықтың ескі тарихында, халықтың өзі тудырған неше алуан мәдениет мұраларын тауып теріп ап, соны өз тәні қып баурап алып отыр.

Бақытты тірлік пен ұлы құрылысқа бой сала кіріскен, өркендеген халықтың енді өзді-өзі тарихының асыл бұйымдарын тарихтың шаң-тозаңынан арылтып, ортаға әкеліп салып жатыр. “Менің мұндай асылым бар” деп бар үнімен бар дүниеге шырқап жариялап жатыр. Олар өз тарихының сондай мұрасын жарыққа шығарып жарқылдаумен қатар, өзіндей өзге елдердің сондай асыл мұраларын да біліп, танып, өзінікіндей қып баурап алуға ынтығысып отыр. Бүкіл дүниелік асыл мұралардың қатарында, бұл жаңа таныған бұйымдарын да қатты сүйіп, аса қадірлейді.

Міне, осы күйдің арқасында біз қазір өзінің жайын “Руставидің” белгісіз бір месхиымын”^{*} деп момын пішінмен ғана баян еткен ұлы ақынды өз тілінде оқып отырған орыс, қазақ, бурят сияқты талай елдің оқушысын көріп отырмыз. Ақын мұрасы мынау жаңа оқушылардың барлығына ет-бауыр жақын да, қадірлі де болып отыр. Барлық одақ халықтарының бір ұлы тілек жолында бауырласып, туысып алған қалпында мынау мұра артық мұра, мақтандыратын мұра болып отыр.

* Р у с т а в и — Шотаның туған жері, м е с х и — руының аты.

Онан соң өткен тарих қорына көз салған уақытта жаңағы халықтардың социалистік мәдениетінің іздейтіні немене? Әрдайым айнамастан іздейтіні: бұрынғының, біздің бүгінгі күнімізге үйлес келетін геройлық, маңызды бұйымдары. Ескі мәдениет ескерткіші сол күндегі халық жүрегінің өмірді сүйген ашық, айқын мүддесін көрсетсе, екінші, халық мінезін, геройлығын танытса, үшінші, халық өзі үлгі етіп, тәлім алып, сол бұйымын көп заман бойында асыл бұйымындай күтіп сақтап келген болса, дәл осындай мұраларды біздің нағыз халықтық социалистік мәдениетіміз әсіресе күтеді. Осындай мұралар бұрынғы бір-ақ ұлттың ішінде болған тар көлемінен шығып, енді қалың елдердің интернационалдық мүлкі болады.

Міне, дәл осындай зор ескерткіштің бірі Руставелидің “Жолбарыс тонды жортуылшысы” дүние жүзіне паш болған, санаулы ұлы ескерткіштердің қатарына даусымыз қосылатын бір белгі осы болса, мұның ең әуелгі ерекшелігі: батыс пен шығыстың ескі тарихы, ескі мәдениеттерінің жапсарында туғандығы.

Сөйтіп, осындай екі дүние – екі мәдениеттің сыбайлас, қанаттастығын өз тұлғасынан көрсетуімен қатар, бұл шығарма бір жағынан өзінің ерекше, айрықша бітімі бар өзгеше бір ескерткіш болып тұрады.

Әңгімелік желісін, түбірін алсақ, бұл дастан жалпы адам баласының барлығына ортақ сүйіспендік, достық деген тақырыпты қозғайды. Бірақ сол сезімдерді соншалық бір жаңа сарынмен, өзгеше терең мағынада жыр ету арқылы өмір дегеннің өзінің де мазмұны мен мұратын зор биікке көтереді. Жаңағы сезімдер дастан ішінде, бір жарқыраған биікке шығып, адамның геройлық қасиеті есебінде ерекше ұлғайып көрінеді. Бірақ сонымен қатар, махаббат пен достықтың осындай әсем жыры, адам мен адам арасындағы құр ғана момын, жуас сезімдердің жыры боп қалмаған.

Дастан ішінде бұл сезімдердің сыны, таразысы болатын ерлік пен қайрат, ақынға махаббат пен достықтың геройлыққа жараған үлгісі ғана қымбат. Сол себепті дастанның ең үлкен көркемдік мазмұны, көңілдің терең сырын толқытқан кесек толғауында жатыр. Осы қасиет жырдың ішінде, образдарының геройлық жүрегінде. Бұл адамдар тағдыр, бұйрық деген қараңғы наным, көлденең өмірге бассұнған адамдар емес. Өзі көркем, жүзі жарқын

бұл геройлардың ішінде тұсау жоқ, еркіндік пен ерлік бар. Бойсұнатын жалғыз нанымдары – өз күшіне, геройлыққа нану, соған ғана табыну. Осы себепті олар дүниенің қандай күшімен болса да жалтармастан, қайтпастан қасарысып алыса алады. Сол алыста бұлардың жеңуіне кепіл нәрсе өлім дегеннен қорықпай тынғандығында. Ерлік пен қайрат сияқты адамның ең үлкен қасиетімен салыстырғанда өзге бір қылмыстық, ешбір қымбат бұйым жоқ. Ең алдымен өмір, өлім дегеннің өзі де түк емес. Қайта қорлық өмірден де қадірлі өлім артық.

Сонымен, ең бастағы махаббат, достық деген тақырып дастанның әңгімелік, тартыс желісін алғанда бір себепші, түрткі түйін есебінде қалады. Кейде, әншейін, сүйемел, қосымша белгі халінде болады. Ал бұл шығарманы мәңгілік ететін зор көркемдік пен ірілік, шеберлік негізінде ерлік пен геройлықтық жыры боп шығуында. Және жыры ғана емес, сол ерлік пен қайраттың философиясы да боп шығуында.

Осы жағынан қарағанда махаббат, достық тақырыбының өзі де өзгеше, басқаша боп жырлануы арқасында, бұрын көп айтылған күй сияқты емес, қайта аса бір соны, маңызды ерекше тақырып боп өскелеңдеп көрінеді.

Батыс пен шығыстың дүниелік классик әдебиетінде махаббаттың неше алуан жыры болған. Бірақ соның бәрінде де махаббаттың өзі ғана жырланып, жалғыз өзінің ғана үстемдік салмағы мен көлемі көрінуші еді. Ешуақытта да махаббат өз орнын достық пен ерлік үшін құрбан етіп, екінші сатыға түспейтін геройлықпен сыны тартым, төлеуші болып та жырланған емес. Мынау дастанда, адамдарының психологиялық, шебер-сәулетті мінездерінің тұсында махаббаттың өзі сергек ақылға бағынған жеке адамдық үлкен тұрғыға өзі жетектейтін сезім боп сипатталады.

Осы жағынан қарап “Жолбарыс тонды жортуылшы” дастанын шығыс пен батыстың сол замандарда кітап боп жазылған, классик мұраларымен салыстыра кеп, махаббат жырының бір алуан болған “Ләйлі—Мәжнүнге” көп тоқтасақ, нені көреміз? Көретініміз, Низами жырында сопылық-мистикалық наным бойынша, тағдырдың, діннің салмағының астында жаншылып жатушы адамның еркін сезімі болады. Онда махаббат өмірден шаттық әперетін, өмірге құмар ететін, сол үшін тартысқа шақыратын сезім емес, қайта адамдарының басына жер үстінің ғазабын,

сорын әкеп үйетін сезім, өздері қажып-талған, қуыс кеудесі ғана қалған Ләйлі мен Мәжнүн өмірден мүлдем түңіліп, өтесінді “ол дүние” деген бұлдырдан күтеді. “Тағдыр” дегеннің бұйрығымен сондай ғазап шегушілердің күйі сергек ақылмен қараған жанның ешбірінің, сүйсіну түгіл құптаудың өзін де ойға келтіре алмайды. Өз уақытының тыңдаушыларына да құр аяныш пен зардан басқа көзқарас тудырмаған. Діннің қараңғы жолын осылайша махаббатпен үгіттеу адамның сау, сергек жанды сезімінің орнына, ой-сананы тұтқын етіп, бағынып бас июді ғана ұсынды. Махаббатты былайша түсінумен салыстырғанда Руставели дастаны мүлдем өзгеше. Ол ең алдымен тірліктің, жер үстіндегі татымды тіршіліктің әрі серпінді, әрі толық дәнді жыры. Оның адамдарының барынша алысатыны, күшін салып, геройлық етіп алысатыны жалғыз ғана жер үстіндегі зор мағыналы тіршілік. Бұл жағынан алғанда халықтың өр көкірек санасынан туған мынау жыр толық мағынасында реалистік бағыттағы және ішкі серпін жағынан да шынымен үлгі боларлық жыр.

Рас, бұл дастанның дүниені сезіну сарынын алғанда іштей көбірек үйлесетін, жалғасатын мәдениеті — батыс мәдениеті. Бірақ сол батыстың өзінде де сол заманда Руставели жырына я қолма-қол, я бір тасымал арқылы әсер ете қойды деп айтарлық пәлендей поэманы таба алмаймыз. Ал ол дәуірдің Данте Алигьери жазған атақты “Құдай жолындағы комедиясын” алып, “Жортуылшыны” сонымен салыстырсақ, мұнда да Руставели поэмасы озып түсіп отыратын жерлер бар. Әсіресе, сергек, сыншы ақылға кең өріс бергендігімен озғындап отырады. Бұнда, ақынның дүниетану шалымы мен ақындық фантазиясы дін деген, ұлт деген тар құрсауға тұсалмайды. Өзінің дастанында, өз халқының мінезін, идеалын сүйген жайларын білдірумен қатар ақын адамдарын жалпы адам етіп кеңінен алады. Өйткені Руставелидің көркем етіп сипаттап берген Автандил, Тинатин, Тариел, “Нестан-Дареджаны” да әрі ұлттық жағынан, әрі мекен жайынан тексергенде еркін қиялмен кеңінен алынған адамдар болады. Бұл тұста ақынға ұлт деген тар ұғымнан гөрі адам деген атты ақтай білетін адамзат қана керек. Ал солардың өріс еткен жерінде, жалпы адам жайлаған мол дүниенің өзі. Ал “Құдай жолындағы комедияны” осы жағынан қарап

тексерсек, онда орта ғасырдың схоластикасы да және дін мен сол күндегі пікірлердің таршылық өктемдігі де көп орын алып отырады.

Руставели дастанының идеясы мен көркемдік мазмұнындағы зор даналық та, тарихи қымбаттылық та сол жаңағы шығыс пен батыстың аралығынан шығып, екеуімен де жалғаса отырып, бірақ екеуінің де ықпалына түсіп кетпей, өз бетінде өзгеше бір нық мәдениеттің ескерткіші боп шығуында.

Шығысты қорытып алып, батысты сынап алады. Дүние жүзінің мәдениет қорына кіргенде бұл осындай өзіндік зор бағасымен кіреді. Бір жағын алсақ, мұсылман шығысының кітаптарындағы тағдырға бойсұндыратын сопылық-мистикалық поэзиядан таза. Екінші жағынан, христиан батысының ортағасырлық схоластикасы тудырған тар көлемдерден де аулақ. Тегі, философиялық іргесін алғанда Руставели дастаны жаңағылардан гөрі ескі антик тарихының алтын дәуірімен үндестірек. Сондағы герой-адамды қастерлеу, адамның іші-тысы бірдей үйлескен мүсін сұлулығын қастерлеу машықтары “Жортуылшы” дастанына көбірек жанасады.

Бірақ Руставели мұрасын тексеру, зерттеу жұмысы жалғыз осы салыстырулармен қанағаттанып қойса ол жеткіліксіз болады. “Жортуылшының” өмірді құптайтын, сергек күшті ұғымы шығыс әдебиетінің діншіл-мистикалы сарынына қарсы болғанмен, жалпы шығыстың барлығына қарсы емес. Әсіресе, шығыстағы халық қорына қарсы емес. Қайта бұнымен ұқсас, туыстас жерлері көп болуға тиіс. Дастанның геройлары жайында халық аузында айтылып жүретін фольклор варианттары Грузияның ауыз әдебиетінде тіпті көп емес пе? Және сол жырларда фольклор көлемінде көп заманнан бері келе жатқан жоқ па? Ал Руставели де, өзге барлық ақындар сияқты, өз шығармасына нәр жиғанда ең алдымен халық қазынасынан пайдаланбады ма? Әрі өз заманының ең білімді адамы болып және толғауы кең ірі өнерпазы болып отырып, Руставели шығыстың да, батыстың да құр ғана кітап боп жазылған үлгілерін көріп, сонымен қанағаттанып қалған болмас. Қайта оның қиялына дем беруші Грузия халқы мен соған көршілес болған батыс халықтарының ауызша шығармалары болар. Сондай қазыналардың ішінде шығыс пен батыстың батырлар эпосы,

сыршылдық эпосы сияқты халық жырлары, легендалары ақынның ықыласын өздеріне ең алдымен тартқан да болар.

Шотаның өзі мынау дастанның әуелгі әңгімесін парсының бір хикаясынан алдым дейді. Сол араб пен үндінің ерлері жайында айтылған хикаяның өзі де баяғы, ескі заманнан келе жатқан нағыз халық хикаясы болуға мүмкін. Шығыстың кейінгі діншіл, кітапшыл поэзиясынан оның өзінің де іргесі аулақ болуға мүмкін. Тіпті Низами мистикасына қарсы, халықтың сергек қиялын көрсететін қызықты, реалдық әңгіме болып, соның өзімен де ақынды қызықтырып, қозғау салуға мүмкін. Сонымен, бұл дастанның дәл өз маңындағы фактылардың өзін алғанда да салыстыру, тексерудің іргесін таратпай кең салу қажет екені көрінеді. Тамырлары мен төркіндерін шығыс, батыс елдерінің көбіндегі нағыз халықтық эпосынан іздестіру де қажет болады.

Сонда бұл дастан өзінің көркемдік жағындағы ірілігінен басқа әрбір халықтың өз ескілігіне де ұқсаңқырап шығады. Өзді-өзінің фольклорын еске түсіру арқылы әсіресе, түсініктірек, жақынырақ боп көрінеді.

Бірақ, әрине, Руставели дастаны құр ғана әңгіме, оқиға ұқсастығымен қымбат болмайды. Ондай, кейбір уақытта ұқсастығын алғанда бұл әңгіме жалғыз “Тристан – Изольда” емес, “Мың бір түнге” де, түрікменнің “Көроғлына да”, қырғыздың “Семетей — Айшөрегіне” де, қазақтың “Қозы Көрпеш — Баянына” да келеді. Бірақ Руставели дастанын шынымен мәңгілік қазына ететін қасиет мұнда ғана емес, ол қасиет Грузия халқының өз сипатынан туған геройлық пен маңыздылықта. Халықтың геройлық мінезді сүйіп, өмірдің мағынасы мен мұратын зор бағалап, өзін-өзі солай тәрбиелеп келгендігінде. Және осы жайларды зор талантты ақынның әсем жыр қып бере білгендігінде.

Міне, Руставели дастаны дәл осы жағымен барлық халықтардың өзді-өзі бойларындағы осындай қасиеттерін еске түсіріп, қозғау арқылы қымбат болады. Өйткені өзінің ғасырлар бойындағы тартыс талабы мен идеалын жыр етпеген халық жоқ. Және өзге халықтағы дәл осындай жырды сүймейтін де халық жоқ.

Руставели дастаны бұлардың үстіне өзінің ерекше көркемдік, мастерлік қасиеттерімен де сүйікті болады.

Грузин халқының көп ғасырлық тарихында бұл шығарманың өзі де және оны жазған ақын да өлмес, өшпес, мәңгілік атаққа ие болған. Халық сүйгендіктен солай деп отыр. Ал енді осы “Жолбарыс тонды жортуылшының” ішінде халықтың сүйгені неменесі? Сүйгені, әрине, ертегінің патшалары мен бектері, жортуылшылары емес. Солардың мінезіне халықтың өзі қойған адамдық қасиеттері мен ерлікті ғана сүйеді. Осы сипаттарды халықтың өз тілімен халықтың өз ұлы, өз ақыны жақсы қып, жыр етіп берген шеберлікті сүйеді.

Халықтың қадірлегені осы. Ерлік, геройлық, көркемдікті сүю жолында өзін-өзі тәрбиелеген үлгісі осы. Бұл жағынан да одақтың барлық халықтарына ұғымды, қонымды болатын ерекшелігі бар. Осындай қасиеттерді әрбір халық та өзінің ескілігінен іздейді, соны табады да. Және тапқанын мына грузин әдебиетінің асыл мұрасымен молайтып, ұлғайта түсетін болады.

Қазір “Жолбарыс тонды жортуылшыны” қазақ тіліне аудару жұмысына біздің ең ірі ақындарымыз кірісіп жатыр².

Олар орыс тілінен жасалған Бальмонт, Петренко, Цагарели аудармаларын көріп отыр. Бұл аудармалар жөнінде, Руставели мұрасын жақсы білетін Грузияның оқымысты, тарихшыларының сын тексерулерін де оқып отыр. Біздің ақындардың қолында юбилей комиссиясы³ қарап, мақұлдап шыққан, грузин тілінің өзінен жасалған жолма-жол аудармасы (подстрочниктері) да бар.

Бұл айтылғандардан басқа, біздің ақындар орыс тілінде шыққан Руставели жайындағы және грузин әдебиеті мен фольклоры жайындағы ғылыми еңбектерді де оқып отыр. Тағы бір жағынан көмескі жерлерін анықтап түсіну ретінде Грузияның тарихшылары мен жазушы, ақындарынан көмек те алып отырмақ.

Міне, осы айтылған жағдайлардың барлығы да аударманың сапасы жақсы болып шығуға жәрдем етеді.

Сонымен қатар грузин поэзиясының біздің поэзияға ұқсайтын біраз өзгешелігі де бар. Руставели мен Грузия поэзиясы жайында орыс тілінде жазылған еңбектерге қарағанда Грузия өлеңінің күллі ырғағы көбінесе, я жеке дыбыс, я топ дыбыстардың қайталап келіп отыратын үндестігіне сүйенеді екен. Аллитерация, ассонанс үлгісі.

Бұл ерекшелік бірқыдыру тілде өзіндей қып шығаруға қиын соғатын болса, қазақтың ескі, жаңа поэзиясының барлығында да ұдайы кездесіп отыратын ерекшелік. Руставели өлеңінің өзінде, бар жерлерге келгенде біздің аударушылар сол үндестік ырғақтың қай түрін болса да емін-еркін қолдана алады.

Және Руставелидің он алты буынды “шәйри” уәзінінде де қара сөзге ауыстырмай, қазақтың он алты буынды өлең жолымен беруге болады. Мұнда әрбір жеті буын, сегіз буын артынан бір буын түсіп отырады. Бірақ аударушылар Руставелидің ұйқастарын және ұйқасының көп қайталамайтынын да ескеріп отыру керек.

Әсіресе, зер салып бар шеберлікті жұмсайтын жер, Руставели поэмасының ақындық, көркемдік және теңегіш стильдік мағыналарын жақсы қып жеткізуде. Руставели өз жанынан мақал шығарғыш. Аз сөзге көп мағына сыйғызғыш. Онан соң терең метафора үлгісімен салыстыра сипаттайтын кестесі мол ақын. Жырының тереңдігі де, әсемдігі де осындай жақтарында болса керек. Тегінде ақындық мәдениетінің көлемін көрсететін, ойдың тереңдігін танытатын, мәңгілік ақынның генийлігін көрсететін жерлер осылар ғой.

Сол ерекшеліктері мен асылдарына аса ұқыпты боп отырса міндеттің зоры да, қадірлісі де сонда. Біздің ақындар мәдениеттердің бір-бірімен интернационалдық жолда қабысып табысуына жәрдем етеді. Тарихтық маңызы зор, мәдениетті міндетті ада қылады.

Бұрынғы замандарда біздің оқушының қолына түспей жүрген грузин әдебиетінің ұлы ескерткішін қазір ұғымды қып жеткізіп беру қадірлі міндет.

Ұлы ақынның шығармасын аударып, өз тілімізде оқып танумен қатар, Қазақстан жазушылары — біздер, оның тәжірибесінен үлгі де алуымызға керек. Алдымен беретін үлгісі халықтың шын жақсы, шын асыл қазынасын қалайша қып көрікті етіп пайдалануға керек екенін танытады. Онан соң ғасырлар бойында халықтар жүрегінде өз атын мәңгі жасайтын ат қып кете білген өнерпаздық, ақындық шеберлігін үйренуіміз керек.

КӨРКЕМ ЖЫРДЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Бүгінгі күн бүкіл Одақтың мәдениеті, бүкіл совет жұртшылығы өткен тарихтың тағы бір үлкен шыңына көңіл бөліп, күн сала қарап тұр. Жеті жүз елу жылдық асқардың ар жағында жатқан, ертегілік алты қырдың астында жатқан тағы бір асылды тауып отырмыз. Ол алыста жатса да күнмен нұры шағылысқан асыл еді. Соны танып, тауып, бүкіл совет елдерінің ортақ мүлкі, қадірлі мұрасы деп зор бағалап отырмыз. Грузияның ұлы ақыны Шотаны бұрын білген ел аз еді. Өз елін, өз тілін ұққан қауымға түсінікті, қадірлі болғанмен, көп елдер көп ғасырлар бойында бұл мұрадан алыс еді. Сондықтан қиыр шетте, “түрікпеннің түбінде” жатқан елдің бірі бұрынғы қазақ елі болатын. Бұл елге барлық Грузия, бүкіл Кавказдың өзі де бір ертегілік алыс мекен, оқшау “уәләйәт” боп көрінетін. Қазақтың көп-көп ертегісінде кездесетін “Қап тауы” деген тау, алыптар мекені деп саналатын жұмбақ тау, ертегілі бұлдыр тау осы Кавказ емес пе еді? Тауы “Қап” боп, легенда боп сөйленіп жүргенде оның елінен де қаншалық хабардар еді? Түк хабары болмайтын. Сондықтан ол Кавказдың көрі шыңының басында туып, сөнбей жанған өнер жұлдызын да бұрынғы қазақ елі білмей өткен.

Кавказдың Қап дегені — Кавказ серек,
Құдайым сұлу биік еткен ерек.
Ақырып айдаһарша жүз толғанып,
Тасты ағызып, тау жарған долы Терек... —

деп жазған қазақтың бұрынғы бір ақыны. Бір елді бір елден сондайлық жат етіп келген ескі тарихтың тас қорғаны құлады да, социалистік Отанның барлық елдері құшақтасып табысты. Асылдары танысты. Шота жалғыз Грузия халқының Шотасы емес, оның мұрасы қазақ оқушысына да алтын қор, асыл қазына боп табылады.

Шота турасында түсінік ретінде айтылатын сөздер көп болу керек. Болады да. Терең ұғынып, жақсылап білу үшін, ол сөздердің барлығын да біздің оқушы тесіле қарап, қадағалап тексеру керек. Жақсы аударма арқылы Шотаның әсем жыры, қызық әңгімесі біздің барлық оқушымызға аз уақыттың ішінде сүйікті, қызықты, қадірлі кітап болуында шүбә жоқ.

Осы жөнінде Шота шығармасының екі түрлі зор ерекшелігі әсіресе көз тартады, әсіресе тез танылады деп білеміз. Мұның бірі — Шота шығармасының халықтық арнасы, грузин жұртының халықтық-ұлттық қасиетін білдіретін жағы. Екіншісі — жалпы адамбаласылық ерекшелік қасиеті. Дүние жүзінде болып өткен Фирдоуси, Данте, Шекспир, Пушкин, Шота сияқты барлық ұлы ақындарды алсақ, бәрінің де “ұлы” деген атты алуына, мәңгілік боп қалуына себеп болатын нәрсе солардың өздері өз халқымен нық байланысты болуында. Бәрінің де ұлы шығармаларының анайы топырағы, нәр-суаты халықтан келеді. Ақындар сол халықтың тудырған, өсірген және халықпен бірдей жол кешірген ұлдары болады. Сондықтан олардың мұрасы халық мұрасы, халықтың ұлттық тарихын, ерекшелігін, қасиетін білдірген мұра болады. Екінші жағынан, дәл осы ақындар жалпы адамбаласылық еңбегі бар, қасиеті бар адамдар дейміз. Олай болатын себебі, бұлар өздерінің зор таланты арқылы өз елінің өмірін соншалық шебер, көркем жырымен жырлап, баяндап беріп, кім де болса сол ел жайын сүйіп те, сүйініп те оқитын етіп берді. Өз елінің өмірінен мазмұн алып, өзге барлық адам баласына түсінікті, әсерлі болатын артық мәдениет мүлкін жасап берді.

Өзге тарихтарда, өзге елдерде болған бұрынғы ескі ақындардың ішінде Шотаның тағы бір өзгеше ерекшелігі бар. Онысы мұның тар ауданда қалмай, грузин елінің сыртына шығып, өзге көп елдер жайында кеңінен толғап, әсем етіп жырлайтынында. Бұ да Шота жайын тексергенде, Шотаның ұлы жыры “Жолбарыс терісін жамылған батырын” оқығанда айрықша ескеріп отыратын жай. Көркем жырдың ұлы ақынын біздің бүкіл совет жұртшылығы құрметтеп, қадірлеп еске алып отырған күнде айтылатын ең бір үлкен талап: осы ақынның әсем жыры тез уақытта, ойдағыдай топ-толық аударылып, біздің қалың оқушының қолына емін-еркін жетсе екен дейміз.

ТАРИХ ПУТЕВКАСЫН БЕРГЕН АДАМ

1933 жыл еді. Қазақстанның көркемөнері мен әдебиеті үшін естен кетпестей бір мәжіліс болды. Ол Леон Исаевичтің өз кабинетінде шақырылған мәжіліс. Мәдениет майданына тарихтың өзі үн салып, “өнер тап, өрге бас, қалуың жетті” деп қанат бітіргелі тұрған күндер еді. Көңілде сондай көтеріңкі күй бар. Үлкен, ірі жаңалықты күту бар. Бірақ әдебиет пен көркемөнер қызметшілері – бізде ол кезде күшке сенбегендік, қорғаншақтық, тәжірибесіздік мықты еді. Жүдеу артист, тартыншақ жазушы, сенімі аз режиссер, не істейтінін білмеген композитор, суретшілер болатынбыз. Я, ол кезде солай еді.

Көркемөнер майданын алғанда, бүкіл Қазақстанға арналған жиыны 30-ақ адамы бар, әлсіз бір ғана драма театры бар еді. Оның да Күләш пен Қанабектей, Құрманбек пен Шарадай қызметшілерін кейбір бастықтар “әнші емес, артист емес, тіпті бұл майданға керек адамдар емес” деп кудалап, сауырлап жүрген күндері болатын. Сонымен, жалғыз театрдың өзінің де іші толған қыңқыл-күңкіл еді. Зор мәжілісте бір байқалған сиқымыз осы болды.

“Жазған шығармаларымызға оқушы жоқ. Жауапты қызметшілер оқитын болса екен” деп, балаша арыз-тілек айтып, күңгірт қабақты жазушы шықты. “Би деген өнер қазақтың бұрынғы салтында жоқ. Бұл түсініксіз зат. Оны кіргізу, кіргізбеу жайын ұзаққа созып, талқылау керек” деген тартыншақ, күдікшіл үнмен біреулер шықты. Музыка театры ол күнде жаңа ғана, болымсыз ғана студия атымен әр жерге бір түртініп, кім боларын, не қыларын білмей жүрген бір нәресте еді. Оны “бастауыш мектеп” деп түсіну керек. Оның болашағы әлі жұмбақ, әрі алты қырдың астында” деген сәуегейлікпен тағы біреулер шықты. Бұл майдандағы істің жағдайы ол кезде осылай еді.

Үлкен сабырмен тыңдап, танып алып, енді анық бағыт беріп, зор тарихи міндет артатын байсалды сөзді мәжіліс

ағасының өзі айтты. Ашық, зор үні бар, ерекше шыншыл, жарқын жүзі бар нағыз қамқор достың, халық ұлының өзгеше қымбат сөздері сонда айтылды.

— Би — халықтың сергек денесі мен серпілген көңілінің шаттығын білдіретін өнер. Халықтың қуанышын тұсауға болмайды. Қазақтың әсем әні — халық өнері қазынасы. Опера қашан туады деп қарап отырмау керек. Оны жасау керек. Оған керекті күш пен талант бізде де бар. Бірақ күшке сенбеушілікті тастандар. Біріккен күшпен, берік сеніммен партия көрсетіп отырған жолмен алға басыңдар! — деді.

Бұл қуанышты қайрат бітіретін үн еді. Жаңа тарихқа мұрындық болған, табысқа жетуге путевка берген үн еді. Біраз айлар өтті... Музыка студиясы — студия емес, нағыз театр атын алмаққа өзінің бірінші адымын жасады. Ең алғаш рет шымылдығын ашты. Өз шымылдығын ғана ашқан жоқ. Тарих пердесін де ашты. Қазақ әні, қазақ биі, қазақ артисі, режиссерлері “біз тудық, біз келдігін” айтып жарқ етіп шықты. Театр қалың зрительге ие болды.

Басы сол еді. Жалпы мәдениет майданының өркендеп, дамуымен қатар Қазақстанның халықтық көркемөнері де қанат қақты. Бірі артынан бірі шығып, бұрын еш уақытта болмаған жаңалықтар, табыстар туды. Бұл аз уақыт ішінде бүкіл Қазақстанның барлық түкпір-түкпіріне тарады. Өркендеп ойнаған халықтың өнері, қуаныш, шаттық өнері болды. Көркемөнер Қарағандыда стахановшылардың еңбек өнімін арттыруға себепші болды... Қалың жұмысшыны қатты қуантты. Шалғай жатқан қиыр шет, шекарадағы Зайсан пионерлері өздерінің жазғы лагерінде астана жіберіп жатқан әндерді шырқады. Алыс шекарадан жас ұландар шат-шадыман үн салып, қуанышты алғыс айтты. 1935 жылы бір колхозшы кәрі әншінің қатты сүйсініп айтқан бір сөзі әлі есімде:

— Ойпыр-ай, бұл қазақтың әні мен өнері қандай жайнап кеткен! Әнің жаңа түзелді деген осы екен ғой. Өмірдің сәні әсем әні ғой, — деді.

Осындайлық шын сүйсінген қуанышты алғысты кәріден де, жастан да, еркектен де, әйелден де, қаладан да, колхоздан да, өндірістен де, шекарадан да естисің. Бұл үндер сөзсіз шыншыл ниетпен айтылған, бүкіл табыстың басшысы партияға арналған үндер.

Мирзоян бір жолы драма театрында “Арқалық” пьесасын көрді. Артистердің өнерін жақсы бағалады, “жалпы театр мен әдебиет бірбеткей қалмасын. Құр ғана қазақ ескілігі басымдап жүрмесін. Оның ішінде қостарлығын қостап, сүйерлігін сүю керек. Сынсыз, талғаусыз бас шүлгі беру жол емес. Екінші, әсіресе алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінен, классик мәдениетінен үлгі алуды ойлаңдар. Өз үлгілеріңді Қазақстан көлемінде ғана қалдырмай, Одақ майданына алып шығыңдар. Өз күштеріңді танытарлық шығармалар туғызыңдар” деді. Бұл әдебиетті, көркемөнерді өсу тарихының жаңа асуына нұсқаған үн еді. “Мәскеу-Ленинград жазушыларымен жалғасыңдар. Театрдың, музыканың өнерпаздарын шақырыңдар, оларды Қазақстанның досы етіндер” деп осы жолы талай тапсырмалар берді. Бұл мәдениет майданындағы қайраткерлердің жігерін тасытты, оларды жаңа табысқа аттандырды.

Қазақ көркемөнеріне қажет болған бұйымды бір жағы тарихтан, бір жағы алдағы озған мәдениеттен іздету, алғызу, қанаттастырумен қатар халық ішіндегі асылдардың бүгінгісіне үлкен зер салдырады.

Бұл мәдениетті өркендетті, революция мәдениет тарихына жаңа аттар енгізді. Жамбылдың аты, Амангелдінің аты мен ісі бүкіл союзға белгілі.

Көп уақытқа дейін Жамбылдың аты естілмеген еді, ал естілген күнде де ол заманы өткен, күні біткен шалажансар ат қана болып естілуші еді. Өлі бойына жан жүгірген, союз көлемінде ән шырқаған Жамбылды жақыннан бері көрдік. Бұл Жамбылдың өз айтуынша, “өлгені тіріліп, өшкені жанған” дегеннің өзі емес пе?

1933—1934 жылдарға дейін ескерілмеген, ұмытылған жалғыз Жамбыл емес, бұдан басқа да талай басты нәрселер ұмытылған еді. Халықтың революциялық тарихы, қазақ халқының тарихындағы жарқын белдің бірі 1916 жылғы көтеріліс, қазақ еңбекшілерінің ардақты геройы Амангелді — бұлар да ескерілмей келгені бәрімізге мәлім. “1916 жылғы көтерілістің нақты шындық тарихын жазу керек, Амангелдіні көтеру керек, оның атын құрметтеу керек” деген сөзді ең алдымен айтушы тағы Леон Исаевич еді. Енді Амангелдіні білмейтін адам жоқ. Амангелдінің аты халықтың легендасы

болды. Жастарымыз Амангелдінің революциялық жігерінен, Отанын сүйгіштігінен өнеге алады.

Біздің елімізде қайта табылған қасиеттер, қайта туып, жаңғырып жайнаған қазыналар құлаш сермеп алға басты, біздің мәдениет тарихымыз шыны үлкен жолға түсті.

Аз жыл ішінде көп жаңалық, көп нәр мен сапа таптық. Осы күйдің үстіне декадникке жетіп ек¹. Мәдениет майданының қызметшілері – біздер декадникке де іштен қорғанақтап, “әй, қалай боп шығады” деп бардық. Бірақ, енді 33 жылдай емес, бір үлкен асуға тақап кеп қалғанымызды сезуші ек, күткеніміз де көп еді.

Осы декадниктің алғашқы күндерінде Леон Исаевич аурудың себебінен Мәскеуде бола алмады. Ол заграницада еді. Бірақ барлық істі әзірлеуші, бастаушы өзі екені барлығымыздың ішімізде, көкейімізде. Ол өзі жоқ болса да, ортамызда жүрген тәрізді болатын. Мен бір жұмыспен Ораз Исаев жолдасқа бардым. Сол кезде Леон Исаевич телефонмен Парижден Оразбен сөйлесіп отыр екен. Сондағы әңгіменің ең басында сұрағаны, әңгіменің ортасында тағы сұрағаны, ақырында тағы да, тағы сұрағаны: “Қалай ойнап жатыр? “Қыз Жібек” жақсы шығып жатыр ма? Ұнады ма? Күләш қалай ойнады? Құрманбек қалай ойнады?” деген сұрақтар. Өзі ауру, өзі Парижде болса да, бірақ көңілінің үміті, тілегі, қуанышы тұтасымен Қазақстанның көркемөнерінің жолында еді. Әрине, мұндай жерде көркемөнер өркендеп, өрбімей тұра алмайды.

Опера театры “Тарғынды” жарыққа шығарғанда, Қазақстан драма театры “Ревизорды” ойнағанда, Алматы орыс драма театры қазақ пьесасын ойнағанда² Леон Исаевич сол ойындарға тағы да, талай рет өзінің әрі достық, әрі ұстаздық болған ақылын айтты. Басшылық көмегін істеді. Ұдайы алға бастырам деген жетекшілік болды. Бұл хал біздің жазушыларымызды, режиссерлерімізді, суретшілерімізді, әсіресе, актерлерімізді үнемі өсіріп отырды.

Жақында академия театры “Любовь Яроваяны”³ қойып, соған Леон Исаевич келіп еді. Ойын бітісімен-ақ барлық актер киімдерін де ауыстырып болмастан, беттегі гримдерін де тегіс арылтпастан дирекцияға ұмтылып, жүгіріп кеп: “Не деді? Леон Исаевичқа ұнады ма, жоқ па? Қандай баға берді? Қандай сын айтты?” десіп, жапырлай сұрасты... Бұл

өте түсінікті. Шын қамқор басшыға, досқа өз еңбектерін көрсетіп отырып, енді соның не дегенін естуге бұлар тықыршып асығады.

Көркемөнер, әдебиет, жалпы мәдениет майданының барлық қызметкерлері өз жүректерінде өз депутатын әлдеқашан атаған. Бұл – Леон Исаевич. Және осы біздің көңіл, біздің сенім, Леон Исаевичты өз жолдарымен бізше таныған барлық басқа майдандарда, барлық совет жұртшылығында тұтас бір көңіл, бір сенім деп білеміз. 12 декабрь күнін халық бақытының өрлей түскен қуаныш күні деп жарқын жүзбен күтеміз. Сол күні ең таңдаулы, ең сүйікті кандидаттарымызды Қазақстанның ең ардақты ұлы деп, шат көңілмен сайлаймыз.

БЕССМЕРТНЫЙ ПОЭТ

Известно, что судьбы литературных произведений многообразны, даже успех, признание и возвеличение современниками литературного памятника не обеспечивают в последующей истории человечества одинаковую, равную участь для всех памятников. С этой стороны есть произведения, подобные метеорам, и есть произведения, равнозначные светилам.

Вспыхнет на литературной ниве ярчайшее явление, невольно приковывающее всеобщее внимание к себе, и все же оно, падая, гаснет на историческом небосводе.

Но есть памятники, которые утвердились в этой вечности, как светила ровного, постоянного сияния. Это бессмертные спутники культурной истории прогрессивного человечества. Всегда и неизменно видят его на привычном месте, на каком-то памятном отрезке всеобщей истории. И чем дальше длится испытание временем, тем больше взоров и внимания бывает обращено к нему и тем становится заслуженнее и оправданнее бессмертие художника, оставившего после себя такое творение. Таковы памятники античной культуры – “Илиада”, “Одиссея”, таково наследие Шекспира, Гете, Пушкина и других.

Несомненно, к этому же числу относится и памятник, созданный творческим гением грузинского народа, – поэма Шота Руставели “Витязь в тигровой шкуре”.

Семьсот пятьдесят лет отделяют нас от даты рождения этого великого художника-поэта.

Да и не только семьсот пятьдесят лет отделяли до недавнего времени многонациональные, многомиллионные народы Советского Союза от этого замечательного наследия. Разделяла вся неприглядная, суровая история прошлого с непроходимыми дебрями ее в виде религиозных предубеждений, национальных ограничений, антагонизма,

в виде великодержавного гнета и принижения духовных ценностей завоеванных народов-пасынков и, наконец, в виде сознательной, разобщающей один народ от другого политики царизма. Только в великую эпоху Ленина, в эпоху социализма пали эти преграды, и социалистическая культура всего Союза начинает обогащаться многочисленными и многообразными ценностями, созданными в недрах истории каждого народа.

Призванные к жизни и к великой стройке возрожденные народы очищают от толщи исторической пыли драгоценные свои залежи. Во весь голос народы повествуют миру о них. Гордясь и блистая этими сокровищами своего культурного наследия, они с такой же радостью и рвением стремятся познать и приобщиться к сокровищам других, подобных им народов. Любят и ценят их, как интернациональное достояние среди общеизвестных сокровищ мировой культуры. И вот мы пришли ко времени, когда скромно поведавший о себе “Месх безвестный из Рустави” читается на своих языках и русским, и бурятом, и казахом, и многими другими и при этом становится дорогим и близким их сердцам, как достояние и гордость всех породнившихся и стремящихся к единой, великой цели народов нашего Союза.

При этом, что же характерно для социалистической культуры народов в их обращении к общенародным достояниям прошлого? Характерно неизменное искание и высокая оценка созвучного нашей эпохе значительного, героического в прошлой истории этих народов. Памятники культуры, выражающие прозрачные, ясные и жизнеутверждающие порывы народного духа и изображающие героические черты характера данного народа, памятники, в основе которых заложено поучительное и воспитательно-героическое, что чтит и хранил сам народ в течение всей прежней своей истории, — вот что высоко ценит и возводит на пьедестал наша, подлинно общенародная социалистическая культура. Такие памятники из богатейшего фольклора, из индивидуального наследия великих поэтов, художников прошлого и становятся сейчас, выходя за прежние рамки своей узконациональной среды, общенародным интернациональным достоянием всех наших народностей.

И одним из самых значительных памятников такого прошлого является “Витязь в тигровой шкуре” Руставели.

Безусловно, стоящая на уровне немногих и наилучших шедевров мировой литературы поэма Руставели прежде всего замечательна тем, что она возникла на рубеже двух отдаленных историй, двух огромных культур Запада и Востока и, отражая в себе преемственность этих культур, одновременно явилась исключительно самостоятельным, самобытным, независимо оригинальным памятником тех отдаленных времен.

Воспроизведя в своей сюжетной основе вечную общечеловеческую тему любви и дружбы, поэма дала необыкновенно глубокую, светлую и высоко поднимающую смысл и назначение жизни новую трактовку этих чувств. Они, эти чувства, возвеличены в поэме, подняты на озаренную высоту героических порывов и исключительных достоинств человеческой души. Но, дивная песня любви и дружбы, она не стала только мирной песней общеизвестных людских взаимоотношений. Мерилом этих чувств в поэме стали мужество и доблесть. Любовь и дружба только в героическом проявлении духа ценны и важны для поэта. И поэма обрела величайший художественный смысл огромными приboями захватывающих глубинных страстей, включенных в нее, вложенных в образы ее героев духа. Не обреченные предопределением или судьбой, не отягощенные предрассудками, покорностью какой-то посторонней воле, а гордые и независимые духом, эти герои во всей прозрачной и пленительной ясности своего облика покорны и подвластны только одной вере - вере в собственные силы, в героизм. Ради этого — в них неустрашимая готовность к борьбе с какими угодно силами в мире. А залог победы — в непоколебимой готовности их в любую минуту к смерти. Перед высоким и единственным достоинством человека, перед мужеством и доблестью не страшна никакая утрата. Прежде всего, ничто — сама смерть. Наоборот, “славная смерть лучше позорной жизни”.

Первоначальная тема любви и дружбы во всей действенной конструкции поэмы приобретает место и значение первых толчков мотивировки героических деяний

и поступков. Порой они остаются в некоем подсобном значении. А главное и бессмертное в поэме в том, что она является непревзойденной, предельно убедительной, высокохудожественной песней мужества, героизма. И она не только песня о мужестве, но она же есть и философия мужества и доблести.

В этом свете и сама тема любви и дружбы прозвучала совсем по-новому, необыкновенно оригинально и неповторимо значительно в этом особенном их проявлении. Существовала различная трактовка любви в мировой классической литературе Востока и Запада. Но везде она была воспета сама непосредственно, в самодовлеющем, главенствующем значении ее. Почти нигде она не уступала дружбе и доблести ради них и не ограничивалась второстепенным положением, как испытание, с одной стороны, героизма и как возмездие за него — с другой. Подчиненным высокому трезвому разуму, подлинно возвышающим чувством борется любовь в сложно психологических и просветленно облагороженных взаимоотношениях основных героев поэмы.

И если мы, проводя параллели между “Витязем в тигровой шкуре” и другими классическими книжными образцами Востока и Запада тех времен, обратимся к общеизвестной песне о любви, к “Лейли и Меджнуну”, то увидим, как довлеет над всей основой этой последней поэмы суфийско-мистическая вера и предопределение, и как свободное человеческое чувство подчинено, сковано и задавлено религиозно-фатальным бременем. Не радость и волю к жизни и борьбе рождает это чувство, а обреченность и земное страдание приносит оно героям. Смирившиеся и опустошенные внутри, отворачиваются от жизни Лейли и Меджнун и ждут искупления в скудной вере в потусторонний мир. Ни восторга, ни даже одобрения не может вызвать в здоровом рассудке такая участь страдальцев по воле рока, а только жалость и сострадание вызывала она у своих слушателей. Плененное сознание, покорность — вот чего требовала от человека взамен его полнокровных, здоровых и добрых чувств эта пропаганда мрачной религиозной доктрины через любовь. Конечно, ничего общего с таким пониманием и освещением любви не имеет поэма Руставели,

эта сочная и мощная песня, прежде всего, о жизни, жизни земной и достойной. Наоборот, жадно живут и героически добиваются красивого, достойного смысла для своего, только земного существования ее герои. В этом смысле реалистична и по-настоящему жизненно поучительна своими высокими порывами духа эта великолепная поэма, рожденная непокорным, независимым сознанием народа.

Несомненно, большие внутренние связи имеет поэма по своему миро-ощущению с культурой Запада. Но, однако, и там она не имеет совпадающих параллелей, в виде каких-то конкретных памятников литературы, непосредственно и косвенно повлиявших на нее. А сопоставление со знаменитой “Божественной комедией” Данте Алигьери порой действительно выгодно отличает “Витязя в тигровой шкуре” с ясной рационалистической широтой его горизонтов. Ни национальными, ни тем более религиозными ограничениями не сковано миропонимание и творческая фантазия поэта. Отражая в своей поэме вкусы, идеалы и черты характера своего народа, поэт в данном случае взял человека вообще, ибо Тинатин и Автандил, Таризель и Нестан-Дареджан в художественно-поэтической обработке их образов у Руставели являются людьми совершенно условной географической и этнической среды. Для поэта важен человек, достойный имени человека, и ареной его действий также взят мир вообще. А “Божественная комедия” в этом смысле, безусловно, носит отпечатки средневековой схоластической ограниченности идей и верований с их нетерпимостью.

Мудрое и исторически значительное во всей идейно-художественной сущности поэмы Руставели заключается в том, что она переросла Восток и критически восприняла Запад и в результате, отражая преимущество общечеловеческой культуры, одновременно осталась памятником весьма самостоятельной независимой культуры. В этом новое, оригинальное значение этого огромного вклада в мировую сокровищницу культурного наследия прошлого. Свободная от суфийско-мистической поэзии обреченности книжного, мусульманского Востока и от схоластической ограниченности средневекового христианского Запада поэма Руставели в своей философской основе скорее

перекликается с золотым веком античной истории, с ее культом гармонической красоты тела и духа.

Но анализ и оценка бессмертного наследия Шота Руставели отнюдь не должны ограничиваться этими сопоставлениями. Противопоставленная книжно-мистической литературе Востока, трезвая, жизненно-поэтическая мощная струя “Витязя” не противостоит всему восточному. Именно не противостоит она народно-восточной основе, с которой, наоборот, должно быть много сходного и родственного в поэме Руставели. Не случайно поэма “Витязь в тигровой шкуре” имеет свое огромное поэтическое окружение в грузинском фольклоре, и оно в виде фольклорных вариантов о героях данной поэмы сопутствует ей давно. А Руставели, подобно всем другим великим поэтам, прежде всего пользовался как питательными соками для своего произведения всем накопленным достоянием народа. И как поэт с широкими для своего времени познаниями и с огромным диапазоном большого художника он не ограничивался книжно-восточной или книжно-западной литературой. Наоборот, наилучшим образом питало его воображение изуственное творчество грузинского народа и других, хотя бы смежных, народностей Запада и Востока. И в этом ряду, конечно, привлекали к себе его внимание народные сказания, легенды и особенно народно-героический эпос, лироэпос и западных, и восточных народов.

Само персидское предание об арабских и индусских витязях тоже, конечно, может быть преданием давнего происхождения, преданием чисто народным, по сюжету и по духу абсолютно не сходным с позднейшей книжной поэзией Востока. Тем более оно может, в противовес мистике Низами, представлять трезво народную, занимательно-реалистическую фабулу, и тем могло заинтересовать и привлечь к себе творческое внимание великого поэта. Так что факты самой поэмы говорят о необходимости широких сопоставлений и более широких исканий истоков и корней его творчества в эпическом подлинно-народном прошлом многих восточных и западных народов.

Помимо своего художественного величия и с этой стороны поэма станет понятнее, ближе и роднее многим

нашим народам при раскрытии и напоминании им их собственного эпоса и фольклора. И не только теми или иными совпадениями мотивов, фабульных положений в судьбе героев станет близкой, дорогой поэма Руставели. Эти сходные моменты можно найти не только с “Тристаном и Изольдой”, но и с “Тысяча и одной ночью”, “Кер-Оглы” – туркменской, с “Семетей и Айчорок” – киргизской, с “Козы-Корпеш и Баян-Сулу” – казахской и так далее.

Бессмертным сокровищем для всех народов делает поэму Руставели все героическое и значительное, что идет от самого грузинского народа, что так величественно воспето его высокоодаренным поэтом, вложившим в свое творение героические черты характера этого народа, воспитавшего в себе такую высокую оценку смысла и достоинства жизни. Этой именно стороной поэма найдет отзвук в каждом народе, затронув и напомнив им сходные, родственные черты из их собственного прошлого. Ибо нет народа, который бы не создал песни своих вековых усилий и идеалов, и нет народа, который бы не любил их и не оценил бы подобных им творений другого народа.

А поэма Руставели встретит признание и несомненную любовь наших народов еще и своим непревзойденным мастерством и художественным величием.

В многовековой истории грузинского народа обеспечено бессмертие этому великому произведению и его творцу, и обеспечено оно любовью народа. Но что любит народ в “Витязе в тигровой шкуре?” Не царей и витязей, конечно, легендарных, нереальных, а любит качества человеческого достоинства и доблести, вложенные в эти образы самим народом, и любит то, как оно воспето поэтом, сыном этого народа, на языке самого народа. Это именно и чтит народ, на нем он воспитывался, учился ценить мужество, героизм и чувство прекрасного. И в этом моменте есть много общего и родственного для всех других народов нашего Союза. Каждый из этих народов вправе искать у себя сходного с наследием Руставели, он будет находить его, будет дополнять его этим общенародным достоянием, – замечательным памятником грузинской литературы.

Над переводом “Витязя в тигровой шкуре” на казахский язык работает группа самых талантливых поэтов Казахстана.

Они имеют для сопоставления ряд переводов, сделанных на русском языке Бальмонтом, Петренко, Цагарели и другими. Имеют авторитетные отзывы и оценки грузинских исследователей, знатоков Руставели по поводу этих переводов. Они пользуются, кроме того, подстрочником, составленным и проверенным при участии юбилейной комиссии ССП.

Помимо этого они изучают всю доступную им литературу о Руставели и о грузинской литературе и фольклоре. Они также обеспечены консультацией, практической, конкретной помощью историков грузинской литературы, грузинских поэтов и писателей.

Все эти условия, несомненно, окажут свое большое положительное влияние на качество перевода.

Вдобавок ко всему этому нужно учесть и некоторые особенности грузинской поэзии, сближающие ее с природой и особенностями казахской народной и индивидуальной поэзии. Насколько известно по доступной нам русской литературе о Руставели и о грузинской современной поэзии, одной из особенностей грузинского стиха является его певучесть, основанная на аллитерациях и ассонансах, в виде повторов одиночных звуков и групповых звуковых сочетаний.

Эта особенность, трудная для передачи на ряде других языков, органически свойственна казахской и древней и современной поэзии.

Всякие красочные и звуковые сочетания в виде внешних и внутренних аллитераций и ассонансов, видимо, могут быть широко использованы нашими поэтами-переводчиками в соответствующих необходимых отрывках текста Руставели.

Также без усилий и не переходя в прозаизм, а сохраняя ритмическую и метрическую напевность шестнадцатисложного стиха “шаири”, можно переводить тем же шестнадцатисложным казахским стихом с цезурой после восьмого или седьмого слога. Особенности рифмы

Руставели, богатство и редкая повторяемость их, также должны быть учтены нашими поэтами.

Кроме того, особенной внимательностью, тщательностью и художественным мастерством должны отличаться переводы в передаче смысловых, художественно-поэтических, образно-стилистических особенностей поэмы Руставели. При этом афористичность Руставели и обилие развернутых сложных метафор составляет неувядаемую прелесть и глубину его наследия. В них наибольшим образом и выражается высота поэтической культуры, значительность мыслей и величие творческого гения бессмертного поэта.

Относиться чутко и творчески ответственно к таким особенностям — задача самая главная и благодарная. Наши поэты выполняют историческую культурную миссию, помогая интернациональному взаимодействию культур.

Почетная задача — донести до нашего читателя прежде недоступные ценности замечательного памятника грузинской литературы.

Переводя и читая на своем языке наследие великого поэта, мы, писатели Казахстана, также должны извлечь много поучительного для себя, прежде всего то, как надо создавать произведения, основанные на накопленном положительном достоянии народа. Должны учиться художественному мастерству поэта, обеспечившего себе бессмертие в веках и в сердцах народов.

БЕС МЫҢ ДЕГЕН БЕЛДЕН АСАРДА

Бес мың. Бес мың рет жұртшылыққа өзінің еңбекке толы тіршілігін, барлығын мәлім еткен деген сөз. Бес мың – соншалық көрнекті, салмақты сан. Адамның ақыл, сезім, тәрбие-тәлім тіршілігінде күн санап қолына келіп, күн сайын көз алдыңнан өтіп-өтіп, өзінің, өнеге бойына әрқашан ұзақ уақыт үңілдіріп отыратын бір үлкен мәдениет белгісі бес мың күндей, бес мың рет шығып тарап келе жатқанда қандай боп ұғылып, қандай боп көрінбекке керек? Ол тіршіліктің, табиғаттың аумаптын, ауыспайтын орнағанының зор бір табиғи заңы сияқты сезілуге керек. Мысалы, түнгі тыныс артынан ағарып таң атып, еңбек күні басталғандай, күнделікті мерзімді үлкен өмір, қоғам өмірінің зор жолындай өзінің үзілмес жолымен, әрбір күннің, әрбір шисланың! “мен келдімі” сияқты боп бұл келеді. Айнымас мерзімді күндерінде, көп күндерінде ол шықпай, келмей тұрмайды. Егер де, мысалы, сол көп күндерде бір күн тоқтап, шықпай қала қалса, бізге күн мен түн өз кезегінен жаңылғандай, аса бір орасан хал, болмаса хал сияқты боп көрінер еді. Социалистік дәуірдің, барлық қазақ тіліндегі баспасөздің ең соқталы арқауы, ең үлкен ағысы – “Социалистік Қазақстанның” нық мән-маңызы сондай.

Мен – “Социалистік Қазақстанның” ескі оқушысының бірімін. Өзге көп оқушылары сияқты, менде де күндегі ой-сана тіршілігінің бір мезгілі, әрқашанда “Социалистік Қазақстанның” бетіне қарап, соны оқумен өтеді. Оқушы есебінде, күндегі өміріңнің біте қайнасқан, ет бауыр жақыны – туысы сияқты. Сондықтан ол маған шын қымбат.

Саяси, мәдениеттік тәрбиеші, бастаушы есебінде “Социалистік Қазақстаннан” менің алып отыратын азығым көп, ілгеріде де алатын үлгі-нәрлім көп болады деп білемін. Әсіресе, жазушы есебінде мен өзімді

“Социалистік Қазақстанға” көп борыштымын деп білемін, нық байланыстымын деп санаймын. Азды-көпті жазған шығармалар турасында² оның көңіл бөлуі, орын беруі, пайдалы сынымен³ жәрдем беруі арқылы борыштымын. Үнемі жазып жүрейін, сирек жазып жүрейін, бірақ маған пікірі қымбат, пікірі қадірлі барлық совет жұртшылығының ең маңдай алды өкілі, тілшісі – “С.Қ” әрқашан менің көңілімде, көз алдымда болады. Сол себепті мен онымен нық байланыстымын деймін.

“С.Қ” тілі – біздің жаңа әдебиет тіліміздің жаңа жол салушысы да, зор айнасы да. Бұл жағынан да күнделік оқу арқылы байқамай байып отырасың.

Бірақ осы тұста біздегі партия, совет жұртшылығының қадірлі сөзі “С.Қ”-ның бес мың деген белден асып отырған күнінде айтатын тілектеріміз де бар. Жаңа тілдің, мәдениетті тілдің, ұлы заманымызға сай тілдің үлкен қалыптаушысының бірі болғандықтан, “С.Қ” әрі оқушысы, әрі тілшісі бізден де, өзінен де қонымды жақсы, мәдениетті тілдің үлгісін көбірек талап ететін болсын.

Онан соңғы зор тілек – әдебиеттің бүгінгі күні мен өткен жайларын, әсіресе, халық әдебиетінің асыл қазыналарын зерттеп, талдап ұғу жолында атсалысса екен. Қазақстанда әдебиет тарихы ғылымының өсіп-өркендеуіне де көңіл бөле жүрсе екен.

Үшінші бір тілек, біздегі көркемөнер мәселесіне “С.Қ” біраз көңіл бөлді, бірақ автордың, режиссердің, театрдың қалыптанып өсіп, даму әңгімелеріне аз назар салып келеді. Сол жағы күшейсе екен.

МҰСА МОЛДА

Мұса молда кеше ғана совет тұсында (1932 жылы) өлгенмен, өзі ертеден, көп заманнан бері жазып келе жатқан ақын. Оның ақындық еңбегінің өнімді болған дәуірі: өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап 1910-жылдарға шейін созылды.

Мұса молданың туып-өскен жері осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысы. Бұның қалам ұстап, ақындық дүниесіне кірген дәуірі қазақ даласында бектік-феодалдық қалып тозғанда, сауда-базар күшейіп, әлеумет билігі саудалы, капиталды байдың қолына көше бастаған кез еді.

Мұса молданың ата-бабасы датқа болғанымен, бұның өзі кедей болатын. Бұның ата мұрасы адыра қалып, ел билігі беделділік, байлықпен, ақшамен өлшенетін болып еді. Соған мойындай өскен Мұса ең алғашқы бір өлеңінде:

Бай артық болыстан да, биліктен де,
Әр істі ақша бұзар киліккенде,
Жалы бар, жабы-жобыр озып кетті,
Қазанат, жалы кеткен жүйріктен де, —

дейді. Шаруа — тіршілік тізгінін қолына алып, ақшалы-саудалы байды көкке көтереді.

Сұңқардың баласы едім мен де бұрын,
Алыстан, көрсем аңға, кеткен ұрын.
Өлеңші, ақырында жыршы болдық,
Сыпайы жасырмайды, деген сырын, —

деп, өлеңі кезінде күн көрудің де азығы болғанын айтады. Өзіне өмірінде бір ат, бір сиырдан артық мал бітпеген. Үнемі жарлылық, кемтарлықта жасаған адам. Сондықтан, бір жағынан кедейлердің өмірін көріп, олардың ауыр қалын сезіп отырады.

Мұса молда өз уақытына қарағанда оқымысты адам деп саналған. Ол араб, парсы, шағатай әдебиеттерін, тарихтарын жақсы білген. Қазақ, қырғыз, яки басқа Орта Азия халқының ескілігіне де қанықты, жетік болған. Сондай білімі, өлең сөзі арқылы ол қай ортада болсын араласып, сыя беретін болған. Өлең жазып, жүрген жерінде өлең айтып жүретін болған. Осынан соң ол күндегі дін иелері – ишан, қожа, молда дегендер ұнатпайды. “Дін жолын дұрыс ұстамайды” – деп олар мұны жамандап, мүйіздеп жүреді.

Сондай ретте, 1910 жылы Шайна ишандарымен қағысып, оларға өлең хат жазады. Ишандар бұның өлең жолдарын, ақындығын да мін деп санайды екен. Соларға өлең сөздің асылдығын айтып, аналардың надандығын бетіне басып хат жазады. Өзі көптің арасынан шығып, сол көпке сүйеніп тіршілік етіп жүрген соң, әсіресе, көп алдында мақтағанды сүйетін ел ішіндегі әрі надан, әрі ауқатты адамдарға арнап өлең айтқыш болған соң Мұса, өлеңінің тілін жұртқа ұғымды қып айтады. Сөзі елдің салт өлеңдерінің ізімен көпке ұғымды, қарапайым тілімен жазылған сөз болады. Өлең түріне де көп жат, және түрлі үлгі іздемейді, жұртқа таныс я жыр-терме, я төрт жолды ұйқаспен, көпке мәлім түрмен жазады.

Тақырып жағын алғанда бұнда кездесетін өлеңдер: 1. Ең алдымен, сұрау сөздері; 2. Айтыс; 3. Мақтау-жамандау; 4. Батыр жырынан – “Ер Шора дастаны”.

Жалғыз-ақ осы Мұса қартайған күйінде де біздің заманға жетіп, еңбекші бағытын бағыт, мұрат етіп алды да, бұрынғысынан көп өзгереді. “Өзім көрі болсам да, сөзім жас” – деп жаңа заманға жаңа сөзбен жырлар айтпақ болады. Сүйтіп отырып көп өлең жазады. “Дархан заман”, “Октябрьдің 14 жылдығына”, “Шәуілдірге”, “Талапты жастар”, “Ащысай” деген сияқты нағыз совет бағытындағы өлеңдері айтарлық күш, серпін табады. Бұл өлеңдерде “Шәуілдір”, “Ащысай” сияқты табиғат күшін жеңіп, жаңғыртып жатқан жаңа тарих негізін ұғып, қостайды. Бұрынғы көп кедей шаруаның жадырағанын, өскенін көреді. Әйел теңдік алып билікке араласты деп, оны қостайды. Жас бас болды деп, оны да мақұлдайды. Бай, шонжардың тұғырдан тайғанын, тарихтан жойылғанын тағы да мақұлдайды. Сонымен өзі бұқара ортасынан шығып,

біріншіден, заман желімен ығып бай кілеміне түсіп кеткен ақын, енді бұқара мүддесін тауып, танып, ниетін қосады.

Бірақ, бұл салт-сана жөнінде қызмет еткен адам. Өзі бұрын ұсақ байшыл ақын болған. Бұнда ескі машық, ұғымының қалдығы көп. Ол тез айыға қоймайтын, көпке шейін ере жүріп, көрініп отыратын нәрсе. Сондықтан Мұсада да жаңағы өлеңдерімен қатар бұрынғы дағдысына басып кететін жайларды көреміз. Революциядан кейін де, тіпті совет адамына да мақтау, сұрау өлеңдерін айтып жіберетін әдеттері бар.

“Дархан заманның” ішінде бұрынғы машықпен мақтау өлең айтып тұратын қалыптар байқалып отырады.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысында Павлодар ауданында туған. Әкесі Дөнентай молдасымақтау, еті тірі, кедей адам болған.

Дөнентай Сәбитті оқытып ескіше молда қылмақ оймен елдегі Махамбет-Садық дегеннен оқытып, онан кейін Павлодар қаласындағы Қасым қажы Ертіспаев дегеннің медресесіне берген. Бұл Қасым қажының медресесі бұрын ескі дін оқуын оқытатын мектеп болса да, артынан заманының сазына қарай төте оқу (жәдит) жолына түскен.

1915 жылдар Сәбит орысша үйрену мақсатымен орыс тілінде оқытатын бір мектептен жабайы тыңдаушы болып оқиды.

1916 жылы солдат алатын июнь жарлығы шыққанда Сәбиттің жасы ілініп, содан қалу үшін Екібастұз бен Жармақ темір жол бойындағы Жолқұдық дейтін қызыл үйдің (разъезд) жұмысына түскен. Онда вагонға топырақ салып жүретін қара жұмысшы болып істеген.

1917 жылы февральдан кейін Семей келіп, сонда ашылған мұғалімдер курсінде оқып, бір жағынан “Сарыарқа” газетінде, соңынан “Абай” журналында қызмет істеп, жазып жүрген.

1919 жылдың аяғында елде болып, қазақ даласы ақтардан сейіліп, Совет үкіметі орнағаннан кейін, 1920 жылдан 1922 жылға дейін аудандық сот болып қызмет істейді.

1924 жылдың басында Семей келіп, ұдайымен 6 жыл “Қазақ тілі” газетінің басқармасында істейді.

1930 жылы еліне барып, елде тұрақтай алмай, Павлодарда бір қыс мұғалім болады. Денсаулық жағдайынан 1931 жылы Бесқарағай кетіп, Бөген дейтін жерде оқу-ағарту қызметінде болады. Артынан Семей газетінің өкіріктік болып шығуымен бірге Сәбит қайта шақыртылып, байырғы қызметіне қайта кіріседі.

Бірақ бұл жолғы қызметі созымды болмайды. Соңғы 6-7 жылдың бойында бірде сау, бірде ауру болып, қалмай келе жатқан безгектің ауыр түрі 1933 жылдың ғынауар ішіне дейін төсек тартқызып тастайды.

Денсаулығын жөндеу үшін 1933 жылы демалыс үйіне барады. Бірақ, шыңына жеткен ауру бой бермейді.

Сәбит 1924 жылдан бастап Совет жолына түсіп, өз еңбектерін жарыққа шығара бастайды. 1929 жылдан бері ҚазАП-қа мүше. Әсіресе, сол жылдары “Он жылдың жемісі”, “9 жылғы олжа”, “Ленин”, “Бай мен комсомол” сияқты өлеңдер жазып өзін көрсетіп қалып еді. Сол жолын енді ұлғайтамын деп құлшынып кірісе бастап келе жатқанда (мақсаты бұрынғы қатасын ісімен түзетпекші еді), 1933 жылдың 23 мамы күні қайтыс болды.

Сәбит — революциядан бұрын әдебиет майданына шыққан бұқарашыл ақынның бірі.

Сәбит “Замандастар” деген бір өлеңінде былай дейді:

Жабылайық өнерге,
Ынтықпай қарап өлерге.
Өзіміз керек демесек,
Керек қып бізді келер ме?
Қызмет көрсет халқыңа,
Игі ат қалсын артыңа.

Сәбит оқығанның бәрі ұлтшыл-басшы болуы керек деп ойлайды. Бірақ іс жүзінде олардың қылығы жақпағандығынан Сәбит “Ұлтшылға”, “Қайтіп қарғыс алмайсың?” деген өлеңдерін жазады. Олардың жаман әдетін сынап, бетіне басады.

“Менің жайым” деген өлеңінде де ұлтшыл оқығандардан күдер үзе бастағандығын көрсетеді.

Осымен қатар “Қиял”, “Үміт” деген өлеңдерінде қиялы мен үмітіне, арына азба, түзулікке баста дейді. Мұнда бұқарашылдық идеясы ашық көріне бастайды.

Дөнентаев февраль төңкерісіне дейін осы бетпен келді. Әрине, бұл саяси жолының сүрлеуі. Сәбит әйел мәселесін де жыр қылады. “У жеген қасқырға” деген өлеңінде ауылдағы жемқор болыс, атқамінерлерге де қарсы шығады. “Көк

төбетке” дегенінде де солардың берсең дос, бермесең қас, құбылмалы мінезін көрсетеді.

Февраль революциясынан кейін ұлт бұржуазиялары “патша құлады, бостандық туды” деп қуанысқан болатын. Бірақ ол февраль революциясы бұқараға шын “теңдік, адамшылық” әпермек емес еді. Жыйангерлік қанау саясатының таза өзі құрылып еді.

Сондай бай табымен мүддесі жымдасқан алашордашылар қанша “қазақ-қазақ” дегенмен, қазақ ішіндегі ат төбеліндей байларының ғана мұңын мұңдады. Қалың бұқараның нағыз дұшпаны, реакцияшыл күш әбден әшкереленеді. Міне, бұл араға келгенде ақын оларға наразы болады. “Қаулы” деген өлеңінде осы наразылығы көрінеді.

С. Дөнентаев азамат соғысының аяғын ала бере-ақ Алаш жолынан безіп, совет жолына түсе бастады. Ескі уақ байшылдық санасынан тез арылып кетпегенмен, совет туының ардақты екенін түсініп, қаламын жүргізе бастады. Берегірек келгесін “10 жылдың жемісі”, “9 жылғы олжа”, “Бай мен комсомол”, “Жалғызқұдықтағы әйелдер мектебі”, тағы осындай тақырыптарға жазып, көпшілікпен қол ұстасуға тырысты.

Оқулық



Әуезұлы М.

**Әдебиет
хрестоматиясы**

Орта, орталау мектептің 6-классына арналған

1938

АЛДАРКӨСЕ, ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН, ҚОЖАНАСЫР ӘҢГІМЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Әрбір елдің ауыз әдебиет қорының ең бір үлкен, мол саласы фольклор деп аталады. Фольклор деп – халық әдебиетінің ішіндегі ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ, тақпақ және неше алуан салтқа байланысты жар-жар, беташар, жоқтау, естірту, қоштасу сияқты жырларды айтады. Әр алуан адам жайында көпке мәлім болып, ауызша айтылып жүретін әңгімелер де фольклорға қосылады.

Бұрынғы ескі фольклорды алғанда, оның жеке белгілерінің шығарушысы кім екені көбінесе мәлім болмайды. Оны айтушы, білуші – халықтың өзі. Мынадай адам шығарды дейтін бір иесі жоқ. Дәуірден дәуір, заманнан заман өткен сайын алғашқы шыққан заманы, тудырған ортасы да көмескілене береді. Бірақ қай фольклор түрі болса да бертінде көпке жайылып, көп аузына ілініп кеткенмен, өзінің негізгі мазмұны бойынша белгілі бір қоғамдық таптық ортаның салт-санасынан туған болады. Сондықтан қай елдің фольклор тумаларын алсақ та, оның кейбір шығармаларын бұқара, еңбекші халық шығарса, кейбір түрлері үстем тап, ескішіл қоғам туындысы болып отырады.

Фольклор атаулының барлығы әрбір елдің көркем әдебиетіне үлкен ірге, мол қазына есепті болады. Көп ірі шығармалар фольклордың тілінен, көрікті кестесінен, мазмұн, түр ерекшелігінен пайдаланып отырады.

Фольклор біздің Совет Одағының барлық елдерінде Октябрь революциясынан соң да жаңа мазмұн, жаңа бағытқа бет алып, үдеп өсіп келеді. Революция бағытын, мұратын өздеріне бағыт, мұрат қылған қалың колхозшы еңбекшілер арасында осы күнде совет фольклорының бағасы өте зор. Дәуірлеп, көркейіп көпке жайылып келе жатқан түрі де көп. Бұл фольклорды совет жұртшылығы

бағалайды, әдебиеттің ұлы қазынасынан үлкен орын береді. Ондай фольклорды совет фольклоры дейді.

Бұрынғы, соңғы фольклордың бәрінде де таптық салт-сана, заман пішіні, қоғамдық, таптық халдер көрінеді дейміз. Фольклор қазынасы арқылы бұрынғы өткен қауымдар арасындағы өмір күйін, мінез-құлқын, қатынастарын танып білеміз. Сол себепті қазақтың да бұрынғы тарихынан қалған әр алуан фольклор мұраларын тексеріп, ұғынып көруіміз керек.

Мына, Алдаркөсе әңгімелері сондай ескі замандардағы қоғамдық мінез, қатынастарды білдіретін, көпке мәлім фольклор түрінің бірі. Сонымен қатар, айтылатын бір нәрсе: Алдаркөсе әңгімелерінде жаңағы қоғамдық жай-күйдің барлығы және әңгіме мазмұны да күлкі, мысқыл түрінде айтылады.

Әрбір елдің фольклор түрлерін алсақ, бәрінде де халықтың өзінше күлкі, мысқылға алып, мазақ, ажуаға көп көңіл бөлетінін көреміз. Кейбір қоғамдық жай-күйлерді, сорақы мінез-қылықтарды көп жерде күлкісіз, салқын жүзбен, жиренумен, ашумен айтатын болса, сонымен қатар, көп жерде осы Алдаркөсе әңгімелері сияқты сынағыш, мінегіш, мазақ еткіш сөздермен айтатыны да болады.

Халық өнерінің өте сүйген түрінің бірі осындай күлкі әңгімелер болады. Бұлардың шеберлік, өткірлік, тапқырлық күйлеріне қарап, сол елдің, я сол әңгімелерді шығарған қоғамдық ортаның талантын, өнерпаздығын да тануға болады. Өткен дәуірлерді алып қарасақ, Алдаркөсе әңгімесімен қатар, осындай тапқырлық, жүйріктік, шапшаңдыққа құрылған күлкі, мысқыл әңгімелер өте көп. Оның барлығын ел іші әр заманда да жаппай әңгіме қылатын. Еңкейген кәріден бастап жас балаға дейін “Қырық өтірікті”, Алдардың “Шықбермес Шығайбайдан қонағасы жегенін”, Жиренше әңгімелерін, Қожанасыр жайын білмейтіндері кемде-кем.

Қазақ фольклорының ішінде Алдаркөсе, Жиренше, Қожанасыр әңгімелерінің орны бөлек. Бұл мазмұнды, мағыналы және шебер құралған күлкі болғандықтан, көпшілік ортасында ешуақытта ескірмей, көп-көп заман бойында ұмытылмайтын әңгіме боп келген.

АЛДАРКӨСЕ

Енді Алдаркөсе әңгімесінің жеке-дара, өз басына келсек, ең алдымен мұның туған заманын дәлдеп айтуға болмайды. Пәлен ғасырда, пәлендей қоғам ішінде туды деп, бір дәуірді байлап айту қиын.

Алдаркөсенің өз туысы, өмірбаяны туралы да ешбір мөлшер, дерек жоқ. Өйткені, революцияға дейінгі тапқа бөлінген рушылдық-феодалдық қоғамды алсақ, соның қай дәуір, қай кезі болсын, барлығына да Алдаркөсе әңгімелері, оқиға, тақырыптары қона кетеді. Алдаркөсе әңгімелерінің шындығын сол заманның қайсысынан да болса табамыз.

Ел қиялы Алдаркөсенің басына сансыз көп, шексіз кең оқиға, әңгімелердің бәрін жамай, құрай берген. Алдаркөсенің аты сондықтан жеке-дара ат емес, мысал сөз түрінде жаппай ат (нарицательный ат) болып кеткен.

Осы күнге дейін ескілік қалдығы болған сараңдық, комағайлық сияқты жаман мінезді ажуалаған өткір қулық, мысқыл болса — соны “Алдаркөсенің ісі сияқты” дейміз.

Алдаркөсе әңгімелерінің бір зор ерекшелігі осы. Мұның алғашқы, ерте кезде шыққан бір топ әңгімесін сүйіп, көп қолданып кеткен ел бері келе берген сайын, сол алғашқыға ұқсаған қосымша әңгімелерді өз тұстарынан шығарып, алғашқыға тіркей берген. Сонымен қатар, жалпы, ауызда жүретін әңгімелердің жәйті бойынша мұның ең алғашқы әңгімелерінен ұмытылып, жоғалып қалғандары тағы болады. Бүгінгі бізге жеткен әңгімелер де, ел аузында қыдырып жүріп келген әңгіменің бәрі емес. Бұл, бергі айтушының құлағына тиген үзінділер ғана.

Алдаркөсе әңгімелерінің негізгі тақырып мазмұнын алсақ, бұл түбінде, көпшілік бұқара, қалың еңбекші ел санасынан туған шығарма болады. Сол көпшіліктің сараң, жеміт, сасық байға арналған таптық, қоғамдық мысқылын білдіреді. Алдардың Шықбермес Шығайбайды алдап, мазақ еткенін көрсетеді. Алдар жайындағы өте өткір,

күлдіргі, шебер әңгіменің бірі осы. Мұнда көпшілік бұқара дүниеқоңыз, шірік, арам қорда байдың сұм құлқынын өлтіре мазақ етеді. Тағы бір ауық ой-санасы ашық, сыншы көпшілік Алдаркөсе арқылы діннің қараңғы нанымдарына да шабуыл жасайды. Алдардың шайтанды алдауы да өте мағыналы әңгіме. Дүниенің жаралуы турасында қараңғы молдалардың ертегілерінің бәріне елдің сау ақылы сенбей, күлкі етіп, ажуа қылғаны көрініп тұрады. Шайтанды жан иесінің ең қуы етіп, адам ақылын оның қасында әлсіз етіп, бір қараңғы бұлдырға таза ақылды тұсап берем деген әңгіменің бәрінде де көпшілік түсінігі қарсы. Сондықтан Алдаркөсе шайтанды өзінің өткір, тапқыш ақылы бойынша, солардың өзі мінездерін өздеріне істеп, алып та, шалып та шығады.

Осымен қатар өткір, алғыр, шапшаң ақылды бағалайтын ел неше алуан аңқаулық, аңғырттықты да мазақ етеді. Қомағай, ел жегіш, тегіннен пұл жиғыш саудагерлерді бір кезде аңқау етіп көрсетіп, оның өгіздерін Алдарға алғызады. Немесе бақсы, балгер, дию, пері деген сияқтыны шығарып, ел ақылын тұсап, надандық, қараңғылық қордасын молайтқан наныммен алысып, мыстан кемпірді қор етеді. Сонымен жұртты алдаймын дегендердің өзін алдап, жер қып кетеді. Осымен қатар, әрине, Алдар әңгімесіндей көпті мәз қылған, дүйімге жаққан, ауызда жүрген әңгімені бұқараға жау тап та пайдаланғысы келген. Сондықтан бұқараның оларға қарсы арналған құралын, ол таптың бұған қарсы қайта құрал еткісі келген талабы да болады. Сондаймен Алдар әңгімесінің кей жерін өзгертіп, мысалы, өгізінен айрылушы саудагерді бай емес, диқан етіп көрсететіні де бар. Осы сияқты аңқаулықты, бос нанғыштықты қалжың ететін ел сынын қазақтың кедейіне (таз қойшыға) арналған ажуа есебінде бұрып жіберген жерлер де бар.

Бірақ мұндағы Алдар әңгімесінің негізіне, бағытына, қоғамдық мазмұнына қарағанда, жаңағылар әдейі бұрып айтқан жамау сияqtанып тұрады.

Оны ауызша әдебиеттің барлығына кіре жүретін, бөтен тап қоспасы деп түсіну керек. Ал одан басқа мазмұн-мағынасын алғанда, Алдаркөсе әңгімелері нағыз сыншы, шебер, күлкіге ұста қалың бұқара туындысы болады.

ЖИРЕНШЕ

Ескі фольклор ішінде Алдаркөсе әңгімелеріне ұқсайтын шығарманың бірі — Жиренше әңгімелері. Мұның да дәлді қай заманда туғаны мәлім емес. Мұнда да Алдар әңгімесі сияқты, алғашқы шыққан түріне кейіннен қосылған қоспа, жамау көп.

Жиренше әңгімесі де халық аузында көп айтылатын, көпшілікке өте мәлім әңгіме. Жиреншенің аты да Алдардың аты сияқты жаппай атау (нарицательный ат) боп кеткен. Алдарға мұны ұқсататын тағы бір ерекшелігі, мұндағы әңгіме де қара сөзбен айтылатын, қысқа-қысқа, жеке әңгіме боп құралады. Мұнда да әрбір Жиренше айтты деген сөз Алдар сөздері сияқты шешен, тапқыр сөз боп шығады.

Жалғыз-ақ, Жиренше әңгімелерінің Алдардан бөлек бір ерекшелігі — бұған бұқара ортасынан шыққан әңгімелерден басқа үстем тап санасынан ауысқан жамаулар көбірек.

Жалпы алғанда, Жиренше әңгімесінің көпшілігі де бұқара санасынан туған. Мұндағы негізгі әңгімелердің мазмұны сол — бұқараның шешендік, шапшаңдық, тапқырлықты мықты құрал етіп, қоғамдық, таптық құрал етіп пайдаланғаны көрінеді.

Сонда көп жерлерде кедей, әлсіз Жиренше үстем таптың уәкілі болған ханнан зорлық, қорлық көрмеу үшін алысады.

Ел әңгімесі Жиреншені бір арам, зорлықшыл ханның қасына жолдас етіп береді. Хан мұның қатынына қызығып, көзін жоймақ боп, басына қастық ете береді. Жай адамның қолынан келмейтін істермен сынап, үнемі оның аяғы тайғанын аңдып отырады. Жиренше сол хан зорлығының бәрінен өзінің ақылы, айласы, шеберлігі арқылы зорға құтылып отырады.

Жиренше әңгімесінде таптық, қоғамдық қатынастар, таптық белгілер көрінеді дедік.

Мұның дәлелі қайсы?

Дәлелі: барлық Жиренше жайындағы әңгімелердің мазмұны тақырыбынан көрінеді.

Ел әңгімесі осындай тапқыр, жүйрік Жиреншені ешбір ханға да, хан сияқты бөтенге де жеңгізбей қояды. Жалғыз-ақ, жеңетін әйелі Қарашаш болады. Оны әңгіме – Жиреншеге әдейі көңілдегідей, мінсіз, жақсы жар етіп береді. Сол себепті Қарашаш бай еді, хан еді деп бөтенге қызықпайды. Ақылы, қасиеті артық Жиреншеге берік дос боп қалады. Кедейлігін де елемейді. Ханның мұны аламын деген талабынан Жиренше өмір бойы құтыла алмай қойғанда, өз басын өзі құтқарып, Жиреншенің қасында қалу жолын да Қарашаштың өзі табады. Қарашашты ханға аудармай, ұдайы Жиреншенің басына берік етіп, қасында қалдыру, елдің Жиреншені сонауғұрлым артық сүйгендігін білдіреді.

Міні, Жиренше әңгімесінің негізгі түрі, мазмұны осындай. Бірақ осыған Алдаркөседегі сияқты бөтен тап жамауы қосылғаны да бар. Кейбір әңгімеде Жиреншеге қатын әперу үшін жер қайысқан мал шығарып, ханның қалыңмал төлейтіні бар.

Ол бұқара ортасынан шыққан әңгіменің бір пұшпағын өзіне тартып, өз санасына ойыстырамын деген үстем тап қоспасы. Ауызша айтылатын фольклордың бірталайына сырттан жамалып жүретін орынсыз қос қыртыстың белгісі дейміз.

ҚОЖАНАСЫР

Көп замандардан бері қарай қазақ фольклорының бір бұйымы боп кеткен әңгіме – Қожанасыр әңгімелері.

Қожанасырдың өз басы қазақ емес. Және әңгімелері де әуелде қазақ ортасында туған әңгіме емес. Мұның жайындағы әңгімелерді алсақ, барлығының ішінде кездесетін базар, қазы (билік айтушы әкім), шәкірт сияқты белгілердің барлығы, ол әңгімелерді шығарған жағдай қазақ елінің бұрынғы ескілікті жағдайынан басқарақ екенін көрсетеді. Әңгіме көбінесе Қожанасырдың шаһарда тұратындығын айта отырады. Осының барлығына қарағанда, Қожанасыр әңгімесін қазақ топырағында туып, тараған әңгіме деп ешкім де айта алмайды. Мұны тудырған жағдай шығыс елдерінің отырықшы, қалалы, сауда, кәсіпті жағдайы болады. Сондай ортада туып, содан бұрынғы мұсылман діні атынан тараған діни ертегі, қысқа әңгімелер сияктанып, шығыс елінің бәріне жайылған. Ол жағынан қарағанда, Қожанасыр әңгімесі бізге көршілес елден ауысып келген “қыдырынды” әңгіме. Тегінде көп елдің тұтынып жүрген фольклор белгілерін алсақ, сол мол қордың ішінде бір жағынан сол елдің өз топырағында туып-өскен белгілермен қатар, көрші елден, өзге жұрттан ауысып келген талай белгілер де өзінікіндей болып, қосарлана жүретіні болады. Ондай белгілердің кейбірі екі-үш ел емес, тіпті талай-талай елге жайылып, қыдырыстап кеткені болады. Сондай бірден-бірге ауысып, көп елге жайылып, әлденеше елдің ортақ қоры сияқты боп кеткен фольклор туындыларын көп елге ортақ әңгімелер дейді.

Шығыс елдерінде Қожанасыр әңгімесінің жайы осындай. Бұл әңгімелер парсы, ауған, өзбек, тәжік, қырғыз, қазақ, түрік – бәрінде де бар.

Қожанасыр әңгімесін айтушы елдер, оның жайындағы есіткен сөздерін ғана айтумен қанағат қылмай, әр кезде

казактағы Алдаркөсе, Жиренше сияқты қып, өз тұстарынан қосымша, үстеме әңгімелерді де жамап, молайтып айта берген.

Сонымен, Қожанасыр жайындағы әңгімелердің ұшы-қиыры жоқ. Күлдіргі-анекдот әңгіменің бәрінің жиылатын жері осы бір Қожанасыр аты боп кетуі даусыз.

Бұған әрбір ел өз ерекшелігін білдіргендей жаңалықты бір қосса, әрбір орта және де өз әлемдерін көп таққан. Сондай көп жамау құрудың себебінен, бертін келе Қожанасыр әңгімесін шығарушы орта қандай екенін табу, аса қиын болып шығады. Ол, сол жаңағыдай жамау, үстеулердің аса көп болып, негізгі әңгіме пішінінің көмескі боп кеткендігінен.

Бірақ жалпы құрылыс, мазмұн жақтарын алғанда Қожанасыр әңгімелері бір алуан күлдіргі, мысқыл ретінде туған әңгімелер болады. Мұның күлкісі өзінше бір ерекше күлкі. Көбінесе сырты аңқау келеді. Аңқаулығының өзі күлкі. Бірақ бұл сыртқы пішіні. Ал ішін, түбін байқай келсең, ол аңқаулықтың астары үнемі ащы мазақ, шебер қулық болып шығады. Күлкісі әрдайым күтпеген жерден бұрқ етіп шыққан, оқыс күлкі болады.

Әншейінде қабыспайтын ерсі жайларды, бір-біріне қайшы күйлерді алып, соларды оқыс араластырып отыру арқылы күлкі шығарады. Шынында аңқаулық, нанғыштық ешуақытта қулықпен жанаспайтын мінез сияқты. Қожанасыр көп әңгімесінде әрі аңқау, әрі қумын дегеннің бәрінің алдын орайтын, барып тұрған қу да боп шығады.

Осындай күлкіні бір қолданса, Қожанасыр әңгімесінің кейбір таза аңқаулықтың өзінің де ең бір адам иланғысыз түрін алып, сонымен де күлдіретіні болады (Базардан май сатып алу әңгімесі).

Осындай боп белгіленген күлкілерді заң етіп алады да, Қожанасыр әңгімесі талайды мазақ етеді. Парақор қазы, қомағай саудагер, тентек ұры, әзілқой шәкірттер, өз қатыны, жазықсыз бөгде адам болсын, барлығына да күлкісін жұмсай береді. Айтылған көп заман, көп орта, көп қоғамның тегіс қолданып, тегіс құрал етуінен.

АЛДАРКӨСЕ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Алдардың өлген кемпірді екінші рет өлтіруі

Бал аштырам деп кемпірді өлтіріп алған баяғы хан, не істерін білмей, қазы-билері болып жиналып, ақыл таба алмай, сол күнге дейін дағдарып отыр екен деседі. Ақырында бір қазысы:

— Алдар деген бір қу бар екен. Ақыл тапса, сол табар, — деп ханға хабар етеді. Дағдарып отырған хан Алдарды алдырады.

— Солай да солай. Сұрағаныңды ал. Мыстан кемпірдің жеті баласынан құтқар, — дейді.

— Жарайды. Бірақ маған үлкен шенінді бересің, сонымен бірге кемпірге бір шен бер. Маған бір түйе бер. Айтқаныңды істейін, — дейді Алдар.

Бір түйе алып, ол түйеге өзі мініп, артына кемпірді мінгестіріп, Алдар жөнеледі. Кемпірдің ауылына келеді. Ауылға жақындағанда кемпірдің келе жатқанын көріп балалар жүгіреді.

Балалар жетіп келгенде, Алдар түйеге біз тығып алады. Түйе атып келіп кетеді. Түйе тулағанда кемпір де ұшады, Алдар да ұшады. Ауылдың көріп тұрған үлкен адамдары жүгіреді. Жүгіріп келіп қараса, кемпір өліп қалған. Кемпірді алып келген адам да өлген. Өңіріне қараса, үлкен шені бар.

— Масқара болдық. Ханның адамы өліп қалыпты. Кемпір болса, жасарын жасап болған. Мынаның өлуі бүкіл елге бүлік болуы мүмкін. Өзінің шені үлкен екен, мұны хан жоқтамай қоймайды. Енді не істейміз? — деседі.

Күнімен, түнімен кеңеседі. Ханның қаһарынан құтылатын жол таба алмайды. Сүйтіп дағдарып отырғанда... “уһ” деп дыбыс береді. Біраздан кейін көзін ашады. Ақырында есін жиған болады.

Алдардың тірілгеніне жұрт жатып-тұрып қуанады.

Сыйлық алып, шапан киіп, “қош болыңдар” деп Алдар да жөнейді. Сонымен, Алдарға екі жағы да ырза болысады. “Селдей болып ағатын қаннан, қырғыннан құтқарды” деп алғыс айтысады. Көптің алғысын алып, байдан еншісін алып, “есің барда елің тап” деп, Алдар өзінің еліне көшеді.

Алдардың Шықбермес Шығайбайға қонақ болғаны

Сол баяғы ерте заманда, құйрығы келте заманда Шықбермес Шығайбай дейтін бай болыпты. Сол Шықбермес Шығайбай үйіне ешкімді қондырмайды екен, қондырса дәм бермейді екен. Заманның деген сараң байы, өзі тойса да, көзі тоймайтын бай екен. Үйіне кісі келсе, оның жауабы:

– Шық, әй, – екен. Осыдан жұрт оны Шығайбай атап кеткен екен.

Шықбермес Шығайбайдың аты естілмеген ел болмайды екен. Оның “шық, әйін” естімеген ер болмайды екен.

– Тас түлек болса да, дәмін татамын, – деген талайлардың тауы шағылған екен.

– Алдар қу! Алдардың алмайтыны, арбамайтыны жоқ, – деген атақ та ел-елге жайылады. Ел аузындағы мәтелге айналады.

– Әй, Алдарың қанша қу болса да, Шықбермес Шығайбайды алдай алмас, – дейді екен жұрт. Осы сөз Алдарға жетеді. Шықбермес Шығайбайдың атын Алдар да есігеді.

– Шықбермес Шығайбайды мырза байға айналдырмасам, Алдар деген атым құрысын, – деп Алдар аттанады. Күн-түн жүріп, Шықбермес Шығайбайдың елін іздеп сапар шегеді.

Ақырында елден іргесін аулақ салған, ен далаға жалғыз үй қонған Шығайбайдың үйіне келеді. Алдар:

– Шықбермес Шығайбай атың жаман, жұрт айтатын сырың жаман. Не істеп отыр екенсің, қу, – деп, атынан білдірмей түсіп, жабықтан сығалайды.

Сығаласа, Шығайбай қазы тіліп отыр екен, бәйбішесі нан илеп, тоқалы бас үйітіп отыр екен, қызы тырнаның жүнін жұлып отыр екен.

– Осыдан дәм татпасам, Алдар атым құрысын, – деп жылмаң етіп:

– Кеш жарық! – деп кіріп барады.

Бұлар да жылдам екен, Алдар “Кеш...” дегенді айтып болғанша, қолдарындағы асты астарына тығып, Шығайбай таспаны, бәйбіше ұршықты, қызы тігіп жатқан көйлекті, тоқалы көсеуді қолдарына алып отырыса қалады. Түк білмегенсіп, қолдарындағы іспен болып отырғансып, жайбарақат бола қалады.

“Әй, әккі болған неме екенсіңдер, мызғымас қу екенсіңдер” дейді Алдар ішінен. Амандасқансып, қол алысқансып, байға сүйкене барып, төр алдына отырып алады.

“Әй, көсе екенсің, жұртты құртқан қу екенсің! Жүрісің жылмаң екен. Жырынды болған сұм екенсің! Қу болсаң да, сұм болсаң да, менен дым да тимес” дейді бай ішінен.

– Қайдан жүрген сұмсың? Қайда барасың? Не естіген-білгенің бар? – дейді бай Алдарға.

– Көрген-білгенім көп. Жолда келе жатып үлкен сары жылан көрдім. Жуандығы тап өзіңнің астындағы қазыдай.

Артық-кем қып асырмай,
Шын айтқанда жасырмай:
Таспен ұрдым жіберіп,
Күң астындағы басындай.
Былыш етті иленіп,
Бәйбіше астындағы нанындай.
Өтірік болса сақал жұлынсын
Қыз астындағы тырнадай.
Бәрін де осының көріп келдім,
Асыңды қылшы ұрламай, –

дейді. Осыны айтқаннан кейін бай:

– Шоқ түссін тіліңе! – деп астындағы қазысын лақтырып тастайды.

– Тілің тасқа тисін! – деп бәйбіше астындағы нанын лақтырады.

– Жағың қарыссын! – деп тоқал басын лақтырады.

– Жағыңа жылан жұмыртқаласын, – деп қызы тырнаны лақтырады.

– Қазаныңды аса бер, бәйбіше, – дейді бай. “Амал қайсы” деген пішінмен, бәйбіше қазанға ас салады.

– Піс, қазаным, бес ай! – деп салады.

– Отырайын он ай! – деп, Алдар етігін шешіп лақтырып, төрге нығайып отырып алады.

Қазан түнімен қайнайды, бірақ түсірілмейді. Қайнасаң қайна деп, бақжиып Алдар да отырады.

Ақырында бай шыдамай:

– Әй, кемпір, сал төсекті, – дейді. Қатыны төсек салады, жатуға кіріседі. “Жатсаң жат” деп, Алдар да жатады. Байдың көзі ұйқыға барды-ау деген кезде, Алдар орнынан тұрып, қазандағы етті сүзіп алып, оның орнына тулақты турап салып қояды. Бір уақытта бай оянып, қатынын оятады.

– Мына ит ұйықтады білем. Түсір асыңды тез, уақытымен асымызды жегізбеді ғой, ит, – дейді.

Бәйбіше тездетіп, қараңғыда “асты” түсіреді. Бай пышақты қолға алып жіберіп:

– Жат, жігітім, жат! Сазайың осы! – деп аузына бір кесегін асап жіберсе, тісі өтпейді. Олай идалайды, былай идалайды, болмайды.

– Етің не болып кеткен? Өңкей шандыр, – деп қатынына ұрсады. Түйіліп қалып, май сұрайды. Кебежені ашып, аяққа май салады. Әдейі осыны аңдып, Алдар орнынан тұрып барып, аяққа салынған майды алып қояды. Оның орнына іргеден сиырдың жас жапасын алып салады.

Шығайбай аяқты алып жіберіп, былжырап тұрған жапаны май деп аузына салып жібереді. Салып жібереді де, лақ еткізіп құсады.

– Қазы орнына шандыр бердің, май орнына жапа бердің, алжыған! – деп аяқпен кемпірін бір қояды. Кемпірдің басы жарылып, ойбайлап қалады.

Кемпірдің дауысынан оянған болып, Алдар сыртқа шығады. “Бұл сұмның ызасы аз болмас, атыма бірдеңе қылып өшін алар” деп атына барады. Атының қасында байдың да аты тұр екен. Өз атының маңдайындағы қасқасы болмаса, екеуінің ешбір айырмашылығы жоқ екен. “Маған ойлайтын зияны болса, өзіне тисін” деп, өз атының

қасқасына боқ жағып жоғалтады да, бай атының маңдайына бор жағып, қасқа ат қылып қояды. Сүйтеді де орнына келіп жатып, ұйықтап қалады.

Етті, майды жеп қойған Алдар екенін, мұның жұрттан асқан бір қу екенін бай біледі. Біледі де ішін ыза кернеп: “Тұра тұр, бәлем” — дейді. Алдар ұйықтады-ау деген кезде сыртқа шығып, Алдардың атын жарып тастайды.

— Міне, жігітім, сазайың! — деп қуанышпен төсегіне келіп жатып ұйқыға кетеді. Таңертең бай орнынан тұрып жатып, Алдарға айтады:

— Мына кемпір, бір қасқа ат өліп жатыр дейді. Сенің атың болу керек жарылып қалған. Сорлы атыңды бақпай, қазан бағып жүргенің не қылғаның? — деп қарқ-қарқ күледі.

Алдар тұрып:

— Қандай қасқа екен? Боқ қасқа болса менікі болар, бор қасқа болса сіздікі болып жүрмесін! — дейді.

Бай құрығанын біледі де, орнынан тұра жүгіреді. Жүгіріп барса, айтқанындай өліп жатқан байдың бор қасқасы екен.

Бай күйіп кетіп Алдарға келіп:

— Жоғалт қаранды, сұм! Мен сені енді көрмейін, — деп, кейіп шығып кетеді. Сыртқа шығысымен қатынына:

— Әлгі наныңды бер! Мына иттің қарасын көрмеймін! Тез жөнелт, — дейді.

Әйелі ошақта пісіп жатқан нанды оттан суырып бере қояды.

Мұны көре салып, Алдар жүгіріп шығады.

— Е, байеке! Енді бұдан былай жолығамыз ба, жоқ па? Ақтық рет қазақ дәстүрімен көрісіп айырылысайық — деп, бара байды құшақтайды. Байды құшақтап, қысып жібермейді. Оттан жаңа шыққан нан байдың кеудесін күйдіріп кетеді.

— Ау, жарайды енді! — деген сайын қыса түседі.

— Ау, мына ит жегірінді ит жесін! Мә, жемтігінді! — деп қойнынан нанды лақтырып тастайды.

— Пісіміллайы піскен ас, аузыма келіп түскен ас, — деп, Алдекең қағып алады.

Бай енді кетейін десе, Алдар тағы жібермейді.

— Ау, сұм! Алатын наныңды алдың, енді нең бар? — десе:

– Мынау етігім жыртылып, жұлығым шығып жүр. Бізінді беріп кет – дейді. Байдың бергісі келмейді. Алдар жабысып жібермейді. Ақыры болмаған соң:

– Ә, алсаң алшы, ант ұрған! Ал да қараңғы жоғалтшы көпір! – дейді.

Алдар “рақметті” жаудырмалатып күліп қала береді. Бай кетісімен қатынына жүгіріп келіп:

– Ал, қызыңды киіндір, – дейді.

– Е, не үшін?

– Баймен келісіп, қызыңды алатын болдым.

– Жоғал әрі, жұртты жалмаған! Саған қыз беретін бе еді бай!

– Әйтпесе, өз құлағыңмен есітіп қал, – деп, сыртқа шығып, көп жерге барып қалған байдың артынан айқайлайды:

– Әй, бай! Қызыңды бермей жатыр қатының, – дейді.

– Әй, қатын! Бер бізді! Жоғалт сол көпірдің көзін! – деп бай айқайлайды.

– Әні, есіттің бе? – дейді Алдар қасында тұрған әйелге.

– Мына көпір ит алжыған ба өзі? Елді құртқан бір қу аяққа қызын беріп құтырған ба? – деп, таң қалады әйелі.

Қатын-қалашқа бой берген Алдар ма? Анау-мынау дегенге көнбестен, қызды атқа мінгізеді. Алдардың ойыны осылай болады деп, еліне қарай жөней береді.

Алдардың өгіз семірткені, керуен басыны екі алдауы

Бір күні Алдар үлкен қара жолмен сапар жүріп келе жатып, мал айдаған үлкен бір керуенге кездеседі. Алдар жанынан жортып өтіп бара жатқанда керуен басы:

– Әй, жігітім! Босқа жүргенше мал таппайсың ба? – дейді.

– Табайын, – дейді Алдар.

– Олай болса, біз саған 100 өгіз берелік. Соны қасымызда жайып, айдап отыр. Кешке қонған жерімізде оттатып отыр. Осыған көнесің бе? – дейді.

– Жақсы, көнейін. Өгіздеріңді семіртіп берейін, – дейді Алдар.

Сүйтіп, керуеннің жүз өгізін жаюға кіріседі. Өгіздерін керуенмен қатар айдап бірнеше күн жүріп отырады.

Бұл жануарларды азырақ қатты айдап, ішін босатпаса болмас, ауырлап жүре алмай келеді деп, бір күні өгіздерді қатты айдап, қуа жөнеледі. Сол қуумен отырып, керуеннен бірнеше күндік жерге озып кетеді.

Бір жерге келеді де:

– Жырымдап берген малды алған Алдарды көрген екенсіңдер, – дейді де, өгіздерді айдаладағы бір қораға қамап тастап, барлығының да құйрықтарын кесіп алады. Ол құйрықтарды керуеннің жүретін жолындағы бір үлкен батпаққа әкеліп, әрқайсысын әр жерге шаншады. Өзі батпақтың бір шетін қазуға кіріседі. Бірнеше күннен кейін керуеншілер келеді. Келсе, өгіздері жоқ. Алдардың өзі батпақты айналдырып қазып жатыр.

– Ау, неғып жатырсың? Өгіздер қайда? – дейді керуен басы.

– Уай, не қыласың? Өгіздер тойынып, жүндері түлеп, шөлдегеннен бой бермей, мына батпаққа келіп түсіп кеткені. Батпақтың асты су емес пе? Сол суға тұмсықтары жетіп су ішіп шықпай жатқаны. Қандары кеуіп қалған екен, тіпті шығара алмай қойдым, – дейді.

– Кәні, батпақта өгіз түгіл сайтан да жоқ қой! – дейді керуен басы.

– Ана құйрықтарын көрмейсің бе, шошайып шығып тұрған. Өгіз болмаса, ол не? – дейді Алдар.

– Ал, өгіз ол болсын, өзің жерді неге қазып жатырсың?

– Өгізді айдап шыға алмаған соң, мына батпақты қазып, бір-бірлеп айдап шықпақшы едім.

– Қой, мынауың еріккеннің ермегі! Сол батпақты қазып болғанша біз жолдан қалып, жатамыз ба? – деп, түсе қалып, күшіне сенген бір неме екен, жүгіріп барып бір құйрықты ұстай алады.

– Ойбай, тоқта! – деп Алдар жүгіріп барып жібермейді.

– Ал, немене?

– Ойбай, құйрығынан тарта көрме! Сиырдың құйрығы осал болады. Үзіліп кетеді. Сиырдың көбі шолақ болатынын

білмейсің бе? Құйрығын тартып үзіп алсаң, бірі қалмастан суға кетеді. Олар жалғыз ғана құйрығына ілігіп тұр. Әйтпесе, суға кетіп қалады, – дейді.

– Оттап тұрғаның не өзі? – деп керуен басы жүгіріп барып, бір құйрықты тартып қалып, суырып алады.

– Мынауы қалай бос еді, – деп, екінші біреуін тағы суырып алады.

– Апырай, күшің қалай еді, жарықтығым! Өгізден де күшті екенсің. Күшті балуан адамды өмірімде бірінші көруім, күшің байлығыңа сай келген екен. Ойбай, енді тарта көрме! Мына күшіңмен бір өгіз де қалмайды. Бәрінің құйрығы үзіліп, батып кетеді. Онан да базардан кетпен сатып әкеліп жабыла қазсақ, бәрін де аршып аламыз. Апырай, күшіңнен қорқайын дедім. Енді тартуыңды қой! – деп, Алдар жүгіріп келіп керуен басыны ұстайды.

Керуен басы мақтаншақ бір мырза екен. “Өгіздей күшің бар” дегенге кеудесін көтере түседі. Мақтанып, тағы бірнеше құйрықты жұлып алады. Ақырында малға құмарлығын мақтаншақтығы женеді, тартуын қояды.

– Тез күрек әкеліп аршыған жөн болар, – деп құйрықты тартуды қояды.

– Міне, жүз сом ақша, біреуің тез барып, күрек сатып әкеліндер, – дейді керуен басы. Жүз сомды көріп Алдардың көзі жайнап кетеді.

– Күрек әкелгенде бір мән бар. Құйрықтың ұшына ілініп тұрған өгіздер көпке төзбейді. Осал құйрық емес пе? Екі-үш күннен кейін үзіліп кетеді. Тез қазып алу керек болады. Кетпенді қалай да кешке дейін жеткізу керек. Бұған бір жүйрік жігіт бару керек, – дейді. Жігіттердің ішінен “мен барамын” деуші табылмайды. Бәрі де “Бүгін күрек жеткізу қайда! Базарға да жете алмаймыз” дейді.

– Болмас, болмас! Мен өзім-ақ жүрейін, – дейді Алдар.

– Олай болса, жарайды, мә, ақша! Қалайда бүгін жет! – деп керуен басы жүз сомды Алдарға береді.

Жүз сом қолға түскен соң, Алдардың аяғы аяғына жұқпайды. Құйындай ұшып жөнеледі.

– Шайтанның жүйрігі-ай, лезде көз ұшына жетіп жоқ болды, – деп керуеншілер мақтасады. Алдекең жүгіріп отырып, қамаған өгіздерге келіп, алдына салып ап, жөндей береді.

Алдардың Тазшаны емдеуі

Өгіздерді айдап келе жатса, қой баққан бір Тазшаға жолығады. Амандасып, ол-пұл деп отырып, торсығындағы айранынан ішіп, шөлін қандырады.

“Осыны алдап, қойын айдап кетсем” – дейді ішінен Алдар. “Қалай алдаймын” деп отырып, қойшының самайына көзі түседі. Үрпипіп самайынан шығып тұрған шашын көріп, таз екенін біледі. “Енді жайынды таптым” дейді ішінен.

– Қой баққан деген азап қой. Мен де талай қой баққанмын, – деп Алдекең үлкен кеңеске түседі, – қой бағудан көрген бір азабым сол – азапта жүріп, сары қотыр таз болғанмын, Тазша деген ат қандай жаман! Құтыла алмай жүргенде, тәңір жарылқағыр, бір емшінің емдеп жазғаны, – дейді.

– Ол қандай ем істеп еді? – деп, қойшы шап ете түседі.

“Енді қармаққа іліндің бе?” дейді де ішінен, қалай емдегенін айтады.

– Бір күні қойымды жайып отыр едім. Мойнында дорбасы бар бір адам келді. Келіп отырып, басымның таз екенін көріп: “Сорлы, өлесің ғой, емдетпейсің бе?” – деді. Мен ем таба алмай жүргенімді айттым. “Ем таба алмады деген не? Мен-ақ емдеп берейін” деді. “Емдеңіз” деп жабыса кеттім. “Бірақ байдың көп қойын аяйсың ба, қасқыр жеді дерсің. Біреуін сой. Әрі етіне тоялық, әрі басыңды жазалық. Басыңды жазу үшін құйрығы мен іш майы керек” деді. Бір қойдың несін аяйын, сол жерде сойдым да, әрі етін асып, етке тойдық, әрі құйрығы мен іш майын басыма тартып, тазымды жазып алдым. Сол емшіден үйреніп алған соң, бастары таз ауылдас балалар бар еді, солардың бәрін емдеп жаздым. Қой, ойбай, әңгіме айтам деп жолымнан қалдым. Енді жүрейін деп, – Алдар тұра келеді.

– Ойбай, ағатай, менің басымды да емдеп кет, – деп Тазша жабыса кетеді.

– Ойбай-ау, сен де таз бе едің? Манадан бері айтсайшы! Онда емдейін, – дейді.

Тазша қойдан тандап жүріп, бір семіз қойды ұстап алып сояды. Етін асады. Етке тойып алып:

– Ал, емінді істе, – дейді.
– Емімді істейін, бірақ сен шартымды орында, әйтпесе жазылмайсың, – дейді Алдар.

– Орындаймын, – дейді Тазша.

– Орындасаң, құйрық пен шарпы майды басыңа ораймын. Сен ықтау жерде бір күн, бір түн қимылдамастан, көзіңді ашпастан жатасың. Содан кейін тазыңнан түк те қалмайды, оған дейін қойыңды мен жая тұрамын, – дейді.

– Жарайды, – дейді Тазша.

Алдар қойшының басына құйрық пен шарпы майды орап, бір апандау жерге апарып жатқызады.

– Ал, қыбыр етпе. Май әбден сорып алсын, – деп жатқызып тастайды. Сүйтеді де, 100 өгізге қосып алып, қойды да айдап жүре береді.

Қойшы басының тазын майға сорғызып жата тұрсын, енді кетпен күтіп қалған керуенге келелік. Алдарды кетпен әкеледі деп керуеншілер әрі жатады, бері жатады. Бір күн өтеді, екі күн өтеді, үш күн өтеді.

– Әй, осы алдаған болар! – деседі.

Біреуі барып қараса, өгіз түгіл дөнеңе жоқ; бәрі де әшейін шаншылған құйрық. “Ұрған екен!” дейді. Енді бәрі жиналып, күшіне мақтанған керуен басыны жатып келіп мазақтайды:

– Апырау, бұл не деген күш! Құйрықты не қылып көтерген, – дейді біреуі.

– Апырай дерсің! Батпақ қалай бірге қопарылмаған! – дейді екіншісі.

– Дірілдемегені несі! “Әуп” деп құйрықты тартып келіп кеткенде, жер теңселіп, көктегі күн домалап барып, азар қалған жоқ па? – дейді енді біреуі.

– Дажал шығады дейтін еді. Тауды тауға соғады дейтін еді. Осы сол дажалың... – деп, енді біреуі келекелеп келе жатқанда, керуен басы ұшып тұрып:

– Токтандар, енді бірдеңе көрейін демесеңдер! Сол қуды тауып алып, құйрығына таңба басып, құл қылмасам, жер үстінде жүрмейін, – деп, тұра көліктерін жектіреді.

– Айтамыз ғой! Осында бір күш бар, – деп керуеншілер сықақтайды. Керуеншілер күн жүріп, түн жүріп Алдарды іздейді. Алдардың кеткен жолымен келе жатса, басына

шарпы орап, апанда жатқан біреуге кездеседі. Дәу де болса, осы болар деседі.

– Тұр! – деп айқайлайды. Қойшы тұрмайды. Біреуі келіп теуіп қалады, оған да тұрмайды.

– Мынау өлген адам екен, – деп басындағы майын жұлып алса, бір тазша.

Өлу былай тұрсын, бетіне май сіңіп нарттай болып алған.

– Не қып жатырсың?

– Емделіп жатырмын.

– Неден?

– Тазымнан.

– Құйрықпен, шарпымен емделуге болады деп кім айтты?

– Арт жақтарыңдағы қой бағып жүрген адам айтты.

– Қайдағы қой жайып жүрген адам?

– Арт жақтарыңдағы.

– Арт жағың қайсы?

– Е, арт жақтарыңда қой жатқан жоқ па?

– Қой түгіл, сайтан да жоқ.

– Қойшы-әй! – деп, Тазша ұшып тұрады.

– Өзің қойшы, – деп керуеншілер күліседі.

Тазша қараса, қой түгіл дәнеңе де жоқ. Алдардың алдап кеткенін енді біледі. “Енді бай өлтіреді-ау” деп еңіреп, отыра кетеді.

– Сен жылауыңды қой. Біреу алдап жүз өгізімізді айдап кетті. Соны қуып іздеп келеміз. Бізге ер. Сен де табарсың, – дейді керуен басы.

– Ойбай, жүз өгіз айдаған тап сол! – дейді Тазша.

– Е, олай болса, бізді алдаған қу сені де алдаған екен, жолымыз бір екен, жүр ізделік, – дейді.

– Жарайды, – деп Тазша бұларға қосылып, Алдарды бірлесіп іздейді.

Алдардың тәубаға келуі, дүниеден қайтуы

Керуеншілер мен Тазша Алдарды айлап, жылдап іздейді. Бармаған, сұрастырмаған жерлері қалмайды. Ақырында Алдардың ауылы қайда екенін біледі. Керуеншілер мен

Тазшаның тынбастан іздеп жүргенін бір күні Алдар есітеді. “Енді не амал қылдым?” деп ойлап-ойлап, ақыры амалын табады. Бір күні еліндегі кәриелерін жиып, Алдар садақа беріп:

– Ал, елдің жақсылары, кәриелері! Бармаған жерім жоқ, баспаған тауым жоқ. Соншама ел кезіп жүріп істеген жақсылығым да болар. Енді бүгінгі күні тәубаға келіп, өткендегіден безіп отырмын. Өмірімнің ұзақ еместігі өзіме аян болып жүр. Сол себептен сіздерден патиқа алу үшін, сонымен бірге көзімнің тірісінде қабырымды тұрғызу үшін шақырып отырмын, – дейді.

Көпшілік “әумин” десіп, патиқа қылып, садақа етін жеп, Алдардың қабырын тұрғызуға кіріседі.

– Алдардың тірі отырып, моласын салғызғаны – тәубаға шын келгені екен, – деседі. Мола салынып болған соң, ертеңіне Алдар әйеліне келіп:

– Қатын! Жайым кетіп барады. Ажал келді-ау деймін, тез молданы шақыр, – дейді.

Әйелі молдаға жүгіреді. Ауылдастары да абыр-сабыр болады. Молданы жетелеп әйелі жүгіріп келсе, Алдардың кірпігі ғана қимылдап жатыр екен. Молданың бір үшкіруге ғана шамасы келеді. Бір үшкірген соң “ық” деп Алдар жан тапсырады.

– Байғұстың не қылса да тілегі түзу екен, садақасын беріп, иман айтуға ілігіп кетті, – деседі кейбіреулер. Алдардың қатыны, балалары, туысқандары у-шу боп жыласады, жоқтау айтысады. Елдің кәриелері:

– Бүгін жұма күн еді. Тілегі түзу екен, марқұмды бүгіннен қалдырмай жерлейік, – деп Алдардың сүйегін жуып, кәбінге орайды. Күн батуға жеткізбестен жерлеп те болады. Ертеңіне Алдардың ауылы осы дегенмен:

– Ә, бәлем, көресіні көрсетерміз! Енді құтылып кетсең көрерміз, – деп керуеншілер мен Тазша да жетеді.

– Қайда қу Алдар, жаны барда шықсын! – деп айқай салады. Бұл айқайды есітіп, үйде отырған Алдардың қатын-баласы шаштарын жайып жоқтау айтады.

Ауылдың кәриелері жиналып, Алдардың дүниеден қайтыс болғанын, кеше ғана жерленгенін есіттіреді.

– Қап, бәлем-ай! Бір күн кешікпеген екенсің, – деп керуеншілер тістенеді.

– Біздің өгізімізді, қойларымызды алып кеткен, – деген сөздеріне елдегілер құлақ қоймайды.

– Алдардың не істеп, не қойып жүргенін біз білмейміз. Артында қалған жетім-жесірлердің де көрінгенге бере қоятын ештеңесі жоқ. Көздерінің жасы кеппей, өздері егіл-тегіл болып отырғанда, мазаларын алмай, жөндеріңе кетіңдер, – дейді.

– Ай, Алдар-ай, тұзаққа бір ілінбей-ақ кеткенің-ау! Бір күн тұрмадың. Бір күн тұрғаныңда көрсетер едім, бәлем! – деп керуен басы жер сабайды.

– Көріңде өкіргір Алдар, ең болмаса молаңның төбесіне бір отырып кетейін, – деп жүгіріп Алдардың моласына барады. Моланың басына шығып дәретке отыра берем дегенде, осыны істейтінін біліп, әдейі күтіп жатқан Алдар, істік темірді құйрығына пісіп алады.

– Ойбай! – деп керуен басы секіріп жерге түседі. Құйрығын көріп жолдастарының ішек-сілесі қатып күледі.

– Бұл иттің өліп жатса да қарап жатпауын! – дейді керуен басы.

– Алдардың құйрығына таңба басатының қайда? – деп мазақтайды бір керуенші.

– Е, баспаса анау не? – дейді екінші біреуі. Керуен басы әрі өгізден айырылып, әрі құйрығына таңба салдырып ыза болып:

– Ай, Алдар! Сол ақыретке барғанда жағаңнан бір алмасам, атым құрысын! – деп жөніне кетеді.

– Мен де ақыретке тезірек баруыңызды тілеймін! – деп, Алдар керуеншілер кеткен соң, моласынан шығып, үйіне келеді.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН ӘҢГІМЕЛЕРІ

Жиренше шешен жол жүріп келе жатып, бір ауылдың тұсына келіп, ауыл мен екі арада өзен болған соң, өткелін біле алмай сасып тұрғанда, судың ар жағынан су алуға бір қыз келеді. Жиренше дауыстап, бұл өзеннің өткелі қайда деп сұрайды. Қыз: “Анау жақта бір өткел бар, жақын, жақын болса да алыс, анау жерде бір өткел бар, алыс, алыс болса да жақын” дейді. Мұның не сөз екенін аңғармай Жиренше жақын деген өткелге барып жүріп кетіп еді, судың орта жеріне барғанда аты малтығып жығылып, үсті-басы былғанып, азар-мазар шықты. Сонан соң, алыс та болса жақын деген өткелге барып, оп-оңай өтіп, ар жақтағы қыздың үйіне келді.

Үйіне келіп отырған соң, Жиренше қызға қарап: “Жаным, қарным ашып алыстан келемін, тамағыңның тәттісін бер” дейді. Қыз айтты: “Бір тамақ бар ащы, ащы болса да тәтті. Бір тамақ бар тұщы, тұщы болса да ащы” деді. Жиренше: “Ащы болса да тәтті” деген тамағыңды келтір”, — дейді. Қыз тұрып барып, бір уыс тұз алып, бір аяққа салып Жиреншенің алдына қойды. Жиренше мұны көріп: “Жаным, құр тұзды қалай жеймін?” — деді. Сонда қыз үндемей, тұзы жоқ қара көже құйып берді. Жиренше өзі де данышпан ақылды кісі еді, ойлап отырып, бұл сөздерге түсінді. Жаңа үй иесінің берген мәзірін күтпей, тәтті тамағыңды бер деп сұрағанына ұялады. Сол істерінен қыздың есті қыз екенін аңғарып, ақырында өзіне қатындыққа алыпты дейді.

Қыздың аты — Қарашаш сұлу. Бұл, жұртқа белгілі көркем, данышпан болған соң, заманындағы хан күндеп, Жиреншемен қас болады.

Бір күні сол қатынды өзі алмаққа ханның көңілі шапты. Сол күні аспазшылар ханның алдына бір қаз алып келіп

қойысты. Жиренше қасында отыр екен, хан оған бұйырып: — Бұл қазды өзіме, ханымға, екі балама және өзіңе бөл, біреуге артық жібермей, біреуге кем жібермей тең бөліп бер, — дейді. — Егер, бірімізге бір мысқыл артық-кем болса, өзіңді қатты жазалатам, — дейді. Жиренше қолына пышақ алып, әуелі қаздың басын кесіп ханға береді.

— Тақсыр, сіз біздің басымыз едіңіз — дейді, — екінші, хан ханымсыз болмас, ханым хансыз болмас, құс мойынсыз болмас, олай болса, ханым сіздің мойыныңыз, — деп, қаздың кеңірдегін оның алдына қойды. — Мынау екі балаңыз — сіздің екі қанатыңыз, оларға, міне, қанат, — деп қаздың екі қанатын кесіп қойды. — Мен өзім, тақсыр, бас та емес, аяқ та емес, орташа ғана адаммын, мына құстың орта денесі маған лайықты, — деп қаздың қалған денесін өз алдына қойды дейді.

Және біраз күн өткен соң, хан аң аулай далаға шығып жүріп, домалап бара жатқан бір қаңбақты көріп, Жиреншеге бұйырады: “Барып қаңбақтың көшіп-қонатынын, қайда баратынын сұрап кел, жауабын дұрыс келтірмесең, жасауылдарға ұруға бұйырамын” деді. Жиренше атын борбайға салып жіберіп, шауып кетті де, қаңбақты қуып жетіп, найзасымен шаншып тоқтатып, біраз тұрды. Тұрды да қайта ханға келіп айтты:

— Тақсыр хан, бұйырғаныңызды қаңбақтан сұрадым. Қаңбақ айтты: “Сұрата жіберген хан тентек пе, сұрай келген сен тентек пе, көшерімді жел біледі, қонарымды сай біледі!” — деп жауап қатты, — деді.

Осылайша әуре етіп, жүре-жүре хан Жиреншенің ешбір тұзаққа түспегендігіне өшігіп, енді есебін тауып өлтіріп, қатынын алуға ойланады. Бұл ыңғайын таныған соң, Жиренше қайғыда болып жүргенде, бір күні Қарашаш сұлу байынан:

— Неге қамығасыз? — деп сұрады. Жиренше мәнісін айтты. Қарашаш: — Досым, қайғырма, бұған бір ақыл табылар. Екі күннен соң хан мен билерді үйге қонаққа

шақырыңыз, — деді. Жиренше әлемнен озған алаяқ шешен болса да, өзі кедей екен дейді. Кедейлігі турасында әлі күнге халық аузында қалған бір сөз бар ғой! Ханның сәулетті ордасында күні бойы әдемі төсек үстінде отырып, кешке өзінің қара лашығына кеп, тулақ үстінде жатып айтады-мыс: “Айһай, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім” деп.

Қатынының әлгі айтқан сөзін естіп Жиренше: “Хан-қараны шақырып, қай жерге отырғызамыз және немен сыйлаймыз?” дейді. Қарашаш: “Оның ақылын маған қоя беріңіз” дейді. Екі күн өткен соң, Жиренше ханды жарандарымен қонаққа шақырады. Хан да, жасауылдар да “Жиренше бізді немен сыйлар екен, көрелік” деп кепті. Сыйғаны үйге кіріп, сыймағаны далаға тегіс отырып болған соң, Қарашаш сұлу өзі тұрып ханның алдына бір аяқшаға салған сүт қаймақты келтіріп қойды. Хан шынашағымен ғана аузына салды. Бұл қаймақ ханның өмірінде жеп көрмеген артықша бір тәтті дәм екен және сол шынашағымен бір-екі алып жегенде тойып та қалды. Ханнан қалғанын жанындағы жақсыларына беріп, үй ішінде жан біткеннің бәрі де не тамақ екен деп аз-аздап дәмін татысыпты.

Аттанар уақытта хан Қарашаш сұлудан: “Сұлу, бұл берген тамағың не тамақ? Біз көрмеген бір тәтті дәм екен, үйретсең, аспазшыларыма әрдайым осындай тамақ бұйырайын, жөнін айт!” деді. Сонда Қарашаш айтты дейді: “Тақсыр, сіз біздің жарлы екенімізді білесіз, ерім сізді, жақсыларыңменен қонақ етуге ниет еткен соң, не тамақпен сыйласам болар деп ойға қалдым. Ақырында ойладым, дүниедегі тамақтың асылы адамның сүті болса керек, не үшін десеңіз, балам алты жасқа келгенше жалғыз емшегімнің сүтімен күн көрді. Соның үшін өз сүтімді сауып, осы қаймақты істедім” деді. Хан “ah” деп санын бір соғып, үйден шыға жөнелді. Ол заманнан бұл заманға белгілі, емшектің сүтін берген әйел шеше есебінде болып, қатындыққа алу мүмкін емес. Қарашаш ханнан солайша құтылыпты.

Сол заманында бір адам: “Осы Жиреншені әркім мақтайды, Жиренше сөзден жеңілмейді және сұраған

сөздің жылдамдап жауабын айтады дейді. Тоқта, мен оған бір күні барып, сөз сұрап, әбден сілесін құртайын, қанша білгіш болса да, сөзінің жауабын айта алмай дағдарар” деп ойлап, бір күні Жиреншеге барып айтыпты: “А, Жиренше, сізді әркім бір мақтайды, шешен, білгіш дейді. Қане, білгіш болсаң, тесік тау қайда, айтшы” депті.

Жиренше: “Тесік тау мына тұрған қызыл төбешіктің астында” депті. Сонда бұл кісі: “Енді ол қызыл төбешік мұнан алыс па, қанша жер?” депті.

Жиренше: “Жоқ, алыс емес, тиіп тұр, жүр үйге кірелік” депті. Үйге кірген соң, Жиренше әйеліне айтыпты: “Мына кісіге ас бер” депті. Сонан Жиреншенің әйелі ас құйып әкеліп, әуелі Жиреншеге, сонан соң әлгі қонаққа беріпті. Сонда Жиренше қолына құйып берген айранын ұстап отырып: “Бес тұлпарға мінеді, қызыл төбешіктің астындағы тесік таудан өтеді” депті. Әлгі адам енді аңғарыпты.

Ә, мұның тесік тау дегені, тесік тамақ екен ғой. Енді ешнәрсе сұрамайын, сұрасам бірдемеге соқтырар, сірә, тек тұруым жөн болар деп, Жиреншеге қош айтып, жөніне қайтыпты.

ҚОЖАНАСЫР ӘҢГІМЕЛЕРІ

I

Қожаның үйіне бір күні шәкірттері жиылып келіп байқаса, қораның ішінде бір семіз тоқты тұр екен. Қожаның сойғалы семіртіп отырған тоқтысы болады. Шәкірттері Қожаның аңқаулығына сеніп, оны алдап, тоқтыны сойғызбақ болып, қасына жиылады да:

— Қожеке-ай, мына тоқтыға көп еңбекті босқа сарп қылғаныңыз-ай! Енді қызығын көрмей қаласыз-ау! — деседі.

Қожа:

— Е, неге, неге қызығын көрмеймін? — дейді.

Шәкірттер:

— Ойбай, қайдан көресіз, ертең ақыр заман болатын бопты, — дейді.

Қожа:

— Ендеше, тоқты далаға бос қалмасын, мұны бірдеме қылайық, соның ақылын табындар, — дейді.

Шәкірттері:

— Ендеше, мұны дарияның жағасына апарып сояйық та, сонда асып жейік, сөйтіп, қызығын көріп өлейік, — деседі.

Қожа: “күп” — дейді.

Сонымен, дария жағасына барысып, тоқтыны сойып, етін қазанға асады да, шәкірттер Қожаға:

— Сіз қазанға от жағып отыра тұрыңыз, біз мына суға түсіп қайтайық! — деп тегіс кетіп қалады. Қожа отырып қалады.

Бір уақытта шәкірттер әбден шешініп, киімдерін жағада тастап, өздері тегіс суға түсіп кетеді.

Олар сөйтіп, шомылып жатқанда Қожа барып, бәрінің жағадағы киімін жиып әкеледі де, қазанның астындағы отқа жағып, етті пісіріп отыра береді. Бір мезгілде шәкірттер

судан шығады. Киімнен бәрі жұрдай болған. Қожаға жалаңаш келісіп:

– Киім көрдіңіз бе? – дейді.

Қожа:

– Көрдім, мен бәрін әкеп, отқа жағып жібердім, – дейді.

Шәкірттері безек қағып:

– Ойбай-ау, не дейсіз? Ойбай, мұныңыз не? – дескенде,

Қожа:

– Е, өздерің ертең ақыр заман болады дегендерің қайда? Олай болса, киім неге керек? Онан да мына жеп өлетін ет піссін деп, мен әдейі отын қып жақтым. Керегімізге жараттым, – депті.

II

Қожа бір күні біреумен даулы боп, қазыға жүгініске барады. Қазы бұл екеуінен жауап ала бастайды. Сонда Қожа жауап бере отырып, қойнынан бір жұдырықтай тастың шетін шығарып көрсетіп қойып, қазыға ым жасайды. Қазы содан кейін, тергеуді Қожа жаққа бейімдете келіп, ақырғы билікті Қожаның пайдасына шешеді. Сонымен, Қожа дегені болып, енді кете бергенде, қазы мұны тоқтатып қалады. Ана кісі кетеді. Үй оңашаланған соң, қазы:

– Кәні, әлгің қайда, бер сондай алтыныңды, – дейді. Сүйтсе, тасты көрсеткенде қазы: “Мынау осындай алтын берем деп түр екен ғой” деп ойлап, Қожаның дегенін істеген екен. Осынысын айтқанда Қожа:

– Жоқ, тақсыр, менің белгімді сіз ұқпапсыз, менде ондай алтын болушы ма еді, тәйір! Менің айтқаным: “Билікті дұрыс айт, әйтпесе мына таспен ұрамын дегенім еді!” – депті.

III

Бір күні Қожа ұйықтап жатса, үйіне ұры кіреді. Ұры көп екен, үйдің ішіндегі нәрселердің көбін әкетіп, тысқа шығарып жатады. Қожа оянып, мұны көріп жатады да, бір кезде өзі де өзге қалған нәрселерін шығарыса бастайды.

Тоқталмастан апарып, ұрылардың арбасына салып жатады. Ұрылар бұған аң-таң болып:

– Е, мұның не? – дегенде, Қожа:

– Е, біздің үй көшіп жатқан жоқ па, көмек етпей, жалғыз сендерге тасытқаным, обал емес пе? – депті.

IV

Қожа бір күні базарға барғалы жатса, қатыны бір кесе беріп: “Осыған еріткен май құйғызып әкел!” – деп тапсырады. Қожа май сатушыға кеп, бірқыдыру майды таразыға өлшетіп алып, енді кесесіне құйғызады. Май кеседен асып қалады. Сатушы:

– Сыймайды ғой, енді қайда құямыз? – дегенде, Қожа жалма-жан кесені төңкеріп жіберіп:

– Е, қалғанын мына жағына құй! – деп кесенің сыртқы түбін тосады. Осыған қалғанын құйғызып ап, сол бойында ұстап, үйіне келеді. Мұны қатыны көріп:

– Сығыр-ау, мұнша аз алғаның не? Мұны не деп алдың? – дегенде, Қожа:

– Жоқ, жалғыз бұл емес, мына жағында да бар, – деп, кесені енді шалқасынан көтеріп қалады. Сүйтіп, бар майды төгіп тауысады.

ҚЫРЫҚ ӨТІРІКТІҢ МАҒЫНАСЫ

Қырық өтірік — қазақтың халық әңгімелерінің ішіндегі ең бір көпке мәлім түрі. Бұл әңгімені ерте күндерден бері қарай, халықтың көрі-жасы түгел біледі деуге болады.

Мұнда қырық деген сан жай ғана өтіріктің көптігін көрсеткен мөлшер сан. Шынында, осы басылған әңгіменің қара сөзбен айтылған түрін алсақ та, өлеңмен айтылғанын алсақ та, қырық қана өтірік боп тоқтамайды. Қайта қырықтан сонауғрлым көп болады.

Бұл әңгімелердің өзгешелігі, бағасы неменеді? Өзгешелігі, халықтың тапқырлық, жүйріктік сияқты өнерді сүйгендігін білдіреді. Халық фантазиясының тереңдік, жүйріктігіне айғақ болады. Ол фантазия өмірде барды ғана сөз қылмайды. Өмірде болса екен дегенді де сөз қылады. Кейде, тіпті, өмірде болуына мүмкін емес нәрсені де қиыстырып, шын етіп көрсетеді. Мынау өтіріктердің көбі сондай еркін, ұшқыр, өткір фантазияның тудырған әңгімелері және құр болмасты айтқан шылғи өтірік қана емес. Бұнда адам ақылының ізденгіш, шарлағыш серпіні де білінеді. Сонда жанды-жансыз табиғатты өзіне өзгеше түрде құл еткісі келген адамның әр алуан жорамалы байқалады. Мысалы, “құрықты қайық еттім, пышақты күрек еттім” дегені, “қарға міндім”, “инелікке мініп, түлкі қудым” дейтіні, “түлкіге жүгімді арттым” дегені — барлығы да сол, жанды-жансыз табиғатты “дегеніме көндірsem” деген қиялдан туады. “Аспанда құстай ұшсам, суда балықтай жүзsem, алты айлықты алты-ақ аттасам” дегеннің бәрі бұрынғы заманда қиял ғана еді. Ондай қолда жоқ өнер жайын ертегі ғана баян етуші еді. Кейін, бүгін соның бәрі қол жеткен табыс боп отыр. Мына қырық өтіріктегі сөздің бәрі өмірде қаз-қалпында іске асады деп ешкім де айтпайды. Бірақ сонымен қатар, осы әңгімелердің негізінде де көп мән бар. Адамның бар табиғат жайындағы фантазиясы білінеді.

Бірақ бұл айтылғандар әзірше шындықтан алыс. Болды деуге ерсі. Сондықтан болмасты болды деп, қисынсызды қиыстырып айтқанына қарап еріксіз күлесің.

Тапқырлық, қиялшылдығын тамашалайсың. Ол — халық өнерінің тапқырлығын, халық қиялының жүйріктігін білдіретін ерекшеліктері.

Бұл әңгімені айтушы халық ортасынан шыққан өзі кедей, өзі елеусіз, көптің бірі, жетім бала болады. Бұлай болуда мағына бар. Жалпы осындай өнерді туғызушы халық, сондықтан ол әрқашан шешен, тапқыр, ер, өнерпаз қып өз өкілін, өз ортасынан шыққан адамын көрсетеді.

Осындай өнерпазбен қатар бір хан да әңгіме ішінде жүреді. Ол қатал, қанішер, баскесер хан болады. Бірақ өнерпаз бала сол хан екеш ханды да өз өнеріне бағындырып, көндіреді, қашар жер қалдырмайды. Қысымшылық жасайын деген хан өзі қысылады, жер таусылып, бермесін береді. Бұдан, өнер қара тастай қатал ханды да жеңеді, өнерге ешнәрсе бөгет емес деген мағына туады.

ҚЫРЫҚ ӨТІРІК

Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен. Ерте, ерте, ертеде, ертегі өткен заманда, халықты хан билепті, халық ханнан зар илепті. Хан бүлік бопты, хан еріксе халық ойыншық болыпты... Нақ осы айтқанның өзіндей заң, ұстараның жүзіндей хан, қаны тасып еріккен хан, шарап ішіп желіккен хан – халқына жар шақырыпты.

– Кімде-кім алдыма келіп кідірмей, мүдірмей, қырық өтірік әңгіме құрастырып айтып өтсе және артынан қырық ауыз өтірік өлең айтса, сол адамның төбесінен төмен қарай алтын құямын, бүкіл өміріне жететін байлықты мал-мүлкімнен бөліп беремін. Жаңылмаса, қызымды беріп, күйеу қып, қасыма уәзір етіп отырғызамын. Бірақ сондай сертім бар: егер әңгімесінің я өлеңінің ішіне бір ауыз да болса рас сөз қосылса, тоқтаусыз дарға тартқызамын! – депті.

Ханның бұл хабары ел арасына тарап, жұрттың құлағына тегіс тиген соң, “үмітсіз шайтан” әркімнің-ақ арқасы қозып, иегі қышиды. Не аузы аузына жұқпаған сәйгүлік шешендер, не ақындар ханның алтынынан үміттеніп: “ой, айтпай несі бар?” деп, ханның алдына барып, қиыстырып айта алмай, келістіріп сөйлей алмай, талайлар күнәсіз дарға тартылыпты.

Кейбіреулер даладан “айтамын-ақ” деп құлшынып келсе де, қаһарлы ханды, қанға боялып тұрған дарды көргенде ақылынан адасып, есінен танып, үрейі ұшып, түк айта алмай, сырттан қайтып кетіпті.

Сертін орындай алмай күнәсыздан-күнәсіз ханның ойыншығы болып дарға тартылып өлгендерден ханның сарайы қан сасыпты.

Жұрттың ең соңынан, кедейліктен әбден сіңірі шыққан, мойны ырғайдай, биті торғайдай, өмірінде қарны тойып ас ішіп, қабағы ашылып киім кимеген, ерні кезерген бір жас жетім бала келіпті. Есік алдында отырған жұрт:

– Жаным-ай! Жауқазындай жас бала көрінесің, сенен естияр не шешендер, не ділмарлар айтамын деп келіп, айта алмай, босқа өлгендердің есебі жоқ. Жарқыным, тумай жатып өмірден орын таппай, өлуге асығып жүрген не қылған баласың? Ізіңше еліңе қайт! Тілімізді ала ғой, –

деседі. Бірақ бала көнбейді. Хан сарайына кіріп, ханның алдына келіп, алдиярлап бас иіп, тізе бүгеді. Сонда хан:

— Е, не арызың бар? — деп сұрайды.

— Тақсыр! Жарлығыңызды естіп, өтірік әңгіме айтқалы келіп тұрмын, — дейді. Хан миығынан күліп, мысқылдап, баланы көзіне ілмей:

— Үлкендердің қолынан келмеген, сенің қолыңнан қалай келсін, — дейді.

— Тақсыр! Сол көптен менің жаным ардақты ма? Айта алмасам, өз обалым өзіме, рұқсат етіңіз, — дейді.

— Ал, ендеше, сөйлей ғой, — дейді хан. Жетім бала сөйлеп ала жөнеледі.

— Тақсыр! Әкемнің белінде, шешемнің құрсағында жүрген кезімде, әкемнің әкесінің жылқыларын он бес жыл бағыппын. Алған ақыма өзіме қалың беріп, қатын алып, бесті-алтылы бала сүйюлімін, сол қатынымнан туған балаларымның қолындағы кенжесі, осы уақытта жиырманың бесеуінде; өзімнен он жас үлкен.

Жаздың сарша тамызында, бір қайнап тұрған ыстық күні жылқымды суарайын деп, құрық үстіне құрық салып жау тигендей қуалап жөнелдім. Айдын шалқар бір құдыққа келсем, тақсыр-ай, күннің ыстығын сонан білерсіз, құдықтың суы қалыңдығы кісі бойы, қол ұсыным мұз болып қатып қалыпты. Жалма-жан суат оя қояйын деп ат үстінде тұрып балтамен олай шапқыладым — ойылмады, бұлай шапқыладым — ойылмады, балтамның жүзі жапырылып қалды; балтамды қойныма салып қойып, сүйменімді қолыма алып, олай түйгіштедім, бұлай түйгіштедім, болмады — сүйменім майысып қалды.

Енді не қыламын деп дағдарып тұр едім, бір амал ойыма түсе қалды: дереу кеңірдегімнен ұстап, басымды кеудемнен жұлып алып, шекеммен ақырын ғана мұзды бір нұқып қойып едім, тақсыр-ай, бірі өтірік болмасын, мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды!

Онан соң, жылқыларымды көк мұзды жарып шыққан сары балауса мен көк жоңышқаға матап салып, санамай, түстемей түгендегенімде, алты құлаш ала биеден туған, жеті құлаш жирен құлыным жылқының ішінде де, сыртында да жоқ болып шықты; ұры алғанын да білмедім, пері алғанын да білмедім, әрі-бері қарап тауып ала қояйын деп жалма-жан құрығымды мұзға шанша салып, басына шығып, төңірекке

көз жіберіп едім, көрінбеді. Құрығым аласа болған шығар деп, құрықтың басына пышағымды шаншып, оған шығып қарап едім, тағы көрінбеді. Пышағымның басына қынымды шаншып, оған шығып қарап едім, онда да көрінбеді, көңілім әлі де биіктетуде болып, қамшымды шаншып, тағы биіктеттім, оған да шығып қарап едім, жау алғыр тағы көрінбеді. “Енді не жалғаймын?” деп көзімді жұмып, ойға қалып тұрғанымда қалт есіме түсе қалды. Тілімнің астына салып жүрген тебен инем бар екен, қуанғанымнан соны ала салып, қамшымның басына шаншып және шығып, көзімді адырайтып қарап едім – тағы көре алмадым. Әбден дағдарған соң құрығымнан “апырмай, енді не жалғайын, ақылың болса айтшы” деп ақыл сұрадым. Ол ант ұрғанның жатып тұрып өзімді сөккені ғой, сөккенде не дейді? “Ит болмасаң, айналып жерге қарай бергенше, көзіңді шарт жұмып, аспан жаққа қарасаң болмас па еді?” деген ғой. “Ойбай-ау, аспанды бұлт басып тұрғанын көрмейсің бе?” деп едім, онан жаман балағаттап: “Ант ұрған-ау, қолың жоқ па еді? Бұлттың әрісін әрі, берісін бері серпіп жіберсең болмас па еді?” деді.

Ойлап тұрсам, оның сөзі де жөн екен, дереу қолымды созып жіберіп бұлттың былайғысын былай, олайғысын олай сыпырып жібергенімде, күннің көзі жарқырап шайдай ашылды да қалды. Әбден мұралын* беріп, көзімді шарт жұмып, аспанға қарағанымда: тамаша, мұнан артық не болсын? Темірқазықтың ар жағында, Шолпан жұлдызының бер жағында, Қап тауының етегінде манадан бері қарап таба алмай жүрген жирен құлыным, бір бәйтеректің бұтағына шығып құлындап, құлынын емізіп тұрғаны көзіме жарқ ете түсті. Қатыным ұл тапқандай қуанып, құрығымның басында тұрып секіре беріппін. Бірақ екі арамыз теңіз екен, жалма-жан құрығымды қайық қылып, пышағымды ескек қылып сол теңізге түсе қалып едім, шым батып барамын, дереу пышағымды қайық қылып, құрығымды ескек қылып түсе қалғанымда, кірпік қаққанша сыр етіп теңізден өте шықтым.

Жирен құлынға міне салып, жас құлынды алдыма өңгеріп қайтадан теңізге түсе қалғанымда, шым батып

*Сыбаға.

барамын; дереу жас құлынға мініп, енесін алдыма өңгеріп, түсе қалғанымда: жануардың сушылы-ай, көзді ашып жұмғанша теңіздің бетімен де емес, түбімен де емес, ортасымен де емес, сыр етіп өте шықтым.

Жылқыға келген соң, жүріс алған неме тағы бошалап кетіп әуре қылып жүре ме деп енесін құлынына, құлынды айғырдың құйрығына байлап, жылқыға қоспай далаға айдап қоя бердім.

Бір уақытта айдын мұздың үстіне қарап тұрсам, бітпеген қу тобылғының түбінде тумаған бір ту қоян жатыр екен; жалма-жан садағымды алып, оғымның масақ жағымен атып едім, өтпеді; масақ жағын кіріске қойып, кер жағымен тартқанымда, жұлдыздай ағып өтті де кетті.

Асығып-үсігіп атымды бір қу қазыққа байлай салып, етегіме тезек тере бердім. Бір уақытта қарасам, атым өз-өзінен ер-тоқымын бауырына алып, тас-талқан болып үркіп, тулап жүр екен, етегімдегі тезегімді төге салып, атыма қарай жүрейін десем, сұмдық-ай, манадан бері тезек деп тергенімнің бәрі бөдене екен, пыр-пыр етіп, алды-алдына ұшты да кетті!

Манағы қу қазық деп атымды байлағаным аққудың мойыны екен; соның серіпкен қанатынан үркіп атымның тулап жүргені де сол екен. Атымды ұстап алып, манағы тебен инемді қазық қылып жерге қағып жіберіп, атымды соған байлап қойып “уһ” деп демімді алдым. Атып алған қоянымды сояйын десем, қынымда пышағым жоқ. “Апырым-ау, қайда қалды?” деп, ойға қалып тұрғанымда, үш күн, үш түнде барып есіме түсе қалды. Баяғы құрығымның басына шанышқан бойымен сонда ұмытылып қалған екен. Соған қайта баруға еріндім де, күрек тісімнің біреуін суырып алып, сонымен соя бердім. Қашаннан өзімнің мал сойғыштығыма салып жеде-қабылдап, қоянды үш күнде сойып болдым; оның етін қақтап, тұздап, енді майын ерітіп алайын деп бір бүтін қазанға салып, еріткенімде менің сорыма май ағып тұрмады. Бүтін қазанды тастай салып, бір тесік қазанға салып едім, тақсыр-ай, мұндай қызықты көріп пе едіңіз, бір тамшы тамбай тұра қалды!

Еріген майды ыдысқа қотарғанымда бір түйе қарнына, бір өгіз қарнына, бір борсық қарнына әрең-әрең сыйғыздым.

“Бұл титтей май менің қай күніме жарайды? Онан да етігімді майлап алғаным олжа шығар” деп, бас салып

майлағанымда, бір етігімнің жұлығына зорға жетті. Қонышына жетпеді. Анау етігім мүлдем ауыз тиместен қалды. “Ер еңбегіне бір тойсын” деген сөз бар еді-ау деп, қоянның бір кесек етін қолыммен әрі-бері күн көзіне ұстап пісіріп, аузыма салайын деп апарғанымда, сұмдық-ай, аузым орнында жоқ, жүрегім мұздай болып, “апырым-ай, аузым қайда?” деп, қайта-қайта бетімді сипаласам: аузым жоқ дегенім ойыншық екен, солайымен басым да жоқ екен. Тақсыр-ай, сондағы қорыққаным әлі күнге дейін есімнен кетпейді.

“Апырым-ай, бассыз қалай күн көремін?” деп, алақанымды маңдайыма қойып, ойға батып тұрғанымда, біреу иығымнан тартып: “Әке, мынау басты танысың ба?” деді. Байқап қарасам, өзімнің басым, тауып әкеліп тұрған өзімнің балам. “Шырағым, мұны қайдан таптың?” деп сұрағанымда: “Суат ойған жерінде жатыр екен, сенің басың екенін танып әкелдім” деді. Тақсыр-ай, сондағы қуанғаным әлі есімнен кеткен жоқ! “Көп жаса! Бай бол! Үбірлі-шүбірлі бол!” деп, балама бата беріп алғыс айттым.

Көптен ұйқы көрмей, сергелден болып жүрген байғұс басым, сол мезгілде ұйқы қыстап қалғымайым ба? Мұздан төсек, қардан жамылғы қылып жата қалсам, төсектің жылылығына бұйығып өлген адамдай ұйықтапшын да қалыпшын. Түн ортасы болған кезде бір нәрсенің сарт-сұрт келген дыбысынан шошып ояндым, қарасам, екі етігім жұдырықтасып, қызыл ала қан болып төбелесіп жатыр. “Батыр-ау, бұларың қалай?” деп сұрағанымда, май жағылмаған етігім жыламсырап: “Қайтейін, май біткеннің бәрін анау жалмауызың ішіп қойды, маған ауыз да тигізген жоқ” деді. Екінші етігім анау етігіме тап беріп: “Өзіннің кем несібелілігіңнен көрмей, майдың жетпегенін менен көргенің сасқаның ба?” деді. Ашуымның әбден келгені емес пе? Маңдайларынан бір-бір шертіп, екеуін екі жағыма қойып жата бердім.

Таң атқан соң, қарасам, көзін ашпағыр, май жағылмаған етігім өкпелеп түнде қашыпты да кетіпті. “Алда жүгірмек-ай!” деп, екі аяғымды бір етікке тығып алып, ізіне түсіп қуа бердім.

Айдан айлар жүрдім; зорығып астымдағы атым өлді, жылдан жылдар жүрдім; етігімнің күйігінен іші жанып, үйімде қатыным өлді. Бір күндерде өгіздің желкесіндегі

жауырына қауын егіп, пісіріп отырған бір егіншіге кез келдім. Егінші бишара бір піскен қауынды алдыма қойып: “Жарқыным, пышағың бар екен, өзің жарып жей ғой” деді. Кездігімді суырып алып, қауынға салып қалғанымда, шіркіннің жетесі босап жүр екен, теміртегі суырылып, қауынның ішіне түсті де кетті... “Қап, жолым қырсығып жүрген бейбақ едім, бұ да соның салдары ғой” дедім де, “бала күннен бірге өсіп, біте қайнаған замандасым еді, қалай көзім қиып тастап кетейін” деп, қауынның ішіне сүңгіп кірдім де кеттім. Ал, ізде, тау да қалмады, тас та қалмады, тоғай да қалмады, апта болды-ау дегенде маған ұсап жоқ қарап, сандалып жүрген бір жоқшыға кез болдым. Жоғымның түсін-түгін, ен-таңбасын айтып сұрап едім, құдай соққан неменің “тпу” деп былш еткізіп бетіме түкіріп жібергені ғой. “Ау! Жының бар ма? Неге түкіресің? Мен жоқ сұрап тұрмын ғой!” дедім. О да бір шытынаған неме екен, менен қалыспады; ақырындап “жынды демей не дейін, мен бір айдан бері әлденеше атымды зорықтырып, бір айғыр үйір қысырағымды таба алмай жүргенімде, сен төрт еліге толмайтын теміртекті іздейсің” дегені. Мұның бұл сөзіне шыдай алмай, сол жерде жаттым да төбелестім, қан болмаған жеріміз, жұлынбаған сақалымыз қалмады, ақырында оның да, менің де сілеміз құрып, шаршаған соң екеуіміз де төбелесті қойдық, бір-бірімізден насыбай атысып, жөн-жөнімізге кете бердік.

Бір күндерде ұлы жиын ас беріп жатқан қалың елдің үстінен шықтым. “Жақсы болды ғой, осы жиыннан етігіме де, кездігіме де сұрау салайыншы” деп, жер ошақты жағалап келе жатқанда, аста табақ тартып жүрген бозбалалардың арасында табақ көтеріп, баяғы қашқан етігім жүр. Анадайдан көзіме оттай басылды, қатыным бөпе тапқандай қуанып секіре беріппін. Етігімнің де көзі мені шалып қалып, ұялғанынан қып-қызыл болып, қолындағы көтерген әйдік табақ қазы-қарта, жал-жаяны әкеліп: “Кешегі маған жағуға қимаған майың осы ма еді?” деп, алдыма сарт еткізіп қоя салды.

Пай, пай! Тақсыр-ай! Сондағы ұялғаным өмірімде есімнен кетер емес. Мінекей, тақсыр! Туғаннан бергі жердегі басымнан өткен істер осы, — деп бала әңгімесін бітірді.

Баланың қиыстырып, бір ауыз да рас сөз араластырмай айтып, сүрінбегеніне хан таң қалып, дегенін істепті.

ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Қайныма қарға мініп ұрын бардым,
Күйеуден өзім қатар бұрын бардым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Алдына қайын атамның қырындадым.

Жүк артып инелікке ерте көштім,
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім.

Міндім де сасық қоңыз аяңдадым,
Болдыртып, аяңымен қоян алдым.
Япырым-ай, сол қоянның семізін-ай,
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым.

Міндім де жасыл қоңыз сона қудым,
Басынан мұнар төбе сағым будым.
Дәулеттің маған біткен арқасында,
Қанменен көйлегімнің кірін жудым.

Үш жаста мергеншілік кәсіп қылдым,
Ши оқпен мың құланды атып қырдым.
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай жүз тұсақтан сатып тұрдым.

Балықтың қабыршағын отқа жақтым,
Өтірік өлең айтып жұртқа жақтым.
Бір сонам асыранды қашып кетіп,
Меккеден он жыл іздеп, азар таптым.

Ақылдан ер жеткен соң болдым жарым,
Бір суыр мал дегенде қолда барым.
Қатыным тел қоянды жаздай сауып,
Түйреді сары майды екі қарын.

Беріпті бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырып төңірекке.

Міндім де сары қоңыз сона қудым,
Үш жұма, үш ай жүріп қона қудым.
Қумасқа белді байлап тұрып едім,
Дегенге жеңгем жерік бола қудым.

Бай болдым төрт түлікке тумай жатып,
Балама қалың бердім бәрін сатып.
Білімін мал жыюдың ерте біліп,
Сондықтан кедейлікке қалдым батып.

Байлықтан ыза шектім ақырында,
Бір түйір мал болмады жақынымда.
Малымның бәрін жинап отқа жағып,
Отырмын кедейліктің тақырында.

Қамыстан жылқы ұстауға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.
Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.

Жиынға салтанатқа кідім құрым,
Қытықтап зорға айтқыздым ханның сырын.
Келгенде қалыңдығым сексен төртке,
Қайныма бес жасымда бардым ұрын.

Жүз салған қорғасыннан қара балтам,
Шықпады он матадан сыңар қалтам.
Дәулеттің маған біткен арқасында,
Көшкенде жүз түлкіге жүгімді артам.

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
Борсықты ұстап мінсең аттың мүлкі.
Ішінде топ адамның тулап жығып,
Қылдың-ау, ойбай, қарсақ, жұртқа күлкі!

Арасын жырып қостым сыр қуаңның,
Машықтым елін билеп бес дуанның.
Екі жүз құнан қойым егіз туып,
Осыған, нанар болсаң, көп қуандым.

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,
Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.
Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,
Қан түсіп аяғыма өле жаздай.

Тамырға өтірікті қап-қап бердім,
Найзасын нән қамысқа саптап бердім.
Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
Түлкіге төсте қашқан тап-тап бердім.

Басынан Қап тауының қора қылдым,
Бітер деп бес мың жылқы жора қылдым.
Топан су тау басына дамыл бермей,
Қылмасқа енді қора тоба қылдым.

Баласы қасқа айғырдың бөлтірік-ті,
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті,
Мың кісі бір тышқанға мінгескенде,
Апырм-ай, тулап бәрін өлтіріпті!

Мен өзім кішкенедең қарға бақтым,
Қашырмай сол қарғаны зорға бақтым.
Біреуі жануардың үздік шығып,
Мойнына ақ киізден тұмар тақтым.

Басында керегенің үрген қарын,
Көтердім балуандықпен соның бәрін.
Түйеге төстеп барып қойғанымда,
Мертікті көтере алмай қара нарым.

Мизамның сілемейін желім қылдым,
Шымшықтың жұмыртқасын келі қылдым.
Қамыстан сегіз қанат үй істетіп,
Жонынан кесірткенің көгін тілдім.

Шымшықтың шылым шектім бақайынан,
Қоянның атым үрікті топайынан.
Баланың ақылы артық, ойы жетік,
Көр тышқан етік қылдым шоқайынан.

Басына бөйтеректің тіктім орда,
Көк орай шалғын екен қорда-қорда.
Қос атпен күні-түні бірдей қуып,
Қашаған бір битімді тұттым зорға.

Мен өзім өтіріктен пайда еткенмін,
Биялай, бит терісін қалта еткенмін.
Етіне бір шіркейдің қазан толмай,
Соймасқа қайтып шіркей ант еткенмін.

Мыс егіп көбік қарға алтын ордым,
Ізіне әбжыланның қақпан құрдым.
Шегірткем мініп жүрген тулап еді,
Жалғыз тал қыл қамшыммен өлгенше ұрдым.

Түгестім сапты аяқпен Сырдың суын,
Он нарға артып жүрмін қыздың буын.
Еншіге әкем берген мың қоянның
Соғымға қырып алдым барлық туын.

Тілімнің келмейді ебі өтірікке,
Тақсыр-ау, осыным да өтірік пе?
Қырық байтал қалыңмалға санап алып,
Қыз бердім отау тігіп кекілікке.

Биені қымыз іштім мұзға байлап,
Тышқанды жауыр қылдым үш жыл жайлап.
Қырық тоғыз мүшелімде әкем туып,
Жүгірдім қуанғаннан алақайлап.

Отыным жазғы жаққан мұздан болды,
Салымым сексендегі қыздан болды.
Былтырғы жер ошаққа жаққан отым,
Тұтанып зорға биыл қызған болды.

Сауысқан алып ұшты бөлтірікті,
Айтпаймын қыз берсең де өтірікті.
Шіркіннің тепкісінің қаттысын-ай,
Бір қызды шыбын теуіп өлтіріпті.

Шаянның шаңырақтай омыртқасы,
Көнектей көлбақаның жұмыртқасы.
Болмаған енді шындық несі қалды?
Түбінен жау қияқтың ердің қасы.

Жонынан атжалманның айыл алдым,
Үш жөргем ішін жарып майын алдым.
Ізіне аттың басқан қақ тұрыпты,
Қырық құлаш қармақ салып, жайын алдым.

Қошқардың қағанақтан күйегі бар,
Шідердің мұздан жонған тиегі бар.
Тақсыр-ау, осыған да нанбаймысың?
Қырық арба бір қаншырдың сүйегі бар.

Шымшықтың шылым шектім қу басынан,
Атжалман арқан естім шудасынан.
Қырық қарға, отыз сона құда түсіп,
Инелік киіт киді құдасынан.

Серік боп құрқылтаймен қылдым сауда,
Айналды бұл сертімнің арты дауға.
Борсыққа жарап жүрген міне шауып,
Ұрандап, бір бүйірден тидім жауға.

Елімді қызғыш шауып салды бүлік,
Сауысқан әбден асты аққуды іліп.
Қақалып кеше кешке жеген етке,
Қолқамда бес жыл тұрды кәрі жілік.

Борышыма қатынымды кіреу қойдым,
Аспанға алты жерден тіреу қойдым.
Жүрегін құрқылтайдың төрт бөліп жеп,
Нансаңыз, өмірімде бір-ақ тойдым.

Жаратып қасқыр қудым көбелекпен,
Дарияға тоған бастым ебелектен.
Жығылып тас кенеден мойны үзіліп,
Бір кемпір “ә” дегенше өле кеткен.

“ҚАМБАР” ЖЫРЫНЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Қазақ елінің ескі тарихынан, халық мұрасынан қалған үлкен жырдың бірі — “Қара қасқа атты Қамбар” жыры. Мұның мән-жайын тексеруден бұрын әуелі қысқаша түрде әңгіме мазмұнын айтып өтейік.

Бұрынғы өткен заманда он екі баулы өзбекте Әзімбай деген бай болады. Мұның алты ұлы, бір сұлу қызы болады.

...Қыз Назым шықты бұрандап,
Он сегіз толған жасына,
Кәмшат бөрік келісіп,
Бриллиант қойды басына.
Қара мен төре қайғырды:
Болса деп бізбен ашына.

Сол Назым қыз күйеу таңдайды. Әзімбай бай: “Қызымды таңдаған адамына қосамын, дәмелі адам жиылсын”, — деп, жар шашты.

Айтылған күні қалың ел жиылып, көруге келісті. Қызға ешқайсысы жақпады. Назым қыздың көңіліне алған жігіті Қамбар еді — ол келмеді.

Қамбар “Алпыс үйлі Арғын, тоқсан үйлі Тобыр” дейтін кедей ру ішіндегі Әлімбай дегеннің баласы еді. Бұл қара қасқа атты Қамбар атанған — әрі батыр, әрі аңшы, мерген еді. Қамбар қара қасқа атының үстінде күнін кешіріп, жаңағы аш-арық туысқандарын аңмен асырайтын. Назым Қамбарға сыртынан құмар еді. Бірақ мұны елемегендей болады, келмейді. Қыз қапаланып жүреді. Қамбар аңда жүріп, бір күні жолбарыс соғып алып қайтты. Тағы бір күні сұңқарын алып, көл жағалап келе жатып, Әзімбай байдың ауылының үстіне тура келді. Бірақ ауылына түспей:

Қырындап өтіп барады,
Сұңқарын тұтып бетіне.
Жағалай құлын байлаған,
Теңіздің бойын жайлаған
Қыз Назымның ауылының
Үстіне түсті көздері.
Мұны көріп Қамбардың
Жоқшылық кірді есіне:
“Қымыз бар деп, ақ үйдің
Түсемін барып несіне?”
Қырындап өтіп барады,
Сұңқарын тұтып бетіне.
Қара қасқа тұлпары
Жердің тартып танабын,
Алшаңдап басып, асықпай
Ауылдың шықты шетіне...

Батыр ауылға түспей, өтіп бара жатқанда Назым үйден шығып, қарап тұр еді.

Енді айламен тоқтатпақ болып, жеңгелерін жиып, дереу жіп иіртіп, өрмек құрғызды. Өрмектің бір жақ шетін көлге жеткізіп, екінші жағын үйге тірей құрғызып, Қамбардың қайтар жолына жібек өрмек бөгеуіл салды. Тегешке қымыз құйғызып, тосып отырды.

Қамбар үйрек, қазды қара қасқа атқа теңдеп, көл жағалап қайтып келе жатып, жолында көлденең құрылған өрмекті көрді.

...Көрінеді Назымның
Алдына өрмек құрғаны,
Қамбар айтты өзіне:
“Осыған көңілім бөлініп,
Ұмытып кетсем жұрттымды,
Құдайдың, — деді, — ұрғаны!”
Мәлім болды батырға,
Өнер істеп Назым қыз
Қыздырмақ үшін тұрғаны...

Қамбар қызға қарамай, өрмектен қара қасқа атты қарғытып өте шығады. Назым күйінгендіктен, өз өрмегін өзі қылышпен турап тастайды да, Қамбарға дауыстайды. Батыр атының мойнын бұрып қарағанда, Назым қыз:

Қайрылмай қайда барасың?
Хан сүйекті Қамбар-ау!
Қабағы қатып шаршапты,
Қара қасқа аттың мойнында
Өкпе, бауыр, жал бар-ау!
Арызыма құлақ сал,
Ақылың болса аңғар-ау!
Шөлдесең сусын ішсейші,
Біздің үйге түссейші,
Қайнатулы шай бар-ау!
Сары аяқта бал бар-ау!
Жатып, тұрып кетуге
Күткендей бізде жай бар-ау! —

дейді. Бұған Қамбар:

...Аш бөрідей жалақтап,
Қинады жоқтық жанымды.
Ұядан жалғыз баламын,
Құс етін беріп бағамын
Үйдегі екі көрімді.
Оған да назар саламын,
Қабатыма аламын
Алпыс үйлі Арғынды.
Сеніменен ойнасам,
Айналар ісім қиынға,
Айыпқа мені бұйырма,
Айтамын, Назым, зарымды... —

дейді.

Назым Қамбарға құмарлық сырын айтады. “Талай байдың баласы бар. Ешқайсысын саған тең көрмеймін. Сен жұртқа тұлға болған, өзгеше туған жансың. Сол себепті сені қаладым. Ауылыма қон!” — дейді. Қамбар: “Сен шалққан байдың қызысың. Мен кедеймін, теңің емеспін.

...Іздегенің асылық.
Мен емес таңдап тиерің.
Ыңырысытып байлаған,
Көшкенде топтап айдаған,
Мастығы шығар биенің”, —

дейді.

Екеуі сүйтіп сөйлесіп тұрғанда, Назымның бір ағасы бұларды көреді. Жалғыз атты кедейдің Назыммен сөйлесіп тұрғанын намыс қылады. Өзге інілерін жиып ап, ашу шақырысады. Жанжал шығармақ болысады. Қамбар жүріп кетеді. Назымның Алшыораз деген бір ағасы өзге туысқандарының Қамбарды кемсінгенін теріс көреді. “Қамбар Ноғайлының батыры, Назымды одан артық кімге береміз” дейді. Әзімбайдың балалары бұл сөзге тоқтап, басылады.

Сол кезде Ноғайлы мен Өзбек Қалмақпен жауласып жүреді екен. Қалмақтың Қараман деген ханы Назым қыздың жайын естіп, алмақ болады. Әзімбайға жаушы қып Керей ұлы Келмембет дегенді жібереді.

Келмембет Әзімбайға келіп, тұспалдап:

...Арызымды айтамын,
Көтерсең менің назымды.
Саусағы алтын сұңқарға
Ілдірейін деп келдім
Көлдегі үйрек, қазынды.
Алтайы қызыл түлкіңе
Қосайын деп ойлаймын
Құмайы жүйрік тазымды,
Тікпекке ақ үй сұраймын
Ел қонбаған сазынды... —

дейді.

Әзімбайдың Алшыораз деген баласы бұл жұмысқа намыс қылып, Келмембеттің құлақ-мұрнын отап, қуып жібереді. Қараман бұған ашуланып, қалың қолмен келіп қалады. Жұрт қорқады. Әзімбай нөкерлерімен ақылдасып, қалмаққа қарсы шығаруға Қамбарды шақыртады. Елді құтқарып, Назым қызды өзі алсын деп тілек етеді. Қамбар атқа мінеді. Қараманның шатырына келіп түсіп, тіл қатады. Екі батыр сөзге ерегісіп ұшқынысады. Сол арада жекпе-жекке шығысады. Қамбар Қараманды өлтіреді. Қалмақты жеңіп шығады. Содан Ноғайлы той қылып, Назымды көп жасау, мүлікпен Қамбарға қосады.

“Қамбар” жырының мағынасы және ерекшеліктері

“Қамбар батыр” жыры — халық әдебиетінің ең ескі түрінің бірі — батыр жыры болады. Бұндай жырларында, қай халық болсын, ең алдымен өзінің ерлікті, батырлықты қадірлегендігін көрсетеді. Сондықтан Қобыланды, Қамбар дегендер құр ғана жеке адамдар, жеке батырлар ғана емес. Олар, халықтың бойына біткен ерлік, геройлықтың бір араға жиылып көрсетілген, жиынтық кейпі. Көптің, елдің бойында бар қасиетті бір мүсін арқылы көрсеткен көркем кейіп. Сондай халық қасиетін көрсететін мүсін болғандықтан, бұлардың барлық тұлғасы, қайраты, қимылы да ұлғайтылып көрсетіледі. Жыр ол батырларды көтеріп, ірілетіп жырлайды. Жыр — батырды сүйіп, қостаған бейілді білдіреді, өйткені “батыр”, “батырлық” дегендер халықтың сүйген асылдары. Қазақта осындай боп жырланған бірнеше батыр бар. Олардың ең үлкен, ең даңқтылары: “Едіге”, “Қобыланды”, “Ер Тарғын” және осы “Қамбар”. Қамбар және кедей ортасынан шыққан, Тобырдан шыққан батыр боп көрсетіледі. Сол кедей ағайынына әрі қорған, әрі асыраушы адал азамат боп көрсетіледі. Бұл, мінсіз жақсы деген батыр. Оның жайындағы жыр Қамбарды өзгеше, сүйікті қып көрсету керек. Сондықтан бұның жайындағы жырдың жалпы сыртқы құрылысы, түрі де осындай ішкі мазмұнына сай болады. Жалпы батырлар жыры ел тарихының ең ескі замандарын көрсетеді. Бұлардың уақиғасын тарихтың пәлен жылында болды деп айту қиын. Мөлшермен айтқанда бұрынғы, ерте кездегі — шабуыл-жортуыл заманы тудырған әңгіме болады. Осымен енді “Қамбар” жырының түр ерекшеліктерін қарастырайық.

“Қамбар” жыры бұрынғы замандардан бері қарай ауызша айтылатын жыр болған. Басында, ең алғаш өлең болған кезінде де, жазылып айтылған емес. Сондықтан мұның өлеңдік құрылысында сол ауызша жырдың ерекшеліктері бар. Ең алдымен бұнда өлең қатар аумайтын белгілі санды (төрт жолды, алты жолды, я тағы басқаша) шумаққа бөлінген емес. Бұл желдірме екпінімен көп жолды шумақ боп құралады. Шумақтары белгілі бір санмен, бір қалыпты боп тұрмайды. Кейде 4-5 жол бір шумақ боп кетсе,

кейде қосылып айтылатын әуеннің және әңгіме қызуының ыңғайына қарай немесе сөйлеуші адамның көңіл күйіне қарай, әралуан боп, ауысып отырады. Кейде 9, кейде тіпті оннан аса жолдан құралатын шумақ та болады.

Бұнда сол желіге сөйлеген сөздің екпінімен кеткен өлең-жыр, таусылмайтын ұзақ шумақ боп жүре береді. Ондайда ұйқас та белгілі бір орындарында тұрмайды. Жазуда, мысалы, төрт жолды ұйқаста әрқашан бірінші, екінші, төртінші жолдардың аяғы ұйқасып отыратын болса, бұнда ұйқас олай емес. Кейде екі жол аралатып, кейде үш, төрт жол аралатып, анда-санда аяғы бір тиіп отырады. Жырдың ішіндегі өлең қатары да ұзақ болмайды. Көп қатар жоқ, оның орнына лекітіп, тез қайырып, ауызша әуендетіп, екпіндетіп, қорыттырып отыратын жеті-сегіз буынды қатар болады. Өлеңді құрайтын сол буын, ырғақ (ритм) өлшеуі. Және, әсіресе, дыбыс үндестігі болады. Мағынасын алғанда бір жайды ұзақ сөйлеп кеп таратып, көп қайталап айтатын машық бар. Әңгіменің, уақиғаның өзі көп дамымаса да, бір хал, я бір суретті әралуан көрініспен теңеп, асықпай көп көріктеп отыратын ерекшелік бар. Сондықтан, әңгіме, уақиғаның ілгері қарай дамуы аз болса да, бір мазмұндас теңеу, салыстыру көп болады.

Тағы бір ерекшелік – теңеулерге алған көріністерден байқалады. Бірін бағлан, бірін бөрі қып, бірін асау, бірін бұғалықшы қып, бірін түлкі, бірін тазы қып көрсетулердің барлығы – осы батыр жырының ескі заман жыры екенін көрсетеді. Теңеудің бәрін жабайы табиғаттан алады. Бұнда мәдениет, қала сияқтының әсері, қатынасы жоқ. Натуралдық теңеулер. Жыртқыш аңдарды теңеуге алған түрдің өзі де шабуыл деген заманның қоғамдық құрылысына дәл келеді. Соның өз тумасы, өз айғағы боп шығады. Бұл жағынан да жырдың ішкі мазмұны мен сыртқы түрі бірыңғай боп қабысып тұрғанын көреміз.

ҚАМБАР БАТЫР

I

.....
.....
Жолбарыстай алты ұлдың
Айбатынан сескеніп,
Келе алмады еш бенде
Әзімбайдың қасына.
Даусы құстай түрленіп,
Қоңыраудай алтын күңіреніп,
Ертелі-кеш серуенге
Май жағып шығад шашына
Жәнеттен шыққан қорлардай.
Порымына қарасаң,
Қызықпастай қай адам,
Ол Назымның нашына.
Сүйегі асыл дүр еді,
Құдайдың өзі біледі,
Он төртінші айдай боп,
Түседі кімнің қасына!
Алпыс сомдық әр кезі,
Үстіне асыл кигізді.
Жорғадан жегіп қара көк,
Күймелі арба мінгізді.
Көзі түскен бәнденің
Жүрегін оттай күйгізді.
Ашылған күлдей науланып,
Қылығымен сүйгізді.
Өзі теңнің ішінде
Асырып дәурен сүргізді.
Уызында жарыған,
Ерте туған бағландай
Толықсынып жүргізді.
Назымға таңдау қоям деп,
Бұл хабарды Әзімбай
Халыққа тегіс жүргізді.
Он екі жасар балаға,
Мал жайып кеткен далаға

Қалмасын деп қатардан,
Бұларға айтып білгізді...
...Ат шаптырып, той қылып,
Ашыққанды тойғызып,
Жиылды жұрты жамыға.
Бір төбенің үстінен,
Қыз Назым шықты, басына
Салдырып биік мұнара.
Назымды малсыз алмаққа,
Шалдар да және желіккен,
Қартайған адам көп екен,
Кемпірден көңілі зеріккен.
Жарасты деп киеді,
Елтірі қара бөрікті.
Қатындары үйінде
Қайғыланып жылайды,
Сұлуды алса байымыз,
Айрылдық деп серіктен.
Үміткер болып барша тұр,
Сабағынан үзіп ап,
Жесем деп піскен өріктен.
Алтын тұғыр үстінде
Назым отыр қонақтап,
Ақ түйғындай еріккен.
Қара мен төре таласып,
Порымына қарасып,
Алдынан өтті күріктен...
...Жиылып тұрған кісіге
Қарамады назар сап,
Еш бәнденің түсіне;
Қалағаны келмесе,
Басқаменен ісі не?
Қатты батты қапалық
Үлкен менен кішіге.
Жұрт әуес болған сұлудың
Көңілі ауды сыртынан,
Ер Қамбардың күшіне.
Алты ағасын, әкесін
Ақылмен Назым биледі.
Қайтарды бәрін адамның,

Біреуін таңдап тимеді.
Мұнарадан түсті де,
Көк жорғаны жектіріп,
Келтірді барқұт күймені.
Жақсы көріп жүр еді,
Мақтауын естіп білгелі.
Қандай түрлі екенін
Көзімен көріп білмеді.
Сұлу да қайтты үйіне,
Ер Қамбар болып сүйгені...
...Күмістен тағып қарғысын,
Соңына ертіп тазысын,
Ау қылып Қамбар шығады.
Қасындағы құмайы
Таңынан тартып талайын
Таутекенің жығады.
Айырылып-жыртылып,
Киік пен жатқан құланды.
Ат бетіне қарамай,
Ақ бөкендей жосытып
Айдай салып қуады.
Ашуменен аямай
Тұлпарға қамшы ұрады.
Найзамен өзі шабақтап,
Тазысы жетіп тамақтап,
Қасап сойған ешкідей,
Қан сасытып қырады.
Түс қайтып, бесін болғанда,
Артына мойын бұрады.
Қара қасқа атты қаңтарып,
Маңдайын сүртіп дем алып,
Шылымын шегіп тұрады.
Серкедей басып тақымға,
Семізін таңдап жинады,
Арығын таңдап алмады,
Оның бәрін артқанмен
Бір атқа қайтып сыяды?
Алпыс үйлі Арғынның,
Тоқсан үйлі Тобырдың
Ашыққанын тойғызды.

Батыр туған Қамбардың
Тимеді жоққа зияны.
Шекесінде Қамбардың
Бар екен алтын тұлымы.
Сұрап алған құдайдан
Әлімбай ханның құлыны.
Ешкімге аза бермеді;
Қыздан да зият қылығы,
Ау қылып, шығып жөнеді,
Үйінде болмай тынымы.
Далада жатқан жабылып,
Бұрынғы киік тұр еді;
Ордалы құлан обығып,
Бір бөлеге жолығып,
Жануарлар жабығып,
Көбейіп кетті шығыны;
Тағы да қоймай аулады,
Таудағы киік, бұғыны.
Қарсағы бар қасында,
Тазысының алғаны
Түлкінің арлан қызылы;
Құлақтары салынып,
Жаратқанға жалынып,
Бір жартасқа қамалып,
Бөрілер қорқып ұлиды.
Қазақ емес, сарт емес,
Қамбардың түбі Ноғайлы.
Азусыз аңды тауысып,
Қоймайды қырып оңайды...
...Етпетінен тығылып,
Тұмсығынан қан аққан
Көреді өлген талайды.
Қадисе деп бұл қандай
Төңірекке қараса,
Құйрығын қысып бұтына,
Жолбарыс жатыр ыңыранып...
...Сол уақытта жолбарыс,
Түгінің бәрін жатқызды,
Құлағын жымып жасырды,
Керсендей ашып ауызын,

Арыстан жаман ақырды;
Даусы жерді көшірді,
Нар маядай бақырды.
Бүркіттей жазып тырнағын
Тұлпарға барып асылды.
Қамбар да қайтпай ұмтылып,
Бар қайратын шақырды.
Құйрығынан көтеріп,
Айналдырып басынан,
Лақтырып жіберді,
Қырық қадам жерден асырды;
Құлаған жардай дүрс етіп,
Ырылдауға әлі жоқ,
Демінен түсіп, басылды.
— Осы ма, — деп, — қайратың?
Тұмсыққа тарақ балтамен,
Сондай мықты шеріні
Жалғыз ұрып батырды.
Қалыңның шықты ішінен
Ер Қамбар өзін үйіріп,
Көкпардай қылып көтеріп,
Жөнеліп кетіп барады,
Жолбарысын өңгеріп.
Құйрығын жерге шұбатып,
Алдына мықтап басады,
Төрт аяғын теңгеріп,
Үлкендігі басының
Он екі қарыс қазандай,
Мықтылығын шерінің
Тамаша қылды ел көріп...
...Түскен жолы Қамбардың
Шұбырған малдың ізі еді.
Жағалай құлын байлаған,
Теңіздің бойын жайлаған,
Қыз Назымның ауылының
Үстіне түсті көздері.
Мұны көріп Қамбардың
Жоқшылық кірді есіне:
“Қымызы бар деп, ақ үйдің
Түсемін барып несіне?”

Қырындай өтіп барады,
Сұңқарын тұтып бетіне.
Қара қасқа тұлпары
Жердің тартып танабын,
Алшаңдап басып, асықпай
Ауылдың шықты шетіне.
Бұлттан шыққан айға ұқсап,
Тұр еді Назым нұрланып.
Атылас көйлек үстінде,
Көк арбаға сүйеніп,
Шыбықтай белі бұралып,
Ордаға барып кіреді,
Боз жорға аттай ырғалып.
Аһ ұрғанда аузынан
Түтіні шығып сұлудың,
Жүрегі кетті от жанып.
Қара атты Қамбар қарамай,
Не себептен кетті деп,
Ашулы келді долданып.
Ақша бетім қарайып,
Қалды ма деп, апырмай –
Шар айнасын қолға алып,
Сұңқардай көзі сүзіліп,
Жыламай көңілі бұзылып,
Айнаға көзін тұр салып.
Қараңғы тартып көңілі
Қыз Назымның ішіне,
Шақырып жақын жеңгесін,
Орда тегіс жинады.
Түс қайтуға жеткізбей,
Бір ұршықтай жібекті
Иіріп бер деп қинады.
Қыз Назым мінді өрмекке,
Иісін жұпар сасытып.
Ашықтық түсті басына,
Сүйегін жаман жасытып.
Даярлап қойды шараға,
Қасына қымыз тасытып.
Қайтқанда Қамбар ішсін деп,
Арақ пенен шарапты

Сандыққа салып сақтады,
Бөтелкеге ашытып.
Теңізден шығып, Ер Қамбар
Қатарлап артып келеді
Қаз бенен үйрек, тырнаны,
Тұлпардың жүгін бітіріп,
Толтырып үстін ырғады.
Қаршығаның қыраны
Қанатты құсты қырғаны,
Шылымның тұтып құмары,
Артына мойын бұрмады.
Көрінеді өрмек құрғаны,
Қамбар айтты өзіне:
“Осыған көңілім бөлініп,
Ұмытып кетсем жұртымды,
Құдайдың, — деді, — ұрғаны!”
Мәлім болды батырға,
Ақылмен өнер істетіп,
Қыздырмақ үшін тұрғаны.
Қысылған жерде шабады
Қара қасқа тұлпары
Нарсыз оқтай қаңғытып.
Қызықпен көлден су ішпей,
Талады шаршап, шаң жұтып.
Тоқтамады кідіріп,
Өте шықты қарғытып.
Сөйлесе алмай Қамбарға,
Тағы да қалды арманда
Отырған сұлу көз тұтып.
Ашуы келіп Назымның,
Асау тайдай тулады,
Қапаланып Қамбардан
Жүрегі қатты соғады,
Қылышын алып қолына,
— Адыра қал, — деп, — сен, өрмек,—
Алты жерден турады...
...Сонда Назым сөйледі:
— Қайрылмай қайда барасың,
Хан сүйекті Қамбар-ау!
Қабағы қатып шаршапты,

Қара атыңның мойнында
Өкпе, бауыр, жал бар-ау!
Арызыма менің құлақ сал,
Ақылың болса аңғар-ау!
Ақ төсінің үстінде
Қол тимеген мал бар-ау;
Шөлдесең сусын іпсеңші,
Біздің үйге түссеңші,
Жатып, тұрып кетуге
Күткендей бізде жай бар-ау!
Мойныңды бері бүрсаңшы.
Құшақтасып екеуміз
Көріселік тұрсайшы,
Артыңда үңгір жар бар-ау!
Сонда Қамбар сөйлейді:
— Ағайыным тауысты
Қара аттан бөлек малымды,
Сыртым бүгін, іш түгін!
Білмейді ешкім әлімді,
Кедейлік деген залымды.
Қой бағу қолдан келмейді!
Ат үстінен соғыс қып,
Жемесем тауып нанымды.
Екі аяғым салақтап,
Аш бөрідей жалақтап,
Қинады жоқтық жанымды.
Ұядан жалғыз баламын,
Құс етін беріп бағамын
Үйдегі екі кәрімді.
Оған да назар саламын,
Қабатыма аламын
Алпыс үйлі Арғынды.
Сеніменен ойнасам,
Айналар ісім қиынға,
Айыпқа мені бұйырма,
Айтамын, Назым, зарымды...
...Әңгі есектей аңқылдап:
“Қораз, Дараз, Алшыораз,
Қайдасың, — деді, — Қарымсақ?!”
Қорлағаны емес пе,

Жалаң аяқ жарлының
Жүргені бізге жақындап?
Інілеріне айтады:
— Ақ семсерді қолыңа ап,
Маңдайын жарып, басын шап;
Жерге түссін мойыны,
Келеді кіммен ойыны.
Қызға таңсық мырзаның
Қылышпенен көңілін тап!
Бесеу еді белгілі,
Әзімбайдың тентегі.
Қайда деп кедей жүгірді,
Қолында бір-бір келдегі.
Жын ұрғандай бақылдап,
Адамның барын жинады,
Түсіп қалды бір жерге
Басынан тері телпегі.
Алтауының ішінде
Ақылы көп артықша
Алшыораз еді ерегі.
Ағаларына айтады:
— Қамбардың көңілін қалдырма,
Қайратты туған ер еді,
Болар деп бір күн дәркері...
...Екі талай іс болып
Ат құлағы теңесе,
Паналарсың тығылып
Осының барып жеңіне...
...Қыз Назымға жаушы қып
Жиырма жігіт жіберді
Қалмақтың ханы жұртынан.
Құйрық-жалы түйілген
Құр айғыр ұстап жылқыдан.
Жолға түсіп жосытып,
Жорғадан мініп былқыған;
Сусары бөрік басында,
Үстіне киіп қолпыдан;
Керей ұлы Келмембет
Сөйлес қылып кідірді
Ауылдың келіп сыртынан...

...Қабаттап киген камзолды,
Сыдыра түйме тағынып.
“Ертелі-кеш шұбырып,
Қонады мейман ағылып.
Кедейлер мені көрмесе,
Қалады, – деді, – сағынып,
Отымның басын бермеді,
Іздеген жоғы табылып.
Керей ұлы Келмембет
Сендер де келдің сабылып,
Киіз ілмей кешқұрым
Танымаушы едім ешбірін,
Қайырлы болсын сапарың,
Жөніңді келген сұрайын,
Жүрсіндер, балам, не қылып?”
Келмембет сонда сөйлейді:
“Болсын деп әлі Әзімбай,
Арызымды сізге айтам,
Көтерсең менің назымды,
Саусағы алтын сұңқарға
Ілдірейін деп келдім
Көлдегі үйрек-қазынды,
Алтайы қызыл түлкіңе
Қосайын деп ойлап ем,
Құмай жүйрік тазымды.
Тікпекке ақ үй сұраймын,
Ел қонбаған сазынды.
Бұйырып патшам жіберген,
Қайта алмаймын бұл жерден,
Іздеген жоғым табылмай”.
Келмембет тағы сөйлейді:
“Асықпасаң, байеке,
Мүйізі ұзын боз бұқа
Артына қарап бұрылып,
Айдайын десең сүзеді.
Иісі жұртқа жайылып,
Піскен аңқып түйнегің,
Қолына өткір кездік ап,
Ортасынан тіледі...
...Сен сұрасаң, Әзімбай,

Айтайын келген жөнiмдi;
Арада жүрген жеңгемiн,
Киемiн қымбат тоныңды.
Мәрт кiсiнiң белгiсi —
Бiтiрсең тездеп сонымды,
Ешкiм саған тие алмас,
Ұстасаң менiң қолымды!
Жаушы қып патша жiбердi
Жетi атасы орынды.
Алатаудай айбаты,
Рүстем-Дастан порымды,
Ерегiссең онымен,
“Құртады” әбден сорыңды.
Сәулетi мен дәулетi
Құп өзiңе қонымды.
Бүгiн саған мейманмын,
Таңдап сой семiз қойыңды.
Құда түсiп, құйрық жеп,
Қыламыз қызық ойынды.
Ноғайлыны шақырма,
Өзiме бер тойыңды.
Бiр үйiңдi босатып,
Салдырып төсек, ат ұста,
Тырнадай созып мойныңды...”
...Келмембеттiң Алшыораз
Құлағын отап құнтитты;
Өткiр қара пышақпен
Мұрнын кесiп шұнтитты.
Қылыштай мойнын қуратып,
Тоқпақтай басын сымпитты.
Қояндай көзiн бадырайтып,
Бүйректей бетiн бұлтитты.
Төскейден қашқан борсықтың
Iнiндей қылып үңiрейтiп,
Танауын екi таңқитты...
...Қараман қылды қаһарын,
Айдаһардай ысқырып,
Бетiне жайды заһарын.
Бiр жасауыл жiберiп,
Жинады тегiс шаһарын.

Бес мың алды адамнан
Ноғайлыға бармаққа,
Жігіттің өңшең қатарын
Даяр қылды жүрмекке,
Құдайдан сұрап сапарын.
Қараман шықты қаладан
Кернейлері бақылдап,
Батырақтай тулар парылдап,
Алтыннан қалқан дарылдап,
Сыбызғы сырнай шақылдап,
Мінгендері дал бедеу,
Келеді бектер лапылдап.
Аударысып ойнайды
Буыршындай тақымдап,
Шаншысады машық қып,
Ақ найзасы сатырлап.
Көрінеді алыстан
Жұлдыздай ұшы жалтылдап.
Бір күн өтіп арадан
Әзімбайдың ауылының
Үстіне келді жақындап.
Бие бауы шалғынға
Қондырды патша қосынды.
Лашқарды көріп сыртынан
Әзімбай жаман шошынды...
...Әзімбай айтты жақсылап,
Ер Қамбарға сәлемді.
Түбіміз бірге туысты,
Ағайын кісі үсте ме,
Қалайша бізбен суысты?
Керей ұлы Келмембет
Бәленің жолын қуысты.
Көптігіне сүйініп,
Қалмақ та белін буысты.
Бүркіттей жазып шеңгелін,
Салмаққа даяр ұрысты.
Қайратымыз аспайды,
Қылайық десек ұрысты.
Сүйегін сұлтан қорлай ма,
Ойласын батыр бұл істі!

Жауың жаман сенің-ай,
Тастасын басқа жұмысты.
Тоқсан үйлі Тобыр мен
Алпыс үйлі Арғыны
Ашыққанда жесін деп,
Қоржынға салып жіберді
Ат басындай алтын мен
Қой басындай күмісті.
Ордасының сыртында
Отыр еді ер Қамбар
Салдырып төсек паластан.
Қарсыласқан дұшпанға
Қайраты асқан алаштан.
Қараман ханды білмейді,
Қыз Назымға таласқан.
Арыстанның көзі көреді,
Бір топ адам келеді
Төңірекке қарасқан.
Жан-жағына алаңдап,
Кісіге ұсап адасқан.
Аттары болып қара тер
Ұшырады Қамбарға...
— Ойда жоқ жерде от қашып,
Қонысымыз тарылды.
Қызуына шыдамай,
Жүрегіміз жарылды.
Өртеп кетіп барады
Өзеннің нуы қалың-ды.
Шарпуы жұртқа тиеді,
Өшірмесең жалынды.
Хан сүйекті Қамбаржан,
Айтамын сізге зарымды!
Дұшпанға көрсет бір қайрат,
Білдіріп елде барыңды.
Өкініші көп болып,
Өткен іс келмес орнына —
Ертерек білдір арыңды...
...Қамбар айтты: — Жәдігер,
Көлеңке жерге түспейді
Жапырақсыз ағаштан.

Кедей де болсам көп еді,
Қасыма қоңсы жанасқан.
Бармаққа қылдым уағда,
Артыма назар салмастан.
Бұрынғының нақылы —
Нұр жауар деген талаптан.
Уәдеге опа қып,
Бесінші күні жетемін,
Тірі қып қойса жаратқан...
...Қаһар қылды Қараман
Ұядан жалғыз балаға,
Қойыңдар деп ұрысты
Келмембет түсіп араға.
Айқайлады дауыстап,
Қалмақтар шық деп жекеге,
Қамбар бек ұрып тағара.
Патша айтты: — Келмембет,
Ноғайлының Қамбары
Ұрысқа шығып сайланды.
Арманда болып қалмандар,
Іс қиынға айналды.
Қылыш шауып, қан төгіп,
Қыздырыңдар майданды.
Қолыңа алшы барыңды,
Ақ сапты болат найзаңды.
Өзім басын кесемін,
Дұшпанға төтеп бере алмай,
Жүрегі қорқып тайған-ды.
Осындайда азуды
Көрсетпесең асырып,
Батыр туған бектерім,
Көремін қашан пайданды.
Үстіне тура мінейін,
Жасанған жауға тиейін,
Көлбадам атты даярла,
Түзетіп ұрып сайманды.
Қамбар айтты: — Қараман,
Мықты болсаң жеке кел.
Қасыма таман жақында,
Қырғи ілген торғайдай
Мойныңды жұлып алайын.
Қан ағызып көзіңнен,
Басыңа сауда салайын...

...Олжа қылып атыңды,
Еріңді отқа жағайын.
Қонаққа сойған қозыдай
Тамағыңнан бауыздап,
Көңіліңді сенің табайын.
Шыдай алмай бұл сөзге,
Қаһарға мініп Қараман
Жын ұрғандай жұлқынды...
...Қараман дәу мен Қамбарың
Қарсыласып қылыш шабысты.
Ақ найзасы айқасып,
Нар бурадай алысты.
Шанышқанына шыдамай,
Астындағы Көлбадам
Шөге жата қалысты.
Қалмақтың ханы Қараман
Сол жағынан құлады.
Артындағы әскері
Қолынан беріп намысты.
Арыстан туған Қамбарың
Аш бөрідей жалақтап,
Аралады қосынды.
Ақылынан айрылып,
Қалмақтар жаман шошыды.
Ортасынан әскердің
Қызыл қан ағып жосылды...
...Неше жыл Назым жүрді жылай-жылай,
Қамбардың күйігінен кешіп ылай.
Бастағы халыққа айтқан уәдемен,
Әзімбай тойын берді қырық күн ұдай.
Қамбарды Әзімбайдың көңілі сүйді,
Қатарлап қазынаның бәрін жиды.
Күмістен керегесі, уығы алтын
Оңаша сегіз қанат тікті үйді.

ҚОБЫЛАНДЫНЫҢ ТАЙБУРЫЛЫ ТУРАЛЫ

Батырлар жырының тағы бір үлкені — Қара қыпшақ Қобыланды батыр жайындағы жыр. Сол жырдың ішінде сипатталған Тайбурыл деген аттың жайын ғана айтамыз.

Тайбурыл — Қобыландыдай ірі батырдың аты. Оны батырға тәрбиелеп, өсіріп берген Құртқа. Батырдың ақылды, мінезді серігі Құртқа Тайбурылды өзі баптап, Қазан сапарына батыр аттанарда ғана әкеп береді. Сол Тайбурыл бір жағынан Қобыландыдай үлкен батырдың аты. Екінші — өзін Құртқа тәрбиелеп өсірген, сондықтан ол жырдың қиял етіп, көтеріп, ертегідей ұлғайтып, мақтап айтатын аты болады.

Тайбурыл шапқанда:

Көл жағалай отырған
Көкқұтан мен қарабай,
Көтеріліп ұшқанша,
Белінен кесе басады... —

дейді.

Бұл “алты айлықты алты-ақ аттайды” дейтін, алысты жақын ететін, нағыз, қиялдай жүйрік ат. Шапқанда сондай болған. Тайбурыл иесі қысылған жерде тілге келіп, ақыл да қосады. Көлік қана емес, серік те, дос та өзі деген жайды білдіреді. Батыр жалғыз өз басымен ғана батыр емес, осындай қанаты сияқты болған атымен батыр. Қобыланды бұрынғы қазақ елі сияқты әрі көшпелі, әрі бақташы болған елдің батыры. Кәсібі осындай болған елге — ат ең қымбат, ең жақын серіктің бірі боп саналады. Тайбурылдың бар сипаты сол себепті үлкен сипат боп, тіпті адам сипатындай боп, ұлғайтылып айтылады. Бұрынғы ескі тарихта: “жағалай шабыс”, “құба қалмақ” деген замандар болған. Онда біреуге біреу шабуыл жасау, күшсізді күшті жем қылу заң болған.

Сондайда, қашқылық-қуғылықта қашса құтылып, қуса жетіп отыратын ат ең қымбат дос болады.

Сондай атты иесі бауырындай сүйеді. Батырдың жақындары баласындай күтеді. Қобыландының ең жақын серігі Құртқаның Тайбурылды бағып өсіруі де содан. Сондай тәрбие көрген Тайбурылдың ойдағыдай өзгеше боп шығуы міндет. Барлық басқа аттан бөлекше боп, жыр етілетіні де содан.

“Қобыланды батыр” жырында Тайбурыл жайын айтқан жерде өлең де өзгеше боп екпіндеп, көркейіп, өсіп кетеді. Зор, ерекше суреттермен айтылған Тайбурылдың шабысы тас боратқан құйындай болады. Шабысының өзгешелігін оқушы Тайбурылдың ізінен біледі. Артында құлан-бұлан қалып қойған; бір төбенің тозаңы бір төбеге қосылып қалған; көкқұтан, қарабайлар езіліп қалған; соларды жеп қара қарға-құзғындар қарық боп қалған – міні, осыларды көріп-ақ Тайбурылдың қандай екенін танысың дейді жыр.

Өлең де бұл түсте жылдамдатып, шақпылатып отырған желдірме болады. Жай басып, бір қалыптан аумай отыратын төрт жол емес, түйдек-түйдек кететін, ұзын-ұзын шумақтар болады. Тайбурылдың шабысы қазақтың ауызша жырларының ішіндегі ең бір күшті, көркем, ескі жыр боп саналады.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

Қият рулы Қараманның жауға аттанып бара жатып,
құрдасы Қара қыпшақ Қобыланды батырға айтқаны.

Қараман айтты: — Құрдасжан,
Мен, Сейілдің ұлы Қараман!
Қазанға кетіп барамын,
Жүрмейсің бе, құрдасжан?
Көп қолқалық қыламын.
Замандасым, мұңдасым,
Заманы бірге сырласым,
Жылы бірге жылдасым,
Жасы бірге құрдасым,
Қазан деген шаһарға
Сапар қылып жол шектім,
Жүрмейсің бе, жолбарысым?
Жасыңнан артық талайың,
Қобыланды сондай батыр ең,
Жұлдызы туған жоғары,
Жүрмейсің бе, құрдасым?
Дұға тиген ер едің,
Кезіңе келген дұшпанның
Білемін, Қобылан, оңбасын.
Сапар қылып жол шектім,
Жүрмейсің бе, жолбарысым?
Қобыланды сонда сөйлейді:
— Бағымды бастан алмасын,
Алды-артымнан шалмасын,
Ақыреттік жолдасым,
Ителгі құстай іледі,
Сүйкімді назбен күледі,
Менің барар-бармасымды,
Хабар салып алайын,
Үйдегі Құртқам біледі.
Мұны есітіп, Естемес
Сұрағалы Құртқадан
Сол арада жөнелді,
Құртқадан хабар алмаққа,

Қобыландының жанынан
Естемес шықты ел жаққа.
Базарда бар ақ мата,
Бұл сөзімде жоқ қата,
Ойнақтайды жас бота.
Тоқтарбайдың қасында
Құртқа тіккен отауға,
Қыз Құртқаның жанына,
Естемес келді сөз қата.
Күн шыққан жоқ, таң ата,
Естемес келіп сөйлейді:
— Үйдемісің, қыз Құртқа?
Әйел болдың, амал жоқ,
Егер де еркек болғанда,
Болар ең тұтқа бір жұртқа.
Мінген аты қызыл-ды,
Іс тағдырға сызылды;
Жолда жатқан дұшпанға
Арыстанның көңілі бұзылды.
Мінбекке керек қазанат,
Белге керек шар болат,
Жан жаббарға аманат,
Жалғыз емес Қобылекем,
Қияттан шықты қолғанат.
Батырдың мініп шабуға,
Асыл туған қыз Құртқа,
Жазымен баққан бурыл ат,
Жарамай ма бурыл ат?
Құртқаның сонда шыққаны:
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Саулы інгендей ыңқылдап,
Күшігіндей сұңқылдап,
Сөйлеген сөзі сымпылдап,
Алтын иекті ақ Құртқа
Көтеріп жаулық сөйлейді,
Естемес құлға былқылдап:
— Дүниеде көп адамзат,
Бенде тоймас іңкәрға.
Екі тоқты, бір саулық

Берер едім қырқарға.
Жұмсады ма сіздерді
Үйдегі бурыл тұлпарға?
Дұғай сәлем дегейсің
Тұлпарына жұмсаған
Жұрт иесі сұңқарға,
Және де сәлем дегейсің
Құрбы менен құрдасқа,
Заманы бірге сырласқа,
Жылы бірге жолдасқа,
Жасы бірге құрдасқа!
Мінем көшке көк қасқа,
Саламын қамшы жамбасқа,
Бірі қастық қылмайды
Жанына ерген жолдасқа.
Береке менен той басқа,
Ешкі менен қой басқа,
Бәйбіше менен күң басқа,
Туған ұл мен құл басқа,
Жұмсады ма сіздерді
Біздей нашар жолдасқа?
Жолдасына жұмсаған
Көп құлдық бас дегейсің,
Қараспан тауын жайлаған
Жұрт иесі жолбарысқа!
Тілімді алса, сұлтаным,
Бұл сапарға бармасын,
Бұл олжадан алмасын,
Көп жылайды дегейсің
Үйдегі нашар жолдасың.
Асқар таудай белдік бар,
Азда қанша теңдік бар,
Құрдаста қанша елдік бар,
Тілімді алып бармасын,
Сұлтаныма сәлем де,
Біз байлаған бурылда
Қырық үш күндік кемдік бар.

.....

Мұны есітіп Естемес,
Қобыландыға келеді:

Құртқа солай айтты деп,
Естемес барды Қобыланға.
Қобыланды келді құрдасқа,
Жүремін деген жолдасқа,
Сонда Қобылан сөйлейді:
— Көлден ұшқан қалбаймын,
Жаманның тілін алмаймын,
Қақ бұйырған сапардан,
Арыстаным, қалмаймын.
Асыл достым, сөкпесең,
Бұл сапарға бармаймын,
Бұл олжадан алмаймын.
Асқар тауды бел деген,
Ақ бармақпен жемдеген,
Ауырса жеммен емдеген,
Өзінен басқа көрмеген,
Өзінен басқа білмеген,
Бағып тұрған баласы,
Күтіп тұрған анасы,
Өзі әйелдің данасы,
Тұлпар туған бурылдың
Қырық үш күнін кем деген.
Қараман сонда сөйлеген:
— Бұл барғаннан барсақ біз,
Ер Қазанды өлтіріп,
Қаласын бұзып алсақ біз.
Еркек болып не етеміз,
Әр сапарға шығарда,
Қатынға ақыл салсақ біз.
Есіктің алды айбана,
Ерлер киер кебене,
Кеткен кісі келе ме,
Алған тәңір бере ме,
Әр талапқа шығарда,
Қатынға ақыл салған соң,
Асыл туған Қобыланды,
Қатынның тілін алған соң,
Неше батыр болса да,
Басында билік жоқ адам,
Арыстан туған құрдасжан,
Ол қатын емей, немене?

Қараманның аузынан мынандай сөз шыққаннан кейін,
Қобыланды батыр қатыны Құртқаға ашуланып, басын кесіп
келуге атына мініп жөнеген жері.

Сонда Қобыланды батырдың
Тері тамып иектен,
Оқ тиді батыр жүректен,
Үш ай тоқсан болғанда
Құтылар қошқар күйектен,
Неше батыр болса да,
Қараман айтқан бұл сөзі
Өтіп кетті сүйектен.
Тобыршақ атқа зор салды,
Қамшы басты сауырға,
Екпіні ұсап дауылға,
Тобылғы менді тор атпен
Қобыланды шапты ауылға.
Қатуланып, қаттанып,
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігінен мұз тамып,
Ар жақ пенен бер жаққа,
Найзасын ұстап бармаққа,
Аттанбаққа қалмаққа.
Еш кінәсі жоқ еді,
Сөзге сынық қылды деп,
Егер шықса алдынан,
Батыр кейіп келеді,
Бұлаңдаған Құртқаның
Басын кесіп алмаққа.
Дарбазалы есікті,
Үйде отырған қыз Құртқа
Дүбірін аттың есітті.
Ағыны қатты кім болсын,
Сұлтаным дағы десіпті.
Тұра келіп бұлаңдап,
Қарады ашып есікті.
Қарады да қамықты,
Құстың жүні мамық-ты,

Арпа, бидай қабықты,
Көтере алмас кедейлер
Жылында бір салықты,
Тастай беріп қыз Құртқа
Және ашады жабықты.
Жабықтан көзін салыпты,
Қараса ерді таныпты.
Түсі суық көрінді,
Ерге болған секілді
Бір сөзбенен жазықты.
Құртқадайын сұлуың
Өксіп жылап қамықты.
Енді Құртқа сасады,
Бетінен қаны қашады,
Оң етегін басады.
Сасқан емей немене,
Аш күзендей бүгілді.
Шыдай алмай қорыққаннан
Есік пенен төріне
Неше қайта жүгірді.
Сасып жүріп жөн тауып,
Ақылменен ой тауып,
Түтікпенен су ішкен,
Күндікпенен күн көрген,
Төрде тұрған бурылдың
Басын шешіп алады.
Тайбурыл атты жетектеп,
Қобыландыдай бөрінің
Бұлаңдаған қыз Құртқа
Алдынан кетіп барады.
Бурыл емес, көк дөнен
Туғаннан жеміс, жеді өлең,
Туғалы торды көрмеген,
Түнектен шыққан Тайбурыл
Айдалаға шыққан соң
Түлкідей көзі жайнайды,
Қазандай болып қайнайды,
Көлденең жатқан көк тасты
Сулығымен шайнайды.
Он екі құлаш арқанмен

Атылып бурыл ойнайды.
Қыз Құртқаны көтеріп,
Бурыл көкке екі ұшты,
Салмағыменен қыз Құртқа
Алып жерге бұл түсті.
Анасы әйел демесең,
Сол Құртқадан кім күшті?
Қамығып Құртқа сөйлейді:
— Асқар таудың белдігі,
Аздың бар ма теңдігі?
Құрдастың жоқ-ты елдігі.
Үш ұшар ең аспанға,
Бір ұшуың кем болды.
Мен қайтейін, Тайбурыл,
Қырық үш күннің кемдігі!
Кентгі жерді жайласа,
Үзілмейді базары.
Қайда қалмас, жігіттер,
Үлкен сордың мазары.
Қобыландыдай бөрінің
Тайбурылды көрген соң,
Құртқадан қайтып қаһары,
Бурылға түсті назары.
Қобыланды сонда сөйлейді:
— Көлден ұшқан қаздаймын,
Қаз жайлайтын саздаймын,
Наурыздан соңғы жаздаймын.
Ақылы жоқ мен байғұс,
Бүйгіп жүрген Құртқаны
Шауып тастай жаздаймын.
Сарайда, сарай, сарай бар...
Сарайға қолын жеткізген
Қос өркешті қызыл нар.
Әр бендеге лайық
Өзі теңді қосқан жар.
Малы кемнің зары бар,
Әр адамның өзінің
Лайықты жары бар.
Атымды бағып-баптауға,
Текшедегі найзамды

Қарағайға саптауға,
Құртқадайын майысар
Жар тапқанша талай бар.
Сонда Құртқа жабықты,
Құс төсектей мамықты,
Арпа, бидай қабықты,
Батыр Қобылан келгенде,
Наз етсе де, қорықса да,
Құртқадайын сұлуың
Өксіп жылап қамықты...
...Алма-кезек домалап
Шал-кемпірдің қойнында
Артық туған Қобыланды
Кірпік қақпай таң атты.
Таң сарғайып атқанда,
Таң шолпаны батқанда,
Шал-кемпірдің қойнында
Арда Қобылан жатқанда,
Тайбурыл атқа ер салып,
Аз ғана азық жем салып,
Бәйгеден келген көк дөнен
Түнімен ұйық көрмеген.
Ұйқы көрмей, ақ үйдің
Алдынан сонда өткізді
Құртқа сұлу көлденең.
Қобыланды сынды батырың
Тайбурыл атты мінеді,
Ақ сауытын киеді.
Қараспан тауын бөктерлеп,
Көп қосынның соңынан
Батыр Қобылан жөнеді...
...Қобыланды мінген Тайбурыл
Елбең-елбең жортады.
Қала берді кемпір-шал
Аруақтарға жалынып.
Бұл жерден бурыл гүледі,
— Әйт, жануар, шу! — деді.
Бірде шауып желеді,
Кешегі кеткен қосынға
Тұлпар туған бурылмен,

Құртқаның айтқан жерінде
Жатыр екен көп қосын.
Артық туған Қобыланды
Гүлетіп келді бесінде.

Қобыланды батыр келсе, Қараман Қазан қаласында дұшпандардың жай-күйлерін білмек үшін жіберген он сегіз жансызы қайтып келіп отыр екен. Қобыландыны көргеннен кейін амандасып отырып, мынау сөздерді айтады: “Сырлы қаланың олжасы мол екен. Атысар адамы жоқ екен. Қазанның өзінің жатқан Қара қаласының бір жағы аққан су, биік жар екен. Бір жағы жеті қабат қазған ор екен. Қайрат етіп алған кісіге онда да олжа мол екен. Қазан қаласы бұл жерден қырық күншілік шөл екен”, – дейді.

Жансыздардың бұл сөздерін есіткеннен кейін Қараман батыр: “Кім де кім малтасын жиып, ат құйрығын сүзіп, Қазан қаласына ат қойып, қала бұзып, осы жатқан адамдарға олжа салса, сол адам осы қосынға бас болады”, – деп, атына мініп, жөнep кетеді.

Қобыланды батыр сол арада сол күні жатты, екінші күні жатты, келесі күні (үшінші күні) атына айтқан сөзі:

Мінейін деп тұрғанда
Анаңыз Құртқа не деді?
Қыдыра жалды жылқыдан
Бурыл қалмас деп еді.
Анаңыз “тұлпар” деуші еді,
Анаңның сөзін сынайын,
Біздің ауыл қалыста,
Есебі жоқ алыста.
Қаса тұлпар ат болсаң,
Тұлпарым, бүгін қарышта!
Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жетуге
Сіздей малға алыс па?
Қатын Қобылан қалды деп,
Кешегі кеткен жолдасқа,
Қоямысың намысқа,
Дұшпанның келдім кезінде,
Тұлпарым, саған айтайын,

Сал құлағың сөзіме:
Қырық күншілік Қазанды
Намазшамға жеткенше,
Түсірмесең жүзіме,
Көрсетпесең көзіме,
Онда шешен, мұнда сен,
Қалады көңілім өзіңе.
Осылай толғап болды да,
Артық туған Қобыланды
Тобылғы сапты қамшыны
Толғап ұрды санына.
Астындағы тұлпардың
Жаман батты жанына.
Жанына батпай не қылсын,
Сауысқан, қарға тойынды
Санынан аққан қанына.
Қобыландының қамшысы
Тайбурылға шын батты,
Шыбын жаны тым тәтті.
Құрыбында адам жоқ
Қобыландыдай сымбатты.
Жанына қамшы батқан соң,
Жоғарғы ерні жыбырлап,
Төменгі ерні қыбырлап,
Иегімен сыбырлап,
Тайбурылға тіл бітті.
Тайбурыл сонда сөйлейді:
— Артық туған Қобылан нар,
Қызылбастың жұртына
Осынша болдың ынтызар.
Басымды түзеп, сал жолға,
Төрт аяғым тең жорға,
Үстімде сен есенде,
Қажу бар ма мен сорда.
Айтқаның жерде қалар ма,
Құртқа сынды жұбайға.
Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жет дейсің,
Үшқан құсқа оңай ма?
Қиын да болса, Қобыланды,

Қиналамын қайтейін,
Уағдаңыз солай ма?
Қазанның Сырлы қаласын
Намаздыгер өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Түсірмесем жүзіңе,
Көрсетпесем көзіңе,
Сүйіп мінген бурылды
Сол жерде шал құдайға.
Қобыланды сынды батырдың
Көңілі бітіп бурылға:
— Әйт, жануар, шу! — деді,
Аршындап бурыл гуледі.
Тау мен тасты көрмеді,
Табаны жерге тимеді.
Тіктеп тиген тұяғы
Көлденең жатқан көк тасты
Саз балшықтай иледі.
Қараша емес, қауысты,
Қоңырлатып дауысты,
Берсін кімге намысты?
Күн төбеден аумай-ақ,
Түзеді бурыл шабысты.
Қос құлағы тігілді,
Қайырға біткен қамыстай.
Түс ауған соң бүктелді,
Илеуі жеткен қайыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғын көсілді.
Кешегі кеткен қосынға
Бұлаңдаған бурылмен,
Артық туған Қобыланды,
Аңқып жетті бесінде.
Қол соңында барады.
Қара Боқан жаурыншы,
Боқанға келді: — Арма! — деп,
— Алдыңда кісі бар ма? — деп.
Сонда Боқан сөйлейді:
— Жылқы ішінде алалы,
Қылшық жүнді қаралы,

Осынау дөңнің астында
Аққозы кетіп барады.
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да жетті сыпыртып,
— Үлкен едің, арма! — деп,
— Алдыңда кісі бар ма? — деп.
Аққозы айтты аланы,
Қылшық жүнді қараны,
— Осы таудың астында
Қосдәулет кетіп барады.
Тайбурылды құтыртып.
Оған да жетті сыпыртып,
— Үлкен едің, арма! — деп,
— Алдыңда кісі бар ма? — деп.
Қосдәулет сонда сөйлейді:
— Алыстан айқын көрінген,
Жылқы ішінде аланы,
Қылшық жүнді қараны,
Адасты деп ойлап ек,
Қобыланды сынды баланы.
Ондаса біздің сапарды,
Бәндінің болмас шарасы,
Қызыл тілді сөйлеткен
Қаусырма жақтың арасы.
Жеткендей деп ойлаймын
Өз көңіліме шамасы.
Кешегі қонған мезгілден
Шапқаннан бері, шырағым,
Көрінген жоқ көзіме
Құрдасыңның қарасы.
— Әйт, жануар, шу! — деді,
Бурыл тұлпар гүледі.
Есен найза қолынан,
Жұлдызы туды оңынан.
Бір сағаттай болмай-ақ,
Екпінді тұлпар бурылмен
Қобыланды сынды батырың
Қараманның жетті соңынан,
Қобыланды жетіп сөйлейді:
— Болғаның ба, досым-ай,

Мақтаған атың осы ма-ай?
Он екі күнде келерсің
Менің жауға тіккен қосыма-ай.
Тауға біткен татыр-ай,
Жарасар құрған шатыр-ай,
Анау күні қатын деп,
Қарамай кеткен батыр-ай!
Қатын да болса білдің бе?
Құртқамның асыл затын-ай.
Қатынның баққан атын-ай,
Қалсаң өлім жақын-ай.
Жүрмейсің бе, Қараман?
Үш күн кейін соң қалып,
Мен де озып барамын.
Жүре берді, бұларға
Жалғыз сағат қарамай.
Қала берді көп Қият
Бірі еруге жарамай.
Бұл жерде бурыл гуледі,
— Әйт, жануар, шу! — деді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тегістеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Қарсы келген қабақтан
Бурыл қарғып жөнеді.
Аманбайдың Актікен
Асып бурыл жөнеді.
Баялышты құмайттан
Бүлдіршінді шүңейттен,
Асу-асу шөлдерден,
Қасқалдақты көлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Блай-батпақ көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Үмігін үзіп жол шекті,
Қараспанды жайлаған
Қалың Қыпшақ елдерден.
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Одан да өтіп, жол шекті-ау.

Сол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар күн төбе,
Күдердің қара дөңінен.
Астындағы Тайбурыл
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады.
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Жауған күндей күркіреп,
Қар суындай тасады.
Құлан менен құлжаның
Ұзатпай алдын тосады.
Көл жағалай отырған
Көкқұтан мен қарабай,
Көтеріліп ұшқанша,
Белінен кесе басады.
Өлген құстар көп қалды,
Ақсары менен лашын
Өлген құсты жеп қалды.
Қоғалының қулы көл,
Қызғыштының қызыл көл,
Сеңгір-сеңгір таулардан
Секіріп бурыл жөнеді.
Астындағы Тайбурыл
Құбылып ойнап жер басты.
Алдыңғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Шалқайып ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты.
Бірде шауып желеді,
Құбылып ойнап жер басып,
Дөңгеленіп келеді.
Намаздыгер өткенде,
Намазшамға жеткенде,
Қазанның Сырлы қаласын
Қобыланды батыр көреді.
Қазандының көп жылқы
Жатыр екен далада,
Қаланың сыртқы баурында,

Бұлаңдаған бурылмен
Қобыланды жетіп келеді.
Артық туған Қобыланды
Қуалап жылқы алады,
Айдап жөнге салады.
Бір уақта көңіл қылады,
Бұзайын деп ойлайды
Қазанның Сырлы қаласын.
Қобыланды жалғыз ат қойып,
Қаланың аузын қандатты,
Көшенің аузын шаңдатты,
Қақпадан атын қарғытты,
Қандекіден оғын ырғытты.
Туырлығын тоқым қып,
Керегесін отын қып,
Үрерге итін қоймады,
Сығарға битін қоймады.
Баспақты сиыр танаға,
Жан шығармай далаға,
Мал шығармай салаға,
Өтірік емес, жан аға,
Он екі күнде сәскеде
Жалғыз адам құтқармай,
Сырлы қала бәндесін,
Артық туған Қобыланды
Айдап шықты далаға.
Жалғыз бұзып, Қобыланды
Бұл қаланы алады,
Артық бақыт табады.
Қарауыл қарап қайтпаққа,
Бұлаңдаған бурылмен
Асқар тауға барады.
Таудың шығып басына,
Ақ найзаға сүйеніп,
Жан-жаққа көзін салады.
Қараса көзі көріпті,
Қалың Қият көп қосын
Олар да келіп қамайды,
Қазанның Қара қаласын.

Көп Қияттың басы Қараман батыр қырық мың қолмен келіп, Қара қаланы қамаса да, ордан өте алмай, күші жете алмай, қайрат ете алмай жатыр екен. Өздерінен еш нәрсенің өнбейтінін біліп, Қараман батыр жолдастарына айтты: “Мен Қобыланды батырға барайын, сол алып бермесе, біздің қаланы алатын түріміз көрінбейді”, — дейді.

Қараманның Қобыландыға келіп тұрып, айтқан сөзі:

Қобыланды сынды батырға
Қараман келіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Артық туған Қобыланды,
Балтам тасқа өтпейді,
Жамандар сөзді кектейді.
Жүрмеймісің, батырым?
Қызылбастың кентіне,
Сенсіз күшім жетпейді.
Қобыланды сонда сөйлейді:
— Атан ба екен, нар ма екен,
Шекер ме екен, бал ма екен,
Ер бұзбаған шаһарды
Қатын бұзған бар ма екен?
Мал саттым базар бөзіне,
Салсаң жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне.
Аспаймын құлақ сөзіңе,
Жолама менің өзіме,
Қатын деп айтқан сөзіңді,
Сен бір айтсаң, екі айттым,
Келмеді ме кезіме!
Неше батыр болсаң да,
Үйде қалған Құртқаның
Сатса, алмаймын өзіне.
Өзі түгіл алмаймын,
Сағынғанда бір ауыз
Қалқам жан деген сөзіне.

Қараман бұл сөзді есіткеннен кейін, шыдап тұра алмай, ашуланып, өкпелеп жөніне жүре берді. Қобыланды батыр артында біраз қарап тұрды да: “Қанша айтқанменен, жылы

бірге жылдас, жасы бірге құрдас ер еді, жаңсақтан айтқан бір ауыз сөзіне бола көңілін қалдырмай-ақ қояйын” деп шақырып алып, өкпе-кінәларын айтысып, екеуі де қосынға келді.

Қобыланды Қазанның қазған орынан Тайбурылды секіртпекші болып, атына арнап айтқан сөзі:

Қобыланды тұрып сөйлейді:
— Мал саттым базар бөзіне,
Салсаң жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне.
Тұлпарым, саған айтайын,
Құлағың сал сөзіме.
Шекер менен бал қандай,
Жая менен жал қандай,
Атыңыз тұлпар деуші еді,
Қазанның қазған орынан
Қарғимысың, хал қандай?
Тайбурыл сонда сөйлейді:
— Артыңда қалды еліңіз,
Болды ма менде кегіңіз,
Анамыз Құртқа деген соң,
Сатылмайды теріміз.
Қысылған жерде дем берсін,
Жылқышы Қамбар піріміз.
Ойыңа алсаң қоймайсың,
Артық туған шеріміз.
Салған қолқаң сол болса,
Қарғысам, қарғып көрейін,
Тәуекел етіп көріңіз.
Қобыланды сынды еріңіз,
— Әйт, жануар, шу, — деді,
Бурыл балқып гүледі,
Ортасына шәһардың
Бурыл келіп топ етті;
Жердің шаңы бұрқ етті.
Төрт аяғы тиген жер
Тесіле жаздап солқ етті.
Ілкелмей Қобылан жүрген соң,
Қайтпасын батыр білген соң,

Қара қасқа ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген,
Артына сауыт бөктерген,
Алдына дабыл өңгерген,
Алмағанға дем берген,
Азды, көпті тең көрген,
Көктен дұшпан сұраған,
Жау көрмесе жылаған,
Қолына жұмсақ болсын деп,
Найза ұстаған жеріне
Топтап барқыт ораған;
Шын қаһары келгенде
Жаңбырлы қардай бораған,
Суда болар сар сазан,
– Жеке ме, бала, жеке – деп,
Алдынан шықты ер Қазан...

КРЫЛОВ

(1768—1844)

Орыс халқының мысал жазғыш атақты ақыны Иван Андреевич Крылов 1768 жылы туған. Әкесі офицер еді, бірақ кейін кедей болып, жоқшылықпен өледі. Топты жас баланың ортасында қатыны қалады. Болашақ ақын сол жоқшылықтың салдарынан он жасында сот кеңесіне қағаз көшіруші боп қызметке түседі. Крылов ақындық жолына ерте кіріскен. Бірақ жас кезінде ең алғаш рет дұрыстап көрінуі “Аруақтардың поштасы” деген журналға жазған хаттарынан басталады. Ол хаттары озбыр алпауыттардың мінездерін мысал еткен хаттар еді. Осы мысал шенеу жолында көрнекті жемістер беретін бет көрсетіп еді.

Бірақ 1793 жылы бұны өкімет қырына алып, тұтқын етіп, артынан айдап та жібереді. Содан соң Крылов мысқыл сөздерді жазуды доғарады. Бұл, негізінде, ақсүйектердің өкімшілік құрған тобына, іштей қарсы адам еді.

Жалғыз-ақ, өкіметтің жазалауы бұл ақынның бетін өзгертіп жібереді. 1805 жылы әдебиет жұмысына қайта кеп қосылғанда, Крылов жуасыған, бойсұнған және мырзаларға қошаметші, табақтас адам боп қайтады. Енді бұрынғы мысқыл (сатираның) орнына мысалдар (баснялар) жазуға айналады. Өз айтуынша, “шындықты бүркеп айту қолайлырақ” көрінеді.

Мысал жазушы есебінде Крылов, орыс әдебетіндегі классиктердің алдыңғы қатарынан орын алған ақын.

Пушкин, Грибоедовпен қатар Крылов әдебиетті өмір шындығына жақындатты. Өлең тілін халық тілімен жалғастырды.

Крыловтың күшті жағы мысалында: жалқаулық, жағымпаздық, екіжүзділік, мақтаншақтық, топастық, парақорлық, зорлықшылық, өтірікшілік сияқтанған мінездерді көрсетуінде. Осылардай мін мен айыптарды шенеуге жақсы.

Ал өмірдің мағынасы, бостандық мәселесі, ғылыми мәселе деген сияқты үлкен пікірлі, кеңірек жайларға келгенде ол әлсіздік қылады. Жоғарыда айтылған құнсыз, нәрсіз мінездерді көп мысалдарымен әдемі күлкі етіп берген Крылов жаңа, соңғы жайларға келгенде теріс бағытпен кетеді.

Ғылым, техникаға сенбеу, дінді қорғау, бостандыққа қарсы сөйлеу сияқты теріс шығармалары да болған. Бұнда ақынның таптық салт-санасы тар көлемді болғандығы көрінеді. Ақсүйектер ықпалынан шыға алмағандығы танылады.

Сонымен, Крылов кейінгі тарихқа кіргенде мысалдарымен кіреді. Ол мысалдары — халыққа ұғымды, әсерлі және көпшіліктің сүйген мысалдары боп кетеді. Мысалдардың көп сөздерін халық мақал, мәтел есепті қолданып кетеді.

Крылов 76 жасында өлген. Бергін келгенде, ақынның көзі тірісінде-ақ, халық оның мысалдарын жақсы біліп, жақсы көргендіктен, өзін “Крылов ата” атандырған.

Крыловты қазақ халқы да көптен біледі. Оның мысалдарын қазақ тіліне жақсылап аударып, көпке мәлім еткен қазақтың үлкен ақыны Абай.

Крылов мысалдарынан “Қарға”, “Шегіртке” деген өлендеріне қарап, жалпы мысал (орысша басня) деген өлендердің қандай ерекшелігі, мазмұны бар екенін байқауға болады. Шегіртке мен құмырсқа кездеседі. Шегіртке алдыңғы күннің қамын ойламайтын, селсоқ, салақ, желікпаз. Ал құмырсқа күн бұрын көрегендік етіп, алдын, болашағын қамтамасыз ететін еңбекшіл, ұқыпты. Мұндай мінездер, әсіресе, адамда көп болады. “Ала жаздай ән салсаң, селкілде де билей бер” деген сөзді құмырсқа шегірткеге айтса, Крылов соларды мысал қылып, шегіртке сияқты еңбексіз салақ, даңғойға ақыл айтады.

Қарға да сол сияқты, адам мен адам арасындағы мінез, тартыстардың бір алуанын көрсетеді. Мақтаншақ, есерсоқ болма, шамаңды біл. Шамаңнан тыс мақтан қор етеді. Жарға соғады. Масқара боласың. Сондай болмау керек деген өсиет айтады бұл мысал.

Міне, Крыловтың қазірде бар дүниеге мәлім болған мысалдарының бәрінде де осындай: хайуандар, аңдар, құстар, балықтар сияқты жанды заттар немесе жансыз заттар жайындағы әңгімелер болады. Бірақ әрбір сондай әңгімесінің астарында, негізінде адам жайын мысал қып

айтқан, түпкі мазмұн, мақсат жатады. Сондықтан мысал деп аталады.

I. ШЕГІРТКЕ

Шырылдауық шегіртке
Біршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.
Жазды күнгі жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй.
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң кетті күй.
Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқан,
Ойын қайда? Ән қайда?
Оныменен тұрмайды,
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-ақ қиын іс болды.
Секіру қайда, сүрініп,
Қабағын қайғы жабады.
Саламда жатып дән жиған
Құмырсқаны іздеп табады.
Селкілдеп келіп жығылды
Аяғына бас ұра.
— Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра!
— Оның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?
— Мен өзіндей шаруашыл,
Жұмсақ илеу, үйлі ме?
Көгалды қуып ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?
— Қайтсін қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер,
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер!

II. ҚАРҒА

Қой жайылып жазды күн
Шыққан екен қияға.
Аспаннан бүркіт құйқылжып,
Сорғалап келіп араға,
Бір қозы іліп ап кетті,
Құздағы қиыр ұяға.
Екпіні күшті ер күшін,
Еңбек қылды жем үшін,
Ұядағы балаға.
Көрді де мұны бір қарға
Желікті бір іс бастарға.
Қозыны да тамақ деп,
Кім ап шықсын тастарға?
Ең семізін алайын,
Қызық қылып асарға!
Деді дағы аралап,
Жабысты келіп қошқарға.
Қалшылдап, дірілдеп,
Тырнағын салады.
Қанатын қайқайтып,
Ап кетпек болады.
Бүркіттей емес екені
Кешікпей-ақ білінді,
Жабағыға тырнағы
Шықпастай болып ілінді.
Жалпылдап, салпылдап,
Қойшыларға көрінді.
Әдісін білмес шіркінді
Құдай әбден қарғады,
Қойшылар көріп күлісіп,
Ұстап алды қарғаны.
Құрысын да шіркіннің
Семіз қойды алғаны.
Ұшпасын деп қимаған
Қанат-құйрық қалмады.
Бір жіпті алып бек байлап,
Аяғына жалғады.
Балаларға ойын боп,
Қор боп сүйтіп қалғаны.
Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!

МАХАМБЕТ

(1803—1845)

Өтемісұлы Махамбет — Исатай қозғалысының ең ірі адамының бірі. Исатайдың жан жолдасы.

Туысы Беріш руынан. Атасы — Өтеміс, оның атасы — Құлмәлі. Мәлі деген бір соғыста қолға түскен тұтқын екен.

Құлмәлі кейін өсіп, бір бөлек ел болған. Орныққан мекені: Гурьев үйезі, Тайсойған деген жер.

Махамбеттің Бекмағамбет деген ағасы Жәңгірге қарсы шыққан көтеріліске қосылмай, бұларға қарсы қимыл істеген. Исатай Жәңгір ханға қарсы шығысымен, Махамбет барып соған қосылған.

Махамбет әрі батыр, әрі жырау-ақын, әрі күйші, домбырашы болыпты. Мінезі өте қызулы, бірақ әдісшіл. Бет алған жағынан қайтпайтын, қайсар ер адам болған.

Қозғалыс уақытындағы ісі де осыны көрсетеді. Исатай ел адамымен келелі кеңесте отырғанда, Махамбет айналадағы ауыл-ауылды аралап жүріп, өлең-жырмен жұртты қыздырып, желіктіріп, артынан шұбыртып отыратын болған.

Сөзде өткір, шешен, қалжыңқой. Жақтырмаған нәрсесін бетің бар, жүзің бар демей, сара шауып айтып салғыш болған.

Соғыста — батыр, сөзде — “от ауызды, орақ тісті” дегендей, жалындаған ақын, алғыр шешен болған. Махамбет — Исатай қозғалысының ең көрнекті кісісінің бірі.

Бұл көп жерде Исатайдың өзінен де қырағы, одан да батым болған.

Бірақ Жәңгірдей ханы мен соның ар жағындағы патша өкіметіне қарсы шыққан Исатай қозғалысы сол Исатай өлген соң өрістемеді. Тез уақытта өшіп қалады. Махамбеттің ерлігі де, өнері де оны өршітуге себеп бола алмайды.

Рас, өршімеуіне кінәлі Махамбет емес, қозғалыстың өз ішіндегі көп қайшылығы болу керек.

Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Бұның сөзінің тереңдік, ірілігінен басқа, молдығы да жеткілікті екен. Бірақ көбі біздің заманымызға жетпей жоғалған, ұмытылған.

Қозғалыс үстінде ақындық өнерін, жұртты қыздырар ұран қылып жұмсаған Махамбет қозғалыс біткен соң қуғында жүріп, күнелтеді. Бірақ қашып жүрсе де, іштегі қарсылығынан қайтпайды. Ниеттерінің іске аспағанын арман етумен болады. Талай жалынды, өткір сөзді сол кезінде айтады.

Сондай сөзінің бірі — Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі. Исатай өлгеннен соң Махамбет қуғында жүреді.

Сол қуғында жүріп бір рет Баймағамбетке кездеседі. Сонда Баймағамбет өлең айт деп, тілек қылған соң, жаңағы ұзақ жырын айтады. Махамбеттің ерлігі, ақындығы, кісілігі — барлығы да осы өлеңінен әбден көрінеді. Күні түсіп, алдыңа кеп тұрмын деп, Баймағамбеттен қаймықпайды.

Махамбет өкімет пен хан-сұлтандарға қарсы ел үшін үгіттеуден өмір бойы айнымай кетеді. Өзінің жиренішін, жек көруін жасырмайды. Ең әуелгі бетінен қайтпайды.

Сонысы үшін өштесіп, кекті болған, қазақ ұлығы — төре, сұлтандар мұны өлтіреді.

Бұрын Махамбеттің досы болған Ықылас деген адам ақынның үйіне қонаққа кеп отырып, қапылыста, Махамбеттің өз қылышымен басын кеседі. Бұл істі істе деп жіберген өлтіртуші Баймағамбет. Махамбет 42 жасында қайтыс болған.

XIX ғасырдың алғашқы жарымы, қазақ өлкесінің тарихында отар шабуылына қарсы шыққан ірі-ірі қозғалыстармен байланысты. Сол үлкен қозғалыстың бірі — бұрынғы Орал, Бөкейде болған Исатай-Махамбет қозғалысы. Бұл ханға (Жөңгірге) қарсы және патша өкіметіне қарсы жасалған бұқараның қозғалысы. Қозғалыстың басшылығы Исатай мен Махамбеттей батырдың қолында болады. Бұларға бұқараның еруі, Исатай, Махамбеттің ханға, патшаға қарсы шығуы заңды нәрсе. Жері кетіп, салық ауыртпалығына көп ұшырап, ұлық тепкісін көп көріп, жебір сәудегерлердің құрығына шырмалу сияқты көп қысымшылық-

қиыншылықтың барлығы — бұқара көпшілігін патша өкіметі мен оның агенттеріне қарсы көтеріліске шығаратын болған.

Бұл уақиға өз көлеміне көпті тартып, патша өкіметіне қарсы шыққан қозғалыс — ұлт бостандығының қозғалысы боп кетеді. Сол себепті ол көтеріліс көптің жадында қалып, ұзақ, үлкен жыр болып, кейінгі көп замандарда қалың елдің көңіліне ұдайы қозғау салатын уақиға болды. Себебі, кезінде бұл уақиға Жәңгір ханға, патша өкіметіне қарсы беттеп еді. Көпшілік қозғалыстың сол жағын кәдірлейді. Сол арқылы осы уақиғаға мықты араласқан Исатай, Махамбетті де құрмет етеді. Даңқын зорайтады.

Және жеке бастарын салыстырғанда Исатай мен Махамбет дәл бір жерден шыға қоймайды. Барлық қозғалыстың ірі, ер басшысы болғанмен, Махамбет өзін басшы демей, орынды Исатайға береді. Бас анау болып, мынау мойын есепті жүреді. Бірақ өз пікірін айтып, өз бетін көрсететін жерде бұл анадан көрі өжет, батым және әсіресе көпшілік бұқарамен емеуріндес.

Кейін де, қазір де Махамбет ақын есебінде бағаланғанда, осы ерекшелігімен көпке де жақын, көп ақыны, халық ақыны болып шығады. Қозғалыс бастығы болған батырдың әрі осындай ақын болуы, әсіресе, оның бағасын арттырады. Махамбет жырлары, бір-ақ түйінге арналғанмен, ғасырлар бойында көпшілікке ұдайы үлкен дерт болып тұрған, үлкен жараның аузын жұлғандай жырлар болатын. Бүкіл ХІХ ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған, өзгеше ақын болған емес.

Бұл ретте алдын ала айтып өтетін нәрсе: тақырыбы біреу ғана болғанмен, ақын сол тақырыбын әр кезде әртүрлі баян етеді. Сонда бір кезінен екінші кездің айырмасы: әр уақыттағы істің халіне орай, содан туған ақын халінің айырмашылықтарына орай келіп отырады.

Мысалы, алғашқы кезде бұлар соғысып жүреді. Ол кездегі көңіл екпіні, сөз тасқыны да бір алуан, өзгеше. Одан кейін жеңіледі. Бұдан туатын көңіл күйі екінші түрде. Ондағы күй, қалып тағы бір басқа. Міне, Махамбет шығармаларының осындай үш кезең, үш дәуірі бар. Тексеруді де осы ізбен беттету керек. Сондағы бірінші жыр: “Ереуіл атқа ер салмай”. Бұл өлең сөзі ұран сияқты, ауызша

айтылған, тындаушыға қолма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай сақылдатып бір-ақ желдіртіп өткен бір шумақ өлең. Мағына жағынан да барлық жыр бір-ақ ұзақ сөйлем есепті. Неше алуан қатар жарысқан, жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда “ерлердің ісі бітер ме?” деген бір қайырмамен аяқтайды. Ауызша айтылған жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шанжау-шанжау түсіп қалады. Тырағайлап отыратын ұйқас — ауызша жырдың бір ерекшелігі және неғұрлым сөз ескек тартып, борама боп, қыздырмаға айнала берсе, соғұрлым аяқтағы ұйқас бір орында тұрмай, айнығыш бола береді. Махамбет: “қыздырып, бой ұсындырып, ертіп әкетем” деген ниетпен сөйлейді. Сондықтан ұйқасты қыздырма сөздің құйылыс тасқыны билейді. Ал қазақтың ертерек кездегі ауызша жырында екпін, тасқын аяқтағы ұйқастан шықпайды, сөз-сөздің басында келетін дыбыстар күйі мен үндестік орайынан шығады.

Сонда:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку, еңку жер шалмай, —

дегендегі ылғи келетін “е” дыбысы — ауызша өлеңнің үлкен ерекшелігі боп кетеді. Бұл дауысты дыбыстан құрылған үндестік болғанда “ассонанс” деп аталады.

Егер:

Тебіңгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,—

деген сияқты “т” дыбысындай дауыссыз дыбыстардан құралған үндестік болса, оны “аллитерация” дейді. Махамбеттің қыздырамын, желпіндіремін деген ауызша үгіті осындай түрге бөленген.

Осымен “Ереуіл атқа ер салмай” деген жырдың ішкі, сыртқы құрылысы: табиғи — тұтас біткен, бірыңғай бүтіндікті білдіреді. Бір ғана қимылдың жыры болғандықтан, ол өзінше бас аяғы түп-тұтас боп шыққан.

Жалпы, Махамбет шығармаларының туысы, кезі әрдайым осыған ұқсас. Екпінді, келте, кесек бір қимылдың

жыры да өзіне зымырап, шарқ ұрып, от шашып, іші-тысы бірдей түп-тұтас боп тұрады.

Сонда “Ереуіл атқа ер салмайдағы” күй: “талмай, қажымай, өршеленіп, өрлей бер” деген күй болады.

Ал “Толарсақтан саз кешіп” деген жыр, тағы да алғашқы тақырыпты қозғайды. Сөз саптау, көрініс-суретті екшеу бұнда да сол тақырыбымен үйлес алғашқы өлеңдегідей келеді. Бірақ бұның тұсында уақиғаның беті өзгерген, ақынның халі өзгерген. Ол енді соғыс үстінде емес, сыртқы халі — жеңілушінің халі. Сондықтан қарсылық ереуілін, ұранын басқа күйге айналдырып:

Ат басына соқтырып,
Ата-енені сөктіріп,
Нәлет болсын, жігіттер,
Біздің осы жүрген жүріске, —

деген қатты қарғыс, ашумен бітіреді.

“Арғымақтан туған қазанат” деген өлеңде Баймағамбет сияқты дұшпанның алдына келіп отырғанына қарамай, бұрынғы арманды тақырыбын қайта өршітеді.

Исатайды өлтіріп,
Қырсық та шалған біздің ел,—

деумен, сол Исатайдың жауы, алдында отырған Баймағамбетті бетке ұрады.

Ол алтын ердің қасы еді,
Ағайынның басы еді,
Сен кім едің:
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғысыз,—

деп, баяғы тізбектеліп келетін, ішкі мағынасы бір дұспал көріністі — Баймағамбетке қарсы найза қып жұмсайды. Өзі бұрынғы жолы — жол, арманы — арман болған қалпында екенін білдіреді. Іс біткен, қазір бұның қолынан келер дәрмен жоқ, бірақ бұл осы жүрісте көпті де, бірді де талай талғап, сынап шықты.

Соның ішінде:

Жаманнан туған жақсы бар,
Атасын айтсаң нанғысыз... —

деп бір қойса:

Айырдан туған жампоз бар,
Нарға жүгін салғысыз,—

деп, тағы айтады. Дандайсыған талай мақтаулы жалғыздан да көптен, төменнен де шығып озған — көп, елдің қимылын қостайтын ер бар, сол артық дейді. Көппен бірге жүріп, біте қайнасу арқылы берген бағасы. Бұл жырында да батыр-ақын бойсұнып отырған жоқ, дегеніне жетпегеніне өкініп қана отыр.

Осы сарынмен Баймағамбетке айтатын соңғы сөзінде ата жау екенін айтады. Жеңілдім деп бас ұру жоқ, кішіреймек емес, қайта:

Сендей нар қоспақтың баласы,
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем... —

деп тоқтайды. Бұрынғыша тізбек суреттерді (қоспақтың баласы, шабақ, қылқан деген сияқтыларды) іштей байланыстырып, не қарсы қоюмен, не үйлестірумен байланыстырып отырып, алғашқы ереуіл, шабуыл сарынымен бітіреді. “Мезгіл өтіп кетті, бірақ дегенім болса нетер едім” деп ойдағысын айтады. Онысы қозғалысының да ең үлкен түйіні болатын.

Көпті ертіп, қан кешуден өткенде, түптің түбінде мынау сияқты, Жәңгір сияқты ханды құлатып, артын өздері, халық болып баурап алмақ.

Соған айтқан соңғы сөзінде жүрісінің сырын да, шынын да айтады.

ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ

Бекініп садақ асынбай,
Біріндеп жауды қашырмай,
Білтеліге доп салмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Қозы жауырын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан қанға боялмай,
Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып, жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

БАЙМАҒАМБЕТ СҰЛТАНҒА АЙТҚАНЫ (Үзінді)

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,

Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген мырзадан
Бұрынғы дәулет тайған күн.
Қатарланған қара нар,
Арқанын қиып алған күн.
Алма мойын аруды
Ат көтіне салған күн.
Бұлайдай ерді кескен күн¹,
Буулы теңді шешкен күн,
Сандық толы сары алтын
Сапырып судай шашқан күн.
Түс қыла гөр, құдайым,
Біздей тақ мейманасы тасқанға,
Біздің ер Исатай өлген күн,
Он сан байтақ бүлген күн²,
Орта белін сырлаған
Оқ жаңбырдай жауған күн.
Оң қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн,
Жез қарғылы құла арлан
Жез қарғыдан айрылып,
Қорашыл төбет болған күн.
Аса шапқан құлаша ат
Зымырандай болған күн.
Арқауылдың бойынан
Теріскей дауыл соққан күн.
Сағалы болат қылыштың
Балдағынан сынған күн,
Хас бөйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп,
Алыстағы дұшпанның
Қуанып көңілі тынған күн.

Садағына сары жебені салдырған,
Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған,
Тереңнен көзін ойдырған,
Сұр жебенің оғына
Тауықтың жүнін қойдырған,

Мандайын сары сусар бөрік басқан,
Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан,
Айқайласа, белдігі байланған,
Астана жұртын айналған,
Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп,
Асулық соңын ойлаған;
Адырнасын ала өгіздей мәңіретіп,
Атылған оғы Еділ, Жайық тең өткен,
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан,
Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл пәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен?!

Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым,
Айқайлап жауға тигенде,
“Ағатай”, “Беріш” ұраным.
Бекетай құмға ел қонып,
Байбақты Жүніс аттанды.
Қосылуға дәм болып
Құдайлады хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып,
Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер бүлінді.
Исатай — басшы, мен — қосшы,
Исатайдың сол күнде,
Ақтабан аты астында,
Дульғасы басында,
Зығьрданы қайнайды,
Астына мінген ақтабан,
Ақбөкендей ойнайды,
Қасына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.

Артымыздан келіп қол жетті,
Аз жетпеді, мол жетті.
Жеткен жерін айтайын,
Беке құмның басында,
Ағаш үйдің қасында,
Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық.
Таң ағарып атқан соң,
Төңірек жаққа қарандық,
Қарай тұрсақ әр жерден,
Жау бір өрттей қайнайды,
Қайнағанмен қоймайды,
Мылтығын қардай боратып,
Жетіп келді қамалға,
Қамалды бұзып аларға.

Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сүйтіп оятқан.
Әскердің алды бөгелді,
Қиырдан ойға төгілді.

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Ерегескен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім,

Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Хан баласы ақсүйек,
Ежелден табан аңдысқан,
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас,
Хан баласы ақсүйек,
Байеке, сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы,
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем.

А.С. ПУШКИН

(1799—1837)

Пушкиннің өмірі

Александр Сергеевич Пушкин 1799 жылы Мәскеуде туған. Әкесі ескі ақсүйек тұқымынан. Ақынның балалық кезінде оның әке-шешесінің барлық уақыты тек қонақпен, сауықпен өткен. Баласын тәрбиелеумен олардың жұмысы да болмаған. Ақын жылы шырайды қарт шешесі мен тәрбиеші әйел Аринадан ғана көрген.

Бұл екі кемпірден ұзақ-ұзақ ертегілер тыңдау арқылы, ақын ана тілін жақсы үйреніп алған. Пушкиннің үй-іші француз тілінде сөйлесетін. Балаларына (ақынның бірге туған бауырлары болған) шет ел адамдарынан “саны көбірек, бағасы арзанырақ” тәрбиешілер жалдап алған.

Пушкин сегіз жасынан кітапқа әуес бола бастайды. Әкесінің французша кітаптардан құралған кітапханасынан тілеген кітабын алып оқи берген. Қандай кітапты оқу керектігі туралы ешкім оған кеңес те бермеген. Дегенмен, нәтижесінде ақын француз тілінде өте көп кітаптар оқып, көп білім алған.

Кешікпей Пушкин француз мысалдарына, поэмаларына еліктеп, өзі де көркем шығармалар жаза бастайды.

1811 жылы Пушкин жаңадан ашылған Царскосельский лицейге кіріп, онда 1817 жылға шейін оқыған. Лицейде Пушкин әлеуметтік, әдебиеттік мәселелер жөнінен бір қауым жастармен танысып, пікірлес болады.

Пушкин әдебиет үйірмелерін ұйымдастырып, қолжазба журналдар, шығармалар жинақтарын шығару жұмысына белсене қатысады. Пушкиннің ақындық тәжірибелеріне шет елдер жазушыларының да, орыс жазушыларының да әсері болады.

Пушкиннің ең алғаш әдебиетшілердің назарын тартқан өлеңдері 1814 жылы шығады.

Лицейді бітіргесін Пушкин қызметке кіреді. Бірақ қызмет ақынға қызғылықты болмайды. Сондықтан ол уақытының көбін әдебиет жұмыстарына арнайды.

Пушкин өз заманындағы ірі адамдармен танысып, ол шақта жаңа құрылған жасырын ұйымдарға (декабрьшілер) араласады. Қоғамдық-саяси мәселелермен әуестеніп, соған барынша беріледі.

Бірақ бостандықты сүйгіштіктің сазайын тартатын сүрек ұзаққа созылмайды: өкімет 1820 жылы оны оңтүстікке жер аударады.

Ақын Кавказда, Қырымда, Бессарабияда айдауда жүрген жылдарында “Кавказ тұтқыны”, “Ағайынды қарақшылар”, “Бақшасарай фонтаны”, “Цыгандар” деген ірі поэмаларын жазады. Және “Евгений Онегин” сияқты ірі шығармасының бас жағын жазады. Бұл еңбектері қысқа уақыттың ішінде Пушкиннің ірі ақындық даңқын шығарады.

1824 жылы өкімет Пушкинді оңтүстіктен қайырып, өзінің туған жері Михайловск деген деревняға айдап жіберді. Деревняда полиция мен монастрь бастығы попқа бақылатып қояды.

Бұл деревнядағы оңаша уақытты Пушкин өте пайдалы жұмыстармен өткізеді. Келіп-кетіп халін білген достарына ақын: “кітап, кітап, кітап!” деп тапсырумен болды. Достары Петербургтен мол кітаптар жіберіп тұрады. Оңтүстікте ағылшын ақыны Байронмен әуестеніп, соның бағытына түскен еді. Ал Михайловскіде Шекспирдің пьесаларын, Вальтер Скоттың романдарын оқып, солардың бағытын тереңдете зерттейді. Орыс ескілігіне тереңдеп бойлап, халық өлеңдерімен танысады. “Борис Годунов” деген үлкен шығарма жазады.

Бұл еңбекті жазып шығару үшін ақынға Карамзиннің тарихын және тағы сондай өнімді шығармаларды оқып шамалауға тура келеді.

Жоғарыда айтылған тәрбиеші кемпір Арина Родионовнаның қасында Михайловскіде болу 1826 жылдың ортасына дейін созылады.

1826 жылы Пушкин Михайловскіден шығуға рұқсат алады. І Николай ақынды шақырып алып: “Мен сенің

жастық күнәларыңды кешірдім, бұдан былай сенің шығармаларыңды қарап жіберіп тұратын цензур өзім болам” — дейді. Бірақ осы уақыттан бастап, Пушкин уақытша босатылған тұтқын сияқты болады. Құпия түрде ізін бағушылық күшейе береді. Пушкиннің жүріс-тұрысы саяси полицияны (үшінші бөлім) ұлы әбігерге салады. Құпия қағаздар Пушкин барған жерге ізін ала құстай ұшады. Жандармнан рұқсатсыз Петербургтан Мәскеуге баруына да мүмкіндік болмайды.

Пушкиннің Петербургта тұрған кезіндегі жұмысының дені бұрынғыша әдебиет жұмысы болады. Пушкин тарихпен әуестеніп, архив аралап, І Петр дәуірінің материалдарын зерттей бастайды. Пугачев қозғалысын зерттеуге кіріседі. Мәселені дұрыстап тексеріп қайту үшін Пушкин Орынбор өлкесіне, Еділ бойына барған. Жергілікті архивтерді қарастырған. Сүйтіп “Пугачев тарихын” және “Капитан қызын” жазған. Цензур І Николай “Пугачевтың тарихы болуы мүмкін емес” дегесін, әуелгі еңбегінің атын “Пугачев ереуілінің тарихы” деп өзгерткен.

Өмірінің соңғы жылдарында Пушкин сарай ортасына араласқан. І Николай Пушкинді өзіне “сарай ақыны” етпек болған. Пушкин сыртқы көрініс үшін болса да, бұған көнуді жөн деп тапқан. Ақын өзінің қандай адамдарға араласқанын, бұдан жақсы нәтиже шықпайтынын білген. Сарай маңында Пушкинге айқын дұшпандық көзқарас туады. Ақынды үздіксіз қудалай бастайды. Зәбірленген ақын шыдамай Геккерн-Дантес деген сарай төресін дуэльге (жекпе-жекке) шақырған. Дуэль 1837 жылы 27 январьда болған. Пушкин ауыр жаралы болып, январьдың 29 күні өлген.

Ақын өлісімен патша жіберген полиция Пушкиннің сүйегін өз қолына алған. Түн бойы көше-көшеге атты қарауыл қойып, ертеңіне сүйекті Петербургтен Псков губерниясына алып кеткен және жерлеген уақытта да ешбір жиналыс, жоқтау болмасын деп бұйрық берген. Пушкин Михайловск маңындағы Святогорск монастырына жерленген.

Пушкиннің өлімі даналықты бағалай білетін халыққа қатты батқан. Ақынның өліміне жалғыз отандастары ғана қайғырып қойған жоқ, Еуропаның бүкіл мәдениетті адамдары да қайғырған.

Пушкиннің ақындығы

Пушкиннің ақындығының әуелгі дәуірі ХІХ ғасырдың 10—20-жылдары. Бұл Наполеон соғыстары болып өтіп, декабрь көтерілісі әбден жеңіліп, аяқталған кезеңдер еді.

Ол жылдар күшті тап тартысының жылдары болған. Бұл тартыстың айқын көрінісі әдебиеттен де орын алған. Пушкин өзінің шығармаларымен дәл сол таптар қайшылығы күшейген уақытта белгілі бола бастаған. Және идея жөнінен декабристерге жақын ақын болған. Ақынның 1818—1819 жылдардағы шығармалары бұл жақындықты айқын сипаттайды.

1818 жылы Чаадаев деген өте оқымысты және ақынның өзіне тәрбиеші есебінде болған досына ақын өлеңмен хат жазады. Хаттың әуелгі өлеңдерінде өзінде болған зор өзгерісті баяндайды: “махаббат, үміт, атақ” алдауынан құтылдым. Бұл алдау, үміт көрген түстей, тұмандай тарап кетті”, — дейді.

Олардың орнына жаңа тілектер орнаған, ол тілектерді ақын былай суреттейді:

...Жанышты өкімет. Шыдаймыз,
Жүрміз отты тілекпен.
Отан даусын тыңдаймыз
Жалындаған жүрекпен.

.....
Намыстанған жүрегім,
Бостандықта ой барда,
Жанның сұлу жігерін
Бағыштайық Отанға.
Илан, жолдас! Атар таң,
Қалмас Ресей мүлде ұйықтап,
Болса өкімет күл-талқан,
Ұмытылмас біздің ат!—

дейді.

Мұнда біз Пушкиннің өзін-өзі “отан” алдындағы борышын өтеуге міндетті азамат деп білгенін көреміз. Бұл борыш ақынды — өкіметке, патша өкіметіне қарсы тартысқа жетелейді.

Бұл өлеңнің сөздері, теңеу-салыстырулары екпінді, шарықтаған, қанатты теңеу болады. Ақынның талмаураған үмітпен “еркіндікті шын” көксегендігін сипаттайды.

Декабристерді дарға асудың артынан Пушкин саяси бағытының айқындығын азайта бастайды. Ақын кертартпаларға қосылмаған. Бірақ лирикасы өткірлігін кеміте бастаған. Ақын декабрьші достарын ұмытпайды, оларға ақындық сый жібереді. “Сібірге хатты” (1827) жазады.

Бұл “Сібірге хатта” ақын “Сібір түкпірінде” азап шегіп жатқандарды — бойларыңда “өршіл талап” бар, ол талап “өлмес”, істеген “ауыр еңбек кетпес құр” — деп көтермелейді, үміттендіреді. Декабрьшілердің ісіне ақын артықша баға береді. Өлеңнің аяғында: “Қапас зындан қалар құлап” деп жырлап, Пушкин өткендегі төңкеріс сүйгіштігінен айрылмағандығын көрсетеді.

Дегенмен, бұл өлеңде ақынның төңкерісшілдік жөнінен тоқырағандығы байқалады. Мұнда жалынды сөзбен тартысқа шақыру жоқ. Соңғы төрт жолы достарына қуат берген сияқты болса да, реакцияны жеңудің сенімін бермейді.

Ақынның мұндай төңкерісшілдік жөнінен бой тежеушілігін цензур жағдайынан болды, ақын әлі де төңкерісшілдік көрсетер еді деуге болмайды. Неге десеңіз, бұл кезеңдегі басқа шығармаларын тексеріп қарасақ, олардың көбінде-ақ тыныштыққа, усадьбаға шақыру мотивінен келіп отырады. Бұл мотив ақынның ұсақ лирика өлеңдерінде көбеюмен қатар, ірі шығармаларында да берік орнаған.

“Евгений Онегиндегі” усадьбадан қашып қалаға кеткен герой Онегин — қоғамға керексіз, пайдасыз адамдардың кейіпкері етіліп көрсетіледі. Оған деревняда өскен, күшті, берік, жас Татьяна қарсы қойылады. “Дубровскийде” ақынның артықша құрметтейтіні — кедейленген, ескі жер иесі ақсүйек, жуас Дубровский қарт. “Капитан қызында” да осылай.

Дегенмен, ақын бостандық мотивінен бүтіндей қол үзбейді. Мәселен, “Кавказ” деген өлеңінде төңкерісшіл мотив толық сезіледі. Бірақ төңкерісшіл мотивпен айқын

жырлауға ол кезде қиын болғандықтан, Пушкин ишараттап жырлайды. Кавказдың бай көрінісін суреттей келіп, бұлқынып, жиектегі тасқа соғып жатқан Терек өзенін суреттей отырып, “меңіреу тас қаһарланып қыса береді, толқынның бұлқынуына ырық бермейді” — дейді.

Осы сияқты бұлқынған еркіндікті заң қысып отыр.

Ұсақ ұлттар әкімшілік қысымында осылайша

қиналып бұлқынады.

Бұл күнде үнсіз Кавказ осылайша ренжиді.

Оны жат күштер осылайша жаншады,—

деген мағынасы бар төрт жол өлең “Кавказда” басылмай қалған. Бұл өлең “бостандығынан” айрылып, I Николайдың торына түскен Кавказ халықтарының аянышты күйін суреттейді.

Пушкин ақындығының кеңдігін, тереңдігін айта келіп, атақты сыншы Белинский былай деген: “Шын суретші болғандықтан, Пушкин өзінің шығармалары үшін сырлы тақырыптар таңдап алуға мұқтажданбаған, Пушкин үшін әрбір тақырып мейлінше сырлы болған”, — дейді. Пушкин бізге тек ақындығының тереңдігі, кеңдігі жөнінен ғана қымбат емес. Өз уақытында оның шығармаларының атқарған қоғамдық, әлеуметтік салмағы жөнінен де қымбат, бағалы.

Әдебиет шығармаларының қай жанрында болса да, Пушкиннің тілі — таза орыс тілі, бай, оңай, халық тілі.

Пушкин өлең жазудың барлық түрлерін жарыққа шығарып, үлгі етіп қалдырды.

Пушкиннің ақындық жөніндегі шеберлігі орыс әдебиетін түр жөнінен ерекше байытты, кейінгі ақындарға үлгі болды.

Пушкиннің ақындығын Ленин зор бағалап, Пушкин шығармаларын өте ұнатқан.

Пушкин шығармаларын бұл күнде барлық одақ халықтары біледі, сүйеді. Пушкиннен қазіргі көрі де, жас та қол үзген жоқ, сын көзімен зерттеп оқып, жарамдыларын пайдаланады.

“Дубровский” әңгімесінің қысқаша мазмұны

Троекуров, Дубровский деген екі алпауыт болады. Троекуров — ірі бай, зорлықшыл, жуан ақсүйек. Дубровский Андрей — соның көршісі. Бұл момын, шаруасы шағын ақсүйек болады. Екеуі жерлес, көрші. Әуелде дос та болысады. Артынан Троекуровтың бір мазағына шыдамай Дубровский өкпелі болады. Сол өкпенің арты араздыққа, жаулыққа айналады. Троекуров Дубровскийдің жер мүлкін тартып алмаққа бекінеді.

Дубровский бұған намыстанады. Іші құса болады. Оқудағы баласы Владимирді шақыртып алады. Владимир Дубровский үйіне келісімен, мұның әкесі қапалық аурудан қайтыс болады. Жас Владимир Троекуровтың озбырлығына кектенеді. Сатымсақ төрелер Троекуровтың тапсыруы бойынша Дубровскийлердің жер-мүлкін қаттап, соттап, Троекуровке әпермекші болады. Жиылып келіп, дегендерін істейді. Сол төрелерді әкесінің үйіне қондырып отырып, түнде Владимир үй-мүйімен өртеп жібереді. Бұл іске оған көмекшілік ететіндер өзінің крестьяндары болады. Осы істен соң Владимир Дубровский өзінің крестьяндарымен қосылып алып, үлкен өжет ерлер тобын құрайды. Маңайдағы бай, алпауыт, ұлық, бұзық атаулыға тәубасын танытып, бөрідей тиіседі. Аздан соң Владимир Дубровскийдің аты бай, жуан атаулыға қорқынышты, құбыжық ат болады. Бұл кезде Троекуров бұрынғыдай масайрап жүре тұрады. Бойжеткен қызы Машаға француз тәрбиешісін шақыртып алады. Оқытушы болып келген жас француздың аты Депорж. Аздан соң қыз бен екеуінің сұқпаты жараса бастайды. Бірақ қыз іштей Дубровский атына ынтық. Бір күні бай үйінде көп алпауыттың асыр салған той сауығы болады. Бұл жиын Дубровскийді көп рет ауызға алады. Қорқыныш, қауіптерін айтады. Осы күнде Троекуровтың үйіне қонып қалған бір бай таланады. Талаушы француз Депорж болады. Бұл Депорж ғана емес, Дубровскийдің өзі болып шығады. Осымен Дубровский тағы да бұрынғыша бай атаулыға бүйідей тиеді. Кәріп-кәсерге рақымды, жәрдемші болады. Дубровскийдің қалың орманға тығылған жауынгер қолы, мықты ерлері ұлықтың әскеріне де бой бермейді.

Дубровский өзі бірақ Троекуров қызы Машаға ынтық. Екеуі астыртын хабарласып, көрісіп жүреді.

Бірақ осы кезде бұлардың жасырын сырын біліп қойып, Троекуров қызын бір кәрі князьға бермекке байлайды. Қыз қарсы болса да, зорлық етіп, князь екеуінің некесін шіркеуге апарып оқымақшы болады. Дубровский осы жолда тартып алмаққа ұмтылады. Бірақ кешігіп жетеді. Қыз неке оқылып қойғандықтан, бұған енді ермейтінін айтады.

Осыдан кейін Дубровский өкіметтің қалың әскерімен қатты соғыс жасап, сол майданда жеңіледі де, өзі қырғын үстінде оққа ұшады.

“Дубровский” әңгімесінде Пушкин қоғамдық тартыстың бір алуанын көрсетеді. Бұрын ақсүйек болып, артынан кедейленген жүдеу тартқан топтың уәкілі Владимир Дубровский, бір жағынан әділет дегенді жақтайтын, либерал ақсүйек. Озбыр, обыр алпауыттардың сұм мінездерін жазалаушы боп көрінеді. Бірақ бұның өз басы революционер емес, дарашыл, жалғыз кек қуушы ғана боп есептеледі. Бұл әңгімедегі үлкен баға крестьянның алпауытқа қарсы алысқан бір қимылын көрсетуінде. Ескі Ресейдегі алпауыт қанауына қарсы алысқан халық қозғалысының бір ұшқынын көрсетуінде. Осы жайлар Пушкин шығармасында аса қызықты, шебер әңгіме боп жазылған.

СІБІРГЕ ХАТ

Сонау Сібір түкпірінде,
Жасыма, дос, сабыр қыл.
Өршіл талап өлмес мүлде,
Ауыр еңбек кетпес құр.

Жанында жүр жас үмітің,
Ол көңіліңді оятар,
Жігеріңді қайнатар ол,
Көптен күткен таң атар.

Жеткеніндей каторгіні
Еркін даусым аралап,
Өтіп шыңырау қараңғыны,
Жетер достық, махаббат.

Қапас зындан қалар құлап,
Түсер бұғау, босатар.
Азаттық шат құшағына ап,
Баурың қылыш ұстатар.

ЧААДАЕВҚА

Махаббат, үміт, өр атақ,
Алдап аз-ақ тұрғандай.
Өтті жастық ойнақтап,
Көрген түстей, тұмандай.
Жанышты өкімет. Шыдаймыз,
Жүрміз отты тілекпен.

Отан даусын тыңдаймыз
Жалындаған жүрекпен,
Табысудың мезгілін
Тосқанындай ғашық жар;
Еркіндікті көксеген
Талмаураған үміт бар.

Намыстанған жүрегім,
Бостандықта ой барда,
Жанның сұлу жігерін
Бағыштайық Отанға.
Илан, жолдас! Атар таң,
Қалмас Ресей мүлде ұйықтап,
Болса өкімет күл-талқан,
Ұмытылмас біздің ат!

ҚЫСҚЫ ЖОЛ

Толқындаған тұманнан
Ай сызылып шығады,
Айналаға мұңайған
Мұңды сәуле құяды.
Қысқы жолда жабырқау,
Желеді үш ат бұлдырап,
Жалғыз үнді қоғырау
Жалықтырған шылдырап.
Есітем таныс сарынды
Әндерінен жәмшіктің:
Кейде еркіндік гулеген,
Кейде зарын жүректің.
От жоқ, үй жоқ қарайған...
Тым-тырыс, қар... алдымда,
Ала діңгек қадалған
Кездеседі бір ғана.

КАВКАЗ

Кавказ менен төменде, биікке асып,
Жалғыз тұрмын, шетіне құздың басып,
Көтеріліп, бір қиыр шыңнан бүркіт,
Шарықтап жүр менімен қатарласып.
Осыдан болжап тұрмын тасқын басын,
Алғашқы қопарылған көшкін тасын,
Бұл жерде иірілген бұлт сулап,
Шулаған, су атылып таудан құлап.
Асты ноян жартастар жап-жалаңаш;

Онан төмен қаз оты, бұта құрғақ.
Төменде жасыл биік, орман шыңы,
Құс сайраған, секірген онда бұғы.
Халқы анау, ұя салған тау басына,
Қойлар жүр жоталардың арасында,
Қойшы жүр көңілді көк алаңында,
Саялы Арагбаның жағасында.
Үңгірге ене тығылды бір салт атты,
Бұлқынып жатқан анау Терек қатты.
Шойын қапас ішінен қарап тұрып,
Тамақ көрген жас аңдай ойнап, ұлып,
Тастарды аш толқынмен жалап жатты,
Өнімсіз құр жаулықпен жағаны ұрып.
Бекер ғой! Жоқ жұбаныш, жоқ қой тамақ,
Жанышты мылқау түнек таулар қамап.

ДУБРОВСКИЙ (Үзінді)

Үшінші күн дегенде жаназасы шығарылды. Бишара қарттың үсті кебінмен жабылып, жан-жағына шырақ қойылып, стол үстінде жатыр еді. Ас бөлмеге қаптап, қызметкерлер толып, үйден алып шығуға дайындалысты. Владимир мен тағы үш қызметкер табытты көтерді. Поп ең алдына түсіп, дьячок жаназа дұғасын оқып, оның артынан жүрді. Кистеневкінің қожайыны ақтық рет өз үйінің табалдырығын аттап шықты. Табытты орман ішімен алып келе жатты. Күн ашық, суық еді. Ағаш басындағы күзгі жапырақтар жерге ұшып түсулі еді.

Орманнан шыққаннан кейін Кистеневкінің ағаш шіркеуі мен ескі зират көрінді. Бұл зиратқа Владимирдің шешесі қойылған еді, соның қабырының қасынан кеше жаңадан жаңа қабыр қазылыпты.

Мырзаларына соңғы құрмет көрсету үшін келген Кистеневкі мұжықтары шіркеу ішін лық толтырды. Жас Дубровский клиростың қасына келіп тұрды, ол жыламады да, дұға да істемеді. Бірақ бет пішіні адам қорқарлықтай еді. Қайғылы ресім аяқталды. Өлікпен қош айтысуға алдымен Владимир барды, оның артынан барлық қызметкерлер барды. Қатындар дауыстарын шығарып жыласты, мұжықтар жұдырықтарымен көздерінің жасын сүртуде болды. Владимир мен бағанағы үш қызметкердің соңынан бүтін деревня адамдары шұбырып, табытты қабыр басына әкелді. Табыт қабырға түсірілді, келген жұрттың бірі қалмастан топырақ салысты. Шұқырды толтырып, бас иісіп, тараса бастады. Владимир асыға басып, жұрттың бәрінің алдына түсіп алып, Кистеневкі тоғайының ішіне кіріп кетті.

Егоровна Владимирдің атынан поп пен барлық шіркеу адамдарын тамаққа шақырып, мырзаның өзі ол тамақта бола алмайтындығын жариялады. Сүйтіп, Антон атай, поп әйелі Федотовна және дьячок болып, Егоровна болып, марқұмның ізгілік істері турасында сөйлеседі. Енді оның мирасқорын қандай істердің күтіп, қарсы алуы турасында әңгімелесіп келе жатты. Троекуровтың келгендігі, оны мырзаның қалай қабыл алғаны, барлығы төңіректегілерге

түгел аян еді. Сондықтан бұл маңдағы саясатшылар бұл істің арты немен тынатындығын, алдын болжасуда еді.

— Болашақ іс болмай қалмайды ғой. Жалғыз-ақ Владимир Андреевич біздің қожамыз бола алмаса, сонысы екінші өкініш. Жігіттігінің қапысы жоқ қой, — деді поп әйелі.

— Біздің мырзамыз ол болмағанда, енді кім болады ғой дейсіз. Кирилл Петрович босқа ашуға билетіп әуре боп жүр, оңай адамды тапқан екен, менің сұңқарым құдай қаласа кісіге ақысын жібере қоймас, жақсылықты жерде қалдырмас. Кирилл Петрович тым кекірейген адам ғой! Әйтсе де біздің Гриша: “Жөнел, кәрі төбет! Шық шапшаң қорадан!” — деп дауыстаған кезде құйрығын қысты ғой, — деді Егоровна.

— Апыр-ай! Егоровна-ау, мұны айтуға Григорийдің тілі не қып барды екен, мен Кирилл Петровичке қисық қараудан көрі төңірге тіл тигізуді оңай көрер едім. Оны көзің көрсе болғаны — қорқыныш, қалтырау бойынды алады. Жауырының иілгенінен иіле түседі.

— Барлығы дүниесуи іс қой. Бүгінгі Андрей Гаврилович сықылды Кирилл Петровичті де жаназалап қояды ғой. Оны қойғанда артықша мырзалық көрсетіп, жұртты көбірек шақырар деймісің, құдай тағалаға оның бәрі бір емес пе? — деді поп.

— Ой, ата-еке-ай! Біз де төңіректегі жұрттың көбін шақырайық деп едік, бірақ Владимир Андреевичтің шақырғысы келмеді. Бізде енді барлығы да жоқ емес, қонаққа берерлігі бар, бірақ амал не? Болмағанда енді басқа жұрт жоқ болса да, кәдірлі қонақтар сіздерді жақсылап сыйлаймын ғой, — деді Егоровна.

Мынау жылы сөз шыққан соң, дәмді самсаға жету үміті әңгімешілердің аяқ басуын тездетейін деді. Бұлар аман-есен байдың үйіне келіп жетті. Келсе, столға тамақ та, арақ та қойылған екен.

Ол екі ортада жан қайғысын шаршаумен қажытқысы келген Владимир, қалың ағаш ішіне кіріп жүре берді. Ол жолдың бар-жоқтығын керек қылмастан жүре берді, минут сайын бұтаққа соқтығып, ілініп қалып отырды. Минут сайын аяғын шалшыққа тығып алып отырды. Ол ештемені де бай-қамады. Ақырында айнала шыққан ағаштың ортасындағы

аланда жауын суы тұрған жерге келді. Күз, жартылай жалаңаштап жапырағын түсірген ағаштарды және айнала ағып жатқан суды көрді. Владимир тоқтады да, бір сызды томардың үстіне келіп отырды. Бірінен бірі түнеріңкі ойлар жанын азаптады. Жалғыздығы күшті сезілгендей болды. Болашағын ызбарлы бұлт торлағандай көрінді. Троекуровпен арадағы жаңа бақытсыздық кездесуінің белгісіндей көрінді. Азбынша мүлік байлығы өзінен кетіп, басқаның қолына түсіп кетуі де кәдік сықылды көрінді. Бұлай болғанда мұны күтіп тұрған нәрсе қайыршылық болмақ қой. Қуарыңқы жапырақтарды ағызып, өзінің өміріне ұқсас өмірді көзге елестетіп ақырын ғана жылжып аққан суға қарап, сол орында ол тапжылмастан ұзақ отырды. Ақырында ол іңір қараңғысы түсіп бара жатқандығын байқап, тұра келіп, үйге апаратын жолды іздеуге беттеді. Бірақ, бұрын көп таныстығы жоқ тоғай ішінде ұзақ жүріп, ақыры келіп бір сұрлеуге түсті. Бұл сұрлеу тура өз үйінің қақпасынан әкеліп шығарды.

Дубровскийдің алдынан барлық шіркеу адамдары мен поп кез болды. Владимирдің басына бір бақытсыздық белгісінің ойы келді. Владимир ықтиярсыз шетке бұрылып, ағаш арасына кіріп кетті. Поптар мұны байқаған жоқ, бірақ өзара қызу әңгімемен кетіп бара жатты.

— Жауыздықтан қашып, жақсылықты жасауға тырыс деген. Сені мен бізге енді отыратын ештеңе жоқ. Бұл немен аяқтаса да, сен істеген іс емес, — деді поп.

Поп әйелі бұған бірдеме деп жауап қайтарып еді, бірақ оның не дегенін Владимир ести алмады.

Жақындап келгенде қаптаған халық — бай қорасында топтанып жүрген крестьяндарды және үй қызметкерлерін көрді. Владимир алыстан жайшылықтағыдан жат, шу сөздерді естіді. Сарайдың қасында екі тройка тұр. Басқышта мундир, сюртук киген танымайтын бірнеше адам әлдене туралы түсіндіріп тұрған сықылды.

Алдынан Антон жүгіріп шығып, қарсы алғанда:

— Мынау немене өзі, мыналарың кім, бұларға не керек? — деп сұрады Владимир.

— Ойбай, әкем, Владимир Андреевич, сот келіп қалды. Бізді Троекуровке бергелі жатыр. Бізді сенің мейірбаншылығыңнан алып... — Барлығы мүсәпірлікке

түскен мирасқорын қамап ортаға алысты. Владимирдің басы төмен түсіп кетті. — Тілектес адамдарынан алып кетпекші, — деді шал аптығып.

— Ей, біздің әкеміз, — деп шуласты олар, Владимирдің қолын сүйіп. — Сенен бөлек қожаның бізге тіпті де керегі жоқ. Тек бір ауыз сөзіңді айтшы, сотты не болса да өзіміз құдайдан күтіп алайық, өлерміз, тірілерміз. Бірақ сені қолымыздан беріп қоймаспыз? — десті. Владимир бұл сөздерді айтушыларға қадала қарады, бойын бір жат сезім билегендей болды.

— Тапжылмай тұрыңдар, осылай. Сот адамдарымен өзім сөйлесіп көрейін, — деді ол.

— Сөйлес, әкем, сөйлес, бірақ құдай атқандарды бір ұялт, — деп дауыстады топ ішінен біреу.

Владимир чиновниктерге таман келді. Басына қартуз киген Шабашкин мықынын таянып, төңірегіндегілерге кекірттене қарап тұр екен. Бойы ұзын, жуандау келген, елулер шамасындағы, беті қызыл, мұртты еркек, полиция бастығы жақындап келіп қалған Дубровскийді көріп, қырқ ете түсті де, қырылдаған даусымен:

— Сонымен, сіздерге әлгі айтқанымды тағы қайыра айтамын: уездік соттың үкімі бойынша, сіздер бүгіннен бастап Кирилл Петрович Троекуровтың билігінде боласыздар. Мұнда Троекуровтың атынан сіздерге ие болатын Шабашкин мырза. Ол не бұйырса да, айтқанын орындап отырыңыздар. Ал, қатындар, сіздерге келетін болсақ, сіздер мұны сүйіңіздер де, құрметтеңіздер, бұл сіздерді жақсылап бағатын адамның бірі, — деді.

Осы қылжақты айтты да, полиция бастығы қарқылдап тұрып күлді, Шабашкин мен басқа мүшелер де соның істегенін істеді, Владимирдің бойын ашу кернеді.

Владимир өп-өтірік салқын қанды адамның қалпына салынды да, көңілденіп тұрған полиция бастығына:

— Білуге болар ма екен, бұларыңыз немене өзі, — деп сұрады.

— Білуге болады, бұл не дейтін болсаңыз, бұл осындағы Кирилл Петрович Троекуровтың дүние-мүлкіне ие тауып, өзге қалғандардың барлығын аман-есенде осы жерден кетуін сұрау деген сөз, — деді, қасақана полиция бастығы.

– Олай болғанда, сіздер маған қарайтын крестьяндардан бұрын келіп, биліктен айрылу туралы, міне, помещикке бұрын жариялауларыңыз керек емес пе еді, – деді Владимир.

– Соншама сен кімсің? – деді Шабашкин мазақ көзімен қарап. – Мұндағы бұрынғы помещик Андрей Гаврилович Дубровский құдай құдіретімен қаза болды, біз сізді тіпті білмейміз де және білгіміз де келмейді, – деді.

– Тақсыр, бұл біздің жас мырзамыз Владимир Андреевич, – деді топ ішінен біреу тұрып.

– Анау жерде ауыз ашуға батылы барып тұрған кім өзі, ол не қылған мырза, не қылған Владимир Андреевич, сіздің мырзаларыңыз Кирилл Петрович Троекуров, естисіңдер ме, былжыраған немелер?!

– Е, сүйтпей қайтушы еді, – деді әлгі дауыс.

– Мынау өзі аумаған бүлік шығарушы сықылды ғой, – деді полиция бастығы.

– Ей, староста, кел мұнда!

Староста көптен бөлініп ілгері шықты.

– Дереву жаңағы менімен салғыласпақшы болған адамды тауып, алып шық мұнда, мен оны!..

Староста сөйлеушінің кім екендігін сұрап топқа қарады. Бірақ, тырс етіп үндеген жан болмады, кешікпей артқы қатардағылардан күбір шыға бастады. Дыбыс күшейгеннен күшейіп, бірер минут өтпей-ақ, адам шошынарлық сарнауға айналды. Полиция бастығы даусын бәсеңдетті. Сүйтіп барып жұртты сөзге түсіндіргісі келді.

– Жігіттер, оған қарап тұратын не бар, – десті қызметкерлер. – Ұрындар өздерін! – Топ жүйткіп ілгері басты.

Шабашкин, тағы басқа сот мүшелері асығыс жып беріп сенекке кіріп, ішінен есікті бекітіп алысты.

– Жігіттер, бірден қимылдап қараңдар! – деді бағанағы дауыс, сүйтіп топ ілгері қысыла түсті.

– Тоқтандар! – деген Дубровскийдің қатты даусы шықты. – Ақымақтар, бұл не болған сендерге? Сендер өздеріңнің де, менің де түбіме жеткелі тұрсыңдар ғой, дереву үйді-үйлеріңе тараңдар, маған тыныштық беріңдер. Қорқушы болмаңдар, патша ағзамының мейірімі күшті, мен одан сұранамын, ол бізді жәбірлетіп қоймайды, біздің

барлығымыз да соның баласымыз. Егер сендер өздерің бүліншілік шығарып, бұзықтық істейтін болсаңдар, онда ол сендерге қайтіп болыса алады? — деді.

Жас Дубровскийдің сөздері, оның үнді дыбысы, келісімді тұлғасы көңілдегі істі істеткендей болды. Жұрт сөзден тыйылып, тарай бастады, қораның іші бос қалды. Сот мүшелері үйде болды. Ақырында Шабашкин ақырын ғана есік ашты. Басқыш алдына шығып, кісілік етіп иілген түрмен Дубровскийдің өздерін есіркеп, болысқандығы үшін рақмет айта бастады.

Владимир жек көре отырып, оның айтқан сөздерін тыңдады да, оның сөзіне ештеңе жауап қайтармады.

— Біз сізден рұқсат алуға қарамастан, осында қонуға байланыстық, әйтпегенде бірден қараңғы, екіншіден, сіздің мұжықтарыңыз жол үстінде бізге шабуылдауына болады ғой. Бізге мынадай бір рақымшылық етсеңіз екен, ең болмағанда қонақ үйге астымызға шөп болса да төсетіп, төсек салғызып берсеңіз екен, біз елең-аланда-ақ зытып жөнелер едік, — деді заседатель Шабашкин.

— Ойларыңа келгендеріңді істей беріңдер, бұл үйге енді мен қожа емес, — деді жайынша Дубровский.

Осыны айтты да, әкесінің бөлмесіне қарай тартып жөнелді, кірді де, есікті мықтап бекітіп алды.

VI

“Таңертең ғана өзім жатарлық үй, жерлік тілім наным бар еді, енді мынау бәрінің де таусылғаны. Күні ертең өзім туған, бүгін әкемнің сүйегі шыққан үйден безіп, оны өзімнің тіленшілікке түсуіме себеп болған адамға қалдырып кетуім керек” — деді, Владимир өзіне-өзі. Мұны айтқанда көзі ешқайда бұрылмастан, шешесінің суретіне қадалып, қарады да қалды. Суретші оның шешесінің тұлғасын таңертеңгіліктегі ақ көйлек киіп, шашына бір ғана қызыл гүл тағып, орындықтың арқалығына сүйеніп отырған қалпында түсірген екен. “Мына сурет те менің әке-шешемнің дұшпанының қолына түспекші ғой, мұны қираған орындықтармен бірге апарып кладовойға тастайды да немесе оның итшілерінің күлкі, мазағы болу үшін ауыз

үйдің қабырғасына іледі ғой. Ал бұрын шешем ұйықтайтын, одан кейін әкем қайтыс болған бөлмеге оның приказчигі, не болмаса қатын-қыздары келіп орнайды. Жоқ, жоқ! Мені қуып шыққалы отырған бұл қасіретті үй оларға да тимейтін болсын!” – деген ойлар келді Владимирге. Владимир аузын басты, басына неше түрлі қорқынышты ойлар келді, құлағына полициялардың дауысы естілгендей болды, біреуі оны, біреуі мұны сұрап әлек салды. Қайғылы ойдың құшағында жатқан шағында мұның бәрі де Владимирді еліктіріп әкете алмады. Ақырында барлығы да жай болды.

Владимир тартпалар мен жәшіктерді ашып, марқұм әкесінің қағаздарын ақтаруға кірісті. Мұндағылардың бәрі шаруашылық есептері мен түрлі жұмыс жөнінен жазысқан қағаздар еді. Владимир бұларды оқымастан жыртып тастап отырды. Көп қағаздың ішінен “менің әйелімнің жазған хаттары” – деген пакет ұшырады. Көңілі қобалжи түсіп, Владимир осы қағаздарға жармасты: бұл қағаздар Түркия жорығы тұсында жазылып, армияға Кистеневкіден жіберіліп отырған екен. Әйел өзінің шөлдегідей тұрмыста екендігін, қандай шаруашылық істерімен айналысатындығын, айырылысқанына қандайлық қынжылып, енді оны үйге қайтуға, сүйген жарының құшағына кіруге келуі керектігін жазыпты. Сол хаттардың бірінде әйел кішкентай Владимирдің денсаулығының тиышын алып тұрғандығын, енді бір хатта Владимирдің жас басынан өнер көрсетіп, болашағы зор бақытты адам бола алатындығын айтыпты. Владимир хаттардың қызығына түсіп, оқи беріп, өзгенің бәрін ұмытып, үй іші тұрмысының бақытына жан-тәнімен айналысқандай болып, отыра беріпті. Сүйтіп отырып аспалы сағаттың он бірді соққандығын да байқамай қалыпты. Владимир хаттарды қалтасына салып, қолына жарық алып, кабинеттен шықты. Сот адамдары залда тақтай үстінде ішіпті. Ұсталған стакандар тұр, бөлме ішінде арақ иісі аңқиды. Владимир жаны түршіккендей болып, бұлардың қасынан өтіп, ауыз бөлмеге қарай кетті. Есіктер жабық екен. Владимир кілтті таба алмай залға қайта келді, кілт столдың үстінде жатыр екен, Владимир есікті ашып шыға келгенде бұрышта тығылып тұрған бір адамды көрді: қолында жалтыраған балтасы бар, Владимир бұған шаммен бұрылып қарағанда бұл тұрған ұста Архип екендігін таныды.

— Сен мұнда не қып тұрсың? — деді Владимир.

— Ойбай, Владимир Андреевич, сіз екенсіз ғой, — деді Архип сыбырлап. — Ә, құдай-ай, тек әмсе сақтай көр! Жарық ұстап шыққаныңыз мұндай жақсы болар ма, — деді. Владимир бұған таңырқаған түрмен қарады.

— Бұл арада неге тығылып тұрсың? — деп сұрады ол ұстадан.

— Мен маспын ба? Әкем, Владимир Андреевич, құдай куә, — деді, ақырын ғана Архип тұтығып.

— Балтаны неге алып жүрсің?

— Балтаны дейсіз бе? Осы күні балтасыз жүруге бола ма? Мынау сот адамдарының өзі ылғи бұзықтар ғой, байқау керек.

— Сен массың, балтаңды таста да, барып ұйқыңды қандыр.

— Мен маспын ба? Әкем, Владимир Андреевич, құдай куә ғой, бір ұрттам арақ аузыма алған емеспін, осындай уақытта арақ ішу ойға келе ме? Мұндайды да естиді екенсің, бізді соттың ұсақ чиновниктері билемекші. Бұлар біздің қоғамымызды өз қорасынан қуып шығармақшы. Өне, сұмырайлардың қорылдап тұрып ұйықтап жатқанын қарашы, барлығын бірден жоқ қылып суға тастап жіберер ме еді?

Дубровский тыжырынды.

— Азырақ сен сөзге құлақ қой, — деді Владимир. Сүйтіп, азырақ ойланып тұрды да, — сенің бұл ойлағаның түк іске келмейді, мұнда соттың ұсақ чиновниктері айыпты емес, фонарыңды жақ, сүйт те маған ер, — деді.

Архип мырзасының қолынан жарықты алып, пештің артынан фонарды тауып алып, жарық қылды. Сүйтіп екеуі басқыштан түсіп, қораның алдына қарай жүрді. Күзетші шойын тақтайды тасырлатты, иттер үрді.

— Күзеттегі кім? — деп сұрады Дубровский.

— Біз ғой, әкем, — деді жіңішкерек дауыс, — Василиса мен Лукерья екеуміз ғой, — деді.

— Ендеше, үйлеріңе қайтыңдар, мұнда керектерің жоқ, — деді Дубровский.

— Шабаш, — деді Архип.

— Тәңір жарылқасын, қоғамымыз, — деді де, қатындар дереу үйлеріне қарай жөнелді.

Дубровский тағы ілгері жүрді. Екі адам бұларға таман келеді, олар дауыстап шақырды. Дубровский Антон мен Гришаның даусын таныды.

— Неге ұйықтамай жүрсіндер? — деп сұрады Владимир.

— Ұйықтайтын уақыт па? — деді Антон. — Кім ойлаған, мұндайды да көреді екеміз...

— Ақырын! — деді Дубровский оның сөзін бөліп. — Егоровна қайда?

— Байдың үйіндегі өз бөлмесінде, — деді Гриша.

— Ендеше бар да, оны мұнда ертіп кел, онан соң үйде сот адамдарынан бөлек өз адамдарымыздан біреу де қалмайтын болсын, ал, Антон, сен бар да ат жек, — деді Владимир.

Гриша кетті де, бірер минуттан соң шешесін ертіп қайтып келді. Кемпір бүгінгі түн шешінбестен отырыпты, сот адамдарынан басқа бірі де көздерін ілмепті.

— Бәрің түгелсіңдер ме? — деп сұрады Дубровский. — Енді үйде қалған ешкім жоқ па?

— Үйде сот чиновниктерінен басқа ешкім қалған жоқ, — деді Гриша.

— Мұнда шөп немесе сабан әкеліндер, — деді Дубровский. Жұрттың бәрі ат қораға қарай жүгіріп, құшақтап шөп алып келісті.

— Басқыштың астына салыңдар, міне, осылай. Ал, жігіттер, от қойыңдар!

Архип фонарын ашты, Дубровский от тұтатты.

— Токтай тұр, — деді Владимир Архипке — Мен, сірә, асығып жүгіріп ауыз үйдің есігін бекітіп кеттім ғой деймін, бар да ашып келші, — деді.

Архип жүгіріп сенекке келді, есік ашық тұр екен. Архип оны кілттеп тұрып бекітті де, ақырын ғана дауыспен: “енді қалай,ә!” деді, сүйтті де, қайтып Дубровскийге келді.

Дубровский от тигізді, шөп тұтанып, жалын лаулай бастады, бүгін қораның іші жарық болып кетті.

— Әй, жасаған-ай, Владимир Андреевич, бұл не қылғаның? — деп безектеді Егоровна мұңды дауыспен.

— Үндеме, — деді Дубровский — Ал, жігіттер, енді қош болыңдар, құдайдың бастаған жағына кеттім, жаңа

кожаларыңның қол астында тек бақытты болыңдар, — деді.

— Ойбай, әкем, біздің панамыз! Өлсек бірге өлеміз, сені жалғыз жібермейміз, сенімен бірге кетеміз, — десті жұрт.

Аттар дайын болды. Дубровский Гришамен бірге арбаға мінді. Антон атты айдады. Сүйтіп бұлар қорадан шығып жөнелді.

Ол екі арада жел қатайды. Бір-ақ минуттың ішінде жалын бүтін үйді орап алды. Шынылар сытырлап түсе бастады, лаулап жанған бөренелер құлап түсе бастады: “Құтқарыңдар, құтқарыңдар” деген сот адамдарының жалынышты айқайлары естілді. Қып-қызыл жалын шатырдан жоғары көтерілді.

— Сүйтпегенде, — деді Архип өртке ашулы күлкімен қарап.

— Архип шырақ, құтқарсайшы мына сұмырайларды! Құдай алдында сауабын алсаңшы, — деді Егоровна.

Сол минутта сот адамдары екі қабат раманы қиратпақшы болып терезеден келіп көрінді. Дәл сол кезде үйдің төбесі сытырлап келіп жалп етіп құлады, ішіндегі жұрттың сарнауы да тоқталды.

Кешікпей барлық үй қызметкерлері қораға шықты. Қатындар у-шу болып, көр-жер нәрселерін аман алып қалмақшы болып жүгірісті. Балалар отты қызық көріп секіре жүгірісті. Отты дауыл ұшқынын аспанға ұшырып, үй жанып та болды.

— Енді жарайды,— деді Архип. — Қарашы қалай жанады, ә? Покровскіден қарап тұрса әдемі-ақ көрінетін шығар,—деді.

Сол минутта бір жаңа оқиға оның көңілін бөлді, жалыны аспанға атқан сарайдың төбесінде қайда секіретін білмей, бір мысық жүгіріп жүр екен. Сорлы жәндік, аянышты дауыспен мияулап, құтқарып алуды сұрағандай болды, оның зар қағып жүргеніне қарап балалар ішек-сілесі қатып күлісті.

— Неменеге күлесіңдер, шайтандар, — деді ұста ашуланып, — сендер құдайдан қорқуды білмейсіңдер, жасағанның жаратқан жәндігі өлейін деп зарлап жүр. Сендер оған мәз боласыңдар, — деп жанып жатқан төбеге қарай басқыш қойып, мысыққа қарай жөнелді. Ол мысық

мұның не ойлап жатқандығын түсіне қалғандай болып, асығыстықпен разылық айтқандай түрмен келіп, жеңіне жармасты. Ұста отқа шарпыла-марпыла олжасын қолына ұстай төмен түсті.

— Ал, жігіттер, қош болыңдар, мұнда мен істерлік енді ештеме жоқ. Аман болыңдар, сөге жамандамаңдар, — деді ол қызметкерлерге.

Ұста кетіп қалды, өрт әлі де талай уақыт лаулап жанды. Ақырында жалын тоқталды. Үйілген көмір түн қараңғысында жалынсыз жарқырап жатты. Кистеневкінің өртке ұшыраған жандары осы жалынсыз жанған көмірдің айналасында тентіреуде болды.

Өрт хабары келесі күні бүтін төңірекке жайылды. Жұрттың бәрі түрліше ұйғару, түрліше жорулар айтып әңгіме қылысты. Біреулері Дубровскийдің қызметкерлері өлім шыққаннан кейін мас бола ішіп, байқаусызда өрт шығарып алыпты десті, енді біреулері жаңа мекенге барып серуен салған сот адамдарын айыптады. Бірсыпыралары земский, сот және қызметкерлерімен бірге Дубровскийдің өзі де жанып кетіпті десті, кейбіреулері шындықты дәл тауып, бұл қорқынышты апатқа айыпты адам ыза үстінде ашумен істеген Дубровскийдің өзі екендігін айтысты. Келесі күні өрт болған жерге Троекуровтың өзі келіп тексеру жүргізді. Бұл тергеу бойынша полиция бастығы, земский соттың заседателі, прокурор жәрдемшісі, хатшы және Владимир Дубровский, нянкесі Егоровна, үй қызметкерлері Григорий, кучер Антон, Архип ұста — хабар-ошарсыз жоқ болғандықтары мәлім болды. Үй қызметшілерінің барлығы чиновниктер үй төбесі құлап түскеннен кейін жанып кеткендерін сөйледі. Олардың жанып көмірге айналған сүйектері табылды. Қатындардан Василиса мен Лукерья Дубровский мен Архип ұстаны өрттен бірнеше минут бұрын көргендігін сөйледі. Жұрттың көпшілігінің айтуы бойынша, Архип ұста тірі және өрт шығаруға айыптының бірі болу керек десті. Ең алдымен күдіктенгендері Дубровскийдің өз басы болды. Кирилл Петрович барлық болған оқиғаның жайын губернаторға суреттеп жазып, жаңадан іс қозғады.

Кешікпей тағы бір жаңа хабар пайда болып, жұрт сөзіне азық болды. В. деген жерде тонаушылар пайда болыпты деген хабар бүтін төңірекке қорқыныш таратты. Бұларға қарсы

үкіметтің қолданған шарасы жеткілікті болып шықпады. Тонау істері бірінен бірі келісті болып асып түсті. Және тонау бірінің артынан бірі қайталанды. Жол үстінде болсын, деревнелерде болсын, қауіп-қатер күшейді. Тонаушылар мінген бірнеше тройкалар түнде бүтін губерния ішін аралап қыдырып жүретін болды, жолшыны, поштаны ұстап, селендерге келіп, помещиктердің үйін тонап, бұл үйлерді өртеп жіберіп жүрді. Шайка бастығының ақылдылық, батырлық, ержүректілік атағы шықты. Ол турасында талай керемет әңгімелер сөйленді, Дубровский аты жұрттың аузынан түспеді. Өңшең өжет ерлерге басшылық істеп жүрген Дубровскийден бөтен ешкім де емес екендігіне жұрттың бәрі қатты сенді. Жұрттың жалғыз-ақ қайран болған нәрсесі – Троекуровтың поместисіне тонаушылардың тимегендігі болды. Тонаушылар оның бірде-бір сарайларына дейін тимеді, бірде-бір көлігін ұстап көрмеді. Троекуров жайшылықтағы зор көкіректігіне бағып, өзінің бұл аман болғандығын, бүтін губернияға да солай да солай бола білгені сықылды, тонаушылардың қорыққандығынан, екінші, деревнесіне полиция адамдарынан ең жақсыларын әкеліп қойғандықтан деп білді. Көршілер Троекуровтың өзін мұнша жоғары ұстауына алғашқы кезде күлісе бастады. Олардың әрқайсылары тонаушылар Покровскіге келмей қалмайды деп күлісті. Бірақ ақырында келіп, тонаушылардың өзі де Троекуровке құрмет еткендігін мойындауға айналды. Троекуровтың мерейі үстем болды және Дубровскийдің жаңадан жүргізген тонау хабары естілген сайын Дубровскийді әрдайым аман жіберіп қойып отыратын губернаторларды, полиция бастықтарын, рота командирлерін мазақтап күлетін болды.

Бұл екі арада октябрь келіп жетті. Троекуровтың селенінде шіркеу мейрамының күні болды. Бірақ біз бұл мереке мен одан кейінгі оқиғаларды суреттемес бұрын, оқушыларымызды оларға жаңа болып саналатын адамдармен немесе әңгімеміздің бас жағында үстірт қана айтылып кеткен адамдармен таныстырып өтейік.

ЛЕРМОНТОВ

(1814—1841)

Михаил Юрьевич Лермонтов — орыс әдебиетінде Пушкинге тетелес шыққан ұлы ақын. Туған жері — Мәскеу қаласы. Туысы ақсүйек тегінен болса да, өз әкесі кедейлікке ұшырап қалған адам еді. Сонымен, үш жасында шешесі өлген соң, жас бала Мәскеудегі бай әжесінің қолында өседі. Мұны тәрбиелеуші шет жұрттың күтуші тәрбиешілері (губернерлері) болады. Он төрт жасында Мәскеудегі ақсүйектер баласын тәрбиелейтін пансионға түседі. Ең алғашқы ақындық өнері сол жылдарда көріне бастайды. 1832 жылы, Мәскеу университетінде екі жыл оқығаннан кейін, Лермонтов Петербургтегі юнкерлік (әскер) мектебіне түседі. Осы оқуды бітіріп, офицер болып шығады. 1835 жылы тұңғыш поэмасы (әңгімелі өлеңі) “Қажі Абрек” басылып шығады.

Әдебиет майданында алғаш атақ алған жылы — 1837 жыл. Осы жылы Пушкин өліміне қатты күйзеліп, өзінің “Ақын өліміне” деген аса даңқты, күшті өлеңін жазады. Бұл өлең баспаға шықпаса да, қолжазба күйінде талай мың сан болып, бүкіл Ресейге жайылады. Николай патшаның өкіметі ол өлеңді “революцияға үндеуші” сөз деп біліп, ақынды тұтқынға алады. Артынан Кавказға айдайды. Кейін, 1838 жылы ғана Петербургке қайтуға рұқсат етеді. Сол жылы “Біздің заманның геройы” деген романы басылады. Бірақ осы жылы біреумен дуэльге шығып, атысқаны үшін тағы да Кавказға айдалады. Сонда жүргенде, 1841 жылы 27 июль күні бұрын юнкерлік мектебінде өзімен бірге оқыған офицер Мартынов дегенмен тағы да дуэльге шығып, осы жолда қаза табады.

Лермонтовтың ақындығы

Лермонтовтың поэзиясы декабристер көтерілісінің артын ала, ақсүйектер тобынан шыққан алдыңғы қатарлы адамдардың көңіл күйін білдіреді.

Ол кезде көтерілісшілердің алдыңғы буыны қазаға ұшыраған еді. Патшаға қарсы атылған зеңбірек үні де өшіп еді. Әскери феодалдық өктемдігіне қарсы енді шабуыл жасайтын буын – революцияшыл-крестьян демократиясы ғана болуға мүмкін еді. Бірақ ол әлі майданға шықпаған. Патшалықтың залым күші зілдей боп басып, бүріп тұрған еді.

Міне, Лермонтовтың аз жылдық ақындығы осындай бір мезгілсіздік, шәргездік тұсында өтті. Арты болса, 14 декабрьдің ойраны. Алдына қараса, қоғамдық тілек-талаптар әлі сұрыпталып шықпаған, көмескі. Өз басында тұрған күнді алса, одан да жиренеді. Айналасы толған Николай патшаның “жағымқой”, “жорға құлдары”. Бас әкім боп отырғандар қараңғы қара күш иесі, “тақ айналасында тұрған аш бөрілер”.

Соларды көріп ақын “жуылмаған Ресей” күйіне қарсы жалынды, қатты ереуіл жасайды. “Тұманды теңіз өрінде” жүріп, тарих толқындарының үстінде, алыста бұлдырап жүрген “жалғыз жалауға” көзін тігеді. Соның келіп жетуін арман етеді. Ол жалау, ақын тілеген бостандық жалауы.

Сол бостандыққа талпынбайтын өз буынының мінін жазады. Өлі жандай, қуыс кеуделі замандастарынан жирене түңіледі. Олардың болашағы “я қуыс, я қараңғы” дейді. Өзі осы буынның ішінде қалып, қол-аяғы тұсаулы боп қалғанын арман етеді. Қылар қайрат, етер дәрмен жоқ, қайғылы жалғыз боп сарнайды.

Саясат әуесінің қараңғы түнегі басып тұрған уақытта, ақсүйектен шыққан оқымыстылар азғындап бара жатыр. Солардың артында жалғыз Лермонтов қанаты қырқылып отырса да, шығар жол іздейді. Дауыл соқса екен, ереуіл күшейсе екен деп талпынады. Бірақ сол талабының әзірше іс болмайтынын сезіп шерленеді.

Осы жағынан қарағанда, Лермонтов орыс әдебиетіне, декабрист ақындардың ізін, жолын қуған ақын боп кіреді. Ол

өз тұсындағы Ресейдің қоғамдық-саяси құрылысына қарсы ереуіл жасап шығады (“Түрік мұңы” деген өлеңінде).

Декабристер шығармаларында кездесетін крестьянды құлдануға қарсы айтылған сөздер мұның да драма, әңгімелерінен орын алады.

Рас, ақсүйектер ішінен шыққан революцияшыларға крестьян революциясы көп жағынан жат болатын. Бірақ сонда да құл крестьянға алпауыттың істеп отырған жауыздық, қорлық, зорлықтарының дәл суретін беру арқылы Лермонтов өз дәуірінде көп шындықтың бетін ашады.

Ақын кер кеткен заманда өз талабының өрге баспайтынын көреді. Сондықтан барлық шығармасына түңілген уайым сарыны жайылады. Кейде болмысқа тағдыр бұйрығындай қарап, өзі де дарашылдыққа беріледі. Өзін шетке қағылып қалған жалғыз жандай сезінеді.

Осындай түңілу күйі асқындаған сайын, ақын өз дәуірінен безгісі келеді. Өзі көріп жүрген болмысты “қожалар мен құлдар отаны” деп суреттейді.

Қожа болған көк мундир (шенді киім).

“Ақын өліміне” деген өлеңінде Лермонтов ақсүйектер ортасын “қызғаншақ, сұмырай орта” – деп келіп, жаңағы көк мундирлі патша тобын да соққыға ұшыратады. Бұл өлеңіндегі революцияшылдық, бір жағынан бұрынғы жауыз аталардың “тәкәббар ұрпақтарын” шенеуде болса, екінші жағынан соларға қарсы қып “ақынның нақақ қанын” жоқтайды. Барлық қанішер тобыңмен ақынымнан садаға кет дегендей қылады. Бұл сөзі жалғыз патша маңындағы ұлықтар емес, ең алдымен Николай патшаның, тақ иесі жауыздың өзіне айтқан үкімі еді. Патшалықтың жорға құлдары осыны сезді де, ақынға қарсы нешетүрлі пәлені ойлап кеп, аяғында Кавказға айдатып жіберді. Патшасымен барлығының ойы Лермонтов та Пушкиндей боп, оқ астында өлсін деген еді.

Басында патшалықты солайша сөгіп шенеп кеп, артынан 1839 жылы “Қарасам қайғыртар” деген өлеңінде өзі шыққан ақсүйектер ортасын да қатты сынады. Оларға айтқан үкімінде, ақсүйектердің ендігі жасы құнсыз, олардың болашағы “я қуыс, я қараңғы” деп байлау жасайды. Бұлар

“өнерсіз қартайды”, өмірі “мақсатсыз өткен бір сапар” – деп байлады.

Бұл өлеңде 1830 жылдың жастарының ұсақ құмарлық, берекесіз талап сияқты нәрсіздігін айтып кеп, өзінің солардан аулақ болғысы келгенін білдіреді.

Бұдан кейінгі “Ақын” деген сияқты талай өлеңдерінде де Лермонтов осы ниетін айқын білдіріп отырады.

“Махаббатты, шындықты” жоқтаушы ақын өзінің қоғамдық лирикасында (сыршылдық өлеңдерінде) ұдайы заманы мен ортасын мінеп, солардан көрген қорлығы мен соққысын көп айтады. Лермонтовтың бұл түрдегі өлеңдерін қазақ тіліне әдемі қылып аударған атақты ақын Абай – осы Лермонтов мұңындай мұңды өз басынан да көп кешкен. Сондықтан, өзінің көп өлеңдерінде де осы Лермонтовша жырлайды.

Лермонтовтың жазғаны ұсақ өлеңдер ғана емес. Оның әңгімелі өлеңдері де, қара сөзбен жазған әңгіме, романы да бар.

Әңгімелі өлең (поэмаларының) ішіндегі ең атақтылары: 1837 жылы жазылған “Купец Калашников жайындағы жыр”, 1840 жылы жазылған “Мцыри”, онан соң 1841 жылы жазылған “Демон”.

Қара сөзбен жазылған әңгімесі атақты “Біздің заманның геройы” деген роман.

Лермонтовтың өлеңдері мен әңгімелеріндегі тағы бір зор ерекшелік, ол сол өз заманындағы Кавказ елінің тіршілігін көп жазады. Патшаның өкіметі Кавказды өзіне отар қылып алам деп, қатты қорлық, қаталдықтар істесе, Каказ халқын орыс елінің жауы деп түсіндірсе, Лермонтов әрқашан сол Кавказдың адамдарын дос ниетпен жақсы көріп, жыр етеді. Патшаның өкіметі бұларға қиянат етеді, қастық істейді деген сөздерге шейін айтып отырады.

Пушкиннің артынан жедел шыққан ақын Лермонтов жас кезінде, ақындық жөнінде көп жайда Пушкиннің шәкірті еді. Екінші жағынан, сол Пушкиннің ізімен өсіп, орыс әдебиетінде Пушкинмен қатар аты аталатын ұлы ақынның бірі боп өтті.

ЖАЛҒЫЗ ЖАЛАУ ЖАЛТЫЛДАП

Жалғыз жалау жалтылдап,
Тұманды теңіз өрінде.
Жат жерде жүр не таңдап,
Несі бар туған жерінде?
Ойнақтап, толқып жел гулеп,
Майысар дінгек сықырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бой ұрлап.
Астында дария көк майдан,
Үстінде сәуле алтын күн.
Қарашы, өршіл майталман
Тілейді дауыл күні-түн.

Аударған — Абай

ҚОНАДЫ БІР КҮН ЖАС БҰЛТ

Қонады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды үміт,
Көк жүзіне ойнақтап.
Әжімді жүзі тершіген,
Кәрі жартас таң қапты.
Бәрі осы-ау деп іздеген
Тілейді дауыл күні-түн.

Аударған — Абай

АҚЫННЫҢ ӨЛІМІНЕ

Ақын өлді! Намыс құлы
Құлады оқтан у кекпен.
Еңкейді, иді басын ұлы,
Шыдамай сұм өсектен.
Ақын жанын жаралады
Арсыздықтың соққысы.

Қайрат қылды, қарсы барды,
Көпке жалғыз... оққа ұшты!
Өлді!.. Неге өтірік мадақтау,
Дүниеден ол қайтқан соң,
Аһ ұру тағдыр неге?
Бос мақтау билік айтқан соң.
Еркін, өткір өнеріне
Қуғын салған сендерсің.
Өрт бәсеңдеп, сөнерінде,
От жандырған сендерсің.
Жендеті оның рақымсыз,
Соқты қатты... амал жоқ!
Қуыс жүрек соғад жансыз,
Қолда қалды пистолет,
Тастауымен тағдыр бізге
Шеттен қашып келген көп.
Аңсап баққа, шөлдеп шенге,
Мен қожаңмын – деген көп.
Омыраумен, о жарлықпен,
Таптап жерді, тепті заң,
Қорлады әлем, бұл қылықпен,
Білмейміз бе? Несі таң?
Аямады ол, сыйлау қайда,
Біздің елдің асылын,
Ол ұқпады, қолын қайда,
Қандай қанға малғанын...
Өлді енді ол, алды мола,
Қайсар, бірақ ерке әнші
Өзі әдемі жыр еткен,
Жас ақынша оққа ұшқан.
Ол кезікті жауыз қолға,
Әні, енді тек жұбаншы
Жан достықтан, таныстықтан,
Тар, қаскүнем жалғанға,
Неге келген құрмалықтан,
Еркін жүрек жанғанға.
Кенеуі жоқ жалақорға
Неге қолын берді екен?
Сыры мәлім сұм алдауға
Неге, неге сенді екен?

Ол бұрынғы гүл орнына,
Тікеннен төж салған-ды,
Ол тікендер өскен уда,
Дерт улады маңдайды,
Сұмырайлардың сыбырынан
Уланды да, көз жұмды.
Өтірік үміт сұм сырымен,
Өтті, кетті, сөз тынды.
Тынды үні әннің мәңгі,
Енді қайта зар шықпас,
Ақын жайы тар, қараңғы,
Аузында мөр, үн шықпас.

Арсыздықпен атақ алған,
Аталардың ұрпағы,
Сорлыны жеп сайраңдаған,
Ішкендерің құл қаны!
Тақ мінгендер, жендетсіңдер,
Ерік, ақылды бауыздап,
Закон әділ сот дейсіңдер,
Сотта әділ жоқ — ауызды жап!
Бұзылғандар, сот ілгері,
Болар ол сот, үлкен сот,
Сөз де, іс те аян оған,
Оны алтынмен алдау жоқ.
Онда өтпес жалғандарың,
Өтірік жәрдем бола алмас,
Ақиқат ақ, ақын қанын
Қара қаның жуа алмас.

ҚАРАСАМ ҚАЙҒЫРТАР ЖҰРТ

Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын қуыс өмірі, я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды.

Жасынан білер ескі шалдың мінін,
Аптық жерін, ақылға кеш енгенін,
Өзі өнерсіз, өмірден тез суынар,
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін.

Жамандық жақсылыққа қарар салқын,
Солығы тез басылып қайтар қарқын.
Ұлыққа қошеметшіл құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас көрмей артын.

Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше,
Суық соғып бүрсиген дәмі енгенше,
Көзге де, ауызға да қызығы жоқ,
Қызуы үзілгенше бос жүргенше.

Пайдасыз ғылым менен ми кептірер,
Дос-жарға мақтан етіп бұлдап көрер.
Жақсы сөз, жақын үміт тәттілікті,
Кемітер, көңіл қоймас, кикең кірер.

Қуаты қызық қызмет тойларының,
Қос қыртысын кетірмес ойларының.
Лап бергіш, сырт айланғыш, қайта ойланғыш,
Тиянақ, оты сөнген бойларының.

Келісімді тәтті ой, әм шеберлік,
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік.
Өз кеудесін өзі аңдып, бой салдырмас,
Тоқымығы бусанбас неткен ерлік.

Жек көрер, жақсы көрер, көзі білер,
Ашуы, махаббаты босқа сөнер,
Жанында суықтық бар бір жасырын,
Қаны отты жас күнінде шықпас өнер.

Бала мінез, ойыншы бұрынғылар,
Аңқау екен, мазақтап соны сынар.
Артқа қарап, ақ пейіл шалға күліп,
Абұйырсыз, атақсыз көрге құлар.

Көп салқын бірін-бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас.

Аударған – Абай

ҚАНЖАР

Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап,
Ыстық-суық майданда шығады ойнап.
Грузин, ашулы ұста көкке соққан,
Ер шеркес соғыс үшін алған қайрап.

Еркелі нәзік қолмен маған тиді,
“Ұмытпа” деп айрылар жерде берді.
Қан сорғалар жүзінен жас сорғалап,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.

Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия, қайғы өртеніп, бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған.

Аударған – Абай

ГОГОЛЬ

(1809—1852)

Николай Васильевич Гоголь 1809 жылы Полтава губерниясы Миргород қаласының жанындағы бір ауылда туған. Гогольдің әкесі орта дәулетті алпауыт ақсүйек болады. Өз шамасынша тәуір ғана мәдениетті адам болған.

Жас бала Никоша (Гогольді үй іші осылай атайды екен) тіпті кішкентай күнінен-ақ жазуға әуес болған.

Ең алғашқы оқуды Гоголь өз үйінде, жалдама оқытушыдан оқиды.

Артынан Полтавадағы бір оқытушының қолына апарып беріп, әзірлетіп барып, 1818 жылы сол Полтаваның гимназиясына түсіреді. Үш жылдан соң Нежин қаласында лицей деген мектеп ашылып, Гоголь соған барып түседі. Шәкірт уағында Гоголь театр, сахна өнеріне қатты құмарланады. Өзі кемпірлердің күлкі рольдерін аса жақсы ойнайды екен. Театрмен қатар ол поэзияны, әдебиетті де өте сүйген.

Ол кездің ақындарын, әдебиетін де өте сүйген.

Лицейді бітірген соң Гоголь Петербургке барады. Отанға қызмет етпек болып, қазына қызметіне түседі. Бірақ оған қанағаттана алмай барып, жазушылық еңбегіне кірісе бастайды. 1829 жылы жазған алғашқы еңбегі “Ганц Кюхель Гартен” нашар боп шығады. Гоголь сыннан көп соққы жейді. Бірақ қажымайды, 1830—31 жылдарда “Диканка қасындағы кештер” деген әңгімелерін жазып, әдебиеттен өз орнын ала бастайды. Жуковский, Пушкин, Крыловтармен танысады.

Жаңағы жинағының артынан 1833—35 жылдарда жазылған әңгіме, повестер “Миргород” деген бір жинақ боп тағы шығады. “Миргородтың” тұсында Гоголь казак-орыстың тұрмыс-салтын көп тамашалайды. Өткен дәуреннің алпауыттық, ескілік қалпын көксейді (“Тарас Бульба”, “Бұрынғының алпауыттары” деген әңгімелері).

Бұл жинағы шыққан соң Гогольдің әдебиеттегі орны біржолата нығайып алады.

Таныс жазушыларының ішінде Гогольге көп пайда келтірген кісі Пушкин, Гогольге “Ревизор” мен “Өлі жандардың” тақырыбын ұсынушы сол Пушкин болады.

“Ревизор” алғаш жазылып біткен соң, 1836 жылы Петербургтің Александринка деген театрында ойналады. Комедия туралы дау ұлғаяды. Гогольді жұрт бұның өз ойынан басқаша, бөлекше түрде түсінеді. Комедия турасындағы көп сөздің ауыртпалығын көтере алмай, Гоголь 1836 жылы шет елдерге кетеді. Содан анда-санда келіп-кетіп жүрсе де, 1848 жылға шейін шетте болады.

Бұл жақтарда жүргенде өз еңбегінен өзі торығып, өкінішке түсіп, опық жей бастайды.

1837 жылы Прокоповичке жазған хатында: “Ревизордың” барлық данасын күйе жеп құртып, менің атымды ешкім атамайтын боп, тыныштық берсе, содан өзгені тілемес едім”, — деп жазады. Бірақ бұған қарап Гоголь жазушылық еңбегінен тайып кетті деп ойлау керек емес. Бұнысы жазушылық өнерін басқа бір арнаға саламын деп, ізденуінің белгісі еді.

Сол кезде Жуковскийге жазған хатында: “Мен жай адамның қолынан келместей бір ірі нәрсе туғыза алатын сияқтымын. Ішімде алып күшіндей бір күш барын сеземін. Енді балалық шақтан есею дәуіріне ауысқандаймын. Бұл менің өмірімнің бір ұлы өткелі болар...” — дейді.

Бірақ осымен қатар Гогольде діншілдік өсе бастайды. Өзін құдай жолына қызмет ететін кісімін деп түсіне бастайды. Сол кезде, 1841—1842 жылы “Өлі жандарды” жаза бастайды. Бірақ, діндарлығы күшейіп, бойын жеңе бастағанда, кітаптағы дұрыс адамдардың кейпін жақсы қып шығаруға себеп болар деп, намазға, оразаға шұғылданады. 1848 жылы Ерусалимге құлшылық етуге барады.

Содан қайтқан соң Гоголь Константиновский деген бір поппен жақындасады. Сол поп жазушының діндарлығын сезіп, оны көр азабын айтумен шошыта бастайды. Поп Гогольге — “Пушкиннен қайт, ол күнакар, көпір еді” деп те үркітеді. Сол поптың үгіттері арқасында Гоголь “Өлі жандардың” екінші бөліміне қанағаттанбай, наразы бола бастайды. Сонымен, өлерінің алдында діндарлыққа берілген бір түнде, баспаға әзірлеп қойған кітабының екінші бөлімін, өзі отқа өртеп жібереді.

Сонымен, кітабы бітпей қалған, Гоголь 1852 жылы жаңағыдай діндарлық азабынан құтыла алмаған күйінде қайтыс болады.

РЕВИЗОР

(1836)

Гогольдің өңгімелерінен бөлек, бір алуан жайға арналған, ең ірі шығармасының бірі – “Ревизор”. Бұл – бүкіл орыс әдебиетінің ең ірі шығармасының бірі.

Комедиядағы тартыс мәні

“Ревизордың” уақиғасы Ресейдің бір қараңғы түпкірінде жатқан, кішкене қалада болады. Оқиғаға араласатын адамдардың көпшілігі ақсүйектен шыққан чиновниктер. Және солармен қатар қаланың алпауыттары, саудагерлері, мещандары да бар.

Жазушы бұл комедияда Ресейдің қараңғы түпкірлерінде жатқан бас бұзар чиновниктердің сұмдық мінездерін көрсетпек болған. Бірімен бірі былығып, байланысқан чиновник, саудагер, мещан атаулының басына бір “пәле” келе жатыр. Ол бұлардың былапытын ашатын “астыртын” ревизор. Оның келуі бұларға “орасан жайсыз хабар”. Өзінің “жасырын бұйрығы тағы бар”.

Осы хабарды естігенде чиновниктердің есі кетіп, жаман шошиды. Бұрын тергеу келеді деп ойлаған емес. Чиновниктердің осындай хабар алып, дүрлігіп, неше алуан қам қыла бастауы комедияның түйінін көрсетеді.

Сол түйіннің артынан қызық тартыс басталады. Чиновниктер алданады. Бұлар қауыптың өзімен алыспай, соның елесімен алысады. Сондықтан неше алуан күлкі күйлерге ұшырайды. Тартыс үдеп, ұлғая береді.

Ең үлкен тартыс Хлестаковтың үйленуіне жеткен кезде болады. Чиновниктер іс оңғарылды деп жайланып, қуана бастайды. Бірақ бұл қуаныштары орынсыз боп шығады. Пошта бастығы Хлестаковтың хатын ашып оқып, чиновниктердің “ақымақ” боп қалғаны мәлім болады. Комедияның бұл жері түйіннің шешілуі деп аталады. Бірақ Гоголь оларды “ақымақ” қып қана қоймайды. Жауыздық,

өтірікшіліктерін ендігәрі тағы істемесін деп жазаламақ болады. Сонымен, жандармның “шын ревизор келді” – деген “жаңа хабарын” айтқызып, чиновниктерді біржолата есінен тандырады. Комедияның кейіпкерлеріне келсек, жазушы әсіресе чиновниктерді айқын қып көрсеткен. Бұлар туралы ол: “Бетің қисық болған соң, айнаға өкпелеме”, – дейді.

Чиновниктер

Комедиядағы оқушыға мәлім чиновник: Дуанбасы – Антон Антонович Сквозник-Дмухановский; игілік орындарының бастығы Земляника; судья Ляпкин-Тяпкин, тағы басқалар. Бұның екеуі де қу мен сұм. Өздерін қаланың иесіміз деп және жоғарыдан тергеу келмейді деп біліп алғандықтан, олар бір жағынан қазынаны жеп, екінші жағынан бас-басына қала халқын да қанайды. Жұрттың бәрі бұлардың үлкен-кішісінен тегіс көресіні көріп болған.

Чиновниктерді іспен көрсете отырып, Гоголь әрқайсысына әр алуан, өзгеден бөлек мінездер береді.

Мысалы, дуанбасы өзгенің бәрінен де содырлы, қатал. Сөзінің бәрі ұрыс, боқтық, “желкең қиылып, жұлының үзіліп, аузыңнан қаның төгілгір өңшең” – деп сөйлейді. Өзінің алданғанын білген жерде өзін де, жазушыларды да сондай қып ұрсады.

Земляника болса өзгелерден көрі сұғанақ, ұлыққа жағынғыш боп көрінеді. Мектеп бастығы Хлоповты Гоголь қоян жүрек, қорқақ қып көрсетеді. Осындай ерекше мінездері сол адамдардың әрбірінің өзіне лайық сөзінен, тілінен де көрінеді.

Әйел кейіптері

Сол чиновниктердің әйелдері де өте айқын суреттелген. Дуанбасының қатыны – Анна Андреевна мен қызы Мария Антоновна дәл қолмен қойғандай шыққан. Қараңғы жердің обыватель қатындары. Бұлар: киген көйлектен, модыдан, жігіттен басқа еш нәрсені ойламайды. Анна Андреевнаның Хлестаковты көргенде ойнақшуы, бұның әрі ерекше күлкілі, әрі соншалық нәрсіз екенін көрсетеді. Қыз, қатынының да,

дуанбасының өзінің де бар арманы: “Астанадағы бірінші үй біздің үйіміз болса, хош иісі сондай, көзінді жұмбай кіре алмайтын болса” – деседі.

Хлестаков

Бұл, Петербургтегі көп кеңсенің бірінен шыққан құрдым чиновник. Тіршілігі көзінде, алдын өсте ойламайды, ақшасы болса, картаға ұтқызып жіберіп, жаңа фрагын базарға апарып сатқызады. Бұл, қаңбақтай жеңілтек адам. Комедияда үнемі солай көрсетіледі.

Хлестаков қалыптанған қу, бұзық емес. Мақтаншақтықпен бөсіп кеткенде ол сонысына қатты нашаланып сөйлейді. Әбден желігіп алған соң Хлестаков тіпті өз өтірігіне өзі де сенгендей боп кетеді. Бірақ әрбір сөзі Хлестаковтың соншалық жеңілтек, құнарсыз адам екенін ашып көрсетіп отырады.

Бір сөзі мен бір сөзінің арасында байланыс, береке жоқ.

Гоголь Хлестаковтар өмірде әралуан күйде көп кездеседі, дейді. Бұлар бөскен уақыттарында, көбінесе, кісіні алдайын демеяді. Сол мақтанына өздері масайрап, өздері рахаттанады дейді.

Хлестаковтың қалайша мұндай боп шыққанын шешкенде, Гоголь оның өткен күні мен бүгінгісін салыстырады. Өзі бұрын алпауыт болған, қазірде Петербургтегі ұсақ чиновник. Астанадағы мәдени тұрмыс арқылы сыртын біраз сыпайылап, өңін жылтыратқан, бірақ нәр қоспаған. Бұл сонысына масайып, паңданып, ауылда жатқан алпауыттарға асқақтай қарайды дейді.

Комедияның идеясы

Комедияның әрбір адамын қарастырғанда, біз Николай патшаның заманында чиновник пен саудагерден сол күндегі жұртшылық көрген қорлықты танимыз.

Гогольдің комедиясын ұғынып оқу арқылы, біз сол дәуірдің тіршілігін, шындығын білеміз. Гоголь өзі бұл комедиясында, сол күндегі күлкі жайдың бәрін бір-ақ көрсеттім деген. Бұнысы, әрине, асырып айтқандық. Шынында ол кездегі “Шаруаның, құлдың” жайы бұнда

көрсетілмейді. Гоголь ол құлдықты жаман нәрсе екен деп түсінбеген де.

Бірақ комедияның мазмұны аз көлемді боп, чиновниктер жайын ғана сөз қылғанмен, бұл кітаптың көркемдік, қоғамдық маңызы өте зор.

Гогольдің өз замандастары бұл комедия сол күндегі мемлекеттің чиновниктік-бюрократтық құрылысын бастан-аяқ мінеп, сынап, шенейді деп түсінген. Үлкен чиновниктер Гоголь айнасынан өз пішіндерін көріп, жазушыға қатты наразылық, қарсылық білдірген. Олар өздерінің таптық наразылығын отан наразылығы деп бүркемелеп кеп, “жазушы отанды кірледі” деген сөздерді де шығарған. Сонымен шығарманың қоғамдық, көркемдік қасиеттерін де жоққа сайғысы келген.

Бірақ пьесаның халыққа жағуы ерекше болды. Ал төңкеріс бағытындағы қауым кітапты солайша патшалық құрылысына қарсы арналған сын деп түсінген кезде, Гоголь үлкен уайымға түсті. Ол өзін патшалықтың ең тұрақты қорғаушысымын деп түсініп жүргенде, енді апарып, төңкерісшілер қатарына қосқанға ешбір ырза емес еді. Өкіне бастайды.

Осымен жазушының өз ойы бір жақта, комедияны жұртшылықтың түсінуі екінші жақта боп шықты. Гоголь жеке чиновниктердің мінін айттым десе, жұртшылық сол күнгі қоғамдық-саяси құрылыстың мінін көрді. Пьеса жазушының ниетіне қарсы, көпшілікті төңкерістік санаға бастайтын болды.

“Ревизордың” жазылғанына жүз жыл болса да, бұл пьеса әлі күнге сахнадан түспей келді. Гогольдің бұл комедиясының әлі күнге құны жойылмай келе жатқан себебі не? Ең әуелі, бұл кітап ірі көркемдік суреттермен көрсетіп, сол дәуірдің жай-күйін танытады. Білімінді арттырады. Екіншіден, бүгінгі өмірімізде ескінің осыларға ұқсаған қалдығы болса, соны күлкі етіп жоюға себепші болады.

РЕВИЗОР

(5 перделі комедия)

Қатысушы адамдар

1. Антон Антонович
Сквозник-Дмухановский – дуанбасы.
2. Анна Андреевна – қатыны.
3. Марья Антоновна – қызы.
4. Лука Лукич Хлопов – мектептердің үстінен қараушы.
5. Қатыны.
6. Аммос Федорович Ляпкин-Тяпкин – судья.
7. Артемий Земляника – игілік (ғаріп-қасерлер)
орындарының қамқоры.
8. Иван Кузьмич Шпекин – пошта бастығы.
9. Петр Иванович Бобчинский } кала алпауыттары.
10. Петр Иванович Добчинский }
11. Иван Александрович
Хлестаков – Петербор чиновнигі.
12. Осип – оның күтушісі.
13. Христиан Иванович Гибнер – уездік дәрігер.
14. Федор Андреевич Люлюков } отставкадағы чи-
15. Иван Лазарыч Растаковский } новниктер, қала-
16. Степан Иванович Коробкин } ның сый адамдары.
17. Степан Ильич Уховертов – пристав.
18. Свистунов }
19. Пуговицын } полициялар.
20. Держиморда }
21. Абдулин – саудагер.
22. Февронья Петровна
Пошлепкина – ұста қатыны.
23. Унтер-офицер қатыны.
24. Мишка – дуанбасының күтушісі.
25. Трактир қызметшісі.

Конақ қатындар мен еркектер, саудагерлер,
мещандар, арызшылар.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

(Дуанбасының үйі)

Бірінші көрініс

Дуанбасы, игілік орындардың камқоры, мектептер бастығы, судья, дәрігер, пристав, екі кварталный.

Дуанбасы. Мырзалар, мен сіздерді бір орасан жайсыз хабарды естіруге шақыртып едім, бізге ревизор келе жатыр.

Аммос Федорович. Қай ревизор?

Артемий Филиппович. Қандай ревизор?

Дуанбасы. Петербордан келе жатқан ревизор. Астыртын, жасырын жарлығы да бар дейді.

Аммос Федорович. Мәс-саған!

Артемий Филиппович. Жайбарақат жатыр ек, ал енді!

Лука Лукич. Ой құдай-ай! Жасырын жарлығы тағы бар!

Дуанбасы. Құдай білдіргендей, бүгін түні бойы, түрі жаман екі егеуқұйрық түсімнен кетсінші. Аллаһәкбар-ай, өмірі мұндай тышқанды көрген емен! Добалдай, қап-қара, келді де иіскелеп-иіскелеп кетіп қалды. Артемий Филиппович, әлгі өзіңіз білетін Андрей Иваныч Чмыхов кәне, мен соның хатын оқимын сіздерге. Оның жазып отырғаны мынау: “Сүйікті достым, бөлем (*деп көзін хатқа жүгіртіп міңгірлеп кетеді*) және сені хабарландырайын” ... Аһа! Міне: “Саған білдірмек хабарым: жоғарыдан жарлығы бар бір төре келеді. Біздің губернияны, әсіресе, біздің уезді қарамақшы. (*Бір саусағын жоғары шошайтады.*) Ол өзін жай адаммын десе де, мен мына деген сенімді адамнан естідім... Мен білемін ғой, сен де күнәдан мұнтаздай жан емес ең, өйткені, ақылды адамсың ғой, құдайдың беріп тұрған несібінен кім қашады...” (*Тоқтап қалады.*) Бұл жері әншейін екен...” сақ болғаның жөн, үйткені, бір күні көз байлаушыдай сап ете түсер, тіпті, келіп алып бір жерде тығылып жатпағанын кім біледі... Кеше мен...” Бұл жерде үй ішінің жайын сөйлеп кетеді... Міне, жұмыстың түрі!

Аммос Федорович. Рас, түрі сондай жат, тым жат екен, тегін емес қой.

Лука Лукич. Неге бұл, Антон Антоныч, неліктен, бұл бізге, неге ревизор келеді?

Дуанбасы. Негесі бола ма? Тағдыр да (*күрсінеді*), бұған дейін құдай қағас қып, өзге қалаға кетіп жүруші еді. Кезек бізге де келгені.

Аммос Федорович. Антон Антоныч, мұнда бір нәзік, саяси мән бар-ау деп ойлаймын. Бұл былай болу керек: Россия... Иә... соғыспақ болған ғой, міне, сондықтан патшаға қырындық жоқ па екен, білейік деп, министрлер астыртын төре жіберген ғой.

Дуанбасы. Әй, тәйір-ай! Ақылды адам да қайдағы жоқты сандырақтайды екен, уездік қалада не қылған қырындық, шекарадағы ау бұл?! Осы арадан ұдайымен үш жыл шапсаң да, шет жұрттың бірде-біріне жетіп көрші.

Аммос Федорович. Жоқ, мен сізге айтайын, сіз не етіп, не, не қылмасаңызшы. Ұлықтың бір түрлі нәзік несі болады: алыс-жақынына қарамай, олар жіпке тізе береді.

Дуанбасы. Тізсін, тізбесін, мен сіздерді хабарландырдым, мырзалар! Көздеріңе қараңдар, мен өз тұсымнан көр-жер бұйрық қып отырмын. Сендерге де мәслихат етем. Әсіресе, Артемий Филиппович, сізге! Келген төре, сөз жоқ, сіздің қарамағыңыздағы игілік орындарына көз салады. Соның үшін сіз бәрін де ретке салып қойыңыз. Аурулар үйде жүргендей, көмірден шыққан ұстарадай боп тұрмасын, қалпақтары таза болсын.

Артемий Филиппович. Ол онша қиын емес, таза қалпақ кигізуге де болар.

Дуанбасы. Ия, және кровать сайын қасына тақтай қағып, латынша немесе басқа бір тілде жазып қойылсын... Христиан Иваныч, бұл сізге жататын іс. Кімнің қашан ауырғаны, айы, күні... Бәрі де болсын. Ауруларың тым ащы темекі тартады. Кіріп келгенде еріксіз түшкіресің. Бү да жақсы емес. Темекінің неғұрлым азы жақсы. Ауруды жөнді қарамайды екен, дәрігері дым білмейді екен деп кетіп жүрмесін.

Артемий Филиппович. О! Ем-дом жөнінде Христиан Иваныч екеуміздің өз шарамыз бар: табиғатқа жақын бола берген сайын жақсы болады. Қымбат дәріні

біз қолданбаймыз. Кісі деген өлейін десе онсыз да өледі, жазылайын десе онсыз да жазылады және Христиан Иванычтың олармен ұғысуы да қиын, орысша бір ауыз тіл білмейді ғой...

Христиан Иваныч. (Әлде “и”-ге, әлде “е”-ге ұқсаған бір дыбыс шығарады.)

Дуанбасы. Аммос Федорович, сіз де мекемеңізге көз салғаныңыз жөн. Ана біреу арызшылар отыратын ауыз үйге күзетшілеріңіз балапандарын шулатып қаз қамап қойыпты. Аяғыңның астында сумаңдап жүргені. Шаруаға айналу кімге болса да дұрыс нәрсе, күзетшілерге де қаз асырауға болады. Бірақ ондай жерде ұстау әнтек ыңғайсыз. Бұрын да сізге айтпақшы едім. Есімнен шыға береді.

Аммос Федорович. Ә, олай болса, оның бәрін бүгін ас үйге шығартайын. Бәлкім, бүгін біздікіне қонаққа келерсіз.

Дуанбасы. Және мекемеңізде боқтан өзгенің самсып уюлі тұратыны жаман. Дәл қағаз салған шкафтың үстінде аңшының қамшысы тұр. Сіздің аңшы екеніңізді де білем, сонда да қамшыны өзір ала тұрған мақұл, ревизор кеткен соң, орнына қайтадан ілерсіз. Және де заседателиңіз... Әрине, ол өзі көзі қарақты адам. Бірақ өзінен арақ дүкенінен жаңа шыққандай бір жаман иіс мұңкіп тұрады. Бұ да жақсы емес, мұны да айтайын деп ұмытып кетіппін. Ол өзі сүйегіме біткен иісім дейді, одан құтылуға ем бар ғой, оған пияз, не сарымсақ немесе басқа бірдеңе же деу керек. Христиан Иваныч та дәрі-дәрмек береді.

Христиан Иваныч. (Манағы дыбысын тағы шығарады.)

Аммос Федорович. Жоқ, оның ол иісін кетіруге мүмкін емес, бала күнінде әжесі мертіктіріп алса керек, содан сол арақ иісі шығып жүретін болыпты.

Дуанбасы. Әншейін ескерткенім ғой. Ішкі тәртіп жайынан, әлгі Андрей Иваныч хатында айтқан күнәлар туралы бәлен дей алмаймын. Оны айтудың да жөні жоқ. Азды-көпті күнәсіз адам кемде-кем ғой. Адамды құдайдың жаратуы солай ғой. Волтерианцтер бұл жөнде бос сөйлейді.

Аммос Федорович. Антон Антоныч, күнә деп нені айтасыз? Күнәнің де күнәсі бар. Пара алатынымды

мен жасырмаймын, бірақ, не алады десеңізші? Тазының күшігін алам. Бұның жөні басқа.

Д у а н б а с ы. Күшік болсын, басқа болсын, әйтеуір пара ғой.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Жоқ, Антон Антоныч, олай емес, мәселен біреу бес жүз сомдық ішік алса, қатыныма деп шәлі алса...

Д у а н б а с ы (*кимелен*). Тазының күшігін алғаның не керек, оның есебінде құдайдың барлығына сенбейсің? Өмірі шеркеуге басынды сұқпайсың. Мен ең құрығанда дініме берікпін. Шеркеуге жексенбі сайын барамын... Ал сендер ше? ... Сендерді мен білемін. Дүниенің жаралғанын сөз қыла бастасаңыздар, кісінің төбе шашы тік тұрады.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Бірақ өз-өзімнен, өз ақылыммен жеттім ғой.

Д у а н б а с ы. Кейде көп ақылдың болғанынан да болмағаны тыныш. Шынға келгенде, уез соты жайын, мен әншейін айтып жатырмын, анығында онда кім барады дейсің? Ол құдайдың өзі пана боп тұрған бір тәуір орын ғой. Ал, Лука Лукич, мектептерді қарастыратын сіз ғой, әсіресе, оқытушылар туралы сіз қам жеу керек. Олардың тәрбие көрген оқымысты адамдар екеніне де талас жоқ. Бірақ кейбірінің оқымыстыларға қас, жат мінездері бар. Атын ұмытып тұрмын, әне бір жалпақ беттеріңіз сабақ берерде, бет-аузын бір бүйтіп алмаса, көңілі көншімейді. (*Бет-аузын қисаңдатады.*) Сүйтеді де сақалын сипауға кіріседі. Әрине, шәкірттеріне үйткені оқа емес қой, ол енді керек те шығар, ол арасын мен білмеймін. Бірақ, өзіңіз ойлаңыз, келген ұлыққа сүйтіп бет-аузын тыржитып, сақалын сипалай берсе, сайтан біледі, не боларын.

Л у к а Л у к и ч. Оны мен қайтейін? Оған талай айттым. Өнеу күні төреміз келгенде, мен көрмеген бір тыржиюды тағы тауып алды. Ол оны жүрегiнiң жұмсақтығынан iстегенiн қайдан бiлсiн, жас буынға азат пiкiрдi неге егедi деп, менi кеп сөктi.

Д у а н б а с ы. Тарих оқытушыларыңыз туралы да айтуға міндеттімін. Оның оқымысты екені де, қайдағы-жайдағы мағлұматты жинағаны да рас. Бірақ, сабақты түсіндірем деп, қызып кеткенде, ес-түсін білмейді. Бір күні сабағын тыңдағаным бар. Ассириялықтар, вавилондықтар

жайынан сөйлегені кішкене иман-тараз еді. Ал Ескендір Зұлқарнайынға қалай жетті, солай, құдай душар қылмасын, мен өрт шығып қалды ма екен деп едім, орнынан атып тұрып, орындықты еденге құлаштап тұрып беріп еді кеп, әрине, Ескендірдің ер болғаны да рас, бірақ орындықты қиратып не керегі бар? Қазынаға зиян ғой!

Л у к а Л у к и ч. Ия, ол қызу адам, мен өзіне талай ескерттім... “Қалай десеңіз де, ілім үшін жанымды аямаймын” дейді, не дерсіз?

Д у а н б а с ы. Рас, бұ да бір тағдырдың сыры, ақылды адам не маскүнем болады, әйтпесе бет-аузын құбылтқанда иманың түршігеді.

Л у к а Л у к и ч. Құдай ілім жөнінде қызмет қылдырмасын, бәрінен қорқасың, әркім бір килігеді, бәрі де ақылды болып көрінбек болады.

Д у а н б а с ы. Ол оқа емес-ау, әлгі астыртын құдай ұрғанды айтсайшы, бір күні қапылыста келіп қап: “Е, шырақтарым, мұнда екенсіңдер ғой, мұндағы судья кім?” – “Ляпкин-Тяпкин”. – “Келтір бермен Ляпкин-Тяпкинді. Ал игілік орындардың қамқоры кім?” – “Земляника”. – “Алып кел мұнда Земляниканы” – десе, міне, пәле сонда ғой!

Екінші көрініс

Бұрынғылардың үстіне пошта бастығы кіреді.

П о ш т а б а с т ы ғы. Мырзалар-ау, келе жатқан қандай төре?

Д у а н б а с ы. Естіген жоқсыз ба?

П о ш т а б а с т ы ғы. Конторға Петр Иванович Бобчинский келіп, содан жаңа ғана естідім.

Д у а н б а с ы. Ал, немене? Бұл туралы сіз қалай ойлайсыз?

П о ш т а б а с т ы ғы. Қалай ойлайтыны бар? Түрікпен соғыс болады.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Екеуміздікі бірдей шықты. Мен де солай ойлап ем.

Д у а н б а с ы. Е, екеуіңіз де төбесінен дәл түсіпсіз!

Пошта бастығы. Рас, түрікпен соғысады, бәрін бүлдіріп отырған француз.

Дуанбасы. Ең пәлесі түрікпен соғыс! Түрікті емес, тура бізді ондырмайды. Бұл айдан жарық, менде хат отыр.

Пошта бастығы. А, онда түрікпен соғыс болмағаны.

Дуанбасы. Немене, Иван Кузьмич, сіз қалайсыз?

Пошта бастығы. Менің не қалайымды сұрайсыз? Өзіңіз қалайсыз, Антон Антоныч?

Дуанбасы. Менің не қалайым болады? Қорқыныш жоқ, азырақ неткен болмаса... Менің қысылатыным саудагерлер. Қара халық, мені қатты болды деп айтадымыс. Біреуден бірдеңе алсам, құдай біледі-ау, жек көргендіктен емес. Ал, мен ше ... *(қолтығынан ұстап былай таман апарып)* ал мен, әлде біреу шағым қылды ма екен деп те ойлап тұрмын. Әйтпесе, ревизордың бізде не ақысы бар? Бері қараңыз, Иван Кузьмич, бәріміздің пайдамыз үшін, конторға келген, кеткен хатты, азырақ бүйтіп ашып оқуға болмас па екен? Шағым ба екен, жай хат па екен, жоқ болса, қайта жабыстырып қоясыз ғой. Жапсырмай тапсырса да оқасы не?

Пошта бастығы. Білмеп, білем... Оны үйретпей-ақ қойыңыз, ондайды өзім де істеп жүрмін. Сақтық үшін емес, таңсық үшін: дүниеде қандай жат хабар болып жатқанын білуге жаным құмар. Мен сізге айтайын, хатты оқу тамаша қызық нәрсе. Кейбірін оқығанда, жаның рақаттанады, сондай неше түрлі қызық жайлар болады. Алатын тәлімнің қандай?.. Тіпті Мәскеудің газетінен де зор!

Дуанбасы. Ал, немене? Петербордан әлде бір төре келеді дегенді оқыған жоқсыз ба?

Пошта бастығы. Жоқ, Петербор төресі жайынан түк жоқ. Кастрома, Саратов төрелері туралы көп әңгіме бар. Не керек, хаттарды оқымайсыз, талай тамашалар бар. Жақында бір офицер, жолдасына бір тойды суреттеп жазыпты. Өте бір қызық, тіпті жақсы... Жан досым! Мен күнде аспанда жүргендеймін; қыз көп, күй ойнайды, туымыз жоғары деп келеді. Уай, несін сұрайсыз, ол хатты сақтап қойдым, керек болса оқып берейін.

Дуанбасы. Ой, кәзір оған уақыт жоқ, сүйтіп, Иван

Кузьмич, сіз бір мейірім қылыңыз. Зәуде шағым, не арыз жолықты ма? Оны-мұнысына қарамай басып қалыңыз.

Пошта бастығы. Шәк қылмаңыз.

Аммос Федорович. Байқаңыз, түбінде опық жеп жүрмеңіз!

Пошта бастығы. Апырым-ай!

Дуанбасы. Жоқ, жоқ, оқа емес, көпке тиетін бірдеңке істегелі тұрған жоқсыз, бұл өзі от басының жұмысы ғой.

Аммос Федорович. Ия, жаман жұмыстың ұшырағаны, Антон Антоныч. Мен сізге шынымды айтайын, сізге бір күшік сыйлағалы келіп едім. Өзіңіз білетін төбеттің туған қарындасы. Шептович пен Барховинскийдің дауласқанын сіз естідіңіз ғой. Содан бері маған рақат болды. Қоянды екеуінің жерінен де қырып жүрмін!

Дуанбасы. Қояның бар болсын, менің бар ойымдағы құдай ұрған астыртын төре. Есікті сарт еткізіп жетіп келе ме деп, қыпылдап барам...

Үшінші көрініс

Бұлардың үстіне Добчинский мен Бобчинский кіреді, екеуі де ентіккен.

Бобчинский. Керемет оқиға!

Добчинский. Күтпеген хабар!

Бәрі. Немене? Немене?

Добчинский. Күтпеген хабар!

Бобчинский (*сөзін бөліп*). Петр Иваныч екеуіміз гостиницаға кіріп келсек...

Добчинский. Е, қоя тұрыңыз деймін, Петр Иваныч, мен айтайын.

Бобчинский. Е, жоқ, сабыр етіңіз, мен айтайын...

Кішкене, кішкене... Сіздің сөзіңіз де менен көрі не ғой.

Добчинский. Сіз енді шатастырып түгел айта алмайсыз.

Бобчинский. Түгел айтам, құдай біледі, түгел айтам. Жалғыз-ақ сіз бөгет қылмаңызшы, тақсырлар-ау, марқамат етіңізші, Петр Иванычқа бөгет қылма деңізші.

Дуанбасы. Япыр-ай! Айтыңдаршы, құдай үшін немене, жүрегім тулап барады, отырыңыздаршы, мырзалар,

орындық алыңыздар! Петр Иваныч, міне, сізге орындық. (*Бәрі екі Петр Иванычты қамалай отырысады.*) Ал не? Немене?

Б о б ч и н с к и й. Кішкене, кішкене, мен бәрін де рет-ретімен... Сізден қалай айрылдық солай, әлгі манағы бір хатты алып, сіздің кішкене, ажарыңыз бұзылды ғой, я содан кейін мен жүгіріп, тәңір жарылқасын, Петр Иваныч, сөзді бөлмей тұра тұрыңызшы, мен бәрін, бірін қалдырмай айтып берейін! Мен содан кейін жүгіріп, Коробкиндікіне бардым. Коробкиндікіне барсам, үйінде жоқ екен, содан шығып Растаковскийдікіне бұрылмайын ба? Онда барсам, о да жоқ екен. Содан шығып мына Иван Кузьмичтікіне кіріп, сіздің манағы жаңа хабарыңызды айтып, жаңа ғана шығып келе жатқанымда, жолда Петр Иванычқа жолықтым.

Д о б ч и н с к и й. Самса сататын буткенің қасында...

Б о б ч и н с к и й. Самса сататын буткенің қасында Петр Иванычқа жолыққан соң, Антон Антоныч бір сенімді адамнан хат алыпты, сондағы жаңа хабарды естідің бе дедім. Бақсам, Петр Иваныч менен бұрын сіздің әлгі Авдотья дейтін, аспапшы қыз бар ғой, не жұмысқа барғанын білмеймін, сол Филипп Антонычтікіне барған екен, содан естіпті...

Д о б ч и н с к и й (*сөзін бөліп*). Француз арағын құятын күбі шелекке барыпты.

Б о б ч и н с к и й (*оның қолын сермеп жібереді*). Француз арақтың күбі шелегіне барыпты. Міне, сонымен Петр Иваныч екеуміз Почечуевтікіне бардық... Енді сіз, Петр Иваныч, тәңір жарылқасын, кішкене сөзді бөлмей тұра тұрыңызшы... сабыр етіңізші... Почечуевтікіне келе жатқанда, жолда Петр Иваныч айтты: трактирге кірсек қайтеді; менің қарнымның... таң атқалы дәнеңе жеген жоқ едім, қарным қоңылтақсып келе жатқаны... деді. Ия, Петр Иванычтың қарны... “Трактирге бүгін жаңа балық келді, содан кішкене тамақтанайық” деді... Гостиницаға кіруіміз-ақ мұң екен, жалма-жан бір жас жігіт...

Д о б ч и н с к и й (*сөзін бөліп*). Келбеті жап-жақсы, киімі төре емес, жай адамша.

Б о б ч и н с к и й. Келбеті жап-жақсы, киімі жай адамша. Бөлмеде олай бір, бұлай бір аяңдап жүр. Түрінде бір түрлі пайымдылық, дидары, қылығы, міне жері (*маңдай тұсын*

қолымен бұрғылап), бәрі-бәрі де мол. Мен сезгендей-ақ Петр Иванычқа: “Мынау сірә тегін емес-ау” дедім. Я сүйткенше болмады, Петр Иваныч қолымен ымдап, трактирдың бастығы әлгі Власты шақырып алды. Оның өзінің жақында қатыны ұл тауыпты, баласы ойнақшып тұр, о да әкесіне трактиршы болар. Сол Власты шақырып ап, Петр Иваныч: “Мына жас жігіт кім?” деп ақырын сұрамасын ба. Влас: “Бұл”, деді... енді кішкене, Петр Иваныч, жаңсақтатпай тұра тұрыңызшы, бұл жерін сіз айта алмайсыз, құдай біледі айта алмайсыз; сіз сызғырып кетесіз, мен білем ғой, сіздің бір тісіңіздің ақауы бар. Бұл жас жігіт төре, деді. Петербордан келеді. Аты-жөні Иван Александрович Хлестаков, деді. Өзі Саратов губерниясына бара жатыр, деді. Мінезі бір түрлі жат адам, келгелі екі жұма боп барады. Трактирден ешқайда бармайды, бәрін қарызға алады, бір тиын төлегісі келмейді, деді. Со сөзді маған қалай айтты, солай құдай есіме сала қойды. “Е” дедім Петр Иванычқа.

Д о б ч и н с к и й. Жоқ, Петр Иваныч, “е” деген мен емес пе ем?

Б о б ч и н с к и й. Әуелі сіз айттыңыз, сонан соң мен айттым ғой, Петр Иванычпен екеуміз қосылып “е” дедік. Баратын жері Саратов губерниясы екен, мұнда бостан-бос жатып құтырып кетіп пе дедік. Ия, ал әлгі төренің өзі осы.

Д у а н б а с ы. Кім? Қай төре?

Б о б ч и н с к и й. Әлгі өзіңіз хабарын алған төрені, ревизорды айтам.

Д у а н а с ы (қорқып). Не дейсіңдер? Жаратқан-ау, ол емес.

Д о б ч и н с к и й. Сол, сол, әрі ақша төлемейді, әрі ешқайда бармайды, сол емей кім дейсіз? Жол қағазында Саратовқа барады депті.

Б о б ч и н с к и й. Сол, құдай біледі, сол. Бір түрлі байқағыш, қадала қарайды. Біз Петр Иванычпен екеуміз балық жеп отыр едік, Петр Иванычтың қарны қоңылтақсыған соң... ол келіп, біздің төрелкемізге қадала қарай қалып еді, менің тіпті зәрем ұшып кетті.

Д у а н б а с ы. Ой, жасаған-ай! Кешіре көр біздей күнәһар бәнденді, онда қайда тұрады екен?

Д о б ч и н с к и й. Сатының астындағы бесінші нөмірде тұрады.

Б о б ч и н с к и й. Былтырғы, әлгі жолаушы офицерлер төбелесетін нөмірде.

Д у а н б а с ы. Көптен мұнда ма екен?

Б о б ч и н с к и й. А, екі жұмадай болыпты.

Д у а н б а с ы. Екі жұма (*теріс қаран*), әкем-ау, көкем-ау, жар бола көр, әулиелер демей көр. Бұл екі жұманың ішінде унтер-офицердің қатынына дүре соғылды. Арестанттарға азық берілмеді. Көше толған арақ, кабак, боқтық, масқара! Қорлық-ай, қорлық. (*Басын құшақтай алады.*)

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Енді қайттік, Антон Антоныч? Түгелімізбен гостиницаға бару керек.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Жоқ, жоқ! Әуелі басшыларды, дін басыларды, саудагерлерді жіберу керек...

Д у а н б а с ы. Жоқ, жоқ, жоқ, өзіме қоя беріңдер, талай қиын-қыстау жерлерден аман өтуші ем. Тіпті алғыс та алушы ем, бұ жолы да құдай жар болар. (*Бобчинскийге қаран.*) Сіздер жас кісі дедіңіздер ме?

Б о б ч и н с к и й. Жас жігіт, жиырманың не үшеуінде, не төртеуінде. Болса одан сәл артық болар.

Д у а н б а с ы. Онысы бір тәуір екен. Жастың сырын тезірек білесің ғой. Пәле, көрі шөгел ғой. Жастың тетігі сыртында. Мырзалар, сіздер өз жұмыстарыңды қамдай беріңіз, мен өзім жалғыз немесе мына Петр Иванычпен болса да жөнелейін. Екеуміз қыдырып жүріп кірген кісі боп, жолаушылардың қамын жеген боп барайық. Уай, Свистунов!

С в и с т у н о в. Не бұйырасыз?

Д у а н б а с ы. Бар дереу приставқа... тұра тұр, немесе маған керек екенсің. Анда біреуге айт, тез барып маған приставты алып келсін, өзің мұнда кел. (*Кварталшы сасқалақтап тұра жүгіреді.*)

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Жүрелік, Аммос Федорович, шын пәле боп жүрмесін.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Сіз неден қорқасыз? Ауруларыңа таза қалпақ кигізе салсаң болғаны да.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Қайдағы қалпақ, ауруларға бүгін сұлы көже берілмек еді. Ал бізде сенек біткен капуста сасып жатыр, мұрын жарады.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Бұ жағына келгенде мен тиышпын, айтты-айтпады, уездік сотқа кім келеді дейсіз?

Ал, әлде бір қағазға көзі түсіп кетсе, өзі де атып шығар. Міне мен сот болғалы он бес жыл болды. Баяндама хатқа қалай көзім түсті ме, ә деп (*қолын бір сілкіп*) қолды бірақ сермеймін. Оның ішіндегі шыны қайсы, өтірігі қайсы екенін Сүлеймен пайғамбарың да айыра алмас. (*Судья, игілік орындарының қамқоры, мектептердің бастығы, пошта бастығы келе жатқан кварталшымен соқтыға-моқтыға есіктен шығады.*)

Төртінші көрініс

Бобчинский, Добчинский, кварталшы.

Д у а н б а с ы. Немене? Арба даяр ма?

К в а р т а л ш ы. Даяр!

Д у а н б а с ы. Бар, көшеге шық. Жоқ, тоқта, бар, әпкел!.. Өзгелерің қайда? Жалғыз сен ғанамысың? Прохоров та мұнда болсын деп едім ғой. Ол қайда?

К в а р т а л ш ы. Прохоров жай бір үйде. Бірақ қазір әжетке жарамас.

Д у а н б а с ы. Қалай, не ғылып?

К в а р т а л ш ы. Сол, таңертең сілейте мас қып алып келді, үстіне екі күбі су құйылды, әлі айыққан жоқ.

Д у а н б а с ы (*басын құшақтап*). Әй, құдай-ай, ұмтыл көшеге тезірек. Жоқ, жоқ, жүгір әуелі бөлмеге, есіттің бе, әпкел қылышым мен жаңа қалпағымды. Кәне, Петр Иваныч, жүрейік.

Б о б ч и н с к и й. Мен де, мен де... Мені де ала барыңыз, Антон Антоныч.

Д у а н б а с ы. Жоқ, жоқ, Петр Иваныч, болмайды, лайықсыз және арбаға да сыймайсыз.

Б о б ч и н с к и й. Оқа емес, оқа емес, мен, тек қораз, қораз құсап арбаның артынан жүгіріп отырам ғой, маған тек кішкене тесіктен, есіктен сығалап... Оның неткенін көріп тұрсам болғаны ғой...

Д у а н б а с ы (*қылыш алып, кварталшыға қаран*). Жүгір дереу, онбасыларды алып, әрқайсысы не алсын... Ей, қылышым да айғыз-айғыз, антұрған Абдул саудагер, дуанбасының қылышы тозғанын көре тұра, жаңа қылыш

та жібермейді. Ой, сайқал халық-ай, зәлімдер! Әлде етек астынан арыз дайындап жатпағанын кім біледі? Әрқайсысы қолдарына бір-бір көше... Алсын... түү... шайтан... көше емес. Бір-бір сыпыртқы алсын, барлық трактирге баратын көшені тап-таза қып сыпырсын. Ұқтың ба? Сен көзіңе қара, сен, сен, білем мен сені. Сен олармен келіскенсің. Қоншыңа жасырып, күміс қасықты тығып қайтасың. Байқа, менің құлағым сақ. Купец Черняевқа не қылғаныңды білесің бе, а? Ол саған мундирге екі кез шұға ал десе, сен тобымен алып кетіпсің. Байқа, бойыңа шақтамай аласың, бар!

Бесінші көрініс

Бұлардың үстіне пристав кіреді.

Д у а н б а с ы. Степан Ильич? Құдай үшін, айтыңызшы, қайда жоғалып кеттіңіз? Мұныңыз не?

П р и с т а в. Мен осы қақпаның сыртында ғана едім.

Д у а н б а с ы. Ал, бері қараңыз, Степан Ильич! Петербордан төре келіпті, сіз қандай жарлық бердіңіз?

П р и с т а в. Сол өзіңіздің бұйыруыңызша кварталшы Пуговицынді онбасыларға қосып, тратуар тазалауға жібердім.

Д у а н б а с ы. А, Держиморда қайда?

П р и с т а в. Держиморда өрт сөндіретін моржаға мініп кетті.

Д у а н б а с ы. Прохоров мас па?

П р и с т а в. Мас.

Д у а н б а с ы. Сіз оны қалай байқамадыңыз?

П р и с т а в. Құдай білсін, кеше қаланың сыртында төбелес болып, тәртіп орнатуға сонда барып еді, содан мас боп қайтты.

Д у а н б а с ы. Тыңдаңыз, бүйтіңіз, кварталшы Пуговицыннің бойы зор ғой, ол көпірде тұрып тәртіп сақтасын. Етікшінің жанындағы дуалды дереу құлатып, орнына саламнан қарақшы қойылсын. Қала жаңа планмен түзетіліп жатқанға ұқсасын. Тегі солай құлатылғандар көп болса, дуанбасы іскер екен деп ойлайды. Ой, өттеген-ай, мен ұмытып кетіппін-ау, сол қораның жанында қырық

арбадай боқтық жатыр еді, құдай-ау, неткен былапыт қала. Бір жерге я бір ескерткіш орнатсаң, я бір жай дуал салсаң болғаны, қайдағыны қайдан әкеп төгіп тастайтынын білмейсің. (*Күрсінеді.*) Ал келген төре солдаттардан “ризасыңдар ма?” деп сұрай қалды бар ғой: “Бәріне ризамыз, ваше благородие” десін. “Риза емеспін” дейтіні болса, кейін риза еместің әкесін танытармын. Oh, oh, oh, күнәміз бастан асып жатыр. (*Қалпағым деп қалпақтың қабын қолына алады.*) Тек құдай тағала аман өткізсін. Ондай күн болса, жолыңа бұрын жақпаған шырақ жағар ем. Әрбір сұм саудагер басына үш пұт балауыз шамнан салық салар ем. Ой, құдай-ай, құдай-ай, жүрейік, Петр Иваныч. (*Қалпақ орнына қабын кимек болады.*)

Пристав. Антон Антоныч, мұныңыз қалпақ емес, қабы ғой.

Дуанбасы (*қабын лақтырып жіберіп*). Қабы болмақ түгіл, сайтаны болсын. Егер игілік мекемесінің жанындағы шеркеу неге соғылмаған деп сұрай қалса! Шеркеуге ақша берілгеніне бес жыл болды ғой, ұмытпай айтып қой. Жаңа салып жатқанда өртеніп кетті десін. Мен бұл туралы рапорт та түсіргем. Кім біледі, біреуі сандырақтап “басталған да жоқ” деп салар. Және Держиморда жұдырықты бет алды жұмсай бермесін де. Тәргіп жөні осы деп, жазығы барға да, жоққа да сілтеп, көзін шоқпардай қып қоятыны болатын. Жүрейік, жүрейік, Петр Иваныч! (*Кете түсіп қайтып келеді.*) Ал, көшеге жалаңаш шықпасын. Ол иттер ішіне дым кимей көйлектің сыртынан мундир кие салатыны болатын. (*Бәрі кетеді.*)

Алтыншы көрініс

Анна Андреевна мен Марья Антоновна жүгіріп кіреді.

Анна Андреевна. Қайда, әлгілер қайда? Әй, жасаған-ай (*терезені ашып*), әй, әй деймін, Антоша, Антон! (*Жыпылдата сөйлейді.*) Бәрі сенен, бәрін қылған сен, “түйреуішім”, “шашпауым” деп күн ұзын айналдырып... (*Әйнекке жүгіріп барып дауыстайды.*) Антон! Қайда кеттің?

Қайда? Немене? Келді ме? Ревизор? Мұртты ма? Мұртты қандай?

Д у а н б а с ы. Қоя тұршы, Машенька! Қоя тұр.

А н н а А н д р е е в н а. Қоя тұр! Міне, қызық. Қоя тұр, қоя тұрың керек емес. Маған бір-ақ ауыз сөз керек: полковник пе өзі, ә? (*Тыржиып.*) Кетіп қалды. Тұра тұр, асықпа, есіне түсірермін. Бәрі мынадан. “Маматай, маматай, тұра тұр, шашымды артынан түйрейін, кәзір, кәзір” деп болсыншы. Міне, саған, “кәзір” міне, түгін де білмей қалдық. Бәрі сенің қылымсығаныңның қырсығы! Пошта бастығы келді деп ести қап еді, айна алдында, ал кеп қылтыңда, ал кеп сылан. Біресе мына жағы, біресе ана жағымен қырындап, өзіне құмар деп мардамсиды. Ол саған пысқырмайды да, сырт айналсаң бетін тыржитады.

М а р ь я А н т о н о в н а. Маматай, қайтеміз енді? Бәрі бір, екі сағаттан соң, бәрін де білеміз.

А н н а А н д р е е в н а. Екі сағаттан соң? Қатқаныңның басы. Ой, шіркіннің жауабы-ай! Бір айдан соң білеміз деп неге айтпайсың. (*Әйнекке асылып тұрып.*) Әй, Авдотья! Ә? Немене? Сен естідің бе, Авдотья, келген кім екен? Естігем жоқ! Есер күң, қолын сілтейді. Сілтей берсін, сұрап қалсаң етті. Соны біле алмағаның. Есіл-дертің күйеу ғой, а? Тез жүріп кетті? Арбасының артынан жүгірсең етті. Бар, бар, жылдам, есіттің бе, жүгір, ұш, сұрап қал, қайда барады екен, жақсылап сұра! Келген кім екен, келбеті қандай, естідің бе? Тесіктен сығала, бәрін біліп кел, көзі қандай екен, қара ма, көк пе екен. Біл де дереу қайт, естідің бе? Тезірек, тезірек, тезірек, тезірек! (*Шымылдық түскенше тезірек деп айғайлап тұрады, шымылдық түскенде екеуі де әйнек алдында тұрып қалады.*)

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Аударған – Мұқтар

ШЕВЧЕНКО

(1814—1861)

Тарас Григорьевич Шевченко — Украинадағы құл крестьянның (крепостной) ең бір езілген тобынан шыққан адам.

Ақынның өзімен бірге туған ағалары әуелі байдың құлы боп еңбек етіп жүріп, артынан сол заманның заңы бойынша, ұзақ жылдарға солдаттыққа жіберілген. Апа, қарындастары батырақ боп күн кешкен. Тоғыз жасынан бастап сондай ауыр өмірдің зәрін ақынның өзі де татады. Бірде қойшы, бірде поптың батырағы, бірде помещик-мырзаның малайы боп күн кешеді. Тарас жасынан суретшілікке бейім еді. Сол өнерін байқаған помещик, бұл құлын өнерпаз қып ап, керекке жаратпақ боп, бұны Петербургтегі бір бояушы мастерге “жалдамаға” береді. Сонда жүріп сәті кеп, Соченко деген суретшінің көзіне түсіп, жас жігіт ақын мен суретшілердің арасына кіреді.

Бұған сол күндегі атақты суретші Брюллов пен ақын Жуковский көмек етеді. Осы екеуінің талабы бойынша, Шевченко үшін оның қожасына 2500 сом төленіп, жас жігіт құлдықтан азат боп шығады. Тарас суретшілік академиясына оқуға кіріп, Брюлловтың ең сүйікті шәкірті болып алады. Шевченко өмірінің аз жылдық бақытты дәуірі басталады. Петербургтің мәдениетті қауымының арасына кіріп, әрі суретшілік, әрі ақындық талантын жарыққа салып, дами бастайды. Осы дәуірде, 1840 жыл мен 1847 жылдар арасында: “Қобызшы”, “Гайдамактар”, “Катерина”, “Наймычка” деген шығармалары басылады. Шевченконың атағы зораяды.

Бірақ ол осы жағдайда ұзақ дәурен сүре алмайды. 1847 жылы абақтыға жабылады. Патшалыққа қарсы боп жазған саяси өлеңдері табылып, он жылға жаза кесіледі. Әуелі ықтиярсыз солдаттыққа беріліп, Орынбор маңына айдалады. Артынан Закаспий далаларына, бүгінгі Ақтөбе облысына

айдауға жіберіледі. Әрі ақын, әрі суретші Шевченкоға енді өлең жазуға да, сурет салуға да рұқсат етілмейді. Бірақ он жылдық ауыр жазаға қарамастан, Шевченко бұл уақытта көп көркем шығармалар туғызады. Украин тілінде жазған өлеңдерінен басқа орыс тілінде де әлденеше поэма, әңгімелер шығарады. Ол күнгі қазақ даласында, Қосарал деген жерде (Ақтөбе облысында) тұрып жазған талай шығармалары бар.

Ірі суретші Шевченко өзінің суреттерінде де сол поэзиядағы бағытын қолданады. Қазірде ол салған суреттердің 800-дейі жиналған. Шебер суретші болғандығы үшін ол көркем өнер академиясының академигі, мүшесі боп та сайланған.

1857 жылы жазалы он жылы бітіп, жеріне қайтса да, Шевченко жандармдардың бақылауынан құтыла алмады. Он жыл бойындағы айдауда көрген азап, бейнет ақынның денсаулығын жойған еді. Басына азаттық алған соң, үш-ақ жыл өмір сүрді.

Бұл жылдарда Шевченко, бұқараның көсемі болған революцияшылы Чернышевскиймен жақындасады. Еврейлерге қарсы үндеу таратқан ескішіл “Иллюстрация” деген журналды мінеп, ереуіл көрсетіп, Чернышевскиймен бірге қол қояды.

Өкімет 1861 жылдың реформасын әзірлеп жүрген кезде Чернышевский, бұдан крестьянға келетін түк пайда жоқ деп түсінген. Ол Лондондағы Герценге: “Орыс халқын балтаға, балтаға ұмтыл деп үгіттеңіз!” – деп жазады. Шевченко Чернышевскийдің осы бетін қуаттап, “Жоқ, мен ауру емеспін” деген өлеңінде крестьян атаулыны революция жасауға үндейді.

Орыстан, украиннан, поляктан шығып жаңағы жаңалық болмысты мақтаған, либерал, құлшылдар болса – соның бәрін Шевченко аямай ұрады. “Игілік күтпе, көксеген еркіндігі келер деп дәмеленбе, ол ұйқыға батты. Николай патша оны ұйықтатты” дейді. Енді өздерің оны “балтамен оятыңдар” дейді.

Герцен Шевченко туралы сөйлегенде: “Бұл, халық ақыны ғана емес, оның үстіне бостандық үшін алысқан саяси қайраткер”, – деп бағалаған.

Шевченконың абақтыға алынғандағы документтеріне қарасаң да және басқа толып жатқан фактілерін байқасаң да, бұның езілген крестьян арасында және Николай

армиясының солдаттарының арасында үнемі үгіт таратып жүргенін көресің. 1861 жылдың февралында ақын қайтыс болды. Сүйегі Украинада Канаев қаласының тұсында, Днепр жағасына қойылды. 1935 жылы Харьковта Украинаның ұлы ақынына ескерткіш қойылды.

Шевченко “қоғамдық, ұлттық езгіні көрген крестьян көпшілігінің революцияшыл бұқарашыл қозғалысының жыршысы”. Бұның шығармаларында құлдық жағдай мен патшалықтың ұлт саясаты арқасында қатты езгі көрген құл крестьянның өмірі үлкен шындықпен суреттеледі.

Өзі де қалың бұқара ішінен шығып, көп тепкі көргендіктен, Шевченко патшаға, помещикке және басқа түрлі қанаушыларға өзінің таптық қарсылығын айқын қып, ашық қып айтады. Украинадағы құл крестьянның өмірін, ойын, сезімін, үмітін Шевченко поэзиясы ашық көрсетеді. Ақын сол бұқараның жыршысы. Өзінің бірталай шығармасын “Қобызшы” деген атпен шығару себебі де содан. Поэзиясының түп-тамыры — халық өнеріне, халықтың әңгіме, жыр, өлеңіне сүйенгендікті білдіреді. Бірақ арғы түбі сондай қордан шығумен қатар Шевченконың өз талантының тереңдігі, ірілігі және мәдени, саяси білімінің молдығы бұның поэзиясын ірі дәрежелі көркемдікке жеткізген. XIX ғасырдағы дүние жүзі әдебиетінің алдыңғы қатарына қосылған шығарманың бірі осының шығармалары болады.

Шевченко поэзиясының негізгі сарыны — халықтың бақыты үшін күресу. Еңбекші крестьянды қанаған патша, пан-помещик, жуан бар-барлығына қарсы шыққан сарын.

Шевченко поэзиясының негізгі сарынын айқын қып, көңілге қонымды етіп көрсететін шығармасы — “Түс” деген поэма. Бұнда ақынның таптық пішіні, ой-ниеті, сезім-санасы баданадай боп тұрады. Поэмасын түс түрінде жазып, Шевченко I Николайдың дәуірін, крестьян құлдығының ауыртпалығын, полицей билеген қараңғы күннің жайын толық суреттеп береді.

Патшалықтан халықтың көрген қорлығы күшті. Бірақ сол бұғауды үзетін кім? Ақын оқыған зиялыларға сенбейді. Барлық құрметтегені “декабристер” еді. Бірақ олардың ізін басқандар жоқ. Сондықтан ақын жалғыз халықтың өзіне ғана, келесі ұрпаққа ғана сенеді.

Бұл поэма — ақынның ең революцияшыл шығармасының

бірі. Баспаға Шевченконың өзі өлгеннен кейін барып шықты. Поэмасында қанаушы тапқа қарсылығы, еңбекші крестьянға барын салып, тілектес боп жаны ашуы ерекше.

Ақын өзге шығармаларында да осылайша жырлайды. Барлық жерде бұқараның досы, қанаушылардың қасы боп шығады.

Революцияның жеңетініне Шевченко барынша сенген. Сол сенімін “Өсиет” деген (1845 жылы жазылған) өлеңінде өте күшті қып айтады. Өзі өлген соң, денесін “Сүйікті Украинасының” топырағына, Днепр жағасына көмуді өсиет ете кеп:

Аттанындар көмгесін,
Үзіндер бұғау темірді!
Жау қанымен сұғарып,
Өсіріндер өмірді!
Мені де ұлы отанда,
Жаңа ел, үлкен өлкеде
Ескеріндер ұмытпай,
Шапағатпен әр кезде! —

дейді.

“Ұлы өлке, еркін дүние” дегенді Шевченко қай түрде түсінген? Дәлдеп, ашып айтамын дегенде, ол құл крестьянның үмітін, мұңын өзінше шешеді. Өз меншігіндегі жеке шаруасы болғанын қиял етеді. Өз егіндігі, өз қорасы болсын, дейді.

Шевченконы өсірген қоғамдық орта — Украинның құл крестьяндарының ортасы. Сол бұған ұлтшылдықты да, ұсақ байшылдықты да сіңіреді.

“Ақсүйектер монархиясы мен помещиктер қожалығына барынша қарсы алысқанмен, ол байшылдық құрылыстың түп негізіне қарсы шықпады, шыға да алмады. Анығында Шевченко буржуазды демократ (бұқарашыл) еді” (Шевченконың туғанына 120 жыл толған күні Украина Коммунист партиясының Орталық комитеті жанындағы үгіт, мәдениет бөлімінің тезисінде осылай деп баға берілген).

Біздің заманымызға Шевченконың пайдасы, оның құлдық дәуірінің ауыртпалықтарын үлкен шындықпен көрсетуінде, революцияшыл жырлармен әсерлі етіп көрсетуінде. Шевченконың поэзиясы құлдық дәуірінде революция бағытына беттеген крестьян атаулының үні есепті болады.

ҚАЗЫЛҒАН ҚОРҒАН

Ұлы өлкем Украинам,
Қиратты сені не үшін!
Өлесің, анам, сен неге,
Әлі де ерте күн шықпай,
Табынбап па еді тәңірге?
Ұлдарыңа табансыз
Үйретпеп пе ең әлі де –
Әдет-ғұрып өнерге?
“Дамыл таппай күн-түні,
Табынғанмен тәңірге,
Кірпік қақпай ұйықтамай,
Балаларым баққанмын
Үйретіп ғұрып-өнеге.
Өсіп менің ұлдарым,
Ашылып әсем гүлдерім,
Жасаған жақсы бір кезде,
Ей, ақылсыз Багданжан³,
Менен туған сен бала,
Қарашы ел мен жеріңе.
Қарашы сені әлдилеп
Өсірген мендей анаң!
Әнге қосып тағдырды,
Күтіп, тілеп бостандық,
Жылаған өксіп зарлана!
Әй, Багданым, Багданым!
Білсем мұндай боларын,
Тұншықтырып баурымда,
Өлтірмес пе еп мен ғана!
Жат елдерге – неміске
Сатылды менің кең далам.
Жат жұмыста, жат елде
Жүр бұл күнде өз балам.
Туысым менің Днепр,
Суы қайтқан, тартылған,
Тастады мені артына,
Келместей болды қалпына.
Мейлі қазсын, ақтарсын,

Таппайды онан керегін,
Оған дейін есейіп,
Ала аяқтар жетілсін.
Патшаға берсін көмегін,
Орындасын дегенін,
Әз анаданды көмуге,
Асығындар, залымдар,
Денесінен көйлегін
Сыпырындар, алындар!”
Ашылған қорған үңірейген,
Төрт жағынан қазылған,
Іздейді олар не содан?
Не қалды екен атадан?
Табыла қойса алдынан
Іздегені моладан⁴.
Еңіремес ед бала да,
Үн шықпас ед анадан.

*1 март 1843 ж.
Аударған – Әбділда*

ӨСИЕТ

Өлгенде мені көміңдер,
Қорғанға биік жерімде,
Кең далалы жазира,
Сүйікті, туған елімде.

Үйткені биік таулары,
Днепр мен кең дала
Көрінсін де, естілсін!
Судың шуы айнала.

Ақса қаны дұшпанның
Украиннан езілген,
Ағып сумен аралас,
Қосылса көк теңізбен.

Тастап сонда тау-тасты,
Тәңірге ұшам, табынам,
Оған дейін тәңіріні
Ешқашан да таныман!

Аттаныңдар көмгесін,
Үзіңдер бұғау темірді!
Жау қанымен суғарып,
Өсіріңдер өмірді!

Мені де ұлы отанда,
Жаңа ел, үлкен өлкеде
Ескеріңдер ұмытпай,
Шапағатпен әр кезде!

Аударған – Әбділда

УКРАИНАМДА — ЕЛІМДЕ

Украинамда — елімде,
Болмаймын ба, болам ба?
Еске алар ма әлде кім,
Жат өлкеде жүргенде,
Әлде ұмыт қалам ба?
Бәрі де маған емес мұң,
Жаны ашымас жұртым мен
Арасында жат елдің
Еріксіз өстім, есейдім,
Өлемін зарлай еріксіз,
Ала кетем бәрін де,
Біткен күнде шын демім.
Украиндай қымбатты,
Байтақ өлкем, елімде,
Қалдырмаймын ізімді
Өз мекенім — жерімде.
Естен мені шығарар,
Әке менен бала да.
“Украинға езілген,

Арнап дұға оқы” деп,
Айтпас әке балаға.
Оқыр ма бала дұғасын...
Бәрі бір ғой мен үшін,
Бірақ улы жыландар
Украинды арбаса,
От ішінде оятса...
Осы қиын мен үшін.

*Петербор, 1884 ж.
Аударған – Әбділда*

АСПАН ТАРҒЫЛ

Аспан тарғыл, толқын жуас,
Жатыр өзен сұлаған,
Желсіз қамыс бұғып басын
Бейне мастай құлаған.
Тәңірім ие, көп жатам ба,
Кең түрмеңде, далаңда,
Аралыңда сорлы теңіз
Өтіп өмірім қалам ба?
Тілсіз, үнсіз жаншылғандай,
Далада шөп сарғайған.
Айтпайды олар маған шынын,
Сұрарлық жоқ өзге жан.

*Қосарал, 1848 ж.
Аударған – Әбділда*

ЖАТ ӨЛКЕДЕ

Жат өлкеде қартайдым мен,
Өстім жат боп – жат елде.
Жоқ сияқты еш жақсылық,
Жат боп жалғыз жүргенде.
Міскін ғарып Днепр мен

Кең, байтақты жерімде,
Бар сияқты шын жақсылық
Өзің жоқта сол елде...
Жолым түсіп жақын кезде
Украинда болдым мен,
Ауыр күнде анам мені
Күткен елді көрдім мен.
Баламенен ұзақ күнде
Тауып анам шырағын⁵,
Жалбарынып Мариямға⁶
Тілеп ізгі сұрағын,
Жалынғанда әулиеге,
Жағып тапқан шырағын,
Жетсін, өссін мұратына —
Дейтін, ұлым шырағым!
Жайлы күнде қайтқаныңыз
Жақсы бопты, жан ана.
Бұлақтарды қурай басқан,
Өртенгендей үй-орман.
Ел-азамат естен танған,
Езушіге бас ұрған,
Көргенімде бұл қорлықты,
Өксіп-өксіп жыладым.
Кеттім және жат өлкеге,
Жалғыз ғана бір жер емес,
Жетпеген соң шыдамым.
Барлық өлке жерімде:
Сұмдардан ел киген қамыт,
Бас ұсынған өлімге,
Қамыт киген казак ұлы⁷,
Ішкен қулар ел қанын.
Сатқызады помещикке
Жұрттың соңғы дамбалын.
Өте жаман қасіретті
Бұл далада текке өлу,
Одан да ауыр Украинда,
Көру, шыдау, күңірену.

Днепрде нәрестедей
Емшек емген, тойынған,
Сүйеді ол Украинды
Өседі ауыл бойынан.
Сол өсетін ауылдардың
Шаттанар еді елі де,
Қалмаса ірі мырзалар
Украинның жерінде!

*Қосарал, 1848 ж.
Аударған – Әбділда*

ЖЕЛ ШАТЫРЫ ЖЕЛПІЛДЕГЕН

Жел шатыры желпілдеген!
Көтерілді кең кемедең,
Қоға аралап Сырдарияға
Жылжитты көк толқынменен.
Қош, бишара, Қосаралым!
Болдың ортақ тап екі жыл.
Қарғыс атқан қайғыменен,
Рақмет “достым”, мақтан сен де,
Тауып саған жұрт келгенде,
Билеп сені іске асырып,
Елегенге кез келгенде.
Қош бол, достым, сені сөгу,
Яки мақтау болмас менде.
Мүмкін өткен қасіреттерді
Еске алармың, ойланармың,
Жүрген кезде бөтен елде.

*Қосарал, 1849 ж.
Аударған – Әбділда*

ЖАТҚАНДЫ ЕШКІМ ҰРМАЙДЫ

Жатқанды ешкім ұрмайды,
Жатуға тағы болмайды.
Саған, қаншық, сөзіміз⁸,
Баламыз бар, өзіміз,
Ол жетпесе көп халық,
Барлығы нәлет айтады...
Айтып қана қоймайды,
Күшіктерге сен тапқан
Түкіреді қайнап қан,
Қайғы, сана, азап-ай!
Өткелден қашан өтерсің?
Әлде патша, министр,
Барлығы сені құл етіп,
Деймісің улап өлтірсін?
Улап олар өлтірмес!
Ашылса да араны...
Жиналып алып көп халық,
Ақырын ғана қозғалып,
Кесірсіз етіп, патшаны –
Жендетке алып барады!

Петербор, 1860 ж.

НЕКРАСОВТЫҢ ӨМІРІ

(1821—1877)

“Таптар тартысы айқындалып, революцияға жақындаған кезеңдерде ескі қоғам ішінде, үстем тап арасында ыдырау процесі өте күшейеді, өте айқындалады; сондықтан үстем таптың кейбір бөлімі онан айырылып шығып, болашақтың туына ие революцияшыл тапқа қосылады”, — деп, “Коммунистік манифесте” данышпан ұстаздарымыз К. Маркс пен Ф. Энгельс айтқан.

Туысы ақсүйек, крепостной усадьбада ақсүйектік мәдениет ықпалында өскен Некрасов 50—60-жылдарда революцияшыл шаруа көпшілігінің мүддесін көрсеткен шаруа демократиясының ірі ақыны болып шығады. Ол кезде Некрасов Чернышевский, Добролюбовтармен бірге жұмыс істеген. Некрасовтың аты да олардың аттарымен қоса аталған. Некрасов “Современник” деген журналдың редакторы болған.

Некрасовтың туыс жөнінен өзіне жат таптың тұрғысына шығуына екі жағдай себеп болған. Олар мыналар: 1. Әкесімен араздасып, айырылып шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайлары; 2. Ол уақыттағы разночинецтер — Белинский, Чернышевский, Добролюбовтардың тигізген әсерлері.

Некрасов 17 жасында әкесінен бүтіндей айырылып, 1838 жылы Петербургке келген. Қаржысыздықтан әуелгі мезгілде Петербургте тұру ақынға өте ауыр болған. Көбіне ашығып, қонуға жер таба алмай, қайда болса сонда түнеп жүріп Некрасов разночинец оқығандардың шеккен барлық азаптарын басынан кешірген. Оның аштан өлмеуіне тек еңбек керек болған.

Сондықтан ол тынымсыз жұмыс істеумен болады. Он түрлі жасырын атпен ұзақ өңгімелер, пьесалар, өлеңдер, мақалалар жазған. Басқармалардың тапсырмасымен жазып тұратын ақынға айналған. Бірақ бұл еңбек Некрасовқа

жеткілікті қаражат құрай алмаған. Тек 1844—1846 жылдарда жазып, бастырып шығарған шығармалар жинағы ғана ақынның тұрмысын аздап түзеген. Дәл осы, жалғыз тамақ үшін жасаған ауыр жұмыс Некрасовтың адамдық мінезін өзгертіп, қайта жасайды. Жалқаулығын, балпаңдығын, жатыпшіерлігін жойып, іскерлігін, тәуекелшілдігін, ыждағаттылығын арттырған. Ол Петербург кедейлерімен араласа танысу, ақынның заманындағы қоғам құрылысына, еңбекшілерді қанаушылыққа қарсылығын молайтқан. Ақырында ақын психология ретінде ақсүйектер табынан айырылып, төңкерісшіл разночинецтер салт-санасына бейім болып шыққан. Белинскиймен бірге жұмыс істегендігі, әңгімелесуі жас ақынға басынан кешіргендерден көп нәрсені анығырақ түсінуге себеп болды. Ол уақыттағы жағдайларды толығырақ, дұрыс түсінуге мүмкіндік берді.

50-жылдардан бастап Некрасов бірте-бірте разночинец оқығандармен, әсіресе, өзіне таныс әдебиет майданындағылармен танысып, араласа бастайды. Ол күнде өзі басқарып тұрған журналына — Тургенев, Толстойды, т.б. жұмысқа шақырса да, Некрасовтың өзінің жазған өлеңдері олардың жазғанынан жігін ажыратып, басқа бағытқа түсе бастаған еді. 60-жылдарда журналдың тұрақты, белсенді жазушылары Чернышевский, Добролюбовтар болған уақытта Некрасовтың көзқарасы ақсүйек жазушылардан бірте-бірте алыстап, ақырында айырылып шығады. Тургеневтің “бізге ересің бе, я Чернышевский, Добролюбовтармен кетесің бе?” — деп қойған сұрауына, Некрасов “соңғылармен кетем” деп жауап берген. Бұдан кейін Тургенев журналдан шығып кеткен. Некрасов революцияшыл разночинецтер жолымен кеткен.

Некрасовтың бұлайша бірте-бірте өсуін шығармаларын талдау арқылы көруге болады. Некрасов өлеңді ерте жаза бастаған. Петербургқа әуелгі келуінде бір тетрадь өлең ала келген. 1840 жылы өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Жинақты Никитенко профессор мен Белинский қатаң түрде сынаған. Бұл сынды Некрасов дұрыс деп таныған. Шығармасының жарамсыздығы — жас ақын XVIII, XIX ғасырлардағы ескі ақсүйек әдебиетіне еліктеген, 40-жылдардың алдыңғы қатар оқушыларына жағымды еш нәрсе бере алмаған.

1845 жылы “Петербор жинағында” Некрасов “Бесік жыры”, “Жолда” сияқты өлеңдерді басып шығарған. Бұл

өлеңдерде Некрасовтың тақырыбы, көзқарастары бүтіндей басқаша. “Бесік жыры” кертартпалардың намысына қатты тиген. “Некрасов барып тұрған коммунист... Ол революция пайдасына жанын салып жырлайды” деп, жазушы Булгарин жандармға шағым берген. Дәуірдің алдыңғы қатар адамдары Некрасовтың бұл өлеңдеріне өте разы болған; өлеңді оқығаннан кейін Белинский: “сіз ақынсыз, ақын болғанда нағыз ақынсыз!” деген.

Осы кезден бастап-ақ Некрасов разночинецтер стиліне түскен.

Шынында Некрасовтың ақындығы өте кең, көп тараулы болған. Ол заманындағы қала тұрмысын, әсіресе, басқалардан ертерек капитализмге ауа бастаған Петербург тұрмысын біледі. Бұл қаланың ағыл-тегіл байлығымен қатар, боздағы шыққан кедейлігін, чиновниктердің озбыр зорлығы мен еңбекшілердің қорғаусыздығын ақын толық суреттеген.

1864 жылы Некрасов “Темір жол” деген өлеңін жазып, жол салудың суретін берген. Еңбек пен капиталды қарама-қарсы қойып салыстырып, Некрасов капиталистердің жұмысшыларды жыртқыштықпен қанауын көрсеткен. Капиталистің кейпі — подрядчик. Өлеңнің материалын Мәскеу-Петербург темір жолынан алған. Жұмысшылардың зарлы азабын жырлаған өлеңнің әрбір жолы документпен ыспатталғаны айқын ақиқат. Бұл ақиқатты Некрасов соншама күшті етіп көрсете алғандықтан, өкімет тарапынан да, революцияшыл оқушылар тарапынан да көп әңгімелер қозғалған. Баспасөз басқаратын Мартынов деген төре өкіметке жасаған айырықша баяндамасында — өкіметіміздің күн батысша жасаған бірінші игі жұмысына өлеңмен жабылған мұндай жаланы жүрегің қалтырап, оқи алмайсың деген. Ал Некрасовтың жазғаны жала емес, ақиқат еді. Ірі ақындық күшпен суреттелген бұл ақиқат жас буынның көкірегін өкіметке дұшпандықпен толтырды.

Некрасов жұмысшыларды суреттеп, ауыр жұмысқа “халық көпшілігін” айдап қосқан, аштықтың күшін, орыс капитализмінің әуелгі адамдарының ойранын көрсетеді. Еңбек пен капитал арасындағы қатынасты ашады.

“Темір жол” Некрасовтың ең күшті шығармасы. Мұнда еңбек пен капитал тілектерінің қайшылықтары, орыс капитализмінің жыртқышша өсуі өте толық, айқын көрсетілген. Чернышевский мен Добролюбовтың тізе қосқан

жолдасы, шаруа демократиясының ақыны Некрасов – шаруа мұңын жырлайтын ақын болады.

“Мен өзімнің ақындығымды халқыма арнадым, мен сенің қасіретінді жырлау үшін туғанмын, сабырлылығымен таңырқататын халық” – деп Некрасов өзінің міндетін белгілеген. Шынында да Некрасовтың бүкіл ақындық өмірінде шаруа бірінші орын алып отырған.

Некрасов – ақын азамат. Ол ақынның міндетін халыққа қызмет ету деп таныған. Чернышевскийдің ең жақын жолдасы болғандықтан ол Чернышевскийше көркемөнерді азамат міндеті деп таныған. Ол:

Отанның ары үшін,
Пікір, махаббат үшін,
Отқа түс...
Бар, ренжімей өл.
Босқа өлмейсің... –

деген.

Азаматтың міндетін осындай, жоғары тұрғыдан қарап тексеріп, Некрасов өз басын қатаң сынаған. Ол өлеңдерінде революцияшылдарды артықша бағалап, олардың күйіне қызығады.

Буржуазияшыл-демократшыл революция жолында, патша өкіметін құлату жолында, крепостнойлықтың қалдықтарын тұрмыстан кетіру жолында Некрасовтың шығармалары үлкен қызмет көрсеткен.

Некрасов түрдің мазмұннан айрылмайтындығын, мазмұнның өзі көркем түрді билеп отыратынын анық түсінген.

Некрасов бұқара дұшпандарына қарсы жасаған күресінің нәтижесінде разночинец-ақын достарына сүйеніп, революцияшыл разночиндік стиль жасап шығарды. Некрасов күнделік өмір жырын (әдебиетін) халық дұшпандарына қарсы қойды. Шығармаларына ол кездегі разночинец оқығандар арасына жайылған сөз-атауларды ендірді. Ал деревня тақырыптарына жазылған өлеңдеріне шаруа тілін ендірді. Шығармаларына кейде халық өлеңдерінің түрін берді. Шығармаларының саяси бағытын айқындап, Некрасовты газет-журнал тіліне, түріне жақындатты. Бұл жөнде ол үлкен жаңалық ендіруші болып шықты. Некрасовтың поэмалары, оның геройлары зеріккен ақсүйек емес, бүлдіргіш берен

де емес, революцияшыл-демократ көзқарасы суреттелген халық адамдары. Некрасов поэмаларында жеке адамды суреттемейді, әлеуметтік топтарды, көбіне шаруаларды суреттейді.

ТЕМІР ЖОЛ

*Ваня — Әке, бұл жолды кім салды?
Әкесі — Граф Петр Андреевич Клейнмихель деген адам.*

Вагондағы әңгіме

I

Жайнаған тамаша күз! Ашық аспан,
Бойыңда таза ауа мен жігер тасқан,
Еріген қантқа ұқсап өзендерде,
Жарқырап жатыр мұздар жаңа қатқан.

Жастықтай мамық шөптер ағаш маңы,
Ұйықтауға болады — кең тыныш әрі,
Кілемдей сарғылт тартып жайнап жатыр,
Әлі жас құрамаған жапырақтары.

Жарқырап тамаша күз! Аяз түні,
Айнадай кіршігі жоқ таза күні,
Тәртіпсіз құбылыс жоқ табиғатта,
Қопа мен саз батпақты басқан мүгі.

Нұр шашқан айлы түннің аясымен
Төңірегім орыс бауырым, жақсы білем.
Өзімнің ойымды ойлап, ойға шомып,
Шойын рельс бойымен ұшып келем.

II

Айтасыз неге өтірік, ізгі аға,
Ванядай ақылы мол жас балаға.
Шындықты айтайтын мен, рұқсат ет,
Оған мынау нұр шашып тұрған айда.

Ваня! Бұл ауыр еңбек адам төзбес,
Бұл іске бір адамның күші келмес.
Дүниеде аштық деген патша бар ғой,
Ол жауыз, рақымды ешбір білмес.

Сол патша теңіз кезді әскер бастап,
Халықты жұмысқа айдап жаншып таптап.
Ел кезіп соқаның да артын аңдып,
Қалдырмайд тоқушы мен тасшыны ақтап.

Ол бұдан жұртты айдап келген алып,
Өмір өшкен ормандай құрап, талып.
Сор жайлаған, қорқыныш күресте ел
Жатты өзіне бұл жерден қабыр қазып.

Топырақ төгіп, жіңішке жолды тартты,
Көпір, рельс төседі, діңгек қақты.
Білесің бе, Ваня, сен, жол бойында,
Қанша орыстың сүйегі жайрап жатты.

Зарлаған аянышты үн құлақ жарып,
Тіс шықырлап, дүрсілдер мазаны алып.
Мұзды әйнектен көлеңке өтіп жатты,
Ол немене? Қырылып жатқан халық.

Кей кезде темір жолдың бойын қуып,
Кей кезде шетке қашад алас ұрып.
Естисің бе өлеңді: “Айлы түнде, —
Дейді олар,— еңбек гүлін тұрсақ көріп!

Шектен тыс еңбек етіп салқын түнде,
Беліміз бүкірейіп мәңгі өмірде,
Жер үйде аштықпенен арпалысып,
Тоңып, ұшып, жаурадық болдық цинга.

Десятник-пысықшалар бізді талап,
Жоктық жаншып, бастықтар сорып, қанап,
Момын ұлы еңбектің! Тәңірі құлы,
Төздік біздер, тартсақ та қанша азап.

Бауырлар, гүлді орындар біздің екен,
Жазмыс бізге шіруге жарлық еткен.

Қуарған бізді мәңгі ұмытарсыз,
Болмаса шығармассыз ұзақ естен...”

Қорықпа олардың жат өлеңінен,
Волхов пен Ока бойы, кәрі Еділден,
Жиналған байтақ елдің әр шетінен,
Бәрі шаруа бауырлас сеніменен.

Қорку ұят, бет бүркеп перчаткамен,
Олай етер нәресте емессің сен.
Көрдің бе ұзын бойлы, жирен шашты —
Белорусты жүдеген безгекпенен.

Қабағын түйген төмен, ерні қансыз,
Жанды жара қолында талған, әлсіз.
Өмір бойы тізеден суды кешіп,
Аяғы іскен, шашы шаң һәм тараусыз.

Кеудесін бел күректің сабы тескен,
Қабағы күннен күнге төмен түскен,
Ваня, сен ол адамды байқап қара,
Еңбегі азығына азар жеткен.

Өмір бойы жазылмай, белі бүкір,
Әні, ол өлі күнге тіл қатпай тұр.
Тот басқан бел күрекпен жердің тоңын,
Әдеттенген қалпымен түрткілейді құр.

Болар ед әбден оңды сені мен мен,
Үйренсек еңбекке осы өнегеден.
Есірке ел еңбегін, сүй, бағала,
Шаруаны құрметтеуге оқы, үйрен.

Ардақты отан үшін қамықпа сен,
Орыс халқы төзімді, терісі кең.
Осы темір жолға да төзді олар,
Күтіп ап, келген істі тәңіріден.

Төзді олар, болашағын байқады кең,
Өзіне жол салды олар ер жүрекпен.
Арман сол, бақ орнайтын шат дәуірге,
Не пайда жете алмаймыз сені мен мен.

III

Сол минутте свисток құлақ жарды,
Ұшты пойыз — өліктер кейін қалды.
“Әке, қызық түс көрдім, — деді Ваня, —
Көрдім мен бес мыңдаған шаруаларды.

Көрнекті жыныс, орыстың тұқымдары,
Тізілді көз алдыма, — деді, — әні”.
“Міне, осылар салушы біздің жолды”, —
Күлді сонда қарқылдап генералы.

— Жақында барып қайттым Ватиканға,
Екі түн қыдырдым мен Колизейде.
Көрдім Вена әулиесі Степанды,
Салған соның барлығын жабайы ел ме?

— Ғафу ет, күлкіңіз тым орынсыз-ақ,
Пікіріңіз жат сіздің шолағырақ.
Бәлкім, сізге Аполлон, Бельведерден
Пешке салар горшоктар артығырақ?

Мінеки, терем, монша — сіздің халық,
Көркемөнер ұйымын талап алып.
“Мен сіз емес, сөйлесем Ваняменен”,
Генерал сөйлетпеді ауыз қағып.

— Славян, сіздің англосакс, неміс,
Жыртқыш олар, маскүнем бәрі тегіс.
Салмайды олар, тек қана бұзуға әуес,
Ванюша, бұны айырып білген дұрыс.

— Көрсеткенше өлікті, қайғы-зарды,
Жирендірмей соншама жас баланы,
Көрсетсеңіз нетер ед нәрестеге,
Өрнекті елді ... Үлгілі жақсыларды!

Тыңда, қалқам! Бұл еңбек біткен талып,
Бітті, неміс рельс жатыр салып.
Өліктердің қара жер бүркеп бетін,
Жер үймен тасаланған ауру халық.

Анталап, жұрт конторға шоғырласып,
Желкелерін тұрысты тыр-тыр қасып.
Бәрі олардың борышты подрядчикке,
Прогул сайын тиындап, борыш асып.

Ауырса да, моншаға түссе барып,
Десятник тізген соның бәрін жазып,
“Мүмкін, аз-маз артқаны болар одан,
Жөнел сен”, – деді қолын сілтеп салып.

Күрестерше назданып көк шекпенді,
Мыстан қызыл, жұп-жуан мыржық бойлы,
Мейрамдауға келеді подрядчик,
Өзі істеткен жұмысты, бойлап жолды.

Жиылған жұрт ығысып ашты жолын,
Күпес сүртіп алды да, беттің терін,
“Бәрекелді... ісіне... жігіт...жігіт...” –
Деді ол, бүйіріне таяп қолын.

“Тәңір берсін, қайтыңдар үйлеріңе,
(Бөрік алыңдар сіздер, мен сөйлегенде),
Жұмысшыға сыйладым бөшке арақ,
Кешірем борышыңды бәріңнің де”.

“Ура” деп ед әлдекім қостап бәрі,
Теп-тегіс қосылысып дауыстары,
Бөшке айдап ед оңдықтар өлеңдетіп,
Жалқаулар да кідіріп қалыспады.

Доғарылды ат, уралап байға халық,
Жол бойымен жүгірді айқай салып,
Бұдан артық суреттің керегі не,
Жеткілікті, генерал, осы да анық.

Аударған – Әбу

Л.Н. ТОЛСТОЙ

(1828—1910)

Толстойдың жазушылығын тексергенде, алдымен айтып кететініміз — халықшыл жазушылардың шығармаларындағы сияқты, Толстойдың шығармаларында да көрнекті орын алатын мәселе “шаруа” мәселесі. Бірақ ақсүйектік ортадан шыққан суретші Толстой бұл мәселені бүтіндей басқаша қояды.

Толстойдың өмірі

Толстойдың өмірі іздену, қайшылықтарға лық толы.

Толстой 1828 жылы 28 августа, Тула қаласының маңындағы Ясная Поляна деген өзінің ата қонысында туған. Толстойдың әкелері ескі ақсүйек тұқымынан. Кішкентай бала Толстой өзінің аға-інілері, апа-қарындастарымен ақсүйек үйде, тәрбиеші әйелдердің бағуында өскен. Крепостнойлық тұрмыстың жалаңаш әділсіздіктерін, зорлық-зомбылығын Толстой бала күнінде көрмеген. Ол тұрмысты әдемі тұрмыс деп түсініп өскен.

Он алты жасында Толстой Қазан университетіне түскен. Бірақ екі жылдан кейін деревнеге барып, шаруа болам деп оқуды тастайды, одан кейін қызметке кірмек болады, университетке емтихан ұстамақ болады. Кешікпей бұл талаптардан да қайтып, жігіттік, салдық өмірге беріледі. Бірақ бұл думан өмірді тағы да кенеттен тастай беріп, “Кавказдағы соғыс армиясына” барып түседі.

1855 жылы Толстой әскер қызметін тастап, Петерборға келіп, бірінші рет әдебиет, саясат дүниесіне талантты жазушы есебінде араласқан. Толстой өз заманындағы алдыңғы қатар әдебиеттік, саясаттық ағымдардың біріне де қосылмаған. Кейде ол тіпті кертартпа, реакциялық пікірлер де айтады. Дегенмен, төңкерісшіл демократияға

қарсы бола тұрса да, Толстой либералдарға да, ескішілдерге де қосылмайды. Ол билеуші, төрешілдер табынан да аулақ. Оны жаратылысқа жақын усадьба тұрмысы қызықтырады. Петерборда бір жыл да тұра алмай, Толстой усадьбаға кеткен. Әдеби-саясаттық тартыстан теріс айналып, қалалық мәдениетті жамандап, Толстой өмір “шынын”, өмір “мағынасын” ескі ақсүйектік іргесін қайта құрып, содан табам деп сенеді. 1862 жылы Толстой үйленеді. Өмірінің бұл кезеңін өзі былайша суреттеген: “Мен дұрыс, таза үй-іші тұрмысымен тұрдым... менің бар әрекетім үй-ішімді дұрыс ұстауға жұмсалды, байлық арттыруға, әдебиеттік даңқ алуға, түрліше рақатқа жетуге жұмсалды” дейді. Бүйте тұрса да, үйлі-баранды помещиктің бұл бақыты кешікпей-ақ Толстойды жирендіре бастайды.

80-жылдарда Толстой іштей үлкен дағдарысқа ұшырайды, өзін-өзі өлтірмекші де болады. Меншікті мүлкінен безбекші болады, жабайыланып, қара шаруамен араласпақ болады. Толстой шаруаша киініп, шаруа жұмысын жасайтын болды, өзінің бастас адамдарының тұрмысын қатты шеней бастады. 1887 жылы Мәскеудегі маскүнөмдер, қорғансыздар үйлеріне барып жүреді. Адамның жанын шошытатын кедейлік, жоқтық суреттері Толстойдың тоқ адамдар тұрмысына дұшпандығын бұрынғыдан да күшейтті.

Алайда, өз табының өмірін “байлар мен залымдар” деп қарғай тұрса да, Толстой саяси күресте оларға қарсы шықпайды, төңкерісшілдерді жамандайды, залымдыққа күшпен қарсы тұрма дегенді насихат қылады.

Толстой “орыс халқы”, “халық еңбекшілері” деп төңкерісшіл күрестен сырт қалатын, ақ сақалды, қараңғы қара шаруаны ұғады. Ол батыл күресте беті қайтпайтын пролетариатқа сенімсіз көзбен қарайды. Толстой өз табынан жігін айырып, шаруа жағына шықты. Сондықтан ол 1905 жылғы төңкерісті түсінбеді, жақтырмады. Толстой қарны тоқ байларды қаламағанмен, өзінің “Залымдыққа қарсыласпа” деген үгіті арқылы барлық қанаушылардың үкіметін нығайтуда солардың қолындағы шокпары болып кетті. Қайшылық деген осы.

Толстой өзінің қара басының өмірін өзінің жаңа көзқарасына толық түрде үйлестіргісі келеді. Үйінен, отбасынан кеткісі келеді, бірақ Толстойды үйімен

байланыстырған жіп тым күшті. Көпке дейін байланысын үзуге батылы бармайды. Алайда, ақыр аяғында үйіне енді қайтып келместей болып, безеді. Үйінен кетпестен бір жеті бұрын Новиков деген қара шаруамен сөйлесіп отырып былай деген: “Мен осы үйде дозаққа күйгендей күйіп жүргенімді сіздерден ешқашан жасырғаным жоқ, ылғи тоғайға, сыртқа не бір деревняға кетіп, бір-бірімізге көмек беріп жүруімізді тілеп, ойланып, кетуге ынтық болып жүретінмін. Бірақ отбасымнан әкететін күшті тәңірі маған бермей жүретін”. “Үйден кетсем” деген ертеден ойын іске асырып, кетіп бара жатқанда жолшыбай ауырып, Рязань-Орал темір жолының бойындағы Астапов деген станцияда қайтыс болады (Бұл күнде ол станция “Лев Толстой” деп аталады).

“Той тарқар”. Бұл әңгіме 1903 жылы жазылған. 1903 жылы 18 июньде Толстой күнделігіне мынандай деген сөз жазыпты: “Бір (полковник) тойда бір сұлу қызбен би билеп жүріп, ерте кетіп қалғанын білдім. Ондағысы ертең таңертең солдаттықтан қашқан бір татар солдатты өлімге аттандырып, түскі тамаққа үйіне келмек еді” дейді.

Осы сөз ол әңгіменің тақырыбы. Жазушы өлгенше қатаң мекер полковниктің ішкі пердесін ашып көрсетеді. Тойда қызымен бірге жүреді. Әңгіменің басы “құрметті Иван Васильевич, бұл анау полковниктің сұлу қызы Варенькаға ғашық. Иван бақытты кісі; дүниені құшағына сыйғызады; ғашықтығын төңірегіне салып сынайды; әсіресе Вареньканың әкесі полковникті құрметтейді. “Оның әкесінде бір түрлі еркелік күлкі бар. Оның үстіне тіксінген нәзік бір сезім барлығын байқадым...”” дейді.

Оқушы жазушының жазғанына қарап көңілді сұлу, ерке, қайырымды полковникке өзі беріліп кетіп отыр деп түсінуінде сөз жоқ. Бірақ нақ осы арада кемеңгер суретші бірден серпіліп “бүкіл, барлық бет пердесін ашады”. Анығында қатал сұм жендеттік бейнесі оның сұлу сыртын сылап қана сезілмей тұрады екен.

Тойдағы көріністен соң жазушы оқушыларды бірден полковниктің үйі тұрған далаға аударып жібереді. Иван Васильевич далада жүріп, тойдағы әдемі күйді есітеді. Бірақ, артынша ол тәтті күйді “басқа бір түрпідей жаман күй тырнайды”. Ашық көрінген бұл оқшау күй сәл болмай сезіледі. Ол татар солдаттының қуғыны екен. Ұстап алып оны келістіріп тұрып сабаған: “әрбір дүре соққан сайын,

куанған кісідей, бір сөзді қайталап айтып, ашулы жүзімен, тісін ақситып, дүренің даусы шыққан жаққа қарап тұрды” дейді.

“Бауырларым, аясаңдаршы” деген үн шығады. Бірақ бауырлары “аяған жоқ”. Шынында аяуды дәметуге де болмайтын еді. Полковник біресе аяғына, біресе жазалыға қарап теңселіп жүр едің.

Оқушы полковниктің қайырымсыз қаталдығын көреді. “Татардың қып-қызыл ала қан болған арқасына таяғын жай салып ұрған тапалтақ, әлсіз солдаттың жағына полковник ақ биялайлы күшті қолымен тартып кетті және камшыны алып кел! — деп айқайлады”. Жазушы әуелде полковникті “қайырымды”, “мәйін” деп келіп, артынан оған үш қайнаса сорпасы қосылмайтын екінші қорытынды шығарады. Мұнда үлкен мән бар. Әлеуметтік қатынаспен күресудің жалғыз жолы... өзін-өзі адамгершілікке жеткізу екен. Иван Васильевич полковниктің бұл ғаламатын айта келіп, ақтығында “осы жағдайда өзін-өзі адамгершілікке жеткізуге болады екен”, “кейде ойламаған жерден шыққан уақиға адамның жанын сауықтырады екен” деген қорытынды пікірге келеді. Бұл арада Толстой салт-санасының қайшылығы өте айқын көрінеді. Мұның салт-санасындағы қайшылық: басыбайлы құрылысына қарсылық, алдағы шығатын шын жолды көре алмай, ақ сақалды қара шаруаның салт-санасына түскендік.

Уақиғаның болған кезі ХІХ ғасырдың 40-жылдарына жатады. Ол кез І Николайдың қылышынан қан тамып, аяздай қысып тұрған кезі. Оның әрбір қадамы ату, асу, алдаумен аяқталып отыратын. Бұл дәуір кер кетудің асқынып тұрған, көзге түк көрінбей, қылыш пен оққа сүйенген дәуір еді. Ол кезде жазаның неше атасының ұлы шыққан: дүре, камшы, дар, сойыл, т.т. бәрі сол кезде кең қолданылды. Лейх жағынан болған қимыл сондай сойыл, дүре, өліммен бітіп отырды. Қалың шаруа бұдан аз ақырет көрген жоқ.

Толстой ол дәуірге тегін көңіл аударып отырған жоқ. Оны әшкерелеу арқылы өз тұсындағы қоғамдық-саяси тәртіптің ішкі сырын әшкерелегісі келеді. Осының артынан жыл өтпей “Қажы Мұрат” деген әңгімесін бітіреді. Бұ да Николай кер кетуінің сырын ашуға бет қойған шығарма болатын.

ТОЙ ТАРҚАР

(1903 ж.)

— Сіздер, адам өздігінен ешнәрсенің жақсы-жаманын айыра алмайды, мәселе ортада, ортасы оны билейді-илейді дейсіздер. Менің ойымша, істің көбін көз билейді. Міне, мен өз жайымды айтайын... — деп Иван Васильевич сөз бастады. Бұл бәрімізге кәдірлі адам еді. Арамыздағы әңгіме: жеке адам ірілеп, бас қасиетін тапқанда немен табады? — деген жайдан болатын. Біз адамды өсіру үшін, оның жағдайын өзгерту керек деп едік. Адам өздігінен, жақсы мен жаманды айыра алмайды дегенді біздің ешқайсымыз да айта қойған жоқпыз. Бірақ, Иван Васильевичтің дағдысы: біреумен пікір алысу ретінде туған өз пікіріне өзі жауап беріп, содан өз өмірінің бір оқиғаларын айта отырушы еді. Көбінесе, ол сол әңгімесін неден бастағанын да ұмытып қалатын. Өз әңгімесінің қызығы жетектеп кетеді. Ал, әңгімелері, тегінде, шындықпен айтылған жанды әңгімелер болатын. Кәзірде де сонысын істеді.

— Мен өз жайымды айтайын, менің өмірімнің осылай құрылуы ортадан емес, тіпті бір басқа нәрседен болды.

Біз:

— Ол не нәрсе еді? — дестік.

— Е, ол ұзақ тарих. Түсіндіру үшін көп әңгіме айту керек.

— Айтыңыз олай болса.

Иван Васильевич ойланып қалды да, басын шайқады.

— Ия, барлық өмірімнің басқаша болуына бір-ақ түн, жоқ тіпті бір күннің таңертеңі ғана себеп болды, — деді.

— Не болды сонда?

— Болғаны сол, мен ол кезде барынша асық едім. Тегінде көп рет асық болдым, бірақ, мынау солардың ішіндегі ең күштісі еді. Өткен оқиға ғой. Кәзір одан туған қыздар күйеуге де тиіпті. Ол Б... я, Варенька Б... еді, — деп Иван Васильевич бір фамилияны атады. Ол елу жасында да тым сұлу болатын. Ал, жас күні он сегіз жасында ғажап еді. Биік, сұңғақ, нәзік және маңғаз, шын маңғаз еді. Бойын тіп-тік ұстайды, басқаша ұстауға болмайтын сияқты. Иегі көтеріңкі, басы аз шалқалай тұрады. Сонысы ұзын бойы мен сұлу жүзіне сонша жарасып, біраз арықтығын, сүйектілігін

білдірмей тұрады. Қайта барлық қалпына бір ханзаданың реңкінен береді. Маңғаздық реңкінен жұрт қаймыққан да болар еді. Оған жібермейтін — сұлу, нұрлы көзі мен езуіндегі ерке, ашық күлкісі және сүйікті жас тұлғасының барлық нәзік еркелігі.

– Иван Васильевичтің суреттеуі қалай еді!

– Қалай суреттесең де, оның қандайлық екенін сендер түсінетіндей қып беру мүмкін емес. Бірақ, мәселе онда емес. Айтайын деген әңгімем 40-жылдарда болды. Мен, бір өлкедегі университеттің студентімін. Жақсы, жаман дерімді білмеймін, бірақ, әйтеуір ол кезде біздің университетте ешбір үйірме, ешбір жүйе деген болмайтын. Бәріміз жас едік. Сол жастықтың заңы бойынша, оқумен, сауықпен тіршілік ететінбіз. Мен өте сауыққой, өжет жас едім. Және бай болатұғым. Судай жорғам бар, қыздарды қасыма алып жорға салдыртам (шәңгі аяқ онда жайылған жоқ). Жолдастармен ішетұғым (ол кезде шампанскийден бөтенді ішпейміз; ақша жоқ болса ішпейміз, бүгінгідей арақ ішу жоқ). Бірақ менің ең зор қызығым кештер мен тойлар болатын. Өзім жақсы билеймін, түсім де жексұрын емес-ті.

Мәжілісіміздегі бір әйел:

– Жарайды, момынсынбай-ақ қойыңыз. Біз сіздің баяғы дагеротип суретіңізді білеміз ғой. Жексұрын емес қана дейсіз, нағыз сұлу емес пе едіңіз.

– Сұлу болмаса, сұлу болайын, я, мәселе онда емес. Мәселе, сол әйелге барынша ғашық болып жүргенде, масленканың соңғы күні бір тойда болдым. Той иесі губерн аксүйектерінің басшысы. Өзі бай, қонақшыл, өзі кеменгер, ақкөңіл шал еді. Қонақты қабыл алушы, өзіне ұқсаған ақ пейіл бәйбішесі. Үстінде қызыл күрең барқыт киімі бар, басында бриллиант орнатқан орамалы. Қартаң тартқан, толық. Ақ иығы, кеудесі ашық, Елизавета Петровнаың суретіне ұқсайды. Той ғажап болды. Зал тамаша. Музыка тартушы, сауыққой бір алпауыт байдың құл крестьяндары, заманындағы атақты күйшілер. Ас жақсы, шампанский шалқыған көлдей. Мен шампанскийге тегі құмар болсам да, ішпедім. Үйткені арақсыз-ақ ғашықтыққа мас едім. Естен тана билегенім, неше алуан би болды. Оның ішінде вальс, кадрили, полька. Әрине, мүмкін болғанша, Варенькамен билеймін. Оның кигені ақ киім. Орай буған ақ қызыл

белбеушесі бар. Қолына ақ лайка перчатка киген. Мұның жиегі сүйірлеу ашаң шынтағына жетер-жетпес қана. Аяғында ақ атлас башпағы бар. Мазурканың тұсында менен бұрын, сүйкімсіз инженер Анисимов қағып әкетті. Мен оған сол кінәсін, әлі күнге дейін кешпеймін. Ол қыз келген жерде мазуркаға шақыра қойыпты. Мен шаштаразға барып, перчатка алам деп кешігіп қаппын. Сонымен, мазурканы онымен билемей, бір кішкене неміс әйелімен биледім. Мұнымен де бұрын біраз таныстығым болушы еді. Бірақ дәл сол кеште оған әдепсіздік істесем керек, өзімен сөйлеспедім, жүзіне де қарамадым. Жалғыз көргенім ұзын, сұлу бой, ақ киім, қызғылт белбеу, күн сәулесі жарқыраған, қызарған жүз және ерке сүйкімді көздері. Жалғыз мен емес, оған жұрттың бәрі қарап, бәрі тамашалады. Еркек қана емес, әйел де тамашалады. Өздерінің барлығын ананың нұры басып кетсе де қызғаныспай, шын тамашалады. Ұйтпеске шара жоқ.

Заң жолын айтсақ, мазурканы онымен билегем жоқ. Ал, болған халдың өзін алсақ, мен ұдайы сонымен биледім. Ол қысылып-қымсынбастан, бар залды басып маған қарай жүреді. Мен орнымнан атып тұрып шақыруды күтпей-ақ қарсы барам. Ол менің сезгіштігіме, жымыған күлкісімен тәңір жарылқасын білдіреді. Екеуімізге біраз бөгеуіл болып қалса, қолын басқа біреуге бере тұра, ашаңдау иығымен қысынып әрі өкінген, әрі жұбатқан пішінмен маған қарап жымияды. Мені көңіліне алмасын дегендей.

Мазурканың өрнектерін вальспен келтірген жерде, мен онымен ұзақ билеп қалам. Сонда, жиі дем алып, күліп қарап “анкор” дейді. Мен вальсті тағы да билеймін. Өз денемді сезінуден танғандаймын.

— Қалайша сезбейсіз. Менің ойымша, мықтап сезген шығарсыз, әсіресе, оны тал бойынан құшып жүрсіз ғой. Өз денеңіз былай тұрсын, оның денесін де сезген-ақ шығарсыз, — деп қонақтың бірі сөз қатты. Иван Васильевич бұған тез қызарып, ашуланып, ақырыңқырап та жіберді.

— Ия, міні, сендер солайсың, бүгінгі жас. Сендер денеден басқа түк көрмейсіңдер. Біздің уақытымызда олай емес болатын. Мен неғұрлым күштірек сүйсем, соғұрлым ол әйел тәнсіз көрінетін. Сендер аяғын, қалтасын, тағы әлденесін көре қоясыңдар. Сүйген әйелінді, жалаңаштай сүйесің. Маған, Альфонс Карр айтқандай, ол жақсы

жазушы еді, сүйгенімнің үстінде жеңілмейтін қоладай, ауыр киім тұрады. Біз, өзіміз шешу былай тұрсын, өзі жалаңаш тұрғанын қамтып Нұқтың адал ұлындай болушы едік. Бірақ, бәрі бір сендер түсінбейсіңдер.

– Оны тындамаңыз, ия, сонан ары... – дедік біреуіміз.

– Ия, сонымен көбінесе Варенькамен биледім. Уақыттың қалай өткенін де байқамаппын. Музыкашылар талса керек. Бірақ, тойдың аяқ кезінде болатын бір қалып бар ғой, талса да, қажыса да, ақырғы күштерін салып құлшынып тартады. Мазурканың мықты бір күйін әлі соқтырады. Қонақ үйде, карта үстелінде отырған әке, шешелер де тұрыпты. Кешкі асты күтіседі. Даяшылар да бір нәрселерді тасып жүгірісе бастады. Сағат үшке қарай кетті. Соңғы минуттармен пайдаланып қалу керек. Мен оны қайта таптым да, залдан жүзінші мәртебе билеп өттім.

– Сонымен, астан кейінгі кадрили менікі, – дедім орнына таман апара жатып.

Ол жымыып:

– Әрине, мені алып кетпесе, солай болады, – деді.

– Мен сізді бермеймін, – дедім.

– Желпуіш берсеңізші...

Бір арзан, ақ желпуішті беріп жатып:

– Беруге қимаймын, – дедім. Ол:

– Аясаңыз, мынасын сіз алыңыз, – деді де, желпуіштің бір қауырсынын жұлып алып маған берді.

Мен қауырсынды қолыма алып, алғысымды, қуанышымды да көзіммен білдірдім. Құр көңілді, құр көтеріңкі ғана емеспін.

– Мен бақытты, рақат күйдемін. Бір түрлі мейірімділік біткендей, өзіме өзім де таңсықпын. Жер үстінің бәндесі емес, жамандықты білмеймін, игіліктің ғана досы сияқтымын; қауырсынды перчаткама сұғып, қасынан кете алмай тұрып қалдым.

– Қараңыз, әкеме биле десіп жатыр, – деп маған ұзын бойлы, сымбатты бір полковникті көрсетті. Әкесі сол. Иығында күміс эполеті бар. Есік жанында, үй иесімен бір топ әйелдің ортасында тұр екен. Бір мезгілде маңдайында бриллиант тасы бар, Елизавета иықтас бәйбішенің зор дауысын есіттік, ол:

– Варенька, бері келіңіз, – деді. Варенька есікке қарай басты, артынан мен де келдім.

– Әкеңізді сізбен бір рет билеп өтуге көндіріңізші, ма шер! – деді де полковникке қарап: – Кәне, енді, Петр Владиславич! – деді.

Вареньканың әкесі өте сұлу, сымбатты, зор, жас өңді шал екен. Оның беті қызғылт. Ақ мұртын Николай патшаша ширатып қайырып қойған. Жағының ақ сақалын мұртына жеткізе жіберіпті де, иек сақалын қырған екен. Самай шашы алдына қарай тараулы. Жарқыраған көзі мен езуінде, қызының күлкісіндей қуаныш күлкісі бар. Кең төсінде шен аз ғана, бірақ әскерлерше керіліп, төстигендік бар. Иығы тұтас, аяғы ұзынша, сымбатты. Ол Николай үлгісін алған көрі қызметші, ескі әскер басы.

Біз есікке жақындап келгенде полковник көнбей тұр екен, биді ұмытқан шығармын дейді. Бірақ, солай деп тұрып, жымиды да, бір қолын сол жағына жіберіп, бауынан қылышын суырып алды. Оны қасындағы әдепті, жас жігітке беріп, оң қолына замшы перчатканы киіп жатып: “бәрі өз заңынша болсын” – деп күлді де, қызының қолын алып, қырындай тұрып, күйдің ырғағын күтті.

Мазурка күйінің басы бастала бергенде, бір аяғын екпінмен тарс еткізіп, екіншісін соза бастады. Зор, ауыр денесі кейде жай, кейде қалқып, кейде құлшынып, екіленіп кетеді. Бір аяғын бір аяғына соғып, немесе табанымен тақтай теуіп, зал бойымен жылжып берді. Вареньканың нәзік сұлу бойы қасында ілесе жүзіп келеді. Кішкене, ақ, атлас аяғының адымын мезгілімен, кейде қысқарта басады. Барлық зал бұл пардың бар қозғалысына тесіле қарап тұр. Мен сүйсіну былай тұрсын, ерекше бір қуанышпен елжірегендей де едім. Екеуіне солай қарадым. Мені, әсіресе, оның етігі жұмсартты. Жақсы опойка етігі жаңа мода үшкір тұмсық емес, ескі үлгілі бұзау тұмсық, өкшесіз екен.

Тегі оны тігуші батальон етікшісі болса керек. “Сүйген қызын киіндіріп, ертіп шығу үшін жаңа моды етік сатып алмай, қолдан тігілген етік киеді екен-ау” – деген ой келді. Ол бұзау тұмсық етік мені әсіресе мейірлендірді. Бір кезде бұл кісі жақсы-ақ билеген сияқты. Бірақ кәзірде ауыр тартқан. Сұлу, жылдам оралатын ырғақты жақсы шығарам деп тырысса да, аяғы бұрынғысындай икемді бола алмайды. Сонда да екі кругты жақсы айналып шықты. Бір уақытта,

екі аяғын жазып жіберіп қайта қосты да, ауырлау тартқан салмақпен бір тізелеп, шөге қалды. Қызы, әкесі іліп кеткен көйлегін жымыып түзей жүріп, қалқығандай боп, әкесін айналып шықты. Сол уақытта жұрттың бәрі тарс-тұрс қол соғып жіберді.

Әкесі қиналыңқырап көтеріліп, нәзік жарастықпен қызын басынан құшақтап, маңдайынан сүйді де, маған ертіп әкелді. Менімен билейтін шығар десе керек. Жігіті мен емеспін дедім.

— Бәрі бір ғой, енді мұнымен сіз билеңіз, — деп ерке жүзбен күліп, қылышын бауына қайта салып жатты.

Бөтелкеден тамған бір тамшының артынан ішіндегі сұйық заттың қалғаны сорғалап жөнеледі ғой, сол сияқты менің ішімде Варенькаға арналған ғашықтық, бойымдағы жалпы ғашықтыққа арналған салақыяттың бәрін ақтарып кеткендей болды. Ол күні өз махаббатыммен бар дүниені күшып тұрғандай болдым. Мен бриллиант тасты Елизавета түсті бәйбішені де, оның байын да, қонақтарын да, даяшыларын да және тіпті маған бұртиып жүрген инженер Анисимовты да тұтас жақсы көрдім. Үйде тіккізген етігі бар, Варенькәнікіне ұқсаған күлкісі бар әкесіне, сол түнде менің көңілім ерекше.

Мазурка бітті. Үй иелері қонақтарды асқа шақырды. Бірақ полковник Б. асқа қарамады. Ертең ерте тұру керек деп, үй иелерімен қоштасып, жүріп кетті. Мен қызын ала кетеді екен деп шошып қап ем, олай болмады, шешесімен екеуі қалып қойды.

Астан кейін мен онымен бірге уәделі кадрилиді биледім. Бұл күні бақытым шексіз мол көрінсе де, дүркін-дүркін өсе берді. Ғашықтық туралы біз еш нәрсе айтысқамыз жоқ. Ол мені сүйе ме, жоқ па, бұл туралы одан да сұрамадым, өзіме де сұрау қойғам жоқ. Өзім сүйемін, сол әбден жеткілікті сияқты. Бар қорыққаным бір нәрсе, осы бағымды бұзбаса екен деймін.

Үйге қайтып келіп, шешініп, ұйқыны ойлап көріп ем, ол тіпті мүмкін емес болды. Қолымда желпуішінің бір қауырсыны мен тұтас бір перчаткесі бар. Мұны жерде пауескеге әуелі шешесін отырғызып, артынан өзін отырғызып жатқанымда берген еді. Осы екі нәрсеге қарап, көзімді жұмбай-ақ тұрып, оны көз алдыма келтіріп тұрмын.

Екі бозбаланы салыстырып тұрып, менің сипатымды таңдағандай болып, жан еріткен даусымен: “тәкаббарлық солай ма?” – деп қолын маған қуана берді. Тағы бір минутты көремін. Онда ас ішіп отырып, бір пиала шампанскийді көтеріп салып, еркелеткен көзін маған төңкере қарайды. Көбінесе әкесімен билеген кезін көремін. Қасында қалқып, қозғалып келе жатып, әкесін де, өз көркін де мақтан, қуаныш етіп, анталап тұрған жұртқа көз тастап қояды. Екеуі еріксіз тұтасып, қосылып тұрған сияқты.

Ол кезде, марқұм ағаммен екеуміз ғана тұрушы ек. Ағам жарқыраған топты сүймейтін. Той атаулыға бармайды. Және бұл уақытта кандидат экзаменіне әзірленіп, бір қалыпты тыныш қана өмір өткізетін. Ол ұйықтап жатыр екен. Қарасам, басы жастыққа көмілген де, үстінде жұмсақ көрпе жатыр екен.

Қарап тұрып, махаббатты мейіріммен жаным ашыды. Менің бақытыма ортақ бола алмай, мақрұм жатқанына жаным ашыды. Құл крестьяннан алған күтушіміз Петруша мені шаммен қарсы алып, шешіндірмекші болып еді, оны орнына жібердім. Маужырап ұйқы басқан бет-аузы мен ұйысқан шашына қарап тағы да мейірленіп, жаным ашыды.

Дабырламайын деп аяғымның ұшымен басып, өз бөлмеме келдім де, төсегіме отыра кеттім. Жок, мен ерекше бақыттымын, ұйықтай алмадым. Пешін қыздыра жаққан үйде онан сайын отыра алмаймын. Киімімді шешпестен, ақырын басып алдыңғы үйге шығып, сырт киімімді киіп, сыртқы есікті аштым да, көшеге шықтым.

Тойдан сағат беске қарай кеткенде қайтқанмын. Үйге келіп отырып, қайта шыққанымша тағы екі сағаттай өткен. Кәзір тыста таң атыпты. Ауа райы нағыз масленкеге лайықты, тұман. Су кеулеген қар, жол үстінде еріп жатыр. Шатырлардан да тамшылап тұр. Бұлар қаланың шетінде бір үлкен алаңның жанында тұратын. Алаңның бір жағы сейіл орны да, екінші жағы қыздар институты болатын. Мен өзіміздің жүргінші аз көшемізден өтіп, үлкен көшеге шықтым. Жаяулар мен отын тасыған ломабайлар кездесе бастады.

Шаналарының табаны қар астындағы тасты сызады. Жылтыр доғалардың астында суланған бастарын шұлғи басып келе жатқан аттар да, жүк жанында үлкен етіктерін

салпылдатып басып келе жатқан жөке жамылған извозчиктер де, тұман ішінде өте биік көрініп тұрған үйлер де, бәрі де маған бір түрлі жақсы, бір түрлі мағыналы көрінеді.

Қыздың үйі бар алаңға шығап қарасам, сейіл болатын жақта бір үлкен қарайған көрінеді. Сол жақтан күй, барабан үні келеді. Менің ішім толған жыр сияқты, анда-санда мазурканың күйі де естілгендей болатын.

Бірақ, мынау естіліп тұрған әлде қандай басқа, қатаң, жақсы емес күй.

“Бұл не екен?” деп ойладым да, алаңның ортасындағы жолмен сол күй естілген жаққа қарай жүрдім. Жүз қадамдай жер жүрген соң, тұман ішінен қарауытқан көп адамды көрдім. Солдаттар болса керек. “Ойын үйреніп жатыр ғой” — деп ойладым да, жүре түстім. Қасымда бір ұста келе жатыр екен. Май болған шолақ тоны бар, алдында алжапқыш. Әкеле жатқан бірдеңкесі бар, азырақ алдымда келеді. Жақындап келсек, солдаттар қара киім киген, ерсілік-қарсылы екі қатар боп тұрыпты. Мылтықтарын төмен жерге сүйеген, тапжылмайды. Бұлардың сыртында барабаншы күйшілер тұр. Тоқтамай қайта-қайта тартатыны алғашқы бір сүйкімсіз, шиқылдаған жаман әуен.

— Бұл не істеп жүр бұлар! — деп, қатарласып тоқтаған ұстадан сұрадым.

Ұста қатар тұрған солдаттардың бір шетіне қарап ашумен:

— Әскерден қашқан татарды айдап келеді, — деді

Мен де қарадым. Байқасам, екі қатардың ортасында бір жан шошырлық нәрсе жақындап келеді екен. Ол жақындап келе жатқан, белбуарына шейін жалаңашталған адам. Өзін екі солдат мылтығына таңыпты да, жетектеп келеді екен. Қатарында шенел мен фуражка киген, биік бойлы әскери адам келеді. Тұлғасы маған таныс сияқтанады. Жаза тартушы екі жағынан тиген соққылардың арасында бар денесімен құрысып қисаңдап, еріген қарды шалп-шалп басып келді. Маған жақындап қалды. Әлсірегендіктен бір есе шалқалап қалады. Онда мылтықпен жетектеп келе жатқан унтер-офицерлер құламасын деп ілгері тартады. Ілгері құлауға айналса, бұлар кейін тартады. Бұлардан қалыспай, аяғын қалшылдатып нық басып, биік бойлы әскери адам келеді. Бұл дәл қыздың әкесі боп шықты. Қызыл бет, ақ мұрт, ақ сақалы да дәл соныкі.

Әрбір таяқ тигенде жаза тартушы таңырқаған сияктанып, сол таяқ тиген жаққа қарайды да, тістерін ақситып, бір сөздерін қайта-қайта айтады. Сөзін әбден жақындап келгенде ғана есіттім. Сөйлемейді, кемсендеп жылайды: “Туғандар, рақым етсеңдерші, туғандар, рақым етсеңдерші” – дейді. Бірақ, туғандар рақым етпеді. Жүргіншілер өзіме қатарласқанда, қарсы алдымда тұрған солдат нық басып алға шығып, татардың арқасына қолындағы шыбығын ысқырта кеп салып кеткенін көрдім. Татар ілгері сүрініп кетті, бірақ, унтер-офицерлер ұстап қалды. Сондай шыбық екінші жағынан да тиді, анадан тағы, мынадан тағы... тиіп жатты. Полковник қатарында келеді. Біресе аяғының астына қарап, біресе жазалыға қарайды. Демін ішіне тартып алып, екі ұртын толтырып, қайта шығарғанда еріндерін томпита шығарады. Жазалы, мен тұрған жерден қиып өте бергенде, қатар тұрған жұрттың арасынан жауырынын бір көріп қалдым. Бұл бір шұп-шұбар, дымы шыққан қып-қызыл, өзгеше бір түрге айналыпты. Адам денесі бұндай да болады екен-ау, деп көргеніме сене алмадым. Қасымда тұрған ұста:

– Алдай, – деді.

Жүргіншілер ұзай бастады. Сүрініп, қабынып, құрысқан адамға соққы екі жақтан жауып жатты. Барабан мен күй бұрынғысынша лепіріп тұр. Полковниктің биік сымбатты бойы да, әуелгісіндей нық басып, жазалының қатарында жүріп барады. Бір уақытта полковник тоқтады да, солдаттың біріне жетіп келіп:

– Мен саған көрсетемін жұмсақтауды?! Мә жұмсақ! Мә жұмсақ! – деген ашулы дауысын естіп тұрдым

Соны айта тұрып, замшы перчатке киген мықты қолымен аласа бойлы, үрейлі, әлсіз солдатты бетке-бетке ұрып-ұрып жіберді. Жазығы татардың арқасына оның шыбығы жұмсақ тиіпті.

– Әпкел, жаңа шыбық! – деп ақырып жіберіп, артына айнала қарай беріп, мені көрді. Бірақ мені танымайтын кісі болып, түйіліп, ызамен түксиіп, тезінен ары қарап кетті. Мен жерге кіргендей ұялдым. Бір масқара қылмыспен ұсталған адамдай боп, қайда барарымды да білмедім. Ақыры көзімді төмен салып тезірек үйге жөнелдім. Жол бойы құлағым барабан дүрсілдеп, күй сартылдап тұрған сияқты. Біресе: “Туғандар, рақым етсеңдерші” – деген

сөз келеді. Тағы біресе, өзіне сенген полковниктің ашулы дауыспен ақырған: “Мә жұмсақ, мә жұмсақ” — дегені келеді. Сонымен қатар жүрегімді шаншып қысқан, қатты лоқсытқан бір уайым пайда болды. Қысылғаннан жолға бірнеше тоқтадым. Көргеннен алған әсер, ішіме бір дерттей жабысып, кәзір құстырып жіберетіндей көрінді. Үйге қалай жетіп, қалай жатқанымды да білмеймін. Көзім ілініп бара жатқанда әлгінің бәрін тағы көріп, тағы есітіп, орнымнан атып тұрамын.

Полковник туралы ойлағаным, “тегі ол мен білмейтін бірдеңені білетін шығар”, — дедім, — егер ол білгенді білсем, мына көргенім мені қинамас еді” — дегендей едім. Бірақ, қанша ойласам да, полковниктің білгені не екенін таба алмадым. Содан бір жолдасыма барып, мас бола ішіп алып, қайтып кеп, кешке ғана ұйқыға кеттім.

— Жә, сіздер не ойлайсыздар? Мен сол көрген нәрсемді жаман іс деп ойлады дейсіздер ме? Тіпті де олай емес. “Егер олар, сондай істі соншалық сенімділікпен істеп, соншалық қажет” — деп көпшілік түсініп отырса, онда олар мен білмейтін бірдеңені білгені ғой дедім де, соны білуге тырыстым. Бірақ қанша тырысайын, бәрі бір кейін де біле алмадым. Соны біле алмағандықтан, әскери қызметке де түспедім, бұрын оған түскім келуші еді. Кейін, тіпті әскерден ғана емес, басқа ешбір қызметке де түспедім. Ақыры, міні, көресіндер, түкке жарамайды екем.

— Жарайды, түкке жарамауыңыз қандайлық екенін, біз білеміз. Одан да, сіз болмасаңыз қанша адам, шынында, түкке жарамай қалар еді, соны айтыңыз, — деді бізден біреу.

Иван Васильевич шын түңілген пішінмен:

— Бәрекелді, бұларың тіпті бос сөз, — деді.

— Ал махаббат не болды? — дестік.

— Махаббат па? Махаббат сол күннен бастап жүдеуге айналды. Қыз өзінің дағдысы бойынша, жымия отырып ойға кетсе-ақ болды, мен алдыңғы полковникті есіме түсірем. Сол өзіме жайсыз, ауыр тиеді. Сондықтан сирек көрісе бастадым. Ақыры махаббат құрып бітті. Міні, осындай іс болады екен де, содан адамның барлық өмірі өзгеріп, бақыты да басқа боп кете барады екен. Ал сендер бүйдейсің... — деп, әңгімесін тамам етті.

АБАЙ

(1845—1904)

Абай 1845 жылы осы күнгі Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстау ауданында туған. Ата тегі үстемдік етіп келген тұқым. Үлкен әкесі Өскембай өмір бойы би болып өткен. Өз әкесі Құнанбай көп заман Тобықты баласына старшын (ол уақыттың дәреже ретінен қарағанда болыс) боп кеп, бір уақыт Қарқаралы өкірігіне аға сұлтан да болады.

Абай әкесінің алты баласының ішінде ертеден дәме қылғаны болды. Сол себепті оны әкесі жас күнінде Семейге апарып, Ақымет-Риза деген имамның медресесіне оқуға береді. Бірнеше жыл сонда мұсылманша оқып жүріп, әредікте 3-4 ай орысша да оқиды. Мұсылманша оқудан алғаны: арап, парсы ақындары мен шағатай үлгісіндегі түрік әдебиетімен танысу болған.

Бірақ оқуы ұзаққа бармаған, 13 жасынан ары, сол шала сүрлеу оқудың да есігі жабылады. Ру тартысында жаңғыздық сезе бастаған әкесі, мұны оқудан алып, өзге жұмысқа қосады. Ол жұмысы: ел сөзі, ел билеу жұмысы.

Осындай тартыс-даудың қалың ішіне кіріп, белшесінен батып жүрген уақытта Абай, қара күш, айламен қатар, тіл безеуді, шешендік жүйріктікті де үлкен құрал қылған.

Естімеген шешені, ақыны, ескі сөзі кемде-кем болады. Уақытындағы не жүйірік, білгір, ділмар болса, соның ешқайсысынан кем түспей, асып түсіп отыратын болады. Көп жерде өзі де өлеңдетіп, тақпақтап сырлап, сымбаттап сөйлейтін болады. Өлең жас күнінен білінген өнері болса да, дәл жаңағы қызу тартыс кезінде, жас шағында өріс ала алмайды. Ақындықты бойына ылайық өнер деп білмейді. Ол кезде ақындық: тіл безеген, соны кәсіп қылған әлсиздің, құнсыздың ісі сияқты болғандықтан, Абай өзі де солай қараған. Сол себепті ерте уақытының өлеңі әлдеқалай,

суырып салу ретінде айтылып, сол айтылған жерінде қала берген болатын.

Өлеңге Абай бері келіп, орта жасқа іліне беріп қана ауысады. Бұған бірнеше себептер бар.

Қалада жатсын, елде жүрсін, кітапханамен байланыс жасап ап, ұдайы іздену, тінтінумен болады. Сүйтіп, кітап қарастырып жүргенде Семей кітапханасында Михайлиспен таныс болады. Бұл Семейге Петербургтен айдалып келген 80-жылдың социалистерінің бірі болатын. Патша үкіметіне қарсы алысқан, бұқарашыл-халықшыл социалистер еді. Саяси басшысы санашыл Чернышевскийлер болатын. Михайлис өзін Чернышевскийдің шәкіртімін деп санаған.

Абай: “Дүниеге көзімді ашушы Михайлис” деген. Осы достары берген көп кітапты оқу – Абайдың ішкі дүниесін де қатты өзгерткен сияқты, “күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс боп өзгеріп кетті” – деп өзі айтқан екен.

Міне, оқу, өсу арқылы ой өрісі осындай болып, сыртқы орын дәрежесі, әдеті бұрынғыша боп, Абай бір қос қыртыстық, қайшылыққа ұшырайды. 20 жыл бойына созылған әдебиет қызметі Абай ішіндегі сол мол қайшылық, екіұдайшылықты баян етеді. Анығында, бұл қайшылық Абайдың өз басының ғана қайшылығы емес. Оның табының қайшылығы. Мұны шығарған таптың сол күнгі, сол XIX ғасыр аяғындағы шаруашылық, әлеуметтік, тарихи жолындағы қайшылықтың салдары еді.

Жылдан жыл асқан сайын Абай оқи-оқи үдей береді. Оқыған сайын білімге құмарлығы артады. Семей қаласынан 250 шақырым жерде жатқан қыстауынан, қалаға әдейі кісі жіберіп, оқып бітірген кітаптарын жеткізіп, екінші тың кітаптар алғызып оқитын болған. Көп оқығаны әдебиет, әсіресе, орыстың классик әдебиетін түгел зерттеп, тексеріп шыққан. Содан ары жалпы тарих, табиғат ғылымы, философия кітаптарын оқыған. Бұл оқыған кітаптардың ішінде Дарвин, Спенсер, Дреперлер де бар.

Оқуы тегінде жалғыз орысша емес, мұсылман ғұлама шайырларын да (ақындарын) тастамаған сияқты.

Ғылым іздеуді жалғыз өз басына ғана алмай, балаларын да оқытқан. Ең көп оқыған баласы Абдырахман 90-жыл-

дарда құрт аурудан өледі. Оның артынан, сүйеніш боп жүрген мықты інісі Оспан өледі.

Осы екі өлім Абайға бас қайғысының ішіндегі үлкен қаза боп тиеді. Екеуінің өліміне арнап шығарған күйініш, қаза өлеңі – ақынның көңіл лирикасының ішіндегі ең бір күшті сөздері.

Абай осы сияқты әралуан соққылармен шөгіп келе жатқанда, 1904 жылы ең жақсы көрген өнерлі баласы Мағауия өліп, соның артынан қырық күннен соң өзі де өледі.

Абайдың жиырма жылдық ақындық еңбегінің ішінде көптен көп жазғаны қоғамдық тақырыптар болады. Бір өлеңінде үйрен, ұғын, түзел деп, ұстаздық етіп жетектеймін десе, басқа бір топ өлеңінде түзелмегенге күйініп, қиналып, ызамен сөйлеп, ұрсып, жерлеп, шенеп айтады. Тағы бір топ өлеңінде: неше түрлі қып айтқан жұмсақ үгіт өсиетке де, ұрсып айтқан ашу сөзге, сынға да түзелмеген соң – енді қайғырып, күңіреніп, “жалғыз түзеуші мен ғана болдым, сендер ұғымсыз, меңіреу топ, көп болдың, дегенімді істей алмадым, пайданды түсіндіре алмадым” – деп әлсіз басшы болғанын білдіріп, өкініп сөйлейді. Міні, бір алуан өлеңі осындай жайға арналған.

Осы сияқты шығармаларының ішінде: “оқу, білімге жармас, балаңды оқыт”, “еріншек болмай, орнықты кәсіпке салын, сауда қыл, шаруанды мықты ұста” – дейді. Бұрынғы “қалғыған, еңбексіз, өнерсіз тіршіліктің мезгілі кетті; енді жаңғырған дәуірге бейімделіп, өнерлі бол, мағыналы қайрат тап” – дейді.

Барлық шығармаларының нәтижесінде Абай: өз дәуірінің барлық болмысын алып, соны өте үлкен, айқын сурет қып тегіс көрсетеді. Ақын айнасы арқылы сол кезде болған атқамінер тобының неше алуан сорақы, қыңыр, жиренішті пішінін түгел тануға болады.

Абай өз дәуірінің айнасы, өз тұсының қайшылығын тереңнен қамтып, көркем сөзбен, жанды образбен суреттейді. Қоғамның ілгері басуына, еркін өсуіне бөгет жасап, аяқтан алып отырған реакцияшыл бектерді қатты сынайды, кекетеді. Патшаның қазақ даласындағы өкілдері болған болыстарды, сұрқия, сұм қуларды қатты шенейді, өзінің реалистік сыныменен ол сияқты кедергілерді жойғысы келеді. Қоғамды ілгері сүйрейді. Мәдениетті боп

өсу жолын арман етеді. Ол үшін қоғамына оқы, үйрен, еңбек кыл, өнер тап, шаруа өсірудің жолын меңгер, деп үндейді. Бірақ осы айтылғандардың барлығын да бейбітшілік жолымен, үгіт арқылы жүзеге асырғысы келеді. Өжет күш, тап күресі арқылы қоғам тұрмысын қайта құруды айтпайды. Қоғам тұрмысын ақыл айтып, үгіт жүргізу негізінде қайта құрғысы келеді. Бұл Абайдың либерал екендігін, революцияшылдыққа жетпегенін білдіреді.

Абай — қазақ әдебиетінің атасы, жаңа әдебиеттің басы. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа әдебиетінің үлгісін ендірді, түрін байытты, поэзия тілін жасады. Қысқа өлеңдермен көп мағына берерлік, бас-аяғы жұмырланып теп-тегіс келген өлеңдер жасады. Өлеңнің лирика түрін туғызды. Қысқасы, қазақ поэзиясын кең жолға шығарды. Сондықтан Абайдың қазақ әдебиетіндегі еңбегін бағалап, Қазақстан үкіметі 1934 жылы Абайдың юбилейін өткізді.

Абайдың поэзиясын сын көзімен оқысақ, оның бүкіл қазақ әдебиетіндегі ролін дұрыс танытын боламыз.

МӘЗ БОЛАДЫ БОЛЫСЫҢ

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Жылтыратып орысың
Шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?
Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға.
Таң қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.
Үйі мәз боп қой сойды,
Сүйіншіге шапқанға.
Әуре қылды, салды ойды,
Үйдегі тыныш жатқанға,
Еш нәрсе емес жұбанар,
Ақыл көзбен баққанға.
Жас баладай қуанар
Бір дәмдіні татқанға.
Көзі барлар осының
Күлер, етегін ашқанға,
Қасиетін бойының
Бекер төгіп шашқанға.
Қуанарлық қыз емес,
Жылтырауық таққанға,
Өзгелерді біз емес,
Түсірмекші қақпанға.
Осы да есеп бола ма,
Аз абырой тапқанға?
Миың болса жолама,
Бос елігіп шапқанға!
Бір бес надан оңбассың,
Нансаң үнін қосқанға,
Жасық жаман болмассың,
Жамандықтан қашқанға.
Ол “болдым-ақ” дей берер
Бұлғақ қағып басқанға,

Елең қағып елірер,
Еліртіп көзді аспанға,
Жайы мәлім шошқаның,
Тұрткенінен жасқанба!
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға,
Одан үміт кім қылар
Жол табар деп сасқанда,
Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

1889 жыл

БОЛЫС БОЛДЫМ, МІНЕКИ

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап,
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым сығымдап,
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Съез бар десе жүрегім,
Орнықпайды зуылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындап.
Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп,
Уез шықты, съез бар,
Ылау деп, үй деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті дүпілдеп.
Тың тұяқ күнім сүйтсе де,
Қарбаңдадым әкімдеп,
Старшын биді жиғыздым,
“Береке қыл, бекін” — деп,

“Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін” – деп.
Қайраттанып халқыма,
Сөз айтамын күпілдеп,
“Құдай қосса, жұртымның
Ақтармын осы жол сүтін” – деп.
Қайраттанып қамқорсып,
Сайманымды бүтіндеп.
Оңашада уезге,
Мақтамаймын елімді,
Өз еліме айтамын:
“Бергем жоқ, – деп – белімді...”
Мақтанамын кісімсіп,
Уезге сөзім сенімді,
Көрсетемін, ымдаймын
Кәдік қылар жерімді.
Сөз көбейді, ұлғайды,
Мақтанның арты көрінді.
Қазақты жеген қайратты ер,
Ұрынды да, берінді,
Әрлі-берлі тартысып,
Ісі арамы жеңілді.
Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы керілді.
Үлкен, кіші ақының
Бәрі сөз боп терілді.
Қайрауы жеткен қатты би,
Қайрылып нетсін көңілді,
Өз малым деп қойған мал
Иесіне берілді.
Ақылды жандар қамалап,
Кептірді сонда ерінді.
Арызшылар көбейді,
Болыстың арты шөмейді,
Қайтсын байғұс демейді,
Бір кептірмей терімді.
Күн батқанша шабамын
Әрлі-берлі далпылдап,
Етек кеткен жайылып,
Ат сауырында жалпылдап,

Уезге жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап.
Кейбіреуге таяғым
Тиіп те кетті бартылдап.
Пысықтың көбі бұғып жүр,
Беттесе алмай шаңқылдап,
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылдап.
Елі жөнді болыстар
Мақтанып жүр тарқылдап,
Күлкісі жақсы қарқылдап,
Үні бөлек сартылдап,
Сөйлесе кетсе бір жерде
Ағыны қатты аңқылдап,
Уезге кірсе өзгеден
Мерейі үстем жарқылдап,
Елің бұзық болған соң,
Уез жатыр шартылдап,
Табаныңнан тозасың
Құр жүгіріп тарпылдап.
Ант ұрғанмын өзім де,
Бір мінезбен өтпейін,
Момындық күшті екенін
Көрсем дағы күтпеймін,
Съезден соң елімді
Қысып алып кетпеймін,
Әуелде артым бос көпір,
Мықтыға не қып беттеймін,
Жуанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін,
Уез бардағы қылықты
Уез жоқта етпеймін,
Кәкір-шүкір, көр-жерді,
Пайда көріп етпеймін,
“Өзімдік” – бол деп ел жиып,
Құрастырып септеймін,
Бұзақының билігін
Жақсы ақыл деп құп деймін.
Сүйегім жасық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар;

Айлам құрсын, білемін,
Болыстықтың жолы тар,
Қайтіп көмек болады,
Ант ұрған өңкей ұры-қар?
Көргенім әлгі, ойлашы,
Ұят-намыс, қалды ма ар?
Ендігі сайлау болғанда,
Түсе ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар.
Ақыл айтар туғандар,
Бұл сөзімді ойлаңдар,
Каталашке көбейді,
Сөгіс естіп тозды ажар.
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел, құтқар.
Қолдан келмес қорлыққа
Неге болдым мұнша іңқар.
Ел жайында жетпей ме
Уезге де бір хабар,
Тағы бүйтіп кеттің деп,
Қозғау салар, қолға алар,
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айнарлар.
Кірлі болып түскен соң
Көрген күнім не болар?
Өзіме мәлім тентектер,
Өз бетімен не табар.
Қағаз берер, қарманар,
Аяғында сандалар.
Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды,
Өтірік берген қағаздың,
Алды-артына қарайды,
Өз қағазы, өз көзін
Жоғалтуға жарайды,
Тауып алып жалғанын,
Қылмысыңды санайды,
Өзі залым законшік,
Танып алды талайды,

Көрмей тұрып құсамын,
Темір көзді сарайды.

1889 жыл

ӘСЕМПАЗ БОЛМА

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан.
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?
Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мінінді ұрлап жасырып,
Майданға түспей, бәйге алма.
Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма өзгеден.
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

1894 жыл

ИНТЕРНАТТА ОҚЫП ЖҮР

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы,
Жаңа өспірім, көк өрім,

Бейне қолдың саласы.
“Балам закон білді” деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы
Білсем деген таласы,
Прощение жазуға
Тырысар, келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы!
“Нан таппаймыз” демейді,
Бүлінсе елдің арасы,
Ыждағатсыз, мейнатсыз
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы?
Орыс теріс айтпайды,
“Жаман бол” деп оларды,
Қаны бұзық өзі ойлар
Қу менен сұм боларды,
Орыста қалар жаласы.
Бұл іске кім виноват,
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы.
Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы, болсаңыз
Здравомыслящий,
Ақыл айтпай ма ағасы,
Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қып артық білуге,
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге,
Оқалы киім киюге,
Бос мақтанға салынып,

Бекер көкірек керуге,
Қызмет қылма уезге,
Жанбай жатып сөнуге!
Қалай сабыр қыласың,
Жазықсыз күнде сөгуге.
Өнерсіздің қылығы:
Тура сөзін айта алмай,
Қит етуге бата алмай,
Қорлықпенен шіруге,
Аз ақшаға жалданып,
Өнбес іске алданып,
Жол таба алмай жүруге.
Алыс та болса іздеп тап,
Кореннойға кіруге.
Талапты ерге нұр жауар,
Жүріп өмір сүруге,
Адал жүріп, адал тұр,
Счетың тура келуге,
Жаныңа жақса, соңынан
Жалқауланба еруге.
Я өз бетіңмен, тәуекел,
Занимайся промыслом.
Жеңіл көрме, бек керек,
Оған да ғылым, оған да ой,
Қалайша қайда еруге.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗІ

Қырқын мінсе, қыры артылмайтын осы бір қырт мақтан деген бір мақтан бар. Сол неге керек? Неге жарайды? Ол әрі істі білмейді. Намысты білмейді. Кең толғау, үлкен ой жоқ. Не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы жоқ, не арлығы жоқ. Мойнын бұрып қойып: “ой, тәйірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің”, “кімнің басы кімнің қанжығасында жүр”, “менің қазаныма ас салып беріп жүр ме?”, “мен одан сауын сауып отырмын ба?” — деп бұлғақтап, немесе: “аяғаным жаным

ба, ой, тәйір-ай, өліп кетпей неге керек?”, “азар болса, осы үшін атылып, айдалып кетсем де көнгенім-ақ”, “әйтеуір бір өлім бар ма?” – деп қалшылдайтын кісі көп қой. Өздерің көріп жүрсіндер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтуғын қазақ көргенім жоқ. Өлімге шыдаймын деген де қазақ көргенім жоқ. Аз кенірдегін ғана көрсетеді-ау, “қиылып қана қалайын” деп. Егер осы сөз бойына лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болса да, қайратыменен кісі айбындыратын адам болғаны ғой. Егер де шын айғайды көргенде кірер жерін таба алмайтын дарақы, жұртты осы сөзімен “айбындырамын”, “мына көпірден кісі шошитұғын екен” – дегізіп, айбындырайын деп айтып отырған құр домпытпасы болып, босқа қоқиып отырса, соны не дейміз? Ей, жанға мырзалық қылатын ердің жадағайда-ақ: сертке тұрғыштық, малға мырзалық, дүниені бір тиын есеп көрмейтін жомарттық сияқты, әртүрлі белгілері бойында тұрмас па еді? “Ұялмас бетке талмас жақ береді” деп, көп мылжындаған арсыз ұятсыздықтың бірі-дағы!

АЛТЫНСАРЫҰЛЫ ЫБЫРАЙ

(1841—1889)

Ыбырай бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезі, Арақарағай болысында, Тобыл өзенінің бойында туған.

Ыбырайдың ата-бабалары шонжар байлар, билер болған.

1968 жылы патша өкіметі жаңа заң шығарып, қазақ елін: “күнбатыс қазақтары”, “күншығыс қазақтары” — деп екі бөліп билеген уақытта, Торғай облысы күнбатыс көлемінде болған.

Қазақ даласы патша өкіметіне 1731 жылдан бастап бағынған болса да, өкімет пен халық арасында айтыс-тартыстар көп заманға дейін болып келеді.

Өкіметке қалайда болса қазақ даласын жуасытып, шын бағындырып алу керек болды. Бұл үшін жасайтын шаралардың бірі қазақтың байларының, билерінің балаларын оқытып, қазақ елін солар арқылы билеу, соларды өзіне агент етіп, ел мен өкімет арасына дәнекер жасау еді.

Осы ретпен 1844 жылы Орынборда қазақ балалары оқитын мектеп ашылсын деп қаулы шығарады. Өкімет мектепке бала жинау ниетімен қазақ ішіндегі байларға, билерге, төрелерге хат жазып, адам жіберіп, “балаларды оқуға беріндер” деп, үгіт жүргізе бастайды.

Патша өкіметінің етегінен жем жеген Балқожа би 1846 жылы 5 жасар немересі Ыбырайды Орынборда ашылатын сол мектепке оқушы етіп, жаздырып қояды.

1850 жылы 23 августа мектеп ашылды. Мектепке кірген 30 баланың бірі 9 жасар Ыбырай Алтынсарыұлы болды. Мектеп жетіжылдық еді. Әуелгі кезде өкімет оқуды татар тілінде жүргізді. Оқушылары татарлар болды. Оқушы балалар намаз оқып, ораза ұстап тұратын болды. Оқу орыс тіліне бірте-бірте көшті.

Қазақ халқын өзіне шын бағындырып алу үшін қазақ байларының, билерінің, төрелерінің балаларын оқуға тартқандағы өкіметтің бір мақсаты – қазақ елін шоқындырып, христиан дініне көшіру еді. Өйткені, өкіметтің түсіндіруінше, қазақ елін поптардың уағыз-насихатына шырмаса ғана шын бағынатындай көрінген. Сондықтан қазақ балалары үшін ашылған мектепте мұсылмандықпен қатар христиандық та орын алған. Татар молдалары оқушыларға мұсылман дінін үйретсе, орыс поптары жіңішкелеп христиан дінін де үйрете береді.

Ыбырай Алтынсарыұлы осы жетіжылдық мектепті бітіріп шыққанда мұсылман дінін де, христиан дінін де мейлінше түсініп шыққан сияқты.

Ыбырай мектеп бітіргеннен кейін тілмәш болған, оқытушы болған, мектептерді басқаратын инспектор болған, қысқасы, халық ағарту майданында бірталай жұмыс істеген.

Алтынсариннің әдебиеттік шығармаларын талдап тексеру арқылы біз, ол уақыттағы қазақ елінің шаруашылығымен, тұрмыс күйімен, таптарымен танысамыз.

Ыбырай — қазақ әдебиетіне өнер-білім жайын жырлауды ендірген ақын.

Ыбырайдың тұрғысы Абай. Екеуінің таптық тегі де бір. Екеуінің ой өрісі мен пікір бағытында да көп ұқсастық, бірегейлік бар. Екеуі де ендігі өмірді замана ыңғайына үйлесуден күткен.

Ыбырайдың сөздерінде буржуазия табы мен өрісін бірлестіргендік бар. Өнер-білімге шақыру, кәсіп қылып мал табуға шақыру – мұнда да негізгі жол.

Ол кейде өз заманындағы әкімдердің ескі түрдегі парашыл “әділсіздігіне” қарсы тұрады. Өтірік айтып, тамағын тауып жүрген молдасын да шенейді.

Бұл өлеңдеріндегі кездесіп отыратын “жарлы, ғарып, бейшара” деген бұқарашыл сөздер буржуазия табының алғашқы дәуіріндегі қалың қара шаруаны өз артынан жетелегісі келген сөз.

Ыбырайда буржуазия табының жаратылысындағы дарашылдық бар. Кісінің дара басының қасиетін, қабілетін, өнерін, білімін дәріптеп, қоғам өмірінің ортасынан оған кең орын береді.

Сүйтіп, Ыбырай мектепте оқып, Күнбатыс мәдениетімен таныса келе, ұлт буржуазия табының мақсатына көшеді, соны жырлайды.

Ыбырайдың қазақ әдебиет тарихынан алатын орны осыдан туады.

Ыбырай қазақ әдебиетіне тұңғыш рет өнер-білім жайын жырлауды енгізеді.

Жастарды қолға ұстамақ болды. Жастарға тәлім-тәрбие, білім беретін қысқа-қысқа сөзді білім әңгімелерін жазды. “Надандық”, “Киіз үй мен ағаш үй” деген қара сөздері әдейі балалар үшін арналған шығармалар.

Ыбырай Алтынсарыұлы қазақ тарихының белгілі дәуірінде ағартушылық, жаңалық жайын сөйлеген кісі. Оны шығарған дәуір өлкеде сауда кәсібі туып, ескі феодал-ақсақал құрылысы ыдырай бастаған дәуір. Осы кездегі ішкі, тысқы әлеуметтік саяси қатынас Ыбырайдың өміріне де, пікіріне де үлкен әсер еткен. Ескі феодал табынан шығып оқып, жаңа заманның бетіне қарай өз табын бастаймын деген ақын Ыбырай өз заманындағы сол ілгершілдік бетімен бағалы.

КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Мал-дәулеттің байлығы
Бір жұтасаң, жоқ болар.
Оқымыстың байлығы
Күннен күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған.
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған.
Өнер-білім бәрі де
Оқуменен табылған.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Надандықтың белгісі —
Еш ақылға жарымас,
Жайылып жүрген хайуандай,
Ақ-қараны танымас.
Аяңшыл ат арымас,
Білім деген қарымас.
Жөн білмеген наданға
Қыдыр ата дарымас.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Оқу деген шыны-ды,
Тұрған сайын шыныққан.
Оқу білген адамдар
Май тамызған қылыштан.

Білмегенді білуге
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Әлпештеген ата-ана
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Атаң, анаң қартайса,
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

ЖАЗ

Сәуірде көтерілер рақмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен — жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы.
Аспаннан рақым менен күн төнгенде,
Қуанып қыбырлайды ыңы-жыңы.
Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.
Таң атса, күн шығады мұнарланып,
Жаңбырлы бұлт шығар тұманданып,
Жетпеген үлкендікке жас балалар
Жүгірер ойдан қырға жұмарланып.
Сәуірде неше түрлі жауар нөсер,
Нөсердің қуатымен жер шөбі өсер.
Көкпеңбек жердің жүзі шалғын болып,
Адамзат рақаттанып баурын төсер.
Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,
Ғаламға дәрмен бол деп еткен пәрмен.
Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ауыл көшер алуан-алуан.

Күлісіп, құшақтасып әзіл етер
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған...
Жүгіріп киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға...
Алыстан мұнарланған сағымдары
Шақырып тұрар күліп, “кел” деп мұнда!
Көл бұзылып, көк шығып, қойнын ашса,
Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна.
Адамзат сайран етер көңілі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай.
Қой қоздап, түйе боздап шат болады,
Тасиды күркіресіп өзен мен сай.
Айғырлар, жылқы иірсе азынасып,
Жаратқан мұнша таңсық дүниені-ай.
Кеш болса күн батады таудан асып,
Шапаққа қызыл алтын нұрын шашып,
Аһ ұрып шүкірлікпен қуанысып,
Жолығар кеш болған соң тамам ғашық.
Боз үйден таң алдында күйеу шықса,
Артынан қарар жары жүзін басып.
Күніне шүкір етер жас пен кәрі,
Бердің деп жанға рақат мұндай дәрі.
Қырда — орман, жер жүзінде бәйшешектер
Шуылдап шүкір етер мұның бәрі.

НАДАНДЫҚ

Менің бір дос адамым әңгіме етеді:

1875 жылда жолаушы келе жатып, бір ауылға түстім. Әңгімелесіп отырғанда бір бала келді; екі көзі жылағаннан ісіп кеткен. Бөтен балалардай ойнамай, тамақ та жемей отырған соң аяп, қасындағы кісілерден сұрадым:

“Бұл бала неге қамығып жүр; ойнамайды, тамақ жемейді” — деп.

Сонда ауыл кісілері айтты:

“Бұл баланың кешегі күні ертемен шешесі қазаланды; өлген соң-ақ қасымыздағы қыр үстіндегі молалардың қасына апарып қойдық. Кешке бұзау қайтарып жүрген балалар моланың қасына барса, манағы қатынның моласынан дауыстап шақырған көмескі бір үн келеді.

Балалар бұзауларын тастай қашып, ауылға айтқан соң, үлкен кісілер де молаға жақындап барсақ, моладан үш шыққанын анық есіттік.

Бұл сұмдықты көрген соң, бір кесапатына ұшырармыз деп, ауылымызбен көшіп, бүгін осы жерге қондық. Сол қатынның мынау он екі жасар баласы “әжем тірі жатыр ғой! Көрден ашып алып бер!” деп жылап, тіленбеген адамы қалмады. Әрине, ешкім көрге бармақ түгіл, қайта баланың өзін де жібермей бағып тұрмыз” десті.

Сонда манағы бала өзі де жылап қоя берді:

“Ағаеке, сіз бір қайыр қылмасаңыз, әжем тірі қалуы рас”, – деп.

Бұл балаға абайлап қарасам, сонша есті бала кескінді. Қанша үлкендердің айтқанына болмай, өз ақылына салып, шешесін тірі қалды деп тұрғанына таң қалып, алдыма шақырып, сүйіп отырып:

– Тірі болса-болмаса да, шырағым, мен әжеңді барып көрейін, – дедім.

Отырған жұрт “ойбай, мырза, айта көрмеңіз, өлген кісі тіріледі деп көр ақтарған не сұмдық! Ол дүниеге күнәсын тартып жатқан қатынға бола өзіңіз мерт боларсыз” деп үрпіісе тұра келді.

Мен баланы “үйіңе барып киініп кел” деп шығарып жіберіп, отырған кісілерге: “Дұрыс, өлген кісі қайта тірілмейді, бірақ сіздер есін танып жатқан қатынды өлді деп танып, тірідей көмгенсіз; дауыстап шақырғанын есітіп тұрып, ашып алмауыңыз үлкен обал”, – дедім.

Сол арада манағы бала келді. Ауылдан күрек, кетпен алып, қасымдағы екі жолдасым мен баланы ертіп молаға бардым. Ауылдан еш адам ермеді. Молаға барып сырттан құлақ салсақ та, ешбір дыбыс естілмейді. Сонан соң, моланы аштырып, екі кісіні түсіріп қарасақ, бишара қатынның қолы-басы жара, қан, кебінін жыртып тастаған, денесі жып-жылы екен, қатынды көрден алып, үстіне шатыр тіктіріп, бір күн бақтым; әуелгі уақытта аз ғана жаны бар ма деп едім, бірақ сол күннің кешіне суынып, шынымен-ақ өлді.

Осындай істер әр елде болатын шығар деймін. Білімі зор дәрігерлер айтады: қайсыбір аурулар бар, бір жұмаға дейін адамды есінен тандырып, ешбір жан бар белгісі болмай жатқызатын деп. Соның үшін өлікті тым асықпай, байқаңқырап көму керек.

СҰЛТАНМАХМҰТ

(1893–1920)

Сұлтанмахмұт кәзіргі Шығыс Қазақстан облысының Шідерті ауданында 1893 жылғы октябрьдің 15-інде туған. Өз әкесі — Шоқпыт.

Сұлтанмахмұт жасында өте момын, салқа, аңқау бала болып өскен. Алты жасар күнінде әкесінен оқып “еже” таныған. Одан кейін әр молдадан бір оқып жүріп, 12-13 жасқа келгенде Мұқан молдадан оқиды. Мұқан ептеп өлең шығарарлығы бар шайыр кісі екен. Молдасына еліктеп, 13 жасар Сұлтанмахмұт та өлең жаза бастайды.

Сұлтанмахмұт одан кейін Баяннан медресе ашқан Әбдірақман молданың үйінде жатып оқиды. Сұлтанмахмұтты ол отын жардырып, от жаққызып, су әкелтіп, дәрет суын жылтқызып, малай қып жұмсайды. Өлең жазған күнә деп, жас Сұлтанмахмұттың талабын тойтарып, жазған өлеңдерін отқа жаққызады. Молданың ұрып-соғып, езіп ұстауына шыдай алмай, Сұлтанмахмұт одан шығып кетеді. Тройцкіден жаңа тәртіппен оқып келген Нұрғали душар болып, 19 жасында (1911 жылы) сонан оқиды. Одан ғылым пәндерін оқып, тарихпен танысып, газет, журналдармен көзін ашады. Сөйтіп жүріп, қалашыларға селбесіп Омбы келіп, Тройцкіге тартады. Көп азап шегіп, зарығып жүріп Тройцкідегі медресеге кіреді. Бірақ оқып жүрген кезінде көзі басыр болып ауырады. Көзі жазылғанша оқудан шығарылады. Оның үстіне жөтел пайда болады. Бірақ медресеге қайта кіріп, 1912—13 жылдары сонда оқиды. Орысша оқығысы келеді. Орыс тілін білмейді. Жасы 20-ға келіп қалған. Орыс мектебінің шарты келмейді. Сүйтсе де қаржы жинап алу үшін Тройцк маңындағы елге шығып, бала оқытады.

Сұлтанмахмұт 1914 жылдың жазында еліне келіп, елдегі жастардың сезімін “оятпақ ниетпен”, “Шоқ серіктігі” атты мәдени ұйым ашпақ болады. Бірақ онысына қаржы жия алмай, шонжар Шорман ауылына барса, олар жәрдем бермей, бос қайтады. Сол барысында “Бір адамға” деген өлеңін жазады.

Келген соң Семейге барып, одан Алтай еліне шығып, бала оқытып, екінші жағынан Әбдікәрім Ержанұлы деген мұғалімнен орысша оқиды.

Сұлтанмахмұт науқасы үдей бастаған соң, Тарбағатай еліне барады. 1916 жылғы июнь жарлығында ол сонда еді. Ел үркіп, Қытайға ауа бастаған соң, Семейге келіп, семинарияға түсуге талап қылады. Орысшасының нашарлығынан кіре алмай, Томск қаласындағы жоғары дәрежелі мектепке даярлайтын курсқа түседі. Онда қаражат жағынан көп қысымшылық көреді. Дегенмен, 1916–1917 жылдың қысында сонда оқып шығады.

Сұлтанмахмұт 1917–1918 жылдың арасында ұлтшылдық сарында бірнеше өлең жазады. Бірақ сол бағытында айнымас болып қалып қоймайды, 1919 жылдан бастап өзінің адасқандығын сезіп жол іздей бастайды. Дұрыс жолдың қайсы екенін білмей көп дағдарады.

Ауыр тұрмыспен еңсесі түсіп, оқыған оқу қажытады. Науқасы қайта қозады. Курсқа қайта барып оқиын дегенде, дәрігерлер кеңес бермеген соң, 1918 жылы еліне келеді. Орыстың классиктерімен, Плеханов еңбектерімен танысады. Сүйтіп жүріп, “Кедей”, “Өмір”, “Айтыс” деген поэмаларын жазады. Соңғысын бітіре алмайды.

1919 жылы Сібірде Колчак үкіметі құлап, қызылдар Павлодарға келді дегенде, сонда келеді. Онда Егоров деген кісіге кездесіп, жай-мәнісін біліскеннен кейін, Егоров Сұлтанмахмұтты Совет үкіметінің жолын түсіндіруші, сайлаушы қылып елге шығарады. Сол жұмыста жүріп, науқасын үдетіп алып, төсек тартып жатып қалады. Сол жатқаннан көтеріле алмай, 1920 жылдың 21 майы күні қайтыс болады.

Сұлтанмахмұттың оқу оқып, білім алуға құштар болғандығы өмірбаянынан мәлім. Сол құштарлық, құмарлық сөз сарынынан да естіліп отырады. “Оқып жүрген жастарға” (1912 ж.) деген өлеңінде:

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз?
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз!
Жеткізбейтін жүйрік жоқ,
Қусақ, бәрін аламыз, –

деп, жастарды тәуекелге бел байлап, батыл қимылдауға шақырады.

Сұлтанмахмұт, түптей келгенде, қазақ бұқарасының тұрмысын көп жазған ақын. Қазақ кедейінің байдан көрген зорлығын да айтып, оқуға тартады. Ол алғашқы кезде қазақ халқын ілгері бастыратын ұлтшыл оқығандар деп түсінген.

Бірақ кейіннен бұл пікірінің қате екенін ұғынған.

1918 жылы жазған “Неге жасаймын” деген өлеңінен оның бұқарашылдық жағының басым екендігі көрінеді. Алдағы мақсаттың елесі көрініп, дүниеге үміттеніп қарайды:

Сусыз, шетсіз шөлдерден,
Тұманды, түпсіз көлдерден,
Адамдық көші өткенше,
Қасқыр мен қой дос болып,
Достықсыз өмір бос болып,
Шын өмірге жеткенше,
Іштен өсіп адамдық,
Сырттан түлеп жамандық,
Тазарып әбден кеткенше,
Талай шаштар ағарар,
Талай тәнді жер алар,
Талай буын қуарар,
Талай өмір суалар, –

деп, қиыншылығын айта келіп, өз өміріне мағына береді:

Жасамаймын: “еңбектің
Жемісін көзбен көрем”, – деп.
Жасаймын: “бір қолғабыс
Кейінгіге берем”, – деп.

Осы пікір 1919 жылы жазған поэмаларынан да табылады.

“Кедей” деген поэмасында кедей тұрмысының тарлығы, бай мен кедей арасындағы қайшылық, кедей еңбегінің қаналуы, одан қала берді даладағы күшін сатып, күнін көріп жүрген жұмысшы тұрмысының ауырлығын айтады. Бірақ кедейге жаны ашығанмен, шығар жолды тауып бере алмайды. Тап тартысының революцияшыл түріне жете алмайды. Кедейге құр сырттан жаны ашиды, бірақ еңбекші таптың күресіне ілесе алмайды. Сонысымен Сұлтанмахмұт ұсақ байшылдық көлемінде қалады.

“Адасқан өмірде” ақын алда таусылмайтын бақыт бар деп қарағандығын, ол бақытқа жету жолындағы тап күресінің қиыншылығына балуандығы жетпегенін көрсетеді.

Сұлтанмахмұт өлеңнің түр сұлулығын жалаң түр қуып іздемейді, ұғымын тереңдетіп, мазмұн арқылы іздейді. Сондықтан мазмұнының төсегіне қарай түрі сәйкес келіп, сөзі күшті болып шығады.

Сұлтанмахмұт сөз екпініне елігіп, шыға жайылмайтын, әр сөзін ақылға салып салмақтап отырып жазатын ақын. Сондықтан өлеңінің айшығы, буыны бір тегіс тақтадай болып келе бермейді. Реті келген жерде, өлең өлшеуін аямай бұзып та жібереді.

БІР АДАМҒА⁹

Бір үйде жиюлы екен қазына-мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
“Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар...”
Ол ырас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын!
Оқа, түйме, сылдырлақ, теңге алыпты.
Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: “оңдырған-ау баққан халқын”.
Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?
Дедім мен: “құтты болсын шекпеніңіз!
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз”.
Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
“Қай момынның малы бар бұл аяқта?”
Демейінше болмады, қарап жай-ақ,
Отырдым көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: “көріңіздер, жасқанба” – деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

1914 ж.

АУЫРМАЙ ЕСІМНЕН ЖАҢЫЛҒАНЫМ

5 июльде, кешкі шайды ішіп бола берген мезгілде бір бала ентелей басып келді де, қақалып-шашалып:

– Молдаеке, кітап! Неке қияр... Неке кітап сұрайды... – деді.

“Неке” – деп құлағыма тиісімен-ақ, сасқандығым сонша, үйден ата шығыппын. Себебі: “Жақын ауылда бір келіншектің 19 жасында күйеуі өліп, тиерлік жөні

түзу кісі болмаса да, алты жылдан бері балаларын қимай шыдап-ақ отырып еді, биыл оның үстіне соры қайнап, сүйеніп отырған жалғыз ер баласын қызылша алып кетіпті. Апырым-ай! Бишарадан әлі күнгі үйтем-бүйтем деген сөз шыққан жоқ еді, солай болса да, жақын ағайындары енді бізде қарайлайтын нәрсесі қалмады, бір күні орнын сипалап қалармыз: қызға алданып отырмас деп, өздерінен өздері қобалжысып, қайын атасының інісі, саңырау Жүсіп деген жануарға ықтиярсыз басып тигіземіз деген соң, қорадан қораға қашып, тығылып, зар еңіреп жүр” – деп естігенім бар еді.

Мына залымдықты есіте тұра, күймесің бар ма?

– Некені де, кітабыңды да білмеймін. Тұр, аулақ жүр, – дедім.

Бала дүрсілдетіп ала жөнелді.

Артынан тағы тыныш отыра алмадым, бір замандасым келіп, сонымен: “Әй, қазақшылық-ай!” – деп, сонда бишараның халдерін қайғырысып, әңгімелесе жүріп, ауылдан бір талай озып кетіппіз. Артымыздан: “Молдашы, молда!” – деп, бүкіл елді көшіріп айқайлаған дауыс шықты. Апырым-ай! Бірдеме болып қалған екен! Ауыл отағасыларынан ұят болды-ау, молданы шайтан қуып кетті дейді-ау деп қыпылдап, ентіге жүгіре басып келсек, – баяғы қатын алатын сырбаздың тап өзі екен. Омырауы ашылған, етек жайылып кеткен, жайдақ атқа мініп, алдымнан қарсы шықты. Есі-түсі жоқ, кеудесімен жер соққандай.

– Ет пісіп тұр. Жүріңіз! Молдаеке, жүріңіз! Қатты, қатты оқыңыз: қасиетті адам ғой... – деп, атымен ентелеп, мүлде үстімді басып кете жаздады.

– Баруға уақытым жоқ... олай, былай... – деп едім.

– Апырым-ай! Тіпті білмесеңіз де, төбеңізді көрсетіңіз, – деп, ішіп-жемеге қоймады.

Енді барып ықтиярсыздықты көзіммен көріп, неке оқымай, білгенімді қосып, зарлы бишараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойладым. Нақақ біреудің көз жасына қаламысың деп айтушылар болса да, әлгі жолдасымды ертіп, жаяу жүріп кеттім. Бара жатып:

– Жүсеке, жеңгей рұқсат бере ме? Келініңіз ықтияр ма? Күйеуі өлгелі қанша болып еді?.. – деп сұрастырған болып едім:

– Қатты, қатты оқыңыз. Сіз барған соң болды да, – деп даурыққан жарықтықтың өз сөзінен басқа сөзді есіте алмадым. Сөзімді де есіттіре алмадым.

Барсақ, ет пісуге тақалған, жер ошақ басын айнала қамап алған қатын-қалаш, үй ішінде де аяқ басарға орын жоқ; пышақтарын алақандарына жанып, кеңірдектерін соза күрлдесіп отырған ақсақалдар.

– Бәрекелді! Қайырымен болар, молдаекем де келді. Жоғары шық, – деп шу ете түсті.

Келін біз отырған үйде болмағанға, бұл бишараны қай көріне тығып булықтырды екен деп, басқаға құлақ қоймай, онда-мұнда қарай-қарай, еттен де құр қалдым. Бір жағынан ана жерде отырған қатындардың: “оған тигенше жарылып өлемін, алты жыл күттім, менен не күнә таптыңдар, – деп, кеше ойбай салып, дауыс қылып еді. Пәлен қайын ағаға байлаймын деп, түгеншік байы да ақырып қорқытқан болды... Ойбай! Көнетін емес. Бүгін басып неке қиғанмен, тұрар деймісің...” – деп, бір-бірісін түртісіп, сөйлескен пыш-пыштары құлағымға келіп, одан жаман құтымды ұшырды.

– Неке суын әкел! – деп, даярлап, екі сым борбайды куәға сайлап, Қалиядан сұрап кел деп жіберді де: – Ал, молда, оқитыныңды оқи бер, – деді. Мен:

– Су да керек емес, оқу да керек емес, көзбе-көз тиемін деген сөзі керек, – дедім.

Сол-ақ екен, ақсақалдар бәрі маған үрпиісіп:

– Сен қайдан оқығансың? Мүйізі қарағайдай жуан-жуан молда да, қызыл молда да басқа үйде отырып-ақ, куәлардан сұратып оқи беретін, – деп, ал келіп дуылдасты.

– Бұл үйтетін қыз емес, байы өлген қатын... – деп қанша әуреленсем де, онан жаман шабаланып, лаға берген соң, – сырттан басып қиюға уақытым жоқ, – деп кете бастадым.

Біреулері:

– Қой, молда шарифаттың жолын айтатын шығар. Басқа кісі кіргізбей, молдамен үшеу-төртеуің келе ғой, – десті.

Қотанның ар жақ шетінде, жатып қалған бір қараңғы үйге бардық. Шам жаққан үйдің сол жағында бір жаман шапанды бүркеніп, теріс қарап, басын жүктің жер астына кіргізе, тазы қуып, кебекке қысылған көжекше, қайтсем жан қалады дегендей, аяқ-қол жоқ секілді домалақ бір уыс

болып, қарлыққан дауыспен бишараның ішін тарта-тарта булығы зарланып жатқан порымын көріп, жүрегімнің қайда кеткенін білмеймін, иман тітіркенгендей болып, тұла бойым қалтырап кетті. Қасына барып басыңды көтер деуге, жалғыз адамның батылы барсыншы. Еркектердің тықпалауымен бір-екі қатын барса да, қақпандағы қасқыр секілді жұлып-жұлып тастаған соң, қайта баруға бата алмады ма, немене? Қайтадан екі қатын бас жағына қарай шегініп, қабірге құран оқитын молдаға ұсап, екі жерде шошайды да отырды. Бір отағасы: “Апыр-ай, шымылдық құрмайтын ба?” — деп, безектеп барып, анау жерден шымылдық әкеліп құрды.

Бір мезгілде менің куәларымның разымысың деп, баспалатуларына қарсы, бір түрлі зығырланып күйген дауыспен:

— Құдай біледі, олда, разылығым жоқ. Дүние ақыретте разылығым жоқ, жоқ... — деп өксіген, мұңсыған дыбысы естілді.

Бір жағымнан мынау күйдіріп, бір жағымнан екі куәнің өткір “разы, разы” деген сөзіменен ақсақалдардың алдыма су толтырып құйып, “Құтпа оқы!” — деп, бір теңгені алдыма қойып, сылдырлатып қамаласуы, әй, не керек, көрге қысылғандай-ақ қысылдым-ау! Разы болса, бес-он тиынды олжаланып, әйтпесе неке оқымай, залымдығына тоқтау айтып, материал алып қайтайын деп ойлап келген “молдаеке” көптің талқысына түсумен не қыларын білмей бір олай, бір былай алақтап, сасқандықтан көзі шарасынан шықпасын ба...

Жаңа келген мені осынша састырып, шығуға тесік тапқызбай отырған жұрт ана зарлап жатқан бишараның не жанын қалдырады екен деп ойлап, мүлде есімнен айрылыппын. Әрқайсысынан дабыл тиді болып қалған сорлы, құр жатып егілгені болмаса, бас көтеруге шамасы келе алмады. Мен шыдай алмадым:

— Бұл не деген сұмдық? Қазақшылығыңды қойсаң, әкелерің өле ме? Құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай ықтиярсыз неке қылайын деп жатқандарың мынау! Оның үстіне мені шақырып былғамақсыңдар? Біреудің көз жасы, обалына қала алмаймын... — деп, бұрқырап тұра келгенде, бәрі жабылып:

– Ә, не қылғаның, молдаеке? Разы, разы, көп разы...
Әншейін қасіретті кісі, бұрынғы күйеуіне қайғырады. Құтпа білмесеңіз де батаңызды беріп кетіңіз, отырыңыз, – деп тағы бір теңге салып, қолдарын жайысып, қамалап отырып алды.

– Олда, алмайын. Мың теңге берсең де алмаймын, көз жасты алмаймын... – деп, керілдесіп жатқанымда:

– Ай, неке оқымаса да, неке суын ішкізу ырымы, – деп күйеуге ішкізіп, шымылдық ішіне апарса керек.

Су-муымен аспанға шыққан аяқпен мынадай зарлы дауысты есітіп, тағы салғыласуға дәтім шыдамады, басымды ала қаштым. Дауыс мынадай еді:

Алты жыл қымай күткен қайын атам,
Мынау ма, сонда берген алғыс батаң?
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Қойнына мылқау иттің қайтіп жатам?
Алты жыл қымай күткен қайын енем!
Қай жерде қайтқаны бар көңілің менен?
Қайныңның өзі түгіл, атын айтсаң,
Шошиды селк-селк етіп, барлық денем.
Алты жыл қымай күткен құлыным-ай!
Он үзген омыртқамды жұлыным-ай!
Қарбандап сүйіп мауқым басатұғын,
Айрылып сенен дағы ұлыдым-ай!
Алты жыл қымай күткен ауыл-аймақ!
Алдыңнан кесе өткем жоқ, құдай айғақ.
Күтіп тұрған жаныңды отқа сал деп,
Көтердің түс-түс жақтан бөрің сайғақ.
Ал енді менің қайда барар тауым?
Нәрсенің көз алдымда бәрі жауым.
Ініңді алтындасаң, құлқым сүймес,
Басқа жоқ онан өзге айтар дауым.
Жазанды ақыретте құдай берсін!
Жер болып жетім-жесір жылай берсін.
Жиылып бөрің бірдей мені жеңген
Ел-жұртым, қалай ерсің, қалай ерсің!

1913 ж.

**М. Әуезов
жариялаган
әдәби нұсқа**



ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ ТУРАЛЫ

Қозы Көрпештің бұл жыры бұрынғы Семей облысында Жанақ айтқан жыр деп жүргізіледі. Бірақ хатқа түспей, ауызда жүрген ескі жыр. Жағасы жайдақ аққан су сияқты. Оған сай-саланың бәрінің үлкенді-кішілі, тасқыны өз суын әкеп қоса береді. Және ағын судың арнасы қай топырақтан өтсе сол жердің реңін алады. Қозы Көрпештей жырдың арнасы жүрген топырақтар — әр дәуірдің таптық, қоғамдық топырағы. Ол көбінесе бұрынғы би, төре, бай ортасы.

Осы жырдың өзін де Жанаққа “қайта жырла” деп тыңнан айтқызған Сыбан төресі Солтабай деген де сөз бар. Жанақ осының ауылында жатып, жырды бітіріп, ат-шапан сыйлық алып кетіпті дейді. Бұл жыр ішінде Қодарды ылғи үлкен денелі малшы ғана қылып, одан басқа жайға келгенде ұдай мазақтап жырлауы сол малшының иесі — байдың салт-санасын ап-айқын көрсетіп тұр. Ол жағы “мен мұңдалап” тұр. Бұл тура “бұрынғы-соңғы Солтабайлардың қоғамдық, таптық қақазынан тудым деп” өзі айтып отыр. Жанақ жырының сол Сыбан ішінде туғанына дәлел. Осы жырдағы жер аттары — Сыбан Семей, Жетісудың жапсарында, Аягөздің маңын мекен еткен ел. Жанақ тыңдаушысына жырды ентелетіп жақындату үшін уақиғаның ең үлкен бөлімін, Қарабай жайын осы Аягөзге әкеп көрсетеді. Бұл жыр сол заманда өте даңқты болуға лайық. Сондықтан барып Алтынемел қасындағы иесі белгісіз бір моланы Қозы Көрпеш—Баяндыкі қылып та алысқан. Бүкіл дүние жүзінің ескі дастандарын алсақ, бәрінде де осындай боп, ескі жырды — көшпелі жырды “қоныстандыру” кездесіп отырады. Бұ да соның бірі. Және бұ да әлгі біз айтқан арна топырағының жыр түсіне қосқан реңі, тағып қойған әлемі. Жырдағы Аягөз, Ақшәулі, Мыржық, Қалба, Қарқаралы, Абыралы, Шідертілер — сол тыңдаушы мен жыршының өздері мекен етіп жүрген тау-сулары. Бірақ бұл арнаға құйған бұдан

өзге де сай-сала бар. Ол осы жырда аталатын ағындар. Бұлар да қоспа қоспай қалмапты. Мен өзімше бұл жырдың дәл осы арасы өзге қазақ жырынан ерекшелігі деймін. Сыбанбай, Бекбау, Жанақ деп кеп аяғында Бейсембай да аталып өтеді. Бейсембай өз тұсындағы тыңдаушының заказымен Қозыны өлтірмей мұратына жеткізеді. Бұнысы бұзу. Бірақ, кім бұзғаны айтылып отыр. Қалай да бұрынғы басылған түрлерінен бұл жыр толығырақ та, ажарлырақ. Сондықтан бұның жайында таптық, қоғамдық жағынан толық зерттеулер болмаққа керек.

Онан соңғы бір сөз, дәл осы басылып отырған Жанақ айтқан Қозы Көрпештің өлеңінде, тіл көркінде, алдын ала атап өтетін айрықша бір кемшілік бар. Бұнда Ай-Таңсықтың қоштасуы сияқты ірі, сұлу өлеңдермен қатар, бірталай жерінде өлеңнің не байланысы, не біркелкілік келісімі дәл түспей, ақсай түсіп, сылти басып отыратын ақаулық бар. Ол Жанақтың өзінен қалған кемшілік болмау керек, бері келе көп айтушының аузынан өте жүріп, кей жерінде ажарланса, кейде жүдей түсіп, тонала келгендіктен.

Мен қолыма түскен жазбасын жариялап отырмын. Бірақ осыны оқып, кемшілігін көріп, Жанақтың бұдан ажарлы түрдегі айтуын білген жолдастар болса, біздің қазақстандық көркем әдебиет баспасымен жалғасып, өз жиған түрін баспаға берулері қажет. Кейде тұтас кітабы болмаса да, осы өлеңнің әр жеріне қосарлық басқа варианттары болса, оның да барлығын атап көрсетіп жіберулерін өтінеміз.

ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ

Кемел ақын келтірер сөздің түрін¹,
Оған да заман өткен бір ықылым²,
Кешегі ол бір қатар заманында,
Өтіпті екі байың бізден бұрын.

Солар да бізден бұрын өткен жандар,
Сап қасқа, өңшең манап сөзді аңдандар,
Қалыпсыз Қарабайдай бай өтіпті,
Тоқсан мың тәңірі алса да жылқысы бар.

Солар да бай болыпты дүние бок,
Өзіне құдай берген нәубеті көп.
Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,
Үйінде сілкіп киер шапаны жоқ.

Сыбанбай, Жанақ, Бекбау³ айтады екен,
Оның тегін кім десең, “түрікпен” деп.
Құдайым артық дәулет мал берген көп,
.....⁴

Нәсілін Сарыбайдың айтады екен:
“Қырық байы Орманбеттің біреуі” деп.
Елі-жұрты көре алмай малы көп деп,
Елімен өкпелесіп жөнеледі.

Жұртының өсек қылған сөзін кектеп,
Ағайын біреу жүрмес бұған еріп,
Өкпелеп өз жұртынан кетті жеріп...
...Құданың берген малын көпсінген соң,
Жөнелді Қарекен де ыза керіп.

Сарекен де ыза боп жүре берді,
Елі ақымақ қой жіберген мұндай ерді,
Тоқтамай күн-түн қатып ұдай көшіп,
Балталы, Бағаналы елге кепті.

Келгенін Балталыға халық көрді,
Сән-тұрманы өзгеден артық еді,

Жүз кісі Тайлақ би мен ел кеп еді,
Қарабай тоқсан мыңнан түк бермеді.

Елден шыққан білімсіз ант екен деп,
Ел-жұрты Қарабайға өкпеледі.
Қойшының сыбағасын тоғыз қылып,
Сарекең сый-сыйпатпен жөнелтті енді.

Жақсының шарапаты санға тиіп,
Сарыбайға бір тайпа ел билетеді.
Жиылған жамағат көп кеңеседі,
Мұнан бұрын патшалы емес еді.
Сарыбай тек жаралған жан емес деп,
“Патша” қоямыз деп “е” деседі.

Екі бай Балталыға бірдей келді,
Қарабай ол неғылсын дүйім елді,
Тоқсан мыңы көзіне мол көрінбей,
Аң аулай ерте тұрып жөнеледі.

Не Шыңғыстай, болмаса не Қалбадай⁵,
Не Мыржықтай⁶ аңы көп бір тау еді.
Қақ жарып хан Қарекең келе жатса,
Алдынан буаз марал кез келеді.

Қылт етті де жөнелді, белден асып,
Қарбаң-құрбаң етті де, қалды сасып.
Көзінің жасын сүртіп қарағанша,
Адасып қалды аңнан, жаза басып.

Қылығы сол күнінде жаннан епті,
Сол шағында тентіреп аңға кепті.
“Қап, бәлем, ертең түсте атамын!” — деп,
Қаңтарып Аққайыңды жата кетті.

Оған да артық дәулет тәңірім берді,
Қазақтан Сарыбай да артық еді,
Ерте тұрып памдатын үйінде оқып,
Сарыбай да сақарадан аңға келді.

Қалың тауды қақ жарып келе жатса,
Ат қаңтарған бір жанды көзі көрді.

Сарекен ат көрген соң жетіп келді,
Көреді түзде жүріп талай керді.
— Жатырсың түске дейін ат қаңтарып,
Үмітсіз дүниден кімсің?— депті.

— Көңілімді мың мен санға баламаймын,
Пенденің ілігіне жарамаймын.
Келгенше сексен үшке сүйері жоқ,
Үмітсіз дүниеден Қарабаймын!

— Қареке-ау, олай деме, тәңір білер,
Құлының жылағанын әлде көрер.
Дәулет пенен перзенттің кештігі жоқ,
Құдайым әлде болса бізге берер.

— Тәңірімнің қолынан келмей жүр ме?
Тілегін пенделердің бермей жүр ме?
Келіппін сексен үшке мәлден⁷ өтіп,
Берсе көзі алланың көрмей жүр ме?

— Қареке-ау, бұрын сені танымаймын,
Алланың мен ісіне налымаймын.
Жетпіс беске келгенше сүйері жоқ,
Қу бас шал мен де өзіндей Сарыбаймын.

— Е, балам, бала сүймей болыпсың зар,
Бала сүйсең жалғанда көңілің тынар.
Жасы бар сексен үште мені айт, балам,
Әлде болса алдыңда тілеуің бар.

— Қареке, ойлап тұрсам шынымен ер,
Кез қылған екеуімізді паруардігер.
Сегіз жас-ақ үлкенсің, байқап тұрсам,
Сексен үш жетпіс беспен қарайлас жер.

— Екеуіміз де осынша жасқа жеттік,
Дүниеден перзент сүймей арманда өттік.

Ендеше, ит айдаған бай екенбіз,
Кел, дос болсақ қайтеді қияметтік?!

Ауыр дәулет беріпті алла несіп,
Аузынан уағыдамен серт берісіп.
Екеуі жапан дүзде бек сөйлесіп,
Дос болды ақыреттік құдай десіп.

— Алланың әміріне көніселік,
Көздің қыры түскенін көріселік,
Ұл туар да, қыз туар заман болса,
Уағыдамен қалыңсыз беріселік.

Отырған хан Сарыбай, мені көрші,
Шал қартайған Қарабай досым деші.
Бір марал кеше кетті ыза қылып,
Кез қылса соны маған атып берші!

— Кез қылды жапан дүзде мені саған,
Түскен жоқ жасым жетіп, көзге таған⁸.
Кез келген бұйрықты аңды жібермейді,
Мылтығым алты қарыс⁹, көрсет маған!

— Шырағым, ойлап тұрса өзің кеңсің,
Біреудің білмегенін білгізгейсің.
Алдыңдағы түбекте жатыр марал,
Байқа, балам, бойыңды шалдырмайсың.

— Үйіңе құдай оңдап қыдыр қонар,
Бір досым бек сөйлескен сендей болар.
Бұл марал буаз екен, тіпті атпаймын,
Келінің екіқабат, кесел болар.

— Саған айтпай сөзімді кімге айтайын,
Ұялмай үйге қайтіп бос қайтайын.
Өлсем де атып берші, бір тояйын,
Мағшардағы күнәсін мен тартайын!

— Мен тұрмын бұл сөзіңді сынай алмай,
Маралға қызығасың тілімді алмай.

Тағы да бір бұйрықты аң кез келмей ме?
Атуға қорқып тұрмын, қолым бармай.

— А, балам, айтқан сөзге жетпедің бе?
Дүниеден перзент сүймей өткенің бе?
Кез келген сен аяйсың бұйрықты аңды,
Шыныменен достықтан кеткенің бе?

Пейілін Қарабайдың құдай алды,
Қынжылып мылтығына оғын салды.
Маралды бетіне алып тарс қойғанда,
Кідірмей сол орнында құлап қалды.

Қасында Сарыбайға қарамайды,
Қарбаң-құрбаң маралға жетіп барды.
Адамнан ақымақ туған хан Қаракең,
Маралдың жаны шықпай ішін жарды.

Ойласаң, Қарабайдың өзі мықты,
Сарекең қорқып атпай көп ұйлықты.
Пышағы сонда ішіне жазым тиіп,
Ішінен егіз қодығы¹⁰ мөңіреп шықты.

— Қазаққа алты санды бірдеймін деп,
Пенденің еш ақылын білмеймін деп.
Қодығын тыпырлатып бауыздайды,
“Сілікпелеп¹¹ үйге апарып бір жейім” деп.

Пейілін Қарабайдың құдай алып,
Кәпірдің мінезіне жан таң қалып.
Қан болып сақал-мұрты қайтып келді,
Өзі атқандай мақтанып саңлауланып.

— Отырсың не себепті жолды көрмей,
Қойып па тілегімді тәңірім бермей.
Кез келген бұйрықты аңды атып едің,
Бұл жұртта неге отырсың маған келмей?

— Қареке-ау, бай екенсің сөзің шалыс,
Екеуміз жапан дүзде болдық таныс.

Орнымнан үш ұмтылып тұра алмадым,
Мылтығым тиді маған алты қарыс!

Қалыпты бұрынғыдан бізге санат,
Сөзімді тентек болсам жұртқа сынат.
Алланың ақ бұйрығы маған жетті,
Басымды кешіктірмей оңға қарат!

Әуелі біз жолықтық есен-аман,
Түсірдің осы жерде ақыр заман.
Қоймадың бір маралды атып бер деп,
Мұнша қатты сөз айттың маған жаман.

Жүзімді көремісің, көрмеймісің?
Сөзіме еремісің, ермеймісің?
Ант айтып ақыреттік құда болдық,
Қыз туса беремісің, бермеймісің?

— Қыртысым сүймегенге шөл арықпын,
Өзім деген кісіге тас бұлақпын.
Уағдаға қылап қылмен не қыласың,
Күн болса ондай атты берер-ақпын!

— Қареке-ау, ажал уақыты маған жетті,
Ағасың жасың үлкен, құлдық, — депті,
Аузынан бір-екі ауыз арыз айтып,
Сарекең күні жетіп өліп кетті.

Тұрмайды сол Қарабай ниетке жетіп,
Сөйлескен құдайшылық естен кетіп.
Маралды егіз лақпен теңдеп алып,
Халқына жөнеледі өлеңдетіп.

Тұрады сол Қарекең өнер бастап,
Кәпірді көрген адам тұрмас қостап.
Маралды егіз қодығымен теңдеп алып,
Достысын бек сөйлескен кетті тастап.

Қарабай бұл мінезді сән көреді,
Нәлетті өзі ақымақ кім көреді?

Қырыштан төмен жылжып келе жатса¹²,
Алдынан будақ-будақ шаң келеді.

Сарыбай өзі мерген маралды атқан,
Маралға ит Қарабай дінін сатқан.
Ханымы Сарыбайдың буаз екен,
Үйінде аман-есен бір ұл тапқан.

Сүйінші Сарыбайдан сұраймын деп,
Сол елдің адамы екен келе жатқан.

— Қареке-ау, жапан дүзде сізді көрдік,
Сарыбайдың қызметкер адамы едік.
Ханымы Сарыбайдың бір ұл тапты,
Көрдің бе, жапан дүзде сәлем бердік?

— Мынау қалай сорлы еді өзі неткен,
Әз ойы мен қылғаны нәмәрт еткен.
Нетесің босқа сұрап Сарыбайды,
Сұрасаң Сарыбайды, марғау кеткен.

— Бай еді мынау қалай сөзі надан,
Өтерін дүниенің байқамаған.
Марғауың неше күндік, неше түндік,
Үшырса қос-қос атпен қашан барам?

— Ертіс басы қара дің¹³ жерге кетті,
Бейне теңіз дейтұғын көлге кетті.
Бес жүз киік соқтығып соны қуып,
Жолы қиын Бетпақтай шөлге кетті...

Сол иттің не қылса да қайраты мол,
Өз ақылы өзіне болады жол.
Амалы жоқ алысқа айдаған соң,
Адамы дел-сал болып қайтқаны сол.

Ақылмен алдадым деп мәз болады,
Халқына қадам басып жөнеледі,
Ханымы Қарабайдың қыз тауыпты,
Жол тосқан сақау қатын кез келеді.

— Іздеп едік, қайнаға-ау, кез келесіз,
Айпарадай ақ жүзім сіз көресіз.
Қайнаға-ау, көріпсіз бір перзентті,
Шүйіншіге, қайнаға-ау, не бересіз?

— Жаман сөзді есітсем ішім күйер,
Жақсы сөзді есітсем денем сүйер,
Былшылдама, сақауым, көтіңді қыс,
Сегіз өрме бұзау тіс қамшым тиер!

— Біреу жарлы, біреу бай, білмейсіз бе?
Айдай болған ақ жүзім көрмейсіз бе?
Қартайғанда көріпсіз бір перзентті,
Шыныменен бір шапан бермейсіз бе?

Хан Қарекең келеді түн-күн қатып,
Егіз лақ маралды қабат атып.
Сегіз өрме бұзау тіс қамшысы бар,
Сақауынды кетеді бартылдатып.

Жымдай болып сол сақау жорғалайды,
Бастың қаны қойнына сорғалайды.
Жар бойында бар екен жарты лашық,
Қашып барып сақауың қорғалайды.

— Сегіз жылда сексен мың сегіз сарай,
Жеті атамнан бақ берген алла тағала-ай.
Өз тілінен, сақауым, жаза тарттың,
Дәл енеңді ұрайын, бұның қалай?!

— Япырай, ибадатың көпке тисін,
Кінә аудармай сабайсың, жаның күйсін.
Қуанышқа сұрасам қамшы беріп,
Ұлы-қызың Қодардан қорлық көрсін!

Қарекең одан өтіп үйге салды,
Егіз лақ маралды теңдеп алды.
Пейілі Қарабайдың сондай кеңіп,
Бір сарттан жиырмалап шапан алды.

Молдалар шұбар ала қат оқиды,
Өлім шыққан үйіне жата оқиды.
— Менің құдам Сарыбай далада өлді,—
Деді де тоқсан саба толтырғызды.

— Тұра тұр енді, жұртым, мен желейін,
Ауылын сол құдамның мен көрейін.
Нарынды сабаңменен тоқтата тұр,
Әуелі салт барып бір келейін...

Тұрады сол Қарабай өнер бастап,
Кәпірді көрген адам тұрмас қостап.
Тантық шал иесіз үйге кіріп келді,
Белбеуге бақа айғырды іле тастап.

Елінде қырық мың шалқар байдай болып,
Қос жорға, жылқы ішінде тайдай болып.
Ақымақ шал иесіз үйге кіріп келсе,
Жөргекте Қозы жатыр айдай болып.

Ақымақ шал, ақылы жоқ жаман састы,
Қозыдан қорқып итті қара басты.
— Мені жұтар жалмауыз туыпты,— деп,
Тантық шал бақа айғырға міне қашты,

Бір жерде келе жатып бөгеледі,
Өзі ақымақ нәлетті кім көреді,
Тоқсан нарда сабаны жарып тастап,
Бір қобыны қымыз қып жөнеледі.

Қарабай Сарыбай мен мерген екен,
Хан Қарабай ауылына келген екен,
Ханым айтты: — Қарабай келіп кетті,
Сарыбай хан далада өлген екен.

Алпыс басты ақ орда тіккен үйім,
Бұрынғыдай болмайды менің күйім,
Мен түсімнен шошыдым бүгінгі күн,
Енді аңырма, отырма, Тайлақ биім!

Тайлақ би осы сөзді қос көреді,
Еліне жиылсын деп хат береді.
Еліне кәдірменді бір би екен,
Дәл он бір сан халайық жұрт келеді.

Он сан халқын Тайлақ би жиып алып,
Отырған әулетке үндемейді.
Көңілі батыр Тайлақ жазған хаттай,
Мәнісін жиылған көп таба алмайды.

Он екі жыршысы бар бас боп ханым,
Шырышқа шеру тартып жөнеледі.
Жәйіліп, бет-бетімен қарап жүрсе,
Бір адам өліп жатқан кез келеді.

Издесіп алды-алдына жүрген шауып,
Өлді деп елі-жұрты қылған қауіп,
Бір жерде он бір кісі келе жатса,
Бір адам өліп жатқан алды тауып.

Айрылып патшасынан болды зарлы,
Табамын деп барша халқы көңліне алды.
Сол кісінің ішінен бірге шыққан,
Қоңыр ала тай мінген тазша бар-ды.

Тазша айтады: “ағалар, бөрің надан,
Жасымнан көріп едім бірталай жан.
Шыққыр көзім шықпаса мен таныдым,
Осы жатқан өліпті Сарыбай хан”.

— Құлақ көрі, бой кіші, ақыл дана,
Ту жығылса болмай ма қас маскара.
Жұрт иесі қаныма жара қылып,
Үйелменіңмен өртенгір тазша бала!

— Ойласам, он бір аға, пейілің тар,
Сендердің қылар қақпай мінезің бар.
Хат берген даулы жерге мөр басатын,
Қолында қызыл алтын жүзігі бар.

Көрген соң Сарыбайға жұрт жылайды,
Сол жерде тақат қылып тұра алмайды.
Серкесіз қойдай болып ұйлығады,
Аяғын қадам басып жүре алмайды.

Жиылысып сол араға бәрі келді,
Құба қалмақ сықылды іштен бүлді¹⁴.
Жалғыз-ақ ханым сонда естіген жоқ,
Батыр Тайлақ болды да бәрі білді.

Қай адам ер Тайлаққа тең келеді,
Жиылған сол араға көп ел еді...
— Есітпирмей қайтқанымыз лайық емес,
Ханымға жырлай-жырлай кім барады?

— Тайлыға алыс емес көрінген жер,
Табан шөңгел биімсің¹⁵ елімде бір.
Ханымға жырлай-жырлай мен барайын,
Ер Тайлақ, қолыңды жай, батаңды бер!

Ер Тайлақ тазшасына жарлық етті,
Тайымен қотыр-ала тазша кетті.
Сейілде қырық кісі мен ханым жүрсе,
Алдынан қара-қарсы кездей кепті.

— Ханым-ай, ақ сұңқарым, сені көрдім,
Біз ежелден хан-қарашы адам едік.
Мен шошыдым түсімнен бүгінгі күн,
Хан ием, жолыққалы сізге келдім.

— Аптығып қотыр таймен келесің тез,
Бұл жалғанда ақылсыз адамнан без.
Көп шатып тантырақтап сөзді ұзартпа,
Қанікей шошығаның немене сөз?

— Жаратқан бәрімізді тәңірім күшті,
Бұл дүние ойлап тұрсам енді екі ұшты,
Мен түсімнен шошимын бүгінгі түн,
Менің сәлдем басымнан жерге түсті.

- А, тазша, олай болса мал сойғаның,
Құдайым дәріесіне сен тойғаның,
Сенің сәлдең басыңнан жерге түссе,
Бес уақыт намазға бас қойғаның!
- Ойласам бұл ханымның ақылы асты,
Қарашың дәл сіздей ме, жаман састы.
Мен түсімнен шошимын бүгін тағы,
Қолымнан жібек баулы сұңқар қашты!
- Мінезің ойлап тұрам жаннан қылап,
Келдің бе қотыр таймен мені сынап.
Қолыңнан жібек баулы сұңқар қашса,
Көргенде, қоян аңнан шабыт сұрап?!
- Қай адам Сарекендей ниетке жеткен,
Көп адам бізден бұрын өтіп кеткен.
Айрылдым қапияда сұңқарымнан,
Қолымнан абайсызда ұшып кеткен.
- Мұндар таз, бір сұмдық бар тіл-жағында,
Сен келдің қотыр таймен бұл шағында.
Қолыңнан абайсызда ұшып кетсе,
Қара орнында болғаны, хан — тағында.
- А, ханым, бір сөзіме жаңа жеттің,
Қай сөзіңді бұзайын мақұл деппін.
Мен түсімнен шошыдым тағы бүгін,
Түсімде бір тұңғиық суға кеттім.
- Құдайым енді саған деп береді,
Бойын салған базарға, жол көреді.
Жүруші ең әр нәрседен шолпы тартып¹⁶,
Түпсіз тәңірім, дариядай мал береді.
- Ханым-ау, бұл ниетті ойға алайын,
Мәнісін тура тартпай не ғылайын.
Жандап-жандап сөз айтсам жуытпайсың,
Тұпа-тура найзамды тік салайын!

– Мұндар таз, маған келдің қаның қашып,
Ант ұрған сені тұр ма қара басып!
Мен сенің қалжыңдасар кісің емен,
Немене айтар сөзің найзаласып?!

— Аңға да кеткен екен Сарекем-ау,
Таңертеңгі салқында.
Мінсіз бір туған жан еді-ай-ау,
Өнеге бойы қалпында,
Келімсек төре хан болып,
Балталының халқына,
Өрісі толып малына-ай-ау,
Қазынасы толған алтынға.
Алла ісіне шара жоқ-ау,
Жетпесті қуып алқынба!
Қайырлы ғұмыр бере көр-ау,
Қозы жанға артында.
Сізден де шығар адам жоқ,
Ойласаң ақыл тарпында.
Хан орнына хандық қыл,
Кеше билер бір тұрған жарқында,
Ақылдас еді Сарекем,
Билеспес деп тартынба¹⁷.

Ханымның сөзі:

– Өлді ме Сарыбай хан, жұртым көрсін,
Жыламан, патша-құдай иман берсін.
Ғаламнан хан Сарыбай өткен болса,
Иншалла, тәуба, тәңірім, артын берсін!

Тазшаның сөзі:

– Ханым, көрсең, жыларсың,
Сарекемнің дертіне,
Сабырдан басқа айла жоқ,
Іштегі жанған дертіңе.
Көргеннен соң жыларсың,
Нәпсің қоймай еркіңе.
Аулақ жерде, ханым-ау,
Нәпсің тоқтат беркіңе.

Сүйегіне мін болар,
Жетпей кетсең сертіңе.

Ханымның сөзі:

— Мұндар таз, жылайды деп көңіліңе алма,
Алып жүр сүйегіне, енді алданба.
Өлген жан жылағанмен қайтып келмес,
Көңіліңді босатқанмен пайда бар ма?!

Ханымға тазша естіртті жеке барып,
Жұрт сілтідей тынады қайран қалып.
Егіл-тегіл еңірескен Сарыбайға,
Ханымды сүйегіне келген алып.

Өлгенін Сарыбайдың ханым көрді,
Ұрғашыдан таппассың мұндай ерді.
Адасып ақылынан аспай-саспай,
Еліне ақыл айтып қайрат берді:

— Жылама, батыр Тайлақ, сен де өлерсің,
Алладан тағдыр келсе жөнелесің.
Өзі беріп, өзі алған арманы жоқ,
Маһшардан имандыма кез келерсің.

Жұртым-ау, бұл жылаған ниетінді қой,
Өлім шықса тіріге болмай ма той.
Жылағанмен бір нәрсе табар болсаң,
Жылап-жылап тірілтіп әкеле қой!

Тайлақ би, олай тұрма, сен бері жүр!
Ақылдасып Тайлақпен ойлайды тұр.
Алып жүрмей осы жерге біз қоялық,
Елге жібер, жабдық пен үй әкелдір!

Ел барып, айтқанының бәрі келді,
Дайын болды, жамағат көзі көрді.
Зиярат қылып бір күмбез жасаймын деп,
Ел ұйғарып сол жерге қояды енді.

Жиылған жаназаға қанша жанды,
Бәрін де сый-сыйпатпен жөнелтті енді.
Ханым айтты: “Қайғысыз адам едім,
Бұл сықылды жалғанда жанды көрдім.
Ат шаптырып, ас берсең ерік өзінде,
Билігін, батыр Тайлақ, саған бердім”.

Қай адам ер Тайлаққа тең келеді,
Жиылған жаназаға көп ел еді.
Мақтауын батыр Тайлақ алғаннан соң,
Халқына сауын айтып жөнеледі.

Тыңдаңдар мына сөзді, ей, жарандар,
Құлақ салып тыңдасаң афызалдар.
Өтірік айтса ақынның жаны шықсын,
Басқы аттың бес жүз жылқы бәйгесі бар.

Сый алды елі-жұрты құры қалмай,
Тайлақтың кеткен жан жоқ тілін алмай.
Он бір сан халайықтың бәрі келді,
Айтқан күні жиылып бірі қалмай.

Тайлақ айтты: “Жамағат, ой ойлаңыз,
Тентек пенен тебізді бір қоймаңыз.
Даусыз болып аттарың анық келсін,
Әр рудан бір кісі ат айдаңыз.

Алланың ақ ісіне мойын бүрсын,
Ала-құла болғанды құдай ұрсын!
Қүреңістен¹⁸ ат айдап жіберіндер,
Ақкезеңнің¹⁸ үстінде көмбе тұрсын”.

Байлығын Сарыбайдың халқы көрді,
Атын айдап алысқа жіберді енді.

Бес жүз аттың алдынан бір шақырым,
Өз үйінің телқызыл аты келді.
Ешбір жаман бұзықтық, жанжал шықпай,
Жиынын тыныш қылып жөнелтті енді.

Ел-жұрты құрмет қылды ханның үйін,
Ғарып-қасер жетімге болды тойын.
Тайлақ айтқан сөзінен жан шықпайды,
Тып-тыныш боп тарады осы жиын.

Мінезі Қарабайдың жаннан өтті,
Уағдасы құда болған жұртқа жетті.
Тайлақ биге айтады ханым тұрып:
— Сонымен кел сөйлесіп құдалықты.

— Ханым-ау, Қарабайың құрып қалсын,
Келуге жарамған құдай алсын.
Мен барсам, тек келмеймін сол итіңмен,
Жалғыз ұлым сол Танаш балам барсын.

Тайлақтың сөзін ханым мақұл етті,
Осы сөз де паш болып халыққа жетті.
Қасына он бір жігіт ертіп алып,
Ер Танаш Қарабайға жүріп кетті.

Жүр еді хан Қаракең жалғыз өзі,
Танаштың Қарабайға келген кезі.
Қаракеңнің алдынан қарсы келіп,
Жолығып ер Танаштың айтқан сөзі:

— Қараке-ау, хан болыпсыз, сізді көрдік,
Жасы үлкен бай екенсіз, сәлем бердік.
Кешегі Сарекемнің заманында,
Қайғысыз, уайымсыз жүруші едік.

Сарекем дүние салып кеткеннен соң,
Біз биыл құдіретпен не көрмедік?
Жіберді құдағиың, құрбың — Тайлақ,
Алдыңа бір сәлемді алып келдік.
Қандай жауап бересіз, хан Қаракем,
Сөйлескелі, байеке-ау, келіп едік.

— Былшылдама, сөзіңе тіпті ермеймін,
Ұмыт болған сөзді мен жөн көрмеймін.

Сен он екiң, көтiңдi қыс, үйiңе қайт,
Жетiм ұлға құда боп қыз бермеймiн!

— Қареке-ау, ақылменен арбайсыз ба,
Жаратқан бiр тәңiрдi алдайсыз ба?
Ниет айтып ақыреттiк құда болдың,
Тегiнде қияметке бармайсыз ба?
Құдай мен тәңiрi алдында беттестiрсе,
Сол жерде қара жүздi болмайсыз ба?

— Мына сөзге мен тұрмын қайран қалып,
Қалың малын қойып ем қашан алып?
Сен он екiң былшылдап сөйлей берсең,
Бөриңнiң де кетемiн басың жарып.

— Орын бар ма дүние үшiн дiнiм сатар,
Бiзге аударар күнәң жоқ, атын атар.
Бұл мiнезден қайтпасаң, шал Қареке,
Осы тәнiң дозақтың дәмiн татар!
Бетiн топырақ басты деп жалған айтсаң,
Жаһаннам деген дозақта жанып жатар.

— Келiпсiң сөйлескелi өңшең кедей,
Қайтсаңшы жаның олжа бiрiң өлмей.
Қой десем де қоймайсың сен он екiң,
Тым болмаса қайтпассың таяқ жемей.

— Қареке-ау, жаман сөздi айтпа бекер,
Бұл мiнезiң өзiңдi әуре етер.
Осы арада қыз бермей сен тұрмассың,
Қашып жүрiп бiрталай күнiң өтер!

Менiң әкем естiсе тек қоймайды,
Өзiңдi байлап қойып қорлық етер.
Тым болмаса сұрашы қалың малды,
Сарыбайдың малы бар саған жетер!

Көрмессiң Қарабайдай пейiлi тарды,
Жылқыдан Бақаайғырды мiнiп алды.

Сегіз өрме, бұзау тіс қамшысы бар,
Бөрінің тарсылдатып басын жарды.

Ойлашы Қарабайдың қайраты мол,
Өз ақылы өзіне болады жол.
Бір тау тесіп мойнымызға ілсе дағы,
Он бір аға, үндемей қайтарлық жол!

Ұрыспай ол он бірі жүре берді,
Мінезін Қарабайдың көзі көрді.
Ұрыссақ ханым бізге өкпелер деп,
Жардырып ап бастарын қайтып келді.

— Барсын деп ханым бізге қылды жарлық,
Мен көрмеген жан едім қорлық-зорлық,
Мінезін Қарабайдың көре тұра-ақ,
Шіркін нәлет құдаңа кеше бардық.
Біз сіздің тілің сыйлап барамыз деп,
Қызыл тақия сый-сияпат киіп алдық.

— Ол кетер, бұл араны қылмас мекен,
Сол нәлет біржолата кетсе-ақ екен,
Жалғыз-ақ бір тілегім — Қозы ер жетсе,
Бір адам бұны сөз қып айтпаса екен.

Жұртына батыр Тайлақ қайту қылды,
Не қылсын Қарабайдай кәпір сұмды.
Ешбір адам аузына алмаған соң,
Аты өшкірдің аты өшіп ұмытылды.

Ал енді мына сөзді тербетелік,
Ерігіп айтқан¹⁹ болдық біз нетелік.
Ханым мен Қозы Көрпеш жата тұрсын,
Ауғызып Қарабайды әпкетелік.

— Ойбай, қатын, қайдасың, бері келші,
Құдай қосқан қосағым, мені деші.
Ауылынан Сарыбайдың мазам кетті,
Кел ауамын, үйімді жығып берші!

— Байғұс-ау, қандай адам серттен таяр,
Біліп пе едің тайғанды құдай аяр.
Тоқсан мыңды бұл жерден тентіретіп,
Қайда барсаң осындай орын даяр?

— Бұған ермен өзгеңе ерсем дағы,
Кәрі басым қоршылық көрсем дағы.
Балталымен қоныстас бола алмаймын,
Тоқсан мыңды бір жауға берсем дағы.

— Қайтейін мінезіңді шайтан бұзған,
Кісі едің шайтан бұзған, құдай ұрған.
Бұл басымды келдемнен кессең дағы²⁰,
Бір отырған орнымнан өлсем тұрман!

Белгілі ерімейді іштің мұзы,
Өтпейді қатынына айтқан сөзі.
Үйді жығып артуды білмей тұрса,
Ойына түсті Ай, Таңсық екі қызы.

Айтады қыздарына келіп майда:
— Ай, Таңсық менің екі қызым қайда?
Қақпас шешең тілімді тіпті алмайды,
Бір пайданды тигізші осындайда.

Сөзінен ызындаған қыздар өлді,
Амалсыз шақырған соң келіп еді.
Жылап жүріп үйінің бауын шешіп,
Талқан қып тоқсан нарға артып берді.

— Шырағым, екі қызым, мені көрші,
Мынау кәрі ит атаңның ісін көрші!
Құдай қосқан жарынан тірі айрылған,
Алдыма сұм Баянды алып берші!

Қайран балам, кімдерге күң боларсың!
Қайран малым, кімдерге жем боларсың!
Обалдарың әкенді жібермесін,
Үш сорлым, қандай жерде кем боларсың?!

Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,
Жылқыдан Аққайыңды мініп алды.
Жетелеп бақа айғырды жөнелгенде,
Жұртында қотыр ала тай қалмады.

Жер мен су, тау мен тасқа қоштасқалы,
Көшінен сонда екі қыз тұрып қалды.
Кеткен соң бұл арадан келмес мәні,
Жоқ еді бай болса да оның сәні.

Қарабай көше қашып жөнелгенде.
Ел-жұртқа екі қыздың қоштасқаны:
— Балталы, Бағаналы ел, аман бол²¹,
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол.
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап, күліп ер жеткен жер, аман бол.

Қара басқан қашқынды қоя берме,
Ел жақсысы Тайлақ би ақылы мол.
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар,
Жоғалма, қайда барса қазылған жол.

Тайлақтың елі, аман бол, қалған елі,
Аман бол, қалың ағаш, аққан селі.
Теруші ем еріккенде ермек етіп,
Еспе жиде, алма ағаш көлеңкелі.

Сегіз сай тау біткенді сала, аман бол,
Халайық қалған елдің шалы, аман бол.
Қарабай қайын атаң сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш бала, аман бол!

Ұзын өлке, жота мен төбе, аман бол,
Тайлақ би ел жақсысы, көп, аман бол.
Изенді, мық жусанды, бетегелі,
Ақ көде малға шүйгін шөп, аман бол!

Жақсы кісі, аға мен іні, аман бол!
Іребдел өңшең мырза²² жаға, аман бол,

Қайын атаң Қарабай сенен қашты,
Жөргекте Қозы Көрпеш тағы, аман бол!

Байлығын Балталының көрмеймін деп,
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін деп,
Кәрі атаң ақылы жоқ өрге қашты,
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп.

Баянды бермей кетер саған боқты,
Айым-күнім атарсың қазалы оқты,
Күнінде күйеу болып келер болсаң,
Жолыңда біз тұрамыз айтқан тоқты.

Қозыке-ау, піспей қалған сіз бір алма,
Бойыңа қуат бітіп, күш толар ма,
Қозы Көрпеш күйеу боп, біз қайын боп,
Иілісіп тұратын күн болар ма?

Қолынан ит Қарабай малын соймас,
Бір жерде дамыл қылып дәмге тоймас.
Құдайым тағдырын да қосқан болса,
Қайда барсаң, онда бар, сені қоймас!

Үйіңе құдай айдап қыдыр қонар,
Ер Лұқпан қолтықтап жолдас болар,
Егер де сапар қылып бізді іздесең,
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар!

Балталы, Бағаналы, халық, аман бол,
Жөргекте Қозы Көрпеш, жалқы аман бол,
Женеше, келін-кепшік, құрбы-құрдас,
Халайық бізді ойлаған, жалпы аман бол!

Барады белде-белде²³ дәурен өтіп,
Ат мінген қара жолға қызды еңіретіп.
Таңертең тұрып қалған сонда екі қыз,
Көшке екінді болғанда келді жетіп.

Жөнелді сонда екі қыз белін буып,
Тым сұлу көркемдігі айдай болып.

Көшіне жылай-жылай өрең жетті,
Жылаған жасы атының жалын жуып.

Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,
Жылқыдан Аққайыңды мініп алды.
Су аяғы құрдымнан ара-қонып,
Осы тұрған Семейге жетіп барды.

Дамыл, аял көрмейді көзі терлеп,
Өзге жақпен жүре алмас малы кернеп.
Дамыл жоқта, тыным жоқ көше беру,
Өне бойы жағалар Ертісті өрлеп.

Көше-көше талай жер барып қалды,
Барғанмен барқадар²⁴ таба алмады.
Көл, қара су бойына жетіп барып,
Қайқайып құм жағалап қайта салды.

Алатаудың жағалап ар жағымен,
Іле басы Құлжаға тағы барды.
Ол жерде келіспеді мал тойыны,
Сірә, тоқтау болмады іш орыны.

Іледен қайта көшіп Шыршық барды,
Ұдай көшіп барады Сыр бойына,
Азғана Сыр бойына дамыл алды.
Бір күні ол қаңғырып Қоқан кепті,
Тоқсан атқа бір белбеу сатып алып,
Не қыласыз дегенге “шұлғау” депті.

Көшеді қысы-жазы дамыл көрмей,
Біраз елі қалады оған ермей.
Сағынып Сарыарқаны қайта көшті,
Мазалы, ел ішінде рақат көрмей.

Көрмессің Қарабайдай жарым есті,
Азырақ өзінен де қатыны есті.
Қырық күндік ыстық шөлге қайта көшіп,
Бетпақтың сардаласы барып түсті.

— Қырыстан салқын соқса самал болар,
Мұнан артық не қиын қамал болар.
Құлын, тайым қырылып шөлдеді ғой,
Ойбай, қатын, айта көр, не амал болар?

— Не деп жауап айтайын бұл сөзіңе,
Құдай беріп қойды ғой мінезіңе.
Қырылмақтан жойылсын құлын, тайың!
Бұл қылық елден қашқан азды өзіңе!

— Ойбай, қатын, өлсем де тіліңе ермен,
Балталы, мен ұрайын сақалыңды²⁵.
Жалғыз тайым қалса да өлсем көрмен!

Көрмессің Қарабайдай жарым есті,
Бірталай көше-көше күні кешті.
Бетпақта бос қамалып жата алсын ба,
Одан көшіп Қарекең Шуға түсті.

Қарекең қырып-жойып Шуға барды,
Ақымаққа құдай берген мұнша малды.
Арқада қызы сұлу бай көшті деп,
Торғауыттан бедеумен Қодар салды.

Жамағат осы сөздің бәрі де рас,
Ерлігі асқан Қодардың о да бір мас.
Мақтаулы қазақ аты көтере алмас,
Астында бедеуі бар алты құлаш.

Қодардың өзі ойланып бір ниетті,
Қамшы басты, бедеуін зар еңіретті.
Қуып жүріп, әркімнен сұрап жүріп,
Шу бойында қамалған байға жетті.
— Әрі-бері көше алмай бос қамалған,
Құлын-тайың шөлдеген кімсің? — депті.

Көңілімді мың мен санға баламаймын,
Бенденің ілігіне жарамаймын.

Су аяғы құрдымнан қашып жүрген,
Алла тағала қаңғыртқан Қарабаймын²⁶.

— Қареке-ау, іздеп едім кез келесің,
Қодар батыр мен едім, сен көресің.
Мен шөлдетпей Бетпақтан алып шықсам,
Қанекей, ақысына не бересің?

— Балам-ау, сен іздесең кез келейін,
Сені құдай берген соң неге өлейін.
Сен Бетпақтан шөлдетпей алып өтсең,
Қалың малсыз, борышсыз қыз берейін!

— Қыз берсең сен атасың, мен баламын,
Не қылып тең құрбымнан құр қаламын.
Асыраған қызыңды мен алмаймын,
Жалғыз қызың Баянды мен аламын.

— А, балам, қайратыңды мен көрейін,
Жаманға сені неғып теңгерейін.
Сен шөлдетпей шығынсыз алып өтсең,
Сүйген қызың Баянды мен берейін.

— Уағда қылып, серт қылсаң, сенсем екен!
Сенгеннен соң соңыңнан ерсем екен.
Олай-бұлай қызыңның керегі жоқ,
Ақ Баянды, Қареке-ау, берсең екен!

— Жас құлыным қырылды тамам, Қодар,
Бір су тауып бере көр маған, Қодар.
Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,
Ақ Баянды беремін саған, Қодар.

— Қареке-ау, осы сөзің жақсы кеп пе,
Жалған жауап сөйлеуге²⁷ сіздерге еп пе.
Бейнеттеніп Бетпақтан өткіземін,
Дер кезінде, Қареке-ау, алдап кетпе!

— Ұнамаған адамға шөл арықпын,
Қулық қылған кісіге қас шұнақпын.

Қылап қып уағыдамды неғылайын,
Серттен тайман, қызымды берер-ақпын.

— Құдай-ау, қайратыма дем бере көр,
Қареке-ау, жылдамырақ жөнеле гөр.
Екі күрек, екі үлкен кетпенменен
Және сегіз, көшіңнен мес бере көр.

“Сөзімді менің айтқан біле бер” деп,
“Атыңа енді отырмай міне бер” деп,
Қодекең ұзын сызып жөнеледі,
“Менің осы ізіммен жүре бер” деп.

— Байталым, енді аяңда, бүгін ел жоқ,
Арқада Аягөздей мөлдір сел жоқ.
Сертіме бұл айтысқан жете алмасам,
Сірә маған Баяндай бұраң бел жоқ.

Ант ұрған, білдірмейді Қодар жасып,
Әр жерден жүз кісілік құдық аршып,
Су шыққаннан су шығар құдығының,
Суы жоғын толтырар меспен тасып.

Сол күндегі жандардан Қодар асып,
Мінезіне қайраты құп жарасып.
Қодекең шауып жүріп қимылдайды,
Аямай бедеуіне қамшы басып.

Сол күндегі жандардан Қодар епті,
Уағыда қылған сертіне анық жетті,
Жанды аямай қимылды қылып-қылып,
Неғылса сол Бетпақтан алып өтті.

Аяқ жерде байталы болдырған соң,
Жаяу жүріп көреді көп бейнетті.

.....
Етік қажап, бақайы қанап кетті.

— Байталым, неғыласың, бүгін ел жоқ,
Арқада Аягөздей мөлдір сел жоқ.

Жиналған жан қуанар қыз көрген соң,
Баянды аламын деп көңілі тоқ!

Түнімен құдық аршып, түске шейін,
Сондай құдық жасайды беске шейін.
Кейінің өз суы бар, кейінде жоқ,
Меспен тасып толтырар кешке шейін.

Жылқысы суға қанып тойып алды,
Қодардың әр нәрседен ойы бар-ды.
Мұны құдай жаратқан сонша зор қып,
Анық он кез өзінің бойы бар-ды.

Тоқсан мыңды неғылса қандырды тез,
Әдебі жоқ, мінез жоқ, Қодардан без.
Кәпірдің денесінің бәрі де артық,
Жалпағы жауырынының үш жарым кез.

Қодардың өзі дардай, сөзі дарбай,
Жүреді жанның бәрін көңіліне алмай.
Өзінің денесінің молын қара,
Сыңар ғана жұдырығы қол ағаштай.

Қарабай бұл жүргенін қылмас намыс,
Қодармен сол далада болды таныс.
Өтірік қосқан емес осы сөздер,
Ұзыны жауырынының алты қарыс.

Бұралған тал шыбықтай ол Баян қыз,
Тым сұлу көркемдігі жұртқа аян қыз.
Өзінің денесімен бір ісі жоқ,
Содан үміт қылатын Қодардан без!

Қодар айтты: — Қареке-ау, құлағың сал,
Менің айтқан сөзімді жақсы ұғып ал.
Аягөзге жете алсаң тау бөктерлеп,
Ешқашан қауға тартып шөлдемес мал.

Арғы шеті Аягөз, Лепсі, Үржар,
Тоқсан мыңға ылайық сонда жер бар.

Бұл жақта бұдан артық су болмайды,
Тоқсан мыңға өзге жер болады тар.

Көрмессің Қарабайдай пейілі тарды,
Қодарға “өзің біл” деп ақыл салды.
Қодардың сол тілімен көшіп келіп,
Жайлап қыстап Аягөз жатып алды.

...Қарабай Сарыбай мен мерген екен,
Күні жетіп Сарыбай өлген екен.
Бұл ауғалы он жыл болып қапты,
Қыз Баян да он төртке келген екен.

Тал шыбықтай бұралған өзі көрім²⁸,
Мінекей оны айтатын келді жерім.
Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян
Сипатып жаннан асқан ол бір серім!

Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты²⁹,
Шашының ұзындығы тізін басты,
Гүл төгілген аузынан меруерт тісті,
Ондай жан дүниеде жаралмас-ты.

Аппақ керік³⁰ маңдайлы, қылығы наз,
Малың түгіл басынды берсең дағы аз.
Сыртынан күлімсіреп сөйлесе де,
Көңілі қос болмайды, баймен араз.

Жұрт айтатын темірлі күймесі бар,
Қозы Көрпеш дегенде денесі тар.
Анда-санда болмаса сөйлеспейді,
Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар.

Қас асыл бойжетті алтын кірпік,
Шақырып Қодар келсе үйтіп-бүйтіп,
Қара көзін қан басып қарағанда,
Маңына жоламайды Қодар үркіп.

— Қайғылы менің көңілім тола ма екен,
Алланың сызығы екі бола ма екен?

Маңайға тантық құлды жолатқызбай,
Қорқытып қойған оны құдай екен.

Баянды сұлу қылса – тәңірім қылған,
Атағымен, даңқымен дүние толған.
Тоқсан байдың баласы тоқсан сері,
Сыртынан көзі көрмей ғашық болған.

Жамаға, осы сөзден күдер үзбе,
Сипаты Баян қыздың жаннан өзге.
Баянға ғашық болып тоқсан бағылан,
Бәрі де іздеп шықты жапан түзге.

Бәрі де ғашықтықпен жаһан кезген,
Баршасы ғашық болып елден безген.
Тоқсан жолдың аяғы бір жол болып,
Бір жолда тоқсан сері кездей келген.

Іздеген Баян қызды соның бәрі,
Бірінен бірі артық ақылдары.
Бір өзінде он кісінің қайраты бар,
Баласы Нұрқара би Көсемсары.

Елінен іздеп шыққан тоқсан бала,
Ақылы тоқсанының тоқсан сала.
Бір өзінде тоқсан кісінің қуаты бар,
Баласы Қаратоқа Бұлан қара.

Елінен іздеп шыққан тоқсан ері,
Әрбірі жанға өлшеусіз көңілдері.
Қайсыбірін айтайын, осалы жоқ,
Аяғы бес кісілік Көсем сері³¹.

Бәрі де жапан дүзде бек сөйлесті,
Қайғысын Баян қыздың жеп сөйлесті.
Біріміз бірімізді күндемелік,
Бағымызды сынайық деп сөйлесті.

Қаратау, Тарбағатай жерге келді,
Жәйтөбе, Қатынсуы көлге келді.

Басынан Ақшәулінің дүрбі салып,
Отырған Аягөзде елді көрді.

Сол күндегі адамнан Қодар мықты,
Қарсы басқан дұшпанын жерге тықты,
Ел шетіне жау келді деді дағы,
Айғайлап тоқсан ерге жалғыз шықты.

Сол күндегі жандардан Қодар епті,
Сескенбей тоқсанымен араласты.
Ықтыжарды білетін Қодекең бе,
Сол жерде тау соққандай майдандасты.

Әрі-бері тоқсанмен айқасқан соң,
Біреуі бетгемейді, бәрі қашты.
Бәрін бірдей Қодекең жеңіп алып,
Бейне малшы қылды да, малға салды.

Күймедегі Баянды көргені жоқ,
Бұқа-буға деген сөз содан қалды.
Қарабайдың тоқсан бір құлы болып,
Ен суда малын бағып жатып алды.

...Енді тоқта, қызықты бір көрелік,
Ұмытпасақ, айналып бір келелік,
Қодар, Тоқсан, Қарабай жата тұрсын,
Балталыдан бір жігіт әпкелелік.

Осындай болса керек ердің ері,
Жаңа бір тыңдайтұғын келді жері.
Елінен намыс үшін іздеп шықты,
Тайлақтың кенже інісі Айбас сері.

— Күшімді мың мен санға сынайын деп,
Бір санды садағымен бөгеймін деп.
Елінен намыс үшін іздеп шықты,
Сұраса Қозы ер жетіп, не деймін? — деп.

Ойлайды: қай жекжатқа сенейін деп,
Не қылып ажал жетпей өлейін деп,

Елінен Айбас сері іздеп шықты,
Дұшпанға неге намыс берейін деп.

Қараңыз ер Айбастың қылған ісін,
Бойында аямайды қуат-күшін.
Туысқаны, туғаны, жақын емес,
Іздейтін жетім ұлдың қақысы үшін.

Ер Айбас ойланып жүр ол бір нетті,
Қамшы басып бедеуін зар еңіретті.
Құр айыл, жіп құйысқан тағып алып,
Тұлпармен тайкөк деген іздеп кетті.

Ер Айбас көктайменен өрге салды,
Ізімен тоқсан мыңның кетіп қалды.
Қазылған сары ізімен жүре-жүре,
Әйтеуір адаспастай болып алды.

Көктаймен кейде шапты, кейде желді,
Көреді серілікпен талай жерді.
Аз жүрсе, көп жүрсе де, аман-есен
Аяғы Жетісуға о да келді.

Сол күндегі жандардан Айбас мықты,
Болдыруды білмейді көктай тіпті.
Жұрттың айтқан мөлшері болды ғой деп,
Бір биіктің басына келіп шықты.

Көреді батыр Айбас талай жерді,
Ит Қарабай сенделтті есіл ерді.
Сол биіктің басынан қарап тұрып,
Аяғезде отырған елді көрді.

— Астында патшалардың алтыннан тақ,
Болғай-ақ бұл ісіме тәңірім жақ.
Нетейін бұрынғыңды, көктайым-ай,
Барыңды бүгінгі күн қарыштап бақ!
Жер аулақта үш қызға бір сөйлесем,
Одан артық құдайдан тілегім жоқ!

Бар құдай сол тілегін қабыл алды,
Тал түсте ел шетіне жетіп барды.
Өзенде жиде теріп, ойнап жүрген,
Алдынан үш қыз душар бола қалды.

— Біреудің ашылмас бұл бағасысың,
Кіреуке, алтын тонның жағасысың.
Елдің жөнін сұраймын, шырақтарым,
Токта үшеуің қай байдың баласысың?

— Ағеке-ау, асыл зада сен бір ерсің,
Жадағай жапан дүзде кез келесің.
Қорықпай Қодекемнен мұнда келген,
Жүрек жұтқан жанбысың, неғып жүрсің?

— Шырағым, тал бойында жоқ екен мін,
Иманнан қуаттанып ашылар дін.
Қодайтып “Қодекем” деп сөз сөйлейсің,
Ол нәрсе қайдан шыққан, нәсілі кім?

— Тартынбас әр нәрседен Қодар тайып,
Естісе бұл сөзіңді үлкен айып.
Қодардың атасы жел, анасы жел,
Кез болған сардалада, өзі ғайып.

— Ендеше, Қодарыңды ойға алалық,
Мен бе едім сол итіңнен кем боларлық.
Құдайдан бұйрық болып, демеу болса,
Астына табанымның бір салалық.

— Ағеке-ау, жақсы айтасың, сөзің майда,
Бір пайда тигізе көр осындайда.
Қодарды жеңіп бізге кек әперер,
Алаштан асып туған ер ұл қайда?

— Астымда көктайым бар тұлпармен тең,
Қодарды қылма уайым маған сенсең.
Елімнен әдейі іздеп арнап шыққан,
Құдай қосса, керек-ті соны жеңсем.

— Жоқ еді бір туысқан аға-жеңгем,
Көңілім жақын тартты сізге дем-дем³².
Жақындық бізге таман сөз айтасыз,
Ағеке-ау, ел-жұртың болар кім-кім?

— Балталы, Бағаналы елден келдім,
Бақалы, балдырғанды көлден келдім.
Жұрты деп Сарыбайдың естуші ме ең,
Ел жақсысы Тайлақ би елден келдім!

— Ағеке-ау, бұл бір қызық заман екен,
Сізге деген жамандық бізге мекен,
Су аяғы құрдымнан келген болсаң,
Ел-жұрты, қой-қозы аман бе екен?

— Сіздерге күмән шығар, өзіме аян,
Елімнен іздеп келген келінім Баян.
Қозы Көрпеш падыша халқымызда,
Қара орны хан тағында, халқым аман.

— Адамға біздей емес жат пенен өз,
Жапан дүзде, ағеке-ау, келесіз кез.
“Қозы Көрпеш, қыз Баян” деп, сөйлейсіз?
Апалар, жөнін ұқтыр немене сөз?

— Жас кісіде артылмас сенен кеңес,
Біреуге бұйырғанды біреу жемес.
Бір мұңшылық айтамыз әншейін-ақ,
Шырағым, сен есітер дәнеме емес!

— Құлақ көрі, бой кіші, ақыл дана,
Көктаймен ауылыңа келдім жаңа.
Апаларың жасырса, мен жасырман,
Сөзің рас, шырағым, бермен қара.
Су аяғы құрдымнан іздеп келдім,
Қозы Көрпеш шын жарың, келін бала.

— Атамыз Қарабай да мерген шығар,
Талай жерді қаңғырып көрген шығар.

Қозы Көрпеш дегенді біз білмейміз,
Суға сатып Қодарға берген шығар!

— Шырағым, келіп едім гүл-гүл жанып,
Келгенмен, қуанбадым сөзге қанып.
Көңілің шыныменен жат боп кетсе,
Елімнен неге келдім азаптанып?

— Атамыз Қарабай да мерген шығар,
Қаңғырып талай жерді көрген шығар.
Қозы Көрпеш дегенді біз білмейміз,
Суға сатып Қодарға берген шығар!

— “Байлығын Балталының көрмеймін” деп,
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін деп,
Қарекең ақылы жоқ өрге қашты,
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп!

— Сәлем де олай болса дұғай-дұғай,
Біз жүрміз қайғысында жылай-жылай.
Барлағалы айтып ем, ей, ағеке-ау!
Көкіректе қаяу жоқ, куәм құдай!

— Ауыздан айтқан сөзің дін емес пе,
Қалжың сөз періштеге куә емес пе?
Екі асыл ай мен күндей жар болған соң,
Өзінді кірлегенің мін емес пе?

— Ағеке-ау, асыл зада, сіз бір ерсің,
Ініңе сүй деп барып айтты дерсің.
Қылмаңыз сөзге налып жамандықты,
Жазамды, арам болсам, тәңірім берсін!

— Қасыма Баян-Таңсық қыз келесіз,
Қозының Айбасы едім, сіз көресіз.
“Жылдам барып сөйлесіп тез қайт” деген,
Ініме сәлемдеме не бересіз?

— Сәлем де ініңізге, іздеп келсін,
Келмесе сорлы Баян дегені өлсін.

Көңілім кетті Қозыға жаным мұнда,
Айтқан сөзді ініңіз қабыл көрсін.

.....
Алтынды тон, жүзігім белгі болсын,
Қасына не қосады апам білсін!
Қосқан соң ақылына екі қызды,
Екеуі жыламсырап көңілін бұзды.
Ініңе сәлемдеме деп береді,
Жүзік пен тоннан басқа бір тоғызды.

— Апалар, мұны ешкім көрмес пайда,
Ойланбай іс қыласыз осындайда.
Бір тоғыз сәлемдеме бердіңіз-ақ,
Келген адам сый-сыяпат, жолы қайда?

Көктаймен келіп едім бір жыл желіп,
Көңілімді сіздер үшін аққа беріп.
Өз басым сабақты жіп тіпті алмаймын,
Шырағым, көңілім тойды сізді көріп.

— Құдая, сапарына дем бере гөр,
Ағеке-ау, жылдамырақ жөнеле көр.
Жатырмыз Аягөзді жайлап-қыстап,
Ініңді кешіктірмей жеткізе гөр!

— Сөздерің, шырақтарым, тым-ақ майда,
Кім білінбей кетеді осындайда?
Соғыспай әдейі кеп неге кетем,
Дейтұғын Қодар-Токсан итің қайда?

— Өзір Қодар сіздерге сөз бермейді,
Жалғыз сіздің өзіңе бөгелмейді,
Ініңізбен екеуіңіз екеулеңіз,
Кәпірдің қайраты мол бой бермейді.

— Көктаймен батыр Айбас өрге салсын,
Құдай берсе ондағы халыққа барсын.
Көзіме көрсет дағы қоя берші,
Итіңнен таяқ жесем, құдай алсын!

— Кәпір Қодар бір тау ғой, кім таласар,
Денесін көрген жанның қаны қашар.
Ағаке-ау, тілімді алсаң көрінбей қайт,
Кетпестей сүйегіңе таңба басар.

— Бәле, бала, сөзіңнің бұзығына,
Тәңірдің тоқтау болмас сызығына.
Жанға өлшеусіз құлыңды мақтай берме,
Көрсет дағы қарап тұр қызығыма.

“Тіліне енді осының сенелік” деп,
“Тілеуін біз де мұның тілейік” деп,
Үш қыз қалмай соңынан ере жүрді,
“Қызығын екі алыптың көрелік” деп.

Үш қыз да тамаша ғып бұған ерді,
Таудай болған Қодарды Айбас көрді.
Қыздарға қайратымды көрсетем деп,
Тартынбай батыр Айбас жетіп келді.

— Мен Айбас, сен Қодарсың жаңа көрдік,
Тоңраңдаған сөзіңнен тамам өлдік.
Сізді білмей ауылға барып едік,
Қандай жаза қыласың, міне, келдік?

Айбас келіп Қодарды сөзбен шалды,
Қодар батыр шоқпарын жұлып алды.
Үш қызға мақтанды да келеңсіз құл,
Айбасты шоқпарменен салып қалды.

Айбас оның жауырынынан ұстап алып,
Бір-ақ ырғып, көктайдан жұлып алды.
Көктаймен салақтатып желіп кетсе,
Көктайы көтере алмай жата кетті.

Сол күндегі жандардан Қодар мықты,
Екеуінің аты ойнап бетке шықты.
Тұра сала екеуі алысқанда,
Келістіріп итіңді тағы жықты.

Астында Қодар жатып бақырады,
Күндей болып күркіреп ақырады.
Айбастың тізесіне шыдай алмай,
Біздің тоқсан қайда деп шақырады.

Күркіреп Ұшан сері келіп жетті³³,
Япырмай, солар неден үміт етті?
Қодекемді бас салып жатқан кім деп,
Бәрі бір-бір сойылымен салып өтті.

Бәрінің де сойылын жұлып алып,
Көктайға міне қашып Айбас кетті.
Артынан бақа айғырмен Қодар жетсе,
Ұрып-жығып, серейтіп тағы кетті.

Құба жон жығылғаны беттің деймін,
Құдайға емессің құл жетті деймін.
— Неғып тұрсың, Қодеке-ау, жауға шаппай,
Дұшпаның анау қашып кетті деймін?!

— Бұл тоқсан дәулетімде киім киді,
Жалғыз кісі кетірді біздің күйді.
Бір суырдың ініне ат жығылып,
Ақ жартасқа бұл басым жаман тиді.

Қас қарайып барады, көз байланып,
Қууға, тоқсан, тұрсың ыңғайланып.
Сендер барып олжа ғып әкеле ғой,
Қуа алмаймын, басым түр шыр айналып!

Қырды, жойды ер Айбас бөріктіріп,
Үш қыз да қуанады көріп тұрып.
Нені қусын Айбастан үміт етіп,
Басы Қодар ұйлығып, қалды тұрып.

Іс қылды батыр Айбас бойлай-бойлай,
Қырды, жойды, қиратты ерікке қоймай.
“Бізге де болысар жан бар екен” деп,
Күймеде Баян отыр ойнай-ойнай.

Қуанып сұлу Баян жүре берді,
Қайратын ер Айбастың халқы көрді.
Тілдесіп мен үш қызға кетемін деп,
Жүгіртіп көктайымен қайта келді.

—Қорықпандар, түк қылмайды мұндай жандар,
Сөзімді менің айтқан сіздер аңғар.
Әл-қуаты інімнің тым-ақ артық,
Сенсеңдер, менікіндей үш есе бар.

Жөнелді батыр Айбас бедеуменен,
Көңіліне алла салған демеуменен.
Мұның да керек күні бола ма деп,
Балға алды, қамшы-қамшы егеуменен.

Көктаймен батыр Айбас төмен шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Қыздың берген белбеуі түсіп қалып,
“Қызыл белбеу”, “құба жон” қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Бір суытқан айғыры шығып кетіп,
“Шұбар айғыр жорға” деп қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Қыздың берген мейізі түсіп қалып,
“Мейізек” деп тау атын қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Жанындағы жаулығы түсіп қалып,
“Абыралы, жалауы ” қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,
“Қарқаралы” тау атын қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады, тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Жанындағы шідері түсіп қалып,
“Шідерлі” деген өзен содан қапты.

Сол Айбас тоқтамастан тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Аз жүрсе, көп жүрсе де есен-аман,
Бір күні ел шетіне келіп қапты.
Ел шетіне жақындап барған екен,
Бір қой жайған жақындап көрді шалды.

— Сейілде қой жайған бай, сізді көрдік,
Жасың үлкен екенсің сәлем бердік.
Бұл қойың кімнің қойы, ақсақал бай,
Жолаушы көптен бері жаңа келдік!

— Бар екен әр нәрседен мұның ойы,
Тартқан сымдай көрінер қырдың бойы.
Жарқыным, сен сұрасаң, мен айтайын,
Сарыбай ерте кеткен ханның қойы.

— Ақсақал, бай екенсіз сөзің майда,
Мен дағы жат кісі емес мұны да ойла.
Сарыбай ханның қойы осы болса,
Жалғызы Қозы Көрпеш бала қайда?

— Шырағым, серілік бар сіздің бойда,
Білдім бе, білмедім бе, өзің де ойла.
Қозекең айдай болып жүрген шығар,
Осы жерде қыз ұзатқан жақын тойда.

— Келгенім менің барып бірталай жер,
Байеке, бір пайданды тигізе гөр.
Айтарлық шерім де көп, мұңым да көп,
Жалғызды тіліңді алса, шақырып бер!

Мінезі шалдың дағы текті дейді,
Сөзіне әбден көзі жетті дейді.

Шақырып тілімді алса келемін деп,
Аяңдап топқа таман кепті дейді.

— Жалғыз ұл жастай қалған кездей келдім,
Жолдас болған атаңның кісісі едім!
Бір жігіт ат арытқан қылды керек,
Жүрсең ертіп алғалы келіп едім!

— Неғылып танымадың, байым зерек?
Ол неғылған кісі екен жаннан бөлек.
Жауыр атты мен жаба тоқып жүрсем,
Мен сықылды көрпілдес неге керек?

— Атаңды жасыңда алған жаббар құдай,
Атадан жастай қалған сен сұмырай.
Жауыр атты сен жүрсең жаба тоқып,
Көктайын жауыр қылған саған орай!

Тіліне шалдың сонда ерді дейді,
Тілегін бір тілеген берді дейді.
“Не де болса сөйлесіп келейін” деп,
Шалмен еріп қойына келді дейді.

— Ағеке-ау, қой қасында сізді көрдік,
Жасыңыз үлкен екен сәлем бердік.
Шақырдың жас баланы неменеге,
Қандай іске жұмсайсыз, міне, келдік?!

— Өсіпсің, кішкене едің, Қозым, дардай,
Қайратың басым еді шығара алмай.
Қайының айлық жерде жақын жатыр,
Сұм жалғыз неғып жүрсің, бір бара алмай?!

— Ағеке-ау, шақыртқан соң келіп ем тез,
Нанбаған айтқан сөзге жаманнан без,
Құлағым керең болсын, естігем жоқ,
Қайта айтшы, “қайын” деген немене сөз?

— Байлығын Балталының көрмеймін деп,
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін деп.

Қор атаң ақылы жоқ өрге қашты,
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп!

— Көктайың астыңдағы желмеді ме?
Барсаң көзің, ағаке-ау, көрмеді ме?
Әбден барып мәнісін біліп келсең,
Бір тоғыз сәлемдеме бермеді ме?

— Шырағым, барып едім сертке жетіп,
Көктайды қарыштатып мен еңіретіп.
Тоғыз берген кінә жоқ келінімнен,
Бір құлдың түсіп қалды ызасы өтіп.

— Сөзіңе қыздар сіздің ермеді ме?
Асылдан сәлемдеме бермеді ме?
Бергені бір тоғыздай рас болса,
Шіркіннің бір белгісі келмеді ме?

— Қарабай қайын атаң пейілі тар,
Қодар-тоқсан дейтұғын бір анты бар.
Сен, бала, азырқанба алсаң мұны,
Үш түрлі мұнда келген белгісі бар.

Мақтады бастан аяқ Айбас оны:
— Бір іздемей жатырсың қайтіп оны.
Азырқамай сен, бала, алсаң керек,
Жүзік, бешпет, келді ғой алтын тоны!

Белгісін алып келді, Қозы көрді,
Көрген соң Қозыекеннің көңілі сенді.
— Маған Тайлақ батасын берсін енді,
Алтын тонды Тайлаққа жібер енді.

— Аққу құстай жарқылдап оның мойны,
Бұл дүниенің қызығы қылған ойны.
Бұралған тал шыбықтай сұлу Баян,
Іздеусіз Баян қайтіп жатыр қойыны.

Өне бойдан сіркедей мін таппадым,
Көрмеген жаным екен, көңілім тойды.

Бармасаң осыны іздеп арман кетпес,
Енді ізде, не қыласың бөтен ойды.

Мен көрдім тоқсан сері бірдей келіп,
Бәрі де Баян үшін басын жойды!
“Тартыс берген соң тайсанба!” деген сөз бар.
Бар көргенін ер Айбас айтып берді.

Қозыкең үйге келді беті терлеп,
Анасын шақырады “мұнда кел” деп.
“Ант бер” деп анасының қолын алды,
“Менің жарым кім еді, айтып бер!” деп.

— Түйеге сымбал тартқан теңдей болсын,
Суға аққан мұз бұзылып сендей болсын.
Атын атап, мәнісін айтқан қазақ,
Екі беті жаралы меңдей болсын!

— Ат мініп сары табан желмей ме екен,
Ер жігіт жол бейнетін көрмей ме екен?
Неге жора бастайсың жалғызыңа,
Баласы үй ұзатып келмей ме екен?

— Барайын деп келіпсің сөзге деп,
Боз қасқаны мен айттым жолыңа деп.
Келмейсің деп айтамын соның үшін,
Батыр Қодар шығыпты сорыңа деп.

— Ажалым қайда жетсе, сонда өлермін,
Болмаса бір қызық жол мен көрермін.
Құдай кесел қылмаса қайратыма,
Не ғылып бір Қодарға бой берермін!

— Білемін, артық емес Қодар күші,
Ол сол елді қорқытып алған кісі.
Қанша күшті болсаң да сен жалғызсың,
Қорқынышсыз болады елдің ісі.

— Қодарға болысады сол жатқан ел,
Қыламын бір аллаға мен тәуекел.

Ажалдан қашып пенде құтыла ма,
Тағдырға не болса да, байладым бел!

— Байқасам, қажымайтын сен бір шоқсың,
Көзіме, туып менің, күйік бопсың.
Мен түсімнен шошып ем, жалғызым-ау,
Әйтеуір тірі күнде маған жоқсың!

Қайтейін мінезінді жастық жеңіп,
Не қылса да бір хабар саған келген.
Құйрығың жоқ, жалың жоқ, жалғыз қылып,
Қайғынды тартқызбаққа маған берген.

Шырағым, бұл сапардан қалсаң нетер,
Көзіңді мен сорлыға салсаң нетер?
Бұл жалғанда көре алмай, жалғыз балам,
Қайғы ойлап бір сен үшін күнім өтер!

Артыңда иесіз қалды мың сан малың,
Отыз қатын алсаң да саған жетер.
Қуартып мен сорлыны тастап кетпей,
Елден таңдап бір сұлу алсаң нетер!

Қорқытып оны Қодар алды деген,
Айбастың айтқанының бәрі бекер.
Жамандықты көрмеген, ей, құлыным!
Жол табылмай жапанда тентіретер.
Артыңда, сен кеткен соң, мен де өлермін,
Не қайғы бар көретін мұнан бетер...

— Алдымда неше қатар тұрса да оқ,
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ.
Сұлуын дүниенің жисаң дағы,
Бір жарымдай болмайды көңіліме тоқ.

— Ей, жалғызым, кеттің бе,
Тірі тастап жалғанда?
Қызығыңды көре алмай,
Мен сорлы қалдым арманда!

Мен не көрем, ала кет,
Дұшпаның көп аңдыған.
Жалғызым, сен барғанда,
Құдай қосса жарыңды,
Еліңді ойла алғанда!

Жалғызым, сені көріп ем
Өліп барып талғанда!
Жылармын бір сені ойлап ертеңді-кеш,
Шешеннің жылағаны бір бұл емес.
Анықтап Айбас саған айтқан екен,
Қызы еді Қарабайдың Баян еркеш!
Сансыз жылқың, сан қойың қалды артыңда,
Кімге тастап кетесің, Қозы Көрпеш?

— Ақылым бұл уақытта зерек емес,
Көп тұрмас ертеңгі күн болады кеш.
Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда,
Бір күнде қырылса да, керек емес!

— Байласам тоқтамассың сөзің бұзық,
Кеткеніңде қала ма анаң зарлап.
Сүйеніп қуат қылған жалғыз сенен,
Кімдерге тапсырасың әдейі арнап?

Қозының атқа мініп жүрер шағы,
Не десең де қиын-ды тоқтамағы.
— Тоқтасын деп айтасың соның бәрін,
Бір құдайға тапсырдым сізді дағы!

— Шырағым, қартайғанда сені көрдім,
Тоқтар деп уайым қып айтып едім.
Қапы қалма, шырағым, дұшпаның көп,
Жолың болсын, бар енді рұқсат бердім.

— Япырмау, осы жұрттың пейілі тар,
Бәрінің тоқтатуға ниеті бар.
Мен жүрмей бұл сапардан тоқтамаймын,
Ер Айбас, мінуіме қандай ат бар?

— Жылқыны араладым ерте-кешті,
Бірін жүйрік, біреуін берік десті.
Шыққыр көзім шықпаса мен таныдым,
Дейтұғын бір атың бар күрең бесті!

Жылқыдан бір күреңді алып келді,
Ерттеп дайын сапарға қылады енді.
Арыздасып, қоштасып, қаламын деп,
Басы Тайлақ ел-жұрты бәрі тұрды.

— Айтар сөзім бар, Тайлақ биім, саған,
Қайғымды ескеріпсіз жетіп қалған.
Сапарымды тоқтатам дей көрмеңіз,
Құлдық ата, көңілің қалар маған.

— Шырағым, қайратыңа көңілім еріп,
Мен келдім қалайын деп сені көріп.
Тоқтатар сапарымды деп ойлама,
Амандасып қаламын бата беріп!

— Ендеше, батыр Тайлақ, аз тоқтай қал,
Артымда қалды менің есепсіз мал.
Тапсырдым бар малымды, Тайлақ, сізге,
Соны бүгін түгендеп қолыңызға ал.

Жалғыздан тірі айрылған шешем қалды,
Тапсырдым, көзіңіздің оң қырын сал.
Қайтейін ызаменен мен барамын,
“Не болам!” деп “жалғызым” болады зар.
— Күш-қуатым сен едің қартайғанда,
Сен кеткенде болмай ма заманым тар!

Көзінен елі, жұрты төкті жасты,
Баяндай іздеймін деп қолаң шашты,
Қозының жүрмегіне көз жеткен соң,
Көрісіп елі-жұрты амандасты.

Тыйыспай елі-жұрты зар жылайды,
Анасы тақат қылып жүре алмайды.

Шешесі Тайлақ бимен жүгіріп кеп,
Қолынан ер Қозының ұстап алды.

Оңды-солды бетінен сүйді дағы,
Артынан бата беріп тұрып қалды.
Қанша айтса құлағына енер емес,
Қажымас қара болат майталман-ды.

Ер Қозы жүріп кетті қатты дінді,
Шуылдап елі-жұрты салды үнді.
Қоштасып ел-жұртымен жылағанда,
Құданың құдіретімен жер сілкінді.
Шешесі айтты: “Қуарып жалғыз қалдым,
Жүремін қуат қылып енді кімді?”
Ер Қозы амандасып жүріп кетті,
Уайым ойламайды қайғы тіпті.

“Осыған жолдас болып барайын” деп,
Жүгіртіп көктайымен Айбас келді.

— Ер Айбас, мен ініңмін, сенсің ағам,
Артылды талай жаннан сенің бағаң.
Қалды шешем, артымда қалың малым,
Тапсырдым бар малымды, батыр, саған!

— Бұл елге батыр Тайлақ би емес пе,
Бәрі де мал басыңа ие емес пе?
Көріп келген жерімді тура бастап,
Сені ертіп апарғаным жол емес пе?

— Айбас-ау, мені ойыңда кем дейсің бе,
Сен менің қайратыма сенбейсің бе?
Жалғызы Сарыбайдың Қозы Көрпеш,
Жетелетіп тапқаным жөн дейсің бе?

— Әкеңді жасыңда алды жаббар құдай,
Ұқтырды қайын атаң ауылы бұлай.
Үш жүзікті енді алып Айбас берді,
Сәлемдеме үш қызға дұғай-дұғай.

– Ойлашы, мен кімдерден қалысармын,
Есен болсам, бір барып табысармын.
Ендей малы қалды деп қызыққанмен,
Қасық қаным қалғанша алысармын.

– Ойлама сені кімнен кем көрермін,
Мал-басыңды өзіңмен тең көрермін.
Бұл жалғанда жолықпай өліп кетсем,
Құрттай санап соңыра мен берермін!

Сол жерде Айбас қалды, Қозы кетті,
Көзі ұшына бұлдырап барып жетті.
Қалуға Қозыекеңді көзі қимай,
Жүгіртіп көктаймен тағы кепті!

– Жалғызым, жөнелдің бе бір құдай деп,
Атыңның басын бұрма ел бұлай деп.
Қалды шешең, артыңда қалың жұртың,
Қандай жауап айтасың немене деп?

– Жалғзың көрмегенін көрді деп айт,
Құдайым сұрағанын берді деп айт.
Басымды көп қаңғыртпай халқыңа қайт,
Отқа түсіп балаңыз өлді деп айт!

– Жалғыздың әр қиыны шешіле көр,
Періште отқа салмай өшіре көр.
Айтады қаталықпен, астапыралла,
Құдая, балалығын кешіре көр!

Ер Қозы жүріп кетті дамыл алмай,
Асады күнен күнге күрең талмай.
Әйтеуір елдің жөні осылай деп,
Қисапсыз көп қаңғырды ел таба алмай.

Бірталай жүре-жүре заман кешті,
Атқан аңның етін жеп, сусын ішті.
Күнде мінген күреңкей арықтайды,
Басына ғаріпшілік сонда түсті.

Күренкей кейде жортқан, кейде желген,
Бір қамысты қопаға азар келген.
Ер тоқымын, жүгенін сыпырып ап,
Сол жерге тәуекел ғып қоя берген.

Қозыға жас та болса тілек берген,
Қасында жолдасы жоқ бұған ерген.
Қозыекең дүзде жүдеп жатыр ғой деп,
Үйінде шешесінің түсіне енген.

Шешесі ерте тұра айғай сапты,
Басы Тайлақ ел-жұртын жиып апты.
Қозыекең дүзде жүдеп жүрген екен,
Бақсы-балгер, ойшыға “ойла!” депті.

Тайлақтай адам болмас асыл текті,
Неғылса да қылғаны сондай епті.
— Мал айтындар жолына Қозыекеңнің,—
Халқына батыр Тайлақ жарлық етті.

Ер Тайлақ ойланады, осы нетті,
Көндірді бұл сөзіне осы көпті.
“Мен де айттым, мен де айттым” деп... есеп қылса,
Қойы мыңға, жылқысы жүзге жетті.

Айтқан малдың бәрін деп сойып алып,
Жоқ-жітік, аш-арыққа үлестірді.
Жетім-жесір, аш-арық, молда-қожа,
Бөрінің бір аллаға діні таза.
— Құдая, ер Қозының жолын қыл деп,—
Баршасы көп зарланып қылған аза.

Құдайым құр тастамас сірә көпті,
Дұға қылып, тасаттық тарап кетті.
Құданың құдіретіне қарасаңыз,
Жатқан жеріне бір үлкен керуен кепті.

Керуен қонғаннан соң Қозы барды,
Ішінде бір адам бар ақ сақалды.

Қозының аты менен түрін көріп,
Өзгелерден шығарып қасына алды.

— Өзім қожа, молдамын және өзім бай,
Сауда қылып келемін барып Қытай.
Атың арық, түрің жат, жапан дүзде,
Жалғыз жүрсің неғылып, шырағым-ай?

Қожаға Қозы айтады енді бәрін,
Қожа білді Баянға ынтызарын.
Бастан аяқ Қожаға бәрін айтты.
Жасырмады Қозекең баршаларын!

Қозыны падышадан артық күтті,
Түс құбылтып жүретін дұға үйретті.
— Жанның бәрі дос емес, мендей саған,
Бұл түсіңмен көрінбе, балам, — депті.

Қожадан жасырмайды өсте сырды,
Бірігіп он бес күндей дәурен сүрді.
Екеуі жапан дүзде уағдаласып,
Қозыны қияметтік іні қылды...

Көреді батыр Қозы талай жерді,
Жақындап, адасса да келіп еді.
Құбылып, елді аралап үйренгенше,
Деді де бар сиқырын жазып берді.

Айрылды он бес күндік азық беріп,
Бар сиқырын білгенін жазып беріп.
Ел-жұртыңа айтамын хабарыңды,
Уағыда қылып, табам деп өзі келіп.

Екеуі екі айрылып жүре берді,
Уағыда қылды Аягөз деген жерді.
Арада бір-ақ қонып, ертеңгі күн
Отырған Аягөзде елді көрді.

— Ауылға алыс болса жуықтайын,
Күренді біржолата суытайын.

Барыңда қарыштап қал бүгінгі күн,
Баянды өксік болған уатайын!

Бір жерге Қозы аттан түседі енді,
Бір киім Тазшаның реңін... берді.
Аягөзде құдайлап келе жатса,
Өзенде қой жайған таз кездей келді.

Бір тазды бір таз келіп көзі көрді,
Жолаушы таз қойшыға “сөйле” дейді.
— Бұл қойың кімнің қойы, қой жайған таз,
Айта гөр елдің жайын бізге, — дейді.

Бар екен әр нәрседен бұның ойы,
Кесел екен бұл таздың өне бойы.
— Менің қойым деймісің осынша қой?
Қарабай деген дінсіз иттің қойы.

— Шадыр тазым, емессің сөзге майда,
Таз желөкпе келеді осындайда.
Қарабай анттың қойы осы болса,
Тура сілте антыңның ауылы қайда?!

— Япырмау, сен меніңмен таныс емес,
Неткен жансың, өн бойың толған кеңес.
Кешке шейін үш барып, үш қайтасың,
Ауылы Қарабайдың алыс емес!..

— Сенімен сөйлесейін аңдай-аңдай,
Қандай жан екенімді байқай алмай.
Екі таз аулақ жерде сырласайық,
Бойжеткен Қарабайдың қызы қандай?

— Тәубенді, ант ұрған таз, жаңыласың,
Қой жүні бөстегінді жамыласың.
Солардың құшырына жолығарсың,
Сен қызын Қарабайдың неғыласың?

— Мұндай таз сөз айтқанын өнер көрген,
Жареукелі келеді жалшы деген³⁴.

О да біздей жаралған адам шығар,
Соларға өулиелік қайдан келген?

— Көрмедік бұл жалғанда сендей тантық,
Соларға тең бола ма сендей шартық?
Сән-тұрманы мүкәммәл³⁵ киім анау,
Соның үшін сені мен менен артық!

— Сұлу деп шығушы еді аруағы,
Артық болса артық та оның бағы.
Біз де адам ғой айтсаңшы, нең кетеді!
Қандай-қандай қызы бар сүйтсе дағы?!

— Сөзіме менің айтқан нанбай ғана,
Ай, Таңсық екі қызы дардай ғана.
Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,
Сипаты сұлу Баян сондай ғана!

Көзбен көрмей, ауызбен айтып болмас,
Өзі теңдес адам жоқ оған жолдас.
Дидарын көрген адам көзі ұялар,
Жігітті ғашық қылмай, ерікке қоймас!
Мақтауға аузым олақ айта алмаймын,
“.....”
Хор қызы кітаптағы ондай болмас.

Көргем жоқ оған орай бір жігітті,
Қолы жетпей жамандап адам оңбас!
Тоқсан бір Қодарменен сұр бойдақ бар,
Маңына алмақ түгіл бір бара алмас.

— Жапанда, тазша ағаеке-ау, жүресің бе?
Құрбыңмен сен де ойнап-күлесің бе?
Байдың қызы малшымен сырлас болар,
Солардың тамыры кім, білесің бе?

— Апырау, мұның өзі неғылған жан?!
Сөзіме сөйлемеген еш қоймаған.
Сан қоймен ерте кетіп, кеш келемін,
Сен ант ал, білмесіме құдайға нан!

— Тазша құл, көртейіпсіз, сізді аяймын,
Сен кетсең орныңа мен тұрайын,
Азат бол, көрінбестен үйіңе қайт,
Сан қойды сенің үшін мен жаяйын.

— Жақты ғой құлағыма мұның маған,
Жанға соқпай жөнелсін мен көрі ағаң.
Сан қойды менің үшін жайсаң, балам,
Қолыңа қалағаның тисін, балам!

Екі таз жапан дүзде кез келеді,
Басы шалыс, аяғы жөн келеді.
Қарабай жаудың қойын аясын ба?
Тұрғын тазға жүз елу қой береді.

Ташкен барсаң еліңді табарсың деп,
Тазшаны тұнғатырып жөнелтеді.
— Шырағым, сен екенсің ердің ері,
Сендей ерді көргем жоқ көптен бері.
Көп қайта Қарабайды сен сұрайсың,
Шыныңды айт, сен Қозының қандай жері?

— Тазша құл, қой жаясың ерте-кешке,
Ғаріптік шаршағанда түседі еске.
Алашқа мені айтсаң өлтіремін,
Қозы Көрпеш дегенің мен емес пе?

— Бетім-ау, мына біреу кісіге бақ,
Мақтаған шығушы еді сені аруақ.
Қандай жан деп таң қалып жүруші едім,
Талтайған таз екенсің өзімдей-ақ!

— Жетпейін мен нәлеттеп тегіңе енді,
Жөн кетсең жараушы еді жөніңе енді.
Таз кепті басындағы жұлып алды,
— Мұндар таз, мұнда айналып қара! — депті.

— Мынау қолдан жасаған кебім еді,
Рас Қозы Көрпеш екенін сонда білді.
Алаштың айтқан сөзі тура келді.

— Қайда барсаң, сонда бар, жолың болсын,
Қосағыңмен қоса ағар, балам! — деді.

Екі таз екі айрылып жүре берді,
Ақылы Қозыекеңнің кемел еді.
Ауыл жата қойды айдап Қозы Көрпеш,
Ауылына Қарабайдың ап келді енді.

— Ойласа мынау ақыр заман ба еді?
Астыңда күрең шардақ шабан ба еді?
Мұнша кешке қойымды неге ап қалдың,
Ит-құстан, одан-бұдан аман ба еді?

Қарабай әлі еш нәрсе ойға алған жоқ,
Қозыекең Баянды ойлап көңілі тоқ.
— Сен қорқатын еш нәрсе көрінбейді,
Қойыңды оза шауып, жау алған жоқ!

— Білімсіздің айтқанын көп елемес,
Адамзат ақыл жетпей өлер деме!
Ойбай, қатын, бір нәрсе тамақ сайла,
Қарны ашып келген бе тазша неме!

— Қарабай, ат мінесің бек тағалап,
Ақ қасқыр ауылыңды жүр жағалап.
Қара інген от басында шөгіп жатыр,
Жүгірген бозша тайлақ жар жағалап.

Бай айтады: — Үш қызым, мені көрші,
Үшеуің шапшаңырақ бері келші.
Тазшаның тұспалдаған сөзі өтті,
Соның маған мәнісін айтып берші.

— Бұл тазша үйде айтты ғой, дүзде айтқанын,
Білмейсің бе, ақ қасқыр сізді айтқанын.
Қара інген от басында әжем бақыр,
Бозша тайлақ дегені бізді айтқаны!

— Апалар, жасың үлкен, ойың теңіз,
Сіздерге салайыншы мен бір кеңес.

Түрі жат, төркіні жат, әр нәрсесі,
Мынау сіздің күндегі тазшаң емес.

Қозекең бір білінді өнер бастап,
Не қылғанын тұрады қыз байқастап.
Иіліп ақ боз үйге кіріп келді,
Сол жағының тізесін сипап тастап.

Қозының не қылғанын қыздар білді,
Ішінен бір сұмдықты біліп алды.
“Әлде болса алды-артын байқайық” – деп,
Сығалап босағадан тұра қалды.

— Асылым алыс жерден іздеп келген,
Құбылып бой жасырып біздің елден.
Шешем жатыр бір табақ өкпе сайлап,
Кім екенін білеміз осы жерден!

Бәйбіше сонда ішінен налып келді,
Табағына өкпесін салып берді.
Құлаш-құлаш өкпеге істік түйреп,
Қайқайтып, қарағай табақ алып келді.

— Қарабай, менмін жарлы, сенсің малды,
Бір өкпеден басқа асың қайда қалды?!
Қашанғы зорлығыңа көнейін, — деп,
Қақ басқа табақпенен салып қалды.

Ағаш табақ басына қатты тиіп,
Қабағын Қарабайдың жаман жарды.
Қой шетіне күреңді мықты арқандап,
Күңкілдеп тазша болып жатып алды.

— Біреу жарлы, біреу бай күндемелік,
Қылған ісін жаманның мін демелік.
Жарса жарсын қабақты, ойбай, қатын,
Малды бақпай кетеді, үндемелік.

Баянды сұлу деді көрген халық,
Қозының Баянды ойлап жүзі сарық.

Қой шетінде Қозыкең ұйықтап жатса,
Соның нұры мың қойды қылар жарық.

Баян кеп апасына сөз айтады,
Ұялып ибадатпен аз айтады.
Бата алмай оятуға Қозыкеңді,
Түнде үш келіп, үйіне үш қайтады.

Ер Қозы аман-есен қызға жетті,
Қыз Баян қосыла алмай болды дертті.
Сол үш қыз сөйлесем деп жетіп келсе,
Таң сарғайып артынан атып кетті.

Үлкен толғау түседі қыз ішіне,
Қой жайылып кетеді өз ісіне.
Бір сұм қызды жіберді қоймен бірге,
Тоқты кебін кигізіп терісіне.

Ер Қозы күреңкейін мінеді ерлеп,
Елінен өзі жалғыз жүрген серлеп.
Бір қызды кеп кигізіп қыздар қосты,
— Осының кім екенін біліп кел,— деп.

Қой келді, Қозы келді, тоқты келді,
Жапанға елден аулақ шыға келді.
Ел жоқ, күн жоқ, жапанға келгеннен соң,
Қозыкең мұншалықпен жылайды енді:

— Мұндайлыққа салды ием,
Мен сықылды жалғызды.
Бір қыз үшін дертті боп,
Иттің де қойын жайғызды.
Мен елімде көруші ем,
Не сықылды әр қызды,
Бәрінен де көңілімді,
Жалғыз Баян қалғызды.
Жолын білмей бұл шөлде,
Жер түбіне барғызды.
Ақылдасар кісім жоқ,
Тау мен тасты шалғызды.

Керуен кез боп жапанда,
Онан сиқыр алғызды,
Тазша кебін кигізіп,
Кішілікті қылғызды.
Оянушы ем тал түсте,
Қайғымен ерте тұрғызды.
Дүниеде ғашық қатты екен,
Көңілді бұған бұрғызды.
Бере ме тәңірім, бермей ме?
Ынтықты болған бір қызды?
Қосылғанша мен соған,
Ішіме қайғы толғызды.
Атадан туған мен бір шок,
Садаққа салар сайман жоқ,
Балталыдай жерім жоқ,
Бақалыдай көлім жоқ.
Ақкезеңдей белім жоқ,
Ер Тайлақтай биім жоқ.
Тай шаптырым желім жоқ,
Баян үшін қой жайдым,
Өте де шыққан дүние бок,
Алдымда менің балам жоқ,
Жат жерде менің бағам жоқ,
Артымда менің інім жоқ,
Сүйгенімде мінім жоқ,
Ала алмасам осы жол,
Тірі де жүрер күнім жоқ.
Алдымда менің жалым жоқ,
Айдап та барар малым жоқ,
Алып та сені тынбасам,
Елге жетер халым жоқ.
Артымда менің құйрық жоқ,
Көңілден сірә жүйрік жоқ.
Іздеп те келген қыз Баян,
Қосар да тәңірім бұйрық жоқ.
Талаппенен келіп ем,
Танымады қыз Баян.
Кемдікпенен келіп ем,
Келеке етті қыз Баян.
Шыбын жаным тұрғанда,

Бұ тілеуден қайтпаспын.
Сенен басқа хор қызы,
Болса да көңіл салмаспын.
Шашы күміс, басы алтын
Болса дағы алмаспын.
Танымасаң, қыз Баян,
Танытқалы бармаспын.
Қамықпайын, тоқтайын,
Бұл қайғыға қанбаспын!
Сені алмасам осы жол,
Тірі де жүріп оңбаспын.
Құдай кесел қылмаса,
Тоқсан бір құлға болмаспын.
Тынығайын біраз күн,
Бірін де бүйтіп қоймаспын.
Құдай сені шын қосса,
Қызығыңа тоймаспын!
Темірде күйме кілт жоқ,
Қыз Баяннан үміт жоқ.
Осында жүріп мен өлсем,
Сүйегімді іздер жігіт жоқ.

Ер Қозы жырлайды екен жалғыз жүріп,
Жүргенін кемшілікпен қайғы көріп.
Манағы тоқты қашты енді ауылға,
Мәнісін осы сөздің естіп-біліп.

Тоқтыны Қозы білді жайын тіпті,
Қайласы бар батыр ғой өзі мықты.
Андып жүрген дұшпанға жолығар деп,
Аузы-мұрнын қан қылып қойға тықты.

Қой келді, Қозы келді, тоқты келді,
Үш қыз да қой алдынан келіп еді.
— Мәнісін еш нәрсенің білдің бе?— деп,
Оңаша ап тоқты қыздан сұрайды енді.

— Апалар, азар қалдым есен-аман,
Басыма түсті менің ақыр заман.
Білімсіздік қылмаңдар, әдеппен бар,
Мінезі Қозыекемнің тым-ақ жаман.

Апалар әрбір түрлі сөз айтады,
Қайғы тартып, уайым жеп айтады.
Ендігісін біле бер өздеріңіз,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ, деп айтады.

— Ендеше, тілегімді бір құдай берген дағы,
Құл болып дұшпан оты сөнген дағы.
Құйрығы жоқ, жалы жоқ, деп сөйлесе,
Құбылып тазша болып келген дағы!

Күні бітті уәделі келер деген,
Көп сарғайған жарым ғой қайғы жеген.
Мен кешеден танып ем, тек емесін,
Жүрегім көрген жерден лүпілдеген!

Жүгіріп қой алдынан қыздар келген,
Келе жатқан қыздарды Қозы көрген.
Соңынан қыздар еріп бір қалмайды,
“Азырақ сөйлессеңіз қайтер екен?”

— Аягөз қарамаймын терегіне,
Қыз Баян үкі таққан желегіне.
Қодар мен тоқсан алып тұрған шақта,
Көбеген таз сендерге керегі не?

— Қодар ма еді Баянның ғашық жары?
Жолдас болған кісінің болмас ары.
Алыстан тоят алып ұшып келген,
Қанікей жібек баулы ақ сұңқары?

— Не қылсам табылады бойымда еп,
Сиқырменен жүремін басымда кеп.
Таз кепті басындағы жұлып алды,
— Ендеше, мен ақ сұңқар болайын,— деп.

Таз кепті жұлып алып бетін ашты,
Баян қыз қуанғаннан жаман састы.
Екеуі бірін-бірі таныған соң,
Қуанып тұра сала құшақтасты.

Құшақтап қанша тұрды, кім біледі?
Екі қыз бір жыласып, бір күледі.
Ай мен күндей екеуін толықсытып,
Бұраңдатып шеткі үйге ап жүреді.

Киімі Баян қыздың бәрі жібек,
Алтын сырға, білезік жаннан бөлек.
Үлде-бұлде мамықтан төсектері,
Екі апаның көңілі тіпті зерек.

Төсекке бүгін олар жатқан да жоқ,
Бірін-бірі көрген соң болады тоқ.
Жиылды серілердің бәрі ойынға,
Ішінде Қозы, Баян жайнаған шоқ

Баян айтты: — Қозекем, келдің, — депті,
Аман-есен, қарағым, көрдің, — депті,
Есен-аман екеуі көріскен соң,
Қайғының ішіндегі бәрі кетті.

Киімі Баян қыздың тиін болды,
Сол жерде бір келеге жиын болды.
Сол қалжыңмен өткізіп таң атқан соң,
Қайта кебін кимегі қиын болды.

— Киіңіз кебіңізді, арланбаңыз,
Осылардан басқаға сыр бермеңіз,
Кішіліктен еш нәрсе кемімейді,
Аңдып жүрген дұшпан бар, еш сенбеңіз.

Некелеп алар жарым деп жүріпті,
Аңдып жүрген дұшпан деп сақ жүріпті.
Күндіз тазша, ол түнде Қозы болып,
Дым болмаса бір жылдан көп жүріпті.

Іздеп жүріп Қозекең тапты қайың,
Нені іздесе тамаша бәрі дайын.
Баян мен Қозы Көрпеш көңілі тынды,
Қодекеңнің айтайын енді жайын.

Қодекең жылқы жайып жүрер еді,
Ұялмай бұған қайтіп қыз ереді,
Жылқыдан көш ат бөліп айдап кел деп,
Қарекен ерте тұрып жібереді.

Жылқыда Қодар жүрген қосты бойлап,
Жүреді тоқсанымен күліп-ойнап.
Көшед деп ертең ауыл хабар барса,
Көш атқа алпыс аяқ келген айдап.

Қодекең бақа айғырмен сар желеді,
Мінезін Қодекеңнің халық көреді.
Арсандап жылқыны айдап жетіп келді,
Тысқарыдан Қозы Көрпеш кез келеді.

— Бері кел, тазша, бойың қысқа, — дейді,
Адам жоқ сенен басқа тыста, — дейді.
Бұлғақтап қара жорға ұстатпайды,
Жеңгеңнің атын келіп ұста, — дейді.

— Мен тазша, сен Қодарсың, ой ойлаймын,
Қыңырайсаң қыңырай, бір болмаймын.
Атын ұстап, шұнақ құл, өзің жалын,
Ілгері күреңменен қой айдаймын.

— Қап-қап, тазша, қап, тазша, мен нетермін,
Бақа айғырға қамшысын еңіретермін.
Қиын жерде қысталаң сөзің өтті,
Көш жөнекей теперіш көрсетермін!

Көш келді, қыздар келді, Қодар келді,
Бұлқысып бақа айғырмен желеді енді.
Үш қызға мақтанды да келеңсіз құл,
Тазшаның жауырынынан ұстайды енді.

Қозыкең сол арада ой ойлайды,
Тартыспайын десе де, құл қоймайды.
Сүйретіп бақа айғырдан жұлып алып,
Көтеріп күреңкейге жүре алмайды.

— Тілесен тілегінді тәңірім берер,
Құданың қылығына пендем көнер.
Тіршілікті, тазшаеке-ау, ұмытпайын,
Қоя берші, көштегі жеңгең көрер!

— Жапанда мықты болсаң өнер баста,
Құдай қолға берген соң мықтап таста.
Мұнан басқа дәл сенің дұшпаның жоқ,
Шамаң келсе аяма тым-ақ саспа.

Қозыкең әр өнерді бастайды енді,
Көңіліне жамандықты қоспайды енді.
Нетейін қанын жүктеп осы иттің деп,
Анадай жер лақтырып тастайды енді.

Басылып Қодар көңілі болды баяу,
Бір сұмдық көңіліне кірді қаяу.
Қарабай ерте көшіп, кеш қонады,
Келеді ұзақ күнге Қодар жаяу.

Әр жерде Қодар шаршап отырады,
О дағы өз еліне батыр еді.
— Бері кел, қойынды айдап, қасыма ер, — деп,
Қозыкең Қарабайды шақырады.

— Қарабай шал қартайған, бері келші,
Өзіңе қас қылғанды досым деші,
Қойынды мен серкештеп өткізейін,
.....

Қарабай шақырған соң келді дейді,
Боларын бір сұмдықтың білді дейді.
Қозыкемнің дегенін екі қылмай,
Амалсыз шақырған соң келді дейді.

— Қарабай, жәйлі қоныс қыста, — дейді,
Көңілінді сүймес асқа қыспа, — дейді.
Құрдымнан су аяғы қашқан итсің,
Құйрығын бақа айғырдың ұста, — дейді.

Қарабай бармаймын деп қарыспайды,
Сөзбенен ерегесіп жарыспайды.
Қайратын Қозыекеннің көргеннен соң,
Құйрығын бақа айғырдың келе ұстайды.

Ұстатып құйрығынан өрге жүзді,
Қарабай гәріп жаннан күдер үзді.
Жалдатып өрге жүзіп келе жатса,
Байқамай бір жартасты жаман сүзді.

Сөйледі сонда Қозы қызға қарап,
Қор қылды Қарабайды итке балап:
— Атаң қошқар болған ба тас сүзетін,
Алып келіп тастайды көзіне ұрып.

— Емін-еркін жапанда жүре алмадым,
Уайымсыз, қайғысыз тұра алмадым.
Су аяғы құрдымнан қашып едім,
Жақсының қасиетін біле алмадым!

— Әкем жалғыз жапанда жүретұғын,
Қартайса да Аққайың мінетұғын.
Оңалған соң төңірін ұмытатын,
Ыңқылдаса ақылы кіретұғын.

Қозыекен құдайына сиынады,
Қайраты Қозыекеннің қызға ұнады.
Бір кеште екі ақымақ бейнет көріп,
Қас қарая алды-арты жиылады.

Бас қосқан соң сөйлейді екі ақымақ,
Қарабай Қодарға айтты: малыңды бақ.
Сөзіне Қарабайдың бойы балқып,
Тантық Қодар жылқыға болды шықпақ.

Қодар айтты: — Қарабай сөзіме ерсін,
Қодар батыр күйеуім мені десін.
Биылғы жыл жылқыға жүт болады,
Қайраты бар тазшаны маған берсін.

Қодардың осы сөзін Баян сынар,
Қызығына тойған жоқ, күнде құмар.
— Қарағым, тілімді алсаң, Қодарға ерме,
Ақылы жоқ, тантық құл жазым қылар.

Қодарсыз Қарабайдың көңілі күпті,
Жылқыға тазша барса қайтер депті.
— Осы иттің тілін бір жол алайын, — деп,
Тәуекел бір сапарға еріп кетті.

Түйемойнақ, жылы тау айдап барды,
Қой маңыратқан жылқысын әрі апарды.
Арғы шеті Сауыр мен Сойқал қылып,
Жылқыны қоя беріп, жатып алды.

Жылқыға тіпті жайлы Қодар маман,
Сырт дұшпан бата алмайды, бұл бір қабан.
Қодекең шүйгітеді қайдағы отқа,
Жылқысы семіз шықты есен-аман.

Жапанда батыр Қодар ой ойлайды,
Тарпаңды асауменен бір қоймайды.
Алты ай шығып, жаз шығып, қар кеткен соң,
Жылқыны елге таман қайта айдайды.

— Жолдастар, сөздеріңді оң көрейін,
Ауылға жылдам барып бір келейін.
Жеңгенді сағындым ғой жіберіңдер,
Сендерге өрік, мейіз әкелейін.

Күнінде бақа айғырмен Қодар салды,
Қостан шығып Аягөз елге барды.
Ауылға үш-ақ күндей еру қылып,
Төртінші күн жылқыға қайта айдайды.

— Ебін тапқан екі асар, амалданған,
Тәңірім дәулет беріпті мұнша маған.
Жиырма жылқым өлді осы қыстан,
Қара малың түп-түгел, бәрі де аман.

Ойласам батыр Қодар сенсің дейді,
Жиырманың ол несін шығын дейді.
Мұндағы қара малым аман дейді,
.....

Сең ұрып бір жүз қойым суға кетті.
Жапанда өңшең жалшы қулық бастар,
Бірінің айтқан сөзін бірі қостар.
Өзің барып жылқыны қайтарып кел,
Арық-шеру уақытта қырып тастар.

Қаңтарда қарыс жауған қардай болды,
Алты атан сымбыл артқан нардай болды.
Жылы сөзді есітіп қайта салды,
Өзің баршы дегенге дардай болды.

Қодекең үстіп жүріп күндері өтіп,
Қарабай қойды мұны әуре етіп.
Баянды алмақ түгіл, көрген де жоқ,
Арсаң қағып жылқыға келді жетіп.

— Қодеке-ау, есен барып, тез келдің бе?
Жеңгемді күймедегі сен көрдің бе?
Кетіп ең дардай болып сен мақтанып,
Қанекей өрік, мейіз әкелдің бе?

— Не қылсаң көңіліңді енді суыт,
Жемес астан бұл неме қылады үміт.
Дәл бір аяқ мейізді қойып еді,
Асығыс боп ауылда қалыпты ұмыт.

— Қодеке-ау, олай болса мен желейін,
Ел-жұртты сағындым ғой бір көрейін.
Киімім кірлеп кетті, жеңім тозып,
Кір-қоңымды жуғызып тез келейін.

— Барсаң барып келе ғой, барып қана,
Бір мықты атпен келе ғой, салып қана.
Үш күн жатып жегенім жарты мойын,

Аштан өліп қаласың, тазша бала.
Кеше ғана кетіп ем, мен жолықпай,
Өрік, мейіз келе ғой алып қана!

Баянды көрген емес өзі барып,
Мақтанып жүреді екен құр ұйғарып.
Алты ай жүріп отарда батыр Қозы,
Сағынып ғашық жарын келді салып.

Айтайын ер Қозының келген жайын,
Қозыекең көп сағынған туған айын.
Кебін тастап Қозы боп күймеге енді,
Ойына алған нәрсенің бәрі дайын.

Үш қызбен қалжыңдасып отырғанда,
Айтады да, күледі Қодар жайын.
Мінезі Қозыекеңнің жүйрік кер-ді,
Тоғыз-он күн күймеде қызық көрді.

— Қарғам-ай, етің кірлеп кетіпті, — деп,
Ішінен торғын көйлек тігіп берді.
Қодар көрсе, қодандар, ызындар деп,
Көйлегінің жағасын бүгіп берді.

Қозыекең тар күймеде ой ойлайды,
Ойын менен күлкіге бір тоймайды.
Тоғыз-он күн күймеде ойнап-күлсе,
Қарабай “қайтпай ма?” деп ызындайды.

Жылқыға ертең Қозы бармақ болды,
Баянның нұрын ойға алмақ болды.
Баян айтты: “қарағым, кешікпей кел!”
Осы сөзі Баянның салмақ болды,
Жүрген-тұрған баршасы ойдан шығып,
Баянды көргеннен соң көңілі толды.

Мінезі Қозыекеңнің кер-ді дейді,
Қайраты мың кісілік ер-ді дейді.
Тоғыз-он күн Баянмен ойнап-күліп,
Ер Қозы жылқысына келді дейді.

— Мұндар таз, асауменен сен желдің бе?
Күймедегі жеңгенді сен көрдің бе?
Он күн жатып, шіреніп азар келдің,
Қанекей өрік, мейіз әкелдің бе?

— Салалық кел әңгіме, десіп отыр,
Бір мейіз жан қалтадан жесіп отыр.
— Қодекеме мейіз бер деп айтып ем, —
Қодарға құрт ала бар десіп отыр.

Құрық салса, Бақаайғыр бойлайтұғын,
Қоста жатып Қодекең ойлайтұғын.
— Кешегіде жолықпай кетіп едім,
Әзіл тастап жеңгеніз ойнайтұғын.

— Қыздардың келіспейді сізге түрі,
Сен дегенде бәрінің күңкілдері.
Қодекеме мейіз бер деп айтып ем,
— Адыра қалсын Қодарың!— деді бірі.

— Қарабай қайын атаң о да көрі,
Тар күймеде Баян қыз Қодар жары.
Айтса айтсын, сұм тазша, дәнеме емес,
Тұлпардың өз тұяғы бізге дәрі.

— Қарабай қайын атаң малын сойды,
Тарқады жамағаты, дәмге тойды.
Қайын атаң айтады саған сәлем:
— Қысыр бөліп жылқыдан әкел!— дейді.
— Той қылып, қымыз беріп, елді жиып,
Баянды күйеуіне қосам!— дейді.

Қарабай қайын атаң сені мақтап,
Мініп жүр бедеуіңді сендей баптап.
Марғау кетсін Қодарың, тимеймін деп,
Сідігін саған қойды қыздар сақтап.

— Сұм тазша, олай айтсам, бұлай дерсің,
Мінезің тіпті жаман, өзің керсің.
Айтқаныңның бәрі де бейне мазақ,
Сен менен осы жерде таяқ жерсің!

— Қодеке-ау, тіпті жаман бұл мінезің,
Баянға түрленерлік келді кезің.
Қыздар да ғашық екен мінезіңе,
Қасақана айтып ем қалжың сөзім.

— Олай болса, тазшаеке-ау, ой ойлалық,
Тарпаңды асауменен бір қоймалық.
Өзге жаман жанымды тындырмайды,
Екеуіміз бие бөліп елге айдалық.

Мен күйеу ғой, тұрайын сонда қырын,
Сен білесің ағаңның ішкі сырын.
Мен барғаным ауылға ұят болар,
Желі тоқпақ, құрықпен әкел бұрын!

Қозекең әр өнерді бастап келді,
Күндей желпіп күренді бастап келді.
“Осыған мен бір істі көрсетем” деп,
Құрық, тоқпақ, желісін тастап келді.

Қозының алтын жүзі жарқылдайды,
Тантық Қодар күңкілдеп тарқылдайды.
— Құрығы жоқ, тоқпақ жоқ, құр қол болып,
Мұны қайтіп ұстар, — деп барқылдайды.

Қозы мерген садақпен қу атады,
Жазым болса орнында су атады.
Желінің құлаш-құлаш қазығы бар,
Бармағымен басып-ақ зымыратады.

Қозының қайратына жұрт таң қалды,
Қайраттанып жылқыға жетіп барды.
Құйрығына қол тисе алып келіп,
Бар асауды көгендеп, тізіп салды.

Көрген соң Қодар мұны болды дертті,
Ала бедеу байталмен келіп жетті.
Менің айтқан сөзімді кер салдың деп,
Келістіріп қақ басқа салып кетті.

— Мал бағар қысты күні малды кісі,
Балуанға түседі әлді кісі.
Су аяғы құрдымнан келген болса,
Құлдан таяқ жей ме екен жанды кісі?

Қозыкең мұны естіп жетіп барды,
Қодардың жауырынынан ұстап алды,
Қодар да аянбай-ақ тартысса да,
Ала бедеу байталдан жұлып алды.
— Қап-қап, тазша, япырмау, неттім, тазша,
Жақсылығым басыма жетті, тазша!

— Қодеке-ау, сен де ойнадың, мен де ойнадым,
Сенен артық, Қодеке-ау, нені ойнадым?
Бұзау тіспен кетіп ең тарсылдатып,
Үлкен аға ойынымды көтерер деп,
Ойнап ем, ашуланып соған неттің?

— Түбіме ойнаған боп әбден жеттің.
Өтірік айтсам, тазшаеке-ау, ол да оңбайын,
Кел қоя бер, бұтыма тышып кеттім.

Қозыкең бір білінді өнер бастап,
Қодарды да қорқытты ерге жастап.
Тұңғыық кара суға иірім-иірім,
Қодарды Қозы кетті атып тастап.

Қор болды батыр Қодар мысы құрып,
Суға кетіп қалсын ба қарап тұрып.
Қарбаң-құрбаң алақтап бойы ұзын құл,
Суға кетпей шығады құлаш ұрып.

— Мынау да мықты ит екен, ойға алалық,
Мұнымен табандасып не қылалық.
Аударысқа қолында бар тәсілі,
Қатарлап он кетпенді оқ салалық.

Қатарлап он кетпенді алып кепті,
Өңшең батыр сауықшыл жиылады.

Біссімлә деп ер Қозы тартып еді,
Он кетпеннен қол оғын өткізеді.

Қодар тағы келеді сертке жетіп,
Оғын тізіп, бедеуін зар еңіретіп.
Мақтанып батыр Қодар тартып еді,
Тұрады бесеуінен азар өтіп.

— Ажалсыз бұл жалғанда жан өле ме?
Жиылған қайратымды жұрт көре ме?
Оқ атқанда қолында бар тәсілі,
Күрескенде маған жан пар келе ме?

Қодарға күресуге Қозы барды,
Біле ме тантық Қодар ұят-арды.
Ең астына Қодарды салып қойып,
Бейне жүктей тоқсанды үйіп салды.

— Қап-қап, тазша, қап, тазша, неттім, тазша!
Жақсылығым басыма жетті, тазша!
Қоста отырып қымызды көп ішіп ем,
Бұтыма тышып-тышып кеттім, тазша!

— Қодеке-ау, болған жоқ ед жазық менен,
Өлді деп сен ант ұрған қайғы жемен!
Тышпақ түгіл ант ұрған құсып жібер,
Өз обалың өзіңе, бәрі өзіңнен.

— Сұм тазша, енді сенің пейілің тар ма?
Көңіліңде бұзық-бұзық ойың бар ма?
Сындырдың қабырғамды мертіктіріп,
Қоя бер тәңірі алғыр, тыншымды алма!

Қор болды тоқсан бірі есі кетіп,
Құдай мұны қойды ғой тентіретіп.
Жылқы жайып неғылсын дүзде жүріп,
Қойына жүре берді өлеңдетіп!

Қозыкең көрінеді өнер бастап,
Қыздар да қуанады сөзін қостап,

Аяңдап батыр Қозы жөнеледі,
Таудай қылып тоқсанын үйіп тастап.

Қиратып батыр Қозы жөнеледі,
Алысқа майдан жері кемер еді.
Жауланып батыр Қозы келе жатса,
Алдынан сұлу Баян кез келеді

— Баян-ау, менің айтқан сөзім тыңда,
Осы ма қорыққандарың, астапыралла.
Шақырды сені Қодар тез келсін деп,
Байғұстың қабырғасын барып сыла!

— Жазылар өзі Қодар біздер бармай,
Байғұсты қор қылдың ғой тілімді алмай.
Тірі тастап кеттің бе бишараны,
Сақ боп жүр, ал, қарағым, қапы қалмай!

Сырты алтын, іші күміс оның үйі,
Күнде дәурен неғылса келер күйі.
— Жеті күн жиып тарқар жиын бар, — деп,
Сауын айтты сол елдің Сасан биі.

Ол Сасан сауын айтып жарлық етті,
Елінде бір би еді қасиетті.
Асының айтқан күні болғаннан соң,
Басы Қодар, Қарабай асқа кетті.

Ауылында тірі жан жоқ, қалды тазша,
Қозы Көрпеш болады кебін ашса.
“Аман бол” деп таз кепті жұлып тастап,
Күйеуін киіндірді, бейне патша!

Ауылда тірі жан жоқ, тазша қалды,
Басы Қодар түк алмай асқа келді.
Он екі күн бұршақты төгілдіріп,
Күн жайлатып ашыны қамап салды.

Ел көрді өзен болып аққан селді,
Қамады он екі күн тамам елді.

Ойнап-күліп Баянмен мауқын басты,
Елді сонда-ақ босатты, күн ашылды.

Қызық көрді келгенше бір қаныбет,
Қодар қыздан қылады үлкен үміт.
“Малда тазшам бар еді тойғызам” деп,
Теңдеп алған Қозыға екі қап ет.

Қодар сырттан биледі біткен малды,
Мұндай адам көрмесің пейілі тарды.
“Мал баққан тазшам қайда, ет берем” деп,
Келе сала ауылға айғай салды.

Дауыстап айғай салып Қодар жүрді,
Ақымаққа Қозы менен Баян күлді.
Қозы менен Баянның жатқан жәйін,
Бір қатын кеп Қодарға естіртеді:

– Бекер босқа жүресің, Қодар батыр, жар-жар,
Менің айтқан сөзімді тыңда да тұр, жар-жар.
Құр бұланып, Баяннан құры қалдың, жар-жар,
Ойлап тұрсам жүзінде жоқ екен ар, жар-жар.

Сен кеткелі он үш күн болып қалды, жар-жар,
Сонан бері бикешпен бірге жатыр, жар-жар.
Күнде жиын, күнде ойын, рахат онда, жар-жар,
Беріп жатыр мырза боп елге сыйын, жар-жар.
Қозы Көрпеш жүр екен тазша болып, жар-жар,
Көрсетейін сен жүрсең жатқан жерін, жар-жар.

Қодекең естіп білді осы халды,
Іші күйіп кәпірдің басы айналды,
Артын түйсе қапталы быт-шыт болып,
Бармақ етін тісімен жұлып алды.

Қозыны көруге де бата алмайды,
Бағана келген асқа қайта салды.
“Қызыңды хан Қарабай жау алды” деп,
“Суым бер” деп барды да аза салды.

— Отырған биім Сасан, мені көрші!
Бұл неғылған құтырған адам деші!
— Сенің суың батпақта қалмап па еді,
Неғылайын бар дағы ала берші!

— Отырсың, биім Сасан, малың сойып,
Тарқады жамағатың дәмге тойып.
Бұл несі Қарабайдың мазағы ма?
Ал кетемін елінді қырып-жойып!

— Жарқynom, осы елдегі сен бір ерсін,
Шақырып қырық қатын-қыз алып келсін.
Оны шақырып арақты біз берелік,
Білмей ішіп арақты улап өлсін.

Қозымен алыса алмай дауласасың,
Асықсаң жай белгілі құр қаласың.
Ептеп-септеп Қозыны өлтірген соң,
Таласар саған жан жоқ, қызды аласың.

Елі жүр бұл Қодарды қорқып мақтап,
Қасына келген емес сырттан жақтап.
Сасан би, елі болып, ақылдасып,
Қозыны шақырады амал сақтап!

Шақыра қырық үш қатын келеді деп!
Қатынның жөнін білмей Қозы күпті.
— Ақсақалдар шақырады сені тойға,
Күйеужан, бармағаның болмайды, — деп.

Баян айтты: — Ал, қалқам, қапыл қалма³⁶,
Бұларды дос болар деп ойыңа алма.
Ептеп-септеп ниеті өлтірмек те,
Қауыпсыз үйлеріне тіпті барма!

— Баянжан, жақсы айтасың сөзің майда,
Ұрғашылық қыласың осындайда.
Болжаусыз жан, мезгілсіз таң атпайды,
Қырық мылтықтың аузына мені байла.

Тура ажалым келмесе бір құдайдан,
Періштелер қорғайды, өлім қайда?
“Қозы қорқып келмеді топқа” деген,
Маған жақсы емес қой, оны да ойла.

Тәуекел бір сапарға мен барайын,
Жаман-жақсы болса да іс құдайда!
Осы елдің не қылғанын мен көрейін,
Не табылар бос жатып бекер жайда!

Шақырып қырық үш қатын барған дейді,
Соларды көріп тұрсын халқым дейді.
Ай мен күндей екеуін көргеннен соң,
Айран-асыр, таң-тамаша болған дейді.

Киімді өңшең асыл кигізеді,
Көзімен жарқылдасып жүргізеді
Жиылған тамам жаннан шоқтығы асып,
Құшақтап Баян беттен сүйгізеді.

Ай, Таңсық апасына Баян келді,
Іштегі қорқынышын білдіреді.
Қарабай жиып алған қауым елді,
Қас қылып өлтірем деп мұндай ерді.

Осының неғылғанын көрейін деп,
Артынан екі апасы ере келді.
Жиылған бұл халықты көзі көрді,
— Тәуекел, көрейін деп келіп едім.
Жиылған ақ ордаға жамағат көп,
Ассалаумағалайкүм! Сәлем бердім.

Қозының бұл келгені жұртқа ұнады,
Қыздар да біліп келді осы жайды.
— Күйеужанның қолына аяқ бер, — деп,
Арақты әрбіреуі ұсынады.

Қозы да шаттанады осы сөзге,
Екі месті тауысты көрер көзге.
Жайылды көп ішкен соң өне бойға,
Көгеріп түсі кетіп болады өзге.

Қыздар да аңдып келген бұған еріп,
Қозының ессіздігін көзі көріп.
Не қылса Қозыменен бірге өлмек боп,
Ақ үйге Ай, Таңсық та келді кіріп.

Бірігіп тамам ақымақ мұны қуды,
Өлтірем деп сапырып берген уды.
— Бір соғыспай өлді ғой сұм жалғыз! — деп,
Бетіне бүркіп жіберді суық суды.

Қозы сонда сандалар іші күйіп,
Жақсылық қылар жан жоқ құдай иіп.
Қыздар келіп салқын суды бүріккен соң,
Алады батыр Қозы есін жиып.

Қозының атын бір қыз дайын етті,
Күреңге ырғып мініп Қозы кетті.
Бра төмен аузынан у төгіліп,
Күреңнің жалы жидіп қолға кепті.

Ер Қозы жапан түзде жөнеледі.
Өзі батыр болмаса келер ме еді?
Әлсіреп арақ ішіп келе жатса,
Алдынан сұлу Баян кез келеді.

— Айтпадым ба тіпті, осы ел сізге ел емес,
Бұл сізді өлтірем деп қылған кеңес.
Мені алып қайт, қарағым, тура еліңе,
Енді саған жабылар, тыныштық бермес.

— Көрмеймісің, келемін болып дертті,
Аяқтатпай кетпеспін айтқан сертті.
Бір аулаққа шығып ап оңалайын,
Қызығыма қарап тұр сонда, — депті!

— Балталы, Бағаналы жерің қайда!
Бақалы, балдырғанды көлің қайда!
Әділ айтып дұшпанмен теңестіретер,
Батыр Тайлақ сықылды биің қайда?

Қарағым, аман күнде еліңді тап,
Арманда боп кетерсің осындайда!

Бір өзіңнен басқаның бәрі де жау,
Қайтіп тірі жүрерсің, мұны да ойла!

Енді маған қоқақтар аламын деп,
Қайда барсаң ала кет, мені қойма.
Байқашы, жан-жағыңа көз жіберіп,
Үш қыздан басқа сізге жан ұнай ма?

— Білемін, сұлу Баян, маған елсің,
Сенімен қайғысыз жан ойнап-күлсін.
Қазан бұзар, үй тентек толып жатыр,
Қайратымды бар дұшпан алыс білсін!

Оңалып ап келейін соғысуға,
Қайратымды көп неме көзі көрсін.
Егер де қазам жетіп өліп кетсем,
Ең болмаса артқы жұрт айта қалсын!

Ер Қозы уайымсыз жалғыз тұрып,
Көз жасы Баян қыздың бетін жуып.
— Өзі мас жығылар деп есеңгіреп,
Басы Қодар жабылып келді қуып.

Басында өлтірем деп кеңес берді,
Осынша Қарабайға Қозы нетті?
Жабылған тамам жанның ең алдында,
Ала бедеу байталмен Қодар жетті.

— Сен келдің адырайып мақтанған боп,
Құзғынға жем қылайын басыңды деп.
Осынша қыр соңымнан бір қалмадың,
Қай жеріңнен атсам да обалың жоқ.

Саралай, сай кез оқты еңіретті,
Тасыр құлдың зәресі ұшып кетті.
Күреңмен көлденеңдеп тартып кетсе,
Ала бедеу байталы құлап түсті.

Қозының өзі жалғыз, қайласы көп,
Қорықпайды жалғызбын деп уайым жеп.

Қодарды атып тастап жөнеледі,
Бәлем құл тұрмастай қып мықтадым деп.

Жатады батыр Қодар құдай атып,
Баянға құл сөйлеспес жауап қатып.
Қозының қарасы үзіліп кеткеннен соң,
Байталға қайта мінді жатып-жатып.

Мініп алып, байталға қайраттанды,
Не ғылам қыздан аяр шыбын жанды.
Әлгі атқан оқ өтіпті қара саннан,
Келе жатып қансырап есінен танды.

Есін жиып айтады: қашқын қашты,
Қызды алам деп ел-жұртқа азап салды.
Алады батыр Қодар елді жиып,
Қозыны өлтірем деп басын қиып,
— Осы балтам кесті ғой шапқаннан соң, —
Деп алады балтасынан сүйіп-сүйіп.

Қарабай қайыры жоқ жиған малды,
Жан біткенді аузымен Қодар алды.
“Қашқын қашты, Баянды енді алам” деп,
Барды да қалған жұртқа азап салды.

— Сонда, тоқсан, осыған көнеміз бе,
Осының зорлығымен өлеміз бе?
Бәріміз де жүріп ек Баян үшін,
Япырай, бір соғыспай береміз бе?

Десті де Қодарменен жамандасты,
Бәрі бірдей Қодармен сабаласты.
Басына темір шоқпар қатты тиіп,
Сол топтан Көсемсары шыға қашты.

Ер Көсем жапан дүзде жөнеледі,
Қайраты Қозыкеңнің кемел еді.
Әлсіреп, айдалада қаңғып жүрсе,
Қозыға бір бұлақта кез келеді.

– Далада неғып жүрсің, Көсемсары?
– Сен кеткен соң қокиды бізге Қодар.
Көңілін балап жүрген жүзге Қодар,
Баянды аламын деп азап салды,
Бата алмай, қашып жүрген сізге Қодар.

Бәріміз Баян үшін жаннан кештік,
Ұрсысуға бәріміз “еһе” дестік.
Баянды аламын деп ел жиған соң,
Тоқсанымыз бірігіп төбелестік.

Бәріміз де ұрыста кеттік қашып,
Басында бірігіп ек ақылдасып.
Темір шоқпар өзіме қатты тиіп,
Есеңгіреп мен кеттім шыға қашып.

– Мен кеткен соң сендерді жеңген екен,
Өлмесіне көңілі сенген екен.
Ұрып жығып, қиратып кетіп едім,
Сірә, тәңірім тілегін берген екен!

Екі батыр жапанда бас қосады,
Бұрынғы өткен егесті тастасады.
Бірі өлсе, бірі жанын қиямыз деп,
Екеуі уағыдамен достасады.

– Япырай, Баян өлмей жүре ме екен,
Мен жоқта о да ойнап, күле ме екен?
Бар екен бір ағашта жалғыз бұтақ,
Екеуі сол ағашты қылды мекен!

Үйінде Баян қалды, а құдайлап,
Көсем мен Қозы жатыр күліп-ойнап.
“Қай жерді мекен қылды біліп кел” деп,
Жіберді сұлу Баян бір қызды айдап.

Қозыны бір қыз іздеп кетті салып,
Бұлақтан алды тауып өліп-талып.
Құтылғанын Көсеммен көзі көріп,
Баянға қайта келді хабар алып.

Күнде бір қыз келеді тезек теріп,
Баян сонан жібермек тамақ беріп.
Осы қыздың жүрісін кәдік көріп,
Бір жау қатын жүреді соңына еріп.
Шоқ теректе сөйлескен қызды көріп,
Бұл көргенін Қодарға айтып беріп.

Қодар естіп ауылға шауып келді,
Қарабай елі-жұртын жиып берді.
Қойдан қошқар, жылқыдан айғыр айтып,
Іздеп Баян артынан о да желді!

Шоқ теректің түбінде ұйықтап жатқан,
Біреуді тантық Қодар көзі көрді.
Мақтанып батыр Қодар келген естіп,
Өстіп жүріп өтеді күні кешіп.
Жақындап кеп садақпен тартып қалды,
Қарамастан алады басын кесіп³⁷.

Көсем батыр сол жерде қаза тапты,
Қолында балтасы бар ырғай сапты.
— Қозының басы, міне, өлтірдім, — деп,
Ауылға тантық Қодар қайта шапты.

Артынан Баян жүріп тез келеді,
Және бір тыңдайтұғын сөз келеді.
Зар жылап Баян сонда келе жатса,
Алдынан хан Қарекең кез келеді.

— Әкем деп көзім талды саған қарай,
Сақтадым ұят-арды мен де талай.
Ел болып кетіп едің өлтірем деп,
Жалғыздың жары құдай, жәйі қалай?

— Жалғанда осы Қодар ер-ді дейді,
Тілеуін ант ұрғанның берді дейді.
Шоқ теректің түбінде атып апты,
Өз көзіммен көргем жоқ, өлді дейді.

Жылама, жалғыз балам, мен көрейін,
Жаман менен жақсыны тең көрейін.
Қодар құлды жек көрсен, жамансынсаң,
Елден таңдап жігітке мен берейін.

— Емін-еркін жапанда жүрген емен,
Бір Қозыдан басқаны көрген емен.
Елден бура жиып ап шөгертін,
Мүйіз көк термешелі³⁸ інген емен.

Мақтанып тантақ Қодар желіп келді,
Соңынан таман елі ере келді.
— Ал байыңның басы деп, бақыты қара!
Бір басты алып, алдына тастай берді.

Қозының басы емесін біліп алды,
Мырс етіп ішін тартып күліп алды.
Тастап кетсем бұл танып, тағы іздер деп,
Қуанып жерден басты жұлып алды.

Баян кетті етекке басты салып,
Қозы өлсе не боламын тірі қалып.
Таңертең қуған екен бір түлкіні,
Күреңмен Қозы келді соғып алып.

Қозыны ит Қарабай әуре еткен,
Баянға қосылғалы көп күн өткен.
Таңертең бір түлкінің ізін көріп,
Бір тауға оны қуып Қозы кеткен.

Түлкіні алып келді тауды кешіп,
Түзден құдай көп берген бұған несіп.
Көсемнің кеудесі бар, келдесі жоқ,
Әкеткен Қодар мұның басын кесіп.

Түлкіні келген екен соғып алып,
Бұл досымды өлтірген Қодар құл деп.
Сол жерде зар жылайды ойбай салып,
“Құдай-ау, мен сорлының жолын қыл” деп.

Кеше сені дос қылып сүйдім дейді,
Достығың қара болып күйдім дейді.
Алайын тірі болсам достың құнын,
Сен үшін шыбын жаным қидым дейді.

Ер Қозы достық үшін көп қамықты,
Қорықпайды тірі жаннан, өзі мықты.
Қодарды мен көрейін өлтірген деп,
Аңыратып бір белеске келіп шықты.

Белден шықса көреді жиылған ел,
Жанын қиып достына ағызып сел.
Қодарды бір аулақта кез келтір деп,
Жүгіріп, келді жетіп Қозыекең ер.

Құдайым ер Қозыға дем береді,
Жас бала қайласы жоқ дым ер еді.
Қызды алам деп Қодарың шауып жүрсе,
Әредікте Қозыға кез келеді.

Сол күндегі жандардан Қозы мықты,
Қодар көріп қаша алмай көп ұйлықты.
“Әй, бәлем, сенің ызаң өтті ғой” деп,
Дәлдеп тұрып кеудеден атып жықты.

Ер Қозы жалпақ елге кетті асығып,
Сол арада өлтірді басын кесіп.
Жиылған елге кірді айғай салып,
Қанжығаға байлап ап ернін тесіп.

Қодардың қанжығада басын көріп,
Берелік деп шулады “уәде” десіп.
Қозыны өлді ғой деп жүрген жандар,
Көрген соң енді мұны кетті шошып.

Ел-жұрты жанына қылды қауып,
Елінен Баян үшін келген ауып.
Өзге жұртқа көз салып қарамайды,
Қарабайды таба алмай жүрді шауып.

Құр құдықта Қарекең бұғып жатыр,
Қарап жүріп Қозыекең алды тауып.

Ешбір жан бетке қарап бата алмайды,
Қылыштап өне бойын жаралайды.
Ағашқа таңып қойып ел көрсін деп,
Кескілеп итке салды Қарабайды.

Ер Қозы ел қыруға оңтайланды,
Көсем үшін қырам деп тірі жанды.
Өзге жанда үрей жоқ, сабыр қыл деп,
Үш қыз келіп Қозыны ұстасады...

Баян келіп тоқтатып мауқын басар,
Ол болмаса бұл елдің қанын шашар.
Тар құймеде Баян қыз бір ұл тапқан,
Болған екен баласы тоғыз жасар.

Келген екен баласы тоғыз жасар,
Қозыдан айырмассың ол баланы.
Үш қыз бен бала келіп тоқтатады,
Ол елді қырмақ еді одан басқа.

Жүрегі Баян қыздың лүпілдеген,
Сіз үшін көп қайғыны тарттым деген.
Көрсетпей тірі жанға асыраған,
Қозы мен қыздан басқа жан білмеген.

Баян қыз жаны тынды жарына еріп,
Ешкімге қарамайды бойына елеп.
Баласы туғаннан соң үш күн өтіп,
Қозыекең қойған екен атын Күліп.

Қозы Көрпеш үйіне салт барыпты,
Қайтып келіп жіберді ер Күліпті.
Өз орнына ер Күліп тұрды сонда,
Қозының қылған ісі осы депті.

Ақ Баян ол Қозының сүйген досы,
Қозының ерлікпенен қылғаны осы.
Енді риза бол, жиылған жамағаттар,
Айтуынша Бейсембай аяғы осы...

**ҒЫЛЫМИ
түсініктемелер**



“Сақтық күшейіп, көрегендік артсын”

Мақала 1936 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 5 ақпандағы санында шыққан. Қайта еш жерде жарияланбаған. Жазушы мұражайының архивінде мақаланың қолжазбасы жоқ. “Қазақ әдебиеті” газетінің осы мақала шыққан санының бірінші бетіне “Советтік Социалистік Республикалар Одағының атынан ССРО Жоғары сотының соғыс коллегиясының Советке қарсы троцкийшіл центрге сот Үкімі” шыққан. Бұл үкім бойынша Ю.Л. Пятаков, Л.П. Серебряков, К.Б. Радек, Г.Я. Сокольников, т.б. 17 адамға “Отанға қастық, тыңшылық (Германия, Жапония пайдасына), диверсия, зиянкестік, террорлық әрекеттер” сияқты айыптар тағып, олардың он үшін ату жазасына, төртеуін 8-10 жыл мерзімге абақтыға қамауға кескен.

Аталған үкім Кеңес үкіметінде шыққан барлық газет-журналдарда басылып, троцкийшілдерді айыптайтын мақалалар баспасөзде жаппай жарияланып жатты. Ол мақалалардың авторлары көбінесе ақын, жазушылар, қоғам қайраткерлері, ғалымдар болып келеді. Ресейдегі, ССРО республикаларындағы белгілі ақын-жазушылардың барлығы дерлік осындай мақалалар жазуға мәжбүр болды. Бұл мақалалардың мағыналары ұқсас, айтар ойлары негізінде бір жерден шығып, сотталғандарды айыптауға сайып отырады. “Қазақ әдебиеті” газетінің осы мақала шыққан санының екінші бетінде Сейфуллин, Мұқанов, Жансүгіров, Әуезов, Өтепов, Мүсірепов, Тәжібаев, Орманов, Жароков, Әбдіқадыров, Тұрманжанов, Сыздықовтар қол қойған “Жауға мейірім жоқ” атты Қазақстан жазушыларының атынан жазылған әлгіндей мақала мен Ілияс, Өтебай, Тайыр, Жақан, Қалмақан деп қол қойған жеке өлең, мақалалар шыққан. Қанды репрессияның нағыз ушығып тұрған кезінде мұндай әрекетке бармау республика басшылығының да, газет-журнал редакторларының да қолынан келмейтін еді. Осындай “қысымды”, “қатаң саяси тапсырысты” аталған авторлар да қабылдауға мәжбүр болған. М. Әуезовтің бұл шағын мақаласы да осы науқанның жемісі. Мақалада сотталушыларды жалпы сарынмен айыптап өткен. Мұндағы “диверсант”, “контрреволюцияшыл”, “үлтшыл”, “спрут” деген теңеу, анықтауыштар бұл тақырыптағы барлық мақалаларға тән сөздер. Осы себепті Әуезов мақаласында

айтылғандарды да, басқа мақалаларда айтылғандарды да авторлардың нақ өз ойлары деп қабылдауға болмайды. Мақала томға газеттегі нұсқа бойынша беріліп отыр.

Р. Әбдіғұлов

“Евгений Онегиннің” қазақшасы туралы”

Мақала тұңғыш рет 1937 жылы 8 қаңтарда “Социалды Қазақстан” газетінде жарық көрді, 1967 жылы сәуірдің 11 жұлдызында “Лениншіл жас” газетінде жарияланды. Жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томына (1969, 173—181-бб.), 20 томдық шығармалар жинағының 19-томына (1985, 58—67-бб.) осы ұсынылып отырған нұсқа енгізілді.

Орыс халқының ұлы ақыны А.С. Пушкиннің қайтыс болуына 100 жыл толуы қарсаңында “Қазақ әдебиетінде” М. Әуезов 1936 жылы “Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы” жазды. Онда да көркем аударма мәселесі күн тәртібіне қойылды. “Ал “Евгений Онегиннің” қазақшасы туралыда” әңгіме Ілияс Жансүгіров тәржімесі төңірегінен асып, жалпы көркем аударма теориясы мен тәжірибесіне қатысты терең бағдарламалық тұжырымдамаларға ұласады.

Туған әдебиетінің өрісін жайып, құлашын кеңге салуы үшін әлем мәдениетінің үздік үлгілерімен танысудың маңызы зор екенін жетік түсінетін қаламгер бұл орайда көркем аударма өнеріне артылар жүк ауыр екенін әбден түсінеді. Өзі “сөзбе-сөз аударма”, “жаман көпір” дейтін “подстрочниктің” роліне көңілі толмайды. Одақтық әдебиет көлеміндегі тәржіме ісіндегі озық дағдыларды меже тұта келіп, кейбір жас ақындардың түпнұсқадан ауытқу мезеттерін, өз жанынан сөз қосу, сөз алу әдеттерін білікті зерттеуші дұрысқа санамаған.

М. Әуезовті түшындырып сөйлететін – Ілияс Жансүгіров қаламынан туған “Евгений Онегиннің” қазақша нұсқасы. М. Әуезов пен І. Жансүгіров 1927 жылы танысқан. М. Әуезов әдебиетші З.С. Кедринаның қатысуымен І. Жансүгіровтің “Дала” поэмасын орысшалаған. Ол Ленинградта жүріп, елдегі досына “Евгений Онегин” романын түсіну, білуге қатысты кітап не көмекші құрал жібергені мәлім. Тарихи деректер бойынша “Евгений Онегинді” ақын 1936 жылы негізінен “Просвещенец” мұғалімдер қалашығында тұрып тәржімелеген. Ақылдасу ретінде татар әріптесі Ф. Бурнашпен хат алысып тұрған. Ол дәуірде А. Пушкинді Айбек өзбек тілінде, М. Рьльский украин тілінде жеткізе бастаған.

М. Әуезов аударманың ірі жетістігі ретінде шығарма рухы мен ұлттық ерекшелігін толық ұғынып, орыс тіліндегі ой мен сезім, өлең нақышын берік сақтай отырып, А. Пушкинді дала төсінде өскен халыққа төл перзент санатында танытуға күш салған дарынды сөздің өрнегін көрсетпек. Автор Еуропа тіршілігінен, ақсүйектер өмірінен алынған дүниенің қыр қазағы үшін жұмбақ қасиеттері мол екенін әрдайым есте ұстайды. Сан алуан өзге өркениет жемістері, топонимикалық, тарихи атаулар, басқа жұртқа ғана түсінікті есімдер, әрекет, тұспал, ишаралар баламасын таптырмай, ой сенделісіне салары анық. “Бірақ асықпай ойланып, жөнін байқап отырсақ, сол сырт көзге ұғымсыз болар деген шумақтардың талайы Ілияс аудармасында, бір жағынан, асыл нұсқаға барабар түсіп, екіншіден, қазақшалық жағынан да көрікті де, келісті боп, әдемі қиысып отырады” дейді М. Әуезов.

Классиканы аудару ісіндегі екі қиындық баса айтылған. Бірі – түпнұсқаны дәл беремін деп, өзге жүйедегі өлшемге қатып қалып, не ол жағада қалмау, не бергі жағаға шыға алмау. Бұл шығармашылық даралыққа жетелемейді, тақтадағы жазуға телмірткендей көз алдындағы үлгінің құлақкесті тұтқынына айналу. Екіншісі – нысанаға сырттай көз сап, көңілге жаққанын назарда ұстап, қалғанын қиялмен әшкерелеу. Бұл – түпнұсқа ерекшелігін жоққа шығару, жаңа жапсырмалардың ұлттық сипаттан әрі шынайылықтан ада болуы.

Бейнелі тілді ғылыми терминологиямен араластыра, шешен де, әсерленіп те сөйлейтін жазушы негізінен аудармашыға шаң жуытқысы келмейді. Көпшілік психологиясындағы тәржімеден гөрі табиғи күйіндегі мәтінді артық көрушілік әдетін “күрғақ паңдыққа” балап, ұлттық тілдің құдіреті үшін намыстанып та кетеді.

“Онегин шумағын” меңгерген І. Жансүгіров шеберлігіне тәнті М. Әуезов кейбір діни, рәсімдік ескі сөздерді “тепетең” дәрежеде бейнелеуде Абай тәрізді араб, парсыдан енген сөздерді қолданудың нәтижесі молдығына назар аудартқан. Ол – жаңашыл байлам. Мақалада сол кезеңге жат табылмайтын “экзамен”, “право”, “юбилей”, “лекция”, “беседа” немесе әлі күнге дейін пайдаланылатын “факт”, “вариант”, “грамм” тәрізді фразалар кездесіп отырады. Қаламгер еңбегі аударма өнері саласында бүгінге дейін тұғырынан таймаған табанды ғылыми ұстанымдарымен аса бағалы.

1. 7-б. **“Мысалы, Тихоновтың грузин тілінен жасаған аудармаларында”**— Николай Тихонов (1896—1979) — кеңес дәуіріндегі көрнекті орыс ақыны. М. Әуезовті “Заманымыздың зор адамы” деп бағалаған. Ол 1930 жылдардан бастап грузин әдебиетінің үздік туындыларын тәржімелеген. Н. Тихонов аударған

қаламгерлер: Шота Руставели, Важа Пшавела, Александр Абашели, Иракли Абашидзе, т.б.

2. 8-б. **“...кейде одан да ары оғаттасып, тіпті тұтас сөз де тіркеп жібереді”**. — “Оғаттасып” — пікірлестік, түсіністік, жарасымдылықпен шешім қабылдау деген мағынаны білдіреді.

3. 9-б. **“...Пушкиннің өзіндегі 14 жолдық шумақпен”** — Сөз “Онегин шумағы” аталатын өлең өлшемі туралы. І. Жансүгіров “Евгений Онегинді” осы А.Пушкин үлгісін сақтап аударған. “Онегин шумағының” ұйқасы мына тұрғыда келеді: АӘАӘ ББ ВВ ГДДГ ЕЕ.

4. 10-б. **“Ондағы аттары аталатын Фонвизин, Княжнин, Озеров, Катенин, Шаховскойлер арқылы”** — Д.И.Фонвизин (1744/45—1792) — орыстың көрнекті ақыны, әйгілі “Тоғышар” комедиясының авторы. А.Пушкин оны XVIII ғасырдың елесі ретінде әрдайым сөз жүйесінде еске түсіріп отырған; Я.Б. Княжнин (1742—1791) — драматург. Оның қаламынан “Росслав”, “Вадим Новгородский” трагедиялары, “Мақтаншақ”, “Дарақылар”, т.б. комедиялар туған; В.А. Озеров (1769—1816) — драматург, “Эдип Афинада”, “Дмитрий Донской” трагедияларының авторы; П.Л. Катенин (1792—1853) декабристер қозғалысына қатысқан, әскери қауымдастыққа жетекшілік жасаған; А.А. Шаховской (1777—1846) — драматург, режиссер, өз дәуіріндегі театр қайраткері болған. А. Пушкин оған аздап мысқылмен қараған.

5. 10-б. **“... артистка Семенова”** — Е.С. Семенова (1786—1849) — трагедиялық бейнелерді сомдаған сахнагер.

6. 11-б. **“...орынсыз мезетсіп отыратын құрғақ паңдық жоқ па екен?”** — “Мезетсіп” — кісімсу деген мағынада қолданылса керек.

7. 11-б. **“Байронның “Чайльд Гарольдының”** — Дж. Г. Байронның “Чайльд Гарольдтың саяхаты” атты атақты поэмасы жайлы.

8. 11-б. **“Петрарканы сөз қылғанын”** — Франческо Петрарка Лаура сұлу туралы сонеттерімен тарихта қалған.

9. 11-б. **“Тұр сахнада Истомина”** — Авдотья Ильинична Истомина (1799—1848) — Петербург балетінің әйгілі бишісі.

Б. Майтанов

“Алғашқы әсер”

Мақала “Социалды Қазақстан” газетінің 1937 жылғы 17 қаңтарындағы санында латын әрпінде, сол кездегі орфографиялық сөз қолдану ережелерімен жарияланған. Кейін М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының он жетінші томының 55—58 беттеріне (1985) газеттегі нұсқа бойынша берілген. Жазушы мұрағатында қолжазба сақталмаған.

“Ер Тарғын” операсының алғаш сахнада қойылуына орай жазушының алған әсері, ой толғаныстары қаз қалпында берілген бұл мақала, газеттегі алғашқы нұсқасы жиырма томдық шығармалар жинағындағы мәтінімен салыстырылып, қазіргі орфографиялық сөз қолданыстар үлгісіне түсіріліп, кейбір түзетулермен толық ұсынылып отыр.

Халық ауыз әдебиетінде кең тараған “Ер Тарғынның” сюжеті мен қазақтың халық әндері негізінде композитор Е.Т. Брусилковский “Ер Тарғын” операсын жазды. Операның сюжеттік желісін өрбигуде қазақтың халық арасында орындалып жүрген күйлері мен әндерінің 70-ке жуық ырғақтары пайдаланылып, алғаш рет 1937 жылы 15 қаңтарда Қазақтың мемлекеттік музыка (қазіргі Абай атындағы опера және балет) театрында қойылды. Либретто — С. Камаловтікі, суретшісі — Наумов. Операның алғашқы нұсқасындағы Ақжүніс ариясы артист Үрия Тұрдықұловаға (шын аты Ұлбосын Әлтікқызы) арналып меццо-сопрано (орта регистрде айтылатын қоңыр сазды әйел даусы), сопрано мен контральто аралығындағы дауыста, Ақжүніс ариясының екінші нұсқасы Күләшқа арналып сопрано даусында жазылды. Қ. Жандарбековтің режиссерлігімен қойылған еңбектің жемісті шығуы режиссердің ізденгіштігінің нәтижесі екендігіне қуана отырып, әйтсе де кейбір тұстарының кемшін түсіп жатқан жерлерін, Қапан орындаған бейне мен Сыпыра жыраудың ойындарының көңілінен шықпағанын, Күләш, Құрманбек, Қанабектердің зор табысын бағалайтын мақаласы жазушының бұл театр сахнасындағы “Ер Тарғын” қойылымынан алған алғашқы әсерін баяндайды.

Жазушы операның сәтті шыққанына сүйсіне отырып, өзі келіспейтін тұстарын, операның оқиғасы XV—XVI ғасырдың маңайын баяндаса, әншілердің орындайтын әндері қазір көпшілікке мәлім ән екендігін, ол әндердің түрін өзгертуге болмас

па екен деген ұсынысын да білдіріп өтеді. Көріністің өн бойына мағыналы, сахнадағы жарқырап шыққан актерлер ойынын, бишілер бий мен суретшінің жұмысын, талантты жас жазушы Сағрдың еңбегін жоғары бағалаған М. Әуезов “Ер Тарғын” театрдың шын, зор табысы екенін айта келіп, театр ұжымын, театр басшылығын осы табыстарымен құттықтайды.

1. 16-б. “Ер Тарғын” эпосының үш нұсқасы бар (Батырлар жыры. Үшінші том. Алматы: Жазушы, 1987. 107—160-беттерді қараңыз). Марабай жыраудың айтуынан 1859 жылы жазып алған Н.И. Ильминский 1862 жылы “Қазан университеті” баспасынан шығарған. “Ер Тарғын” — қазақ эпостарының ішінде алғаш жарияланған батырлық жыр.

2. 16-б. **Сағыр** — Камалов Сағыр Аймағамбетұлы (1905, Ақтөбе өңірі, 9-ауыл — 1938) — қазақ совет жазушысы, драматург. “Ер Тарғынның” либреттосын жазды. 1930 жылдан КОКП мүшесі, кедей шаруа отбасында туған. Абай атындағы педагогикалық институтты 1931 жылы бітірді. 1931—37 жылдары Алматы музыка мектебінің меңгерушісі, 1938 жылы Қазақ академиялық драма театрының директоры, 1930 жылы “Тыңдағы талап” әңгімесін, 1932 жылы “Қанды таяқ” атты пьесасын (Т. Жароковпен бірге), 1937 жылы “Ер Тарғын” либреттосын жазды.

3. 17-б. “**Тана — Қапиза**” — Қапуза Нұрмұхамедова.

4. 17-б. **Қарт Қожақ** — Қырым хандығының қарт батыры. Ақжүністе ойы бар. Тарғынмен жекпе-жек ұрыста батырдың жастығы, батырлығы мен мейірімділігіне бола аяп, кешіріп Ақжүністі босатады. (қараңыз: Батырлар жыры. 3-том. Алматы, 1987. 109—160-бб.) Қарт Қожақты — Бісмілда Балабеков ойнаған. Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан актер.

5. 17-б. **Сыпыра жырау** — туған, өлген жылы белгісіз, XIV ғасырда өмір сүрген, Батыс Қазақстан өңірін жайлаған түркі тайпаларының ортасынан шыққан атақты жырау. Ноғайлы-қазақ эпосының негізін салушы. “Ер Тарғында” Сыпыра жырау туралы “...бұл өз өмірінде толғау айтып, тоғыз ханды түзеткен кісі еді” — делінеді.

С. Майлыбай

“Серго — қазақ жазушыларының досы”

Мақала “Қазақ әдебиетінің” 1937 жылғы 20 ақпандағы санында жарық көрді. Совет мемлекеті мен партияға еңбегі сіңген қоғам қайраткері Орджоникидзе Григорий Константинович (Серго) 1937 жылы 18 ақпанда дүние салды. Осы қаралы күнге Қазақстан Жазушылар одағының алдыңғы қатарлы мүшелері М. Әуезов, М. Қаратаев, Қ. Жұбанов, Ө. Тұрманжанов, П. Кузнецов, К. Алтайскийлер көңіл айту мақсатында қол қойған мақала. М. Әуезов мұражайы архивінде қолжазба сақталмағандықтан бұл томға газет бетінде жарық көрген алғашқы нұсқасы ішінара түзетулермен, қазіргі орфографиялық ережелерге түсіріліп толық беріліп отыр.

Бүкіл өмірін кеңес өкіметін нығайтуға, еліміздің ауыр өнер-кәсіп өндірістерін орнатуға жұмсаған, сонымен қатар Отанымыздағы бірінші және екінші бесжылдықтар кезінде Түріксіб, Қарағанды, Балқаш құрылыстарын өз қамқорлығына алған қоғам қайраткерінің еңбектерін бағалай келе, оның есімін мәңгі есте сақтау үшін “біздің міндетіміз — шығармаларымызда Сергоның ұмытылмас образын беріп” отыруымыз керек деп, үндеу тастайды.

1. 20-б. **Серго** — Орджоникидзе Григорий Константинович (12.10.1886, Грузин ССР — 18.2.1937, Мәскеу) — совет мемлекеті мен партия қайраткері, 1903 жылдан КОКП мүшесі. Дворян отбасында туған. 1905 ж. Тбилисиде фельдшерлер мектебін бітіріп, 1911 жылы Лениннің арнайы тапсырмасымен Россияға келді. Бүкілроссиялық VI партия конференциясын шақыру жөніндегі комиссияның мүшесі. Жұмысшы-шаруа инспекциясының халкомы, КСРО Халкомы мен Еңбек және қорғаныс советі председателінің орынбасары, 1930 жылдан еліміздегі индустрияландыру ісін жүзеге асырды. КОКП ОАК мүшесі. Ленин, Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен наградталған.

2. 20-б. **“Троцкийшілдер”** — 1926—27 жылдардағы БК(б)П ішіндегі антилениндік оппозиция. Марксизм-ленинизм және халықтардың коммунистік қозғалысына қарсы ұйым, ұсақ буржуазиялық идеядағы саяси ағым. Осы ағымның жетекшісі Л.Д. Троцкийдің (Бронштейн. 1829—1940) есімімен аталады.

3. 20-б. **“Ұлтшылдар”** – өз ұлтының мүддесін, ерекшелігін, ұранын пайдаланып, ұлттар арасындағы ала ауыздықты насихаттайтын, еңбекшілер мүддесіне жат буржуазиялық идеологиядағы саясат.

4. 20-б. **“Оңшыл оппортунистер”** – саяси ағым, саяси кертартпалықты қуаттайтын, пролетариат мүддесі мен буржуазия мүддесін үйлестіруді көздейтін ымырашыл топ.

С. Майлыбай

“Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар”

Мақала алғаш рет 1937 жылы 1 наурыздағы “Социалды Қазақстан” газетінде жарияланды. Кейін жазушының “Уақыт және әдебиет” жинағына (Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 280—284-бб.), 12 томдық шығарма жинағының 11-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 189—194-бб.), 20 томдық шығарма жинағының 17-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 67—72-бб.) енген.

М.Әуезов қазақ драма театры құрылған кезден бастап оның қалыптасып, өсіп-жетілу жолына үнемі зер салып, тікелей қолқабыс жасап отырған. 1932—37 жылдары театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарғаны да белгілі.

Бұл мақаласында автор қазақ сахнасында аударма пьесаларды қоюға 1932—1933 жылдардан “дұрыстап кірісе бастағанын”, сол арқылы, бір жағынан, интернационалдық тәрбиені күшейтсе, екінші жағынан, театрдың мәдениеті, шеберлігі арта түсетіндігін нақтылай дәйектермен талдап көрсетеді.

Мақалада білімді, тәжірибелі орыс режиссерлерінің театрда қойған спектакльдері және соларды өз дәрежесінде сахнада көрсете алған қазақ актерлерінің есімдері аталады.

1932 жылғы 5 мамырда режиссер Танеевтің басқаруымен М. Тригердің “Сүңгуір қайық” пьесасы қойылды. Аударған О. Беков пен Қ. Байсейітов, режиссері — Я.П. Танеев, суретшісі — С. Столяров. “Сүңгуір қайық” спектаклінің сәтті шыққандығы жөнінде “Жайықтық” деген бүркеншік атпен Құлмырза Өтенов 1932 жылы 2 маусым күні “Социалды Қазақстан” газетінде мақала жариялаған. Спектакльдегі басты рольдерді: Капитан Игорь Аленинді — Қапан Бадыров, інісі Александр Аленинді — Құрманбек Жандарбеков, Клавдияны — Күләш Байсейітова, матрос Ахметті — Жүсіпбек Елебеков, радист Горкинді — Рамазан Елебаевтар ойнаған екен.

1. 22-б. **“1933 жылдың басында драма театрының көрнекті режиссері, қазірде еңбегі сіңген артистің атын алып отырған Насонов жолдас “Астық” пьесасын қойды. Содан бері қарай Насонов “Досымды”, “Жойқын князь Мстиславты” қойды”** — Насонов Михаил Григорьевич (1899—1952) — режиссер, педагог, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі. Қазақ драма театрының 1932—1935 жж. көркемдік жетекшісі, 1935—1941 жж. режиссері, 1941—1944

жж. Шымкент драма театрында режиссер қызметтерін атқарған. Мақалада көрсетілген “Астық” пьесасы (авторы — В. Киришон, аударған — Қ. Байсейітов, суретшісі — А.Зверев), “Досым” (“Менің досым”) пьесасы (авторы — Н.Погодин, аударған — Қ. Байсейітов, суретшісі — Г.Улановский), “Жойқын князь Мстислав” пьесасымен (авторы — Б. Прут, аударған — М. Әуезов пен О. Беков, суретшісі — Қ. Ходжиков) қатар қазақ сахнасында А.Н. Островскийдің “Мысыққа күнде той бола бермесін”, К. Треневтің “Любовь Яроваясын”, сондай-ақ М. Әуезовтің “Еңлік—Кебек”, “Тас түлектер”, “Хан Кене”, С. Сейфуллиннің “Қызыл сұңқарлар”, Б. Майлиннің “Талтаңбайдың тәртібі”, Ғ. Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш — Баян сұлу”, С. Мұқановтың “Күрес күндерінде”, Ж. Шаниннің “Арқалық батыр”, Ә. Әбішевтің “Отан үшін”, Қ. Байсейітовтің “Екі қыз” пьесаларын қойған екен.

2. 22-б. **“Өткен 1936 жылы драма театрына ірі білімді, тәжірибелі, талантты режиссер, қазіргі халық артисі Боров жолдас келісімен “Ақсүйектер” қойылып еді. Биыл “Ревизорды” қойып беріп отыр...”** — Боров Илья Григорьевич (1899—1961) — режиссер, Қазақ ССР-інің халық артисі, 1935—37 жж. Қазақ драма театрының көркемдік жетекшілігін атқарған. Кейін Ресейде, Қырғызстанда қызмет еткен. Мақалада аталған “Ақсүйектер” пьесасын (авторы — Н. Погодин, аударған — М. Әуезов, суретшісі — Б. Уфимцев), “Ревизор” пьесасын (авторы — Н. Гоголь, аударған — М. Әуезов, суретшісі — Б. Кондиди) қоюмен қатар, Б. Майлин мен Ғ. Мүсіреповтің “Амангелді”, М. Әуезовтің “Алма бағында” пьесаларын да сахналаған.

3. 22-б. **“Жақын заманда біздің театр классиктен Шекспирді, жаңа пьесада биыл Октябрьдің 20 жылдығына арналып шығатын пьесаның бірін қоймақ”** — 1937 жылы 4 қарашада К. Треневтің “Любовь Яровая” пьесасы қойылды (аударған — М. Әуезов, режиссері — М. Насонов, суретшілері — Ә. Чарномский мен Б. Кондиди). Ал В. Шекспирдің “Оттелосы” театрдың 1937—1938 жылдардағы репертуарлық жоспарына енгенімен, 1939 жылы 23 ақпанда қойылды (аударған — М. Әуезов, режиссері — М. Соколовский мен Ә. Исмаилов, суретшілері — Ходжиков, Өскенбаев, Семкин).

4. 23-б. **“...аударма пьесаны қою жалғыз 1923 жылдан ғана басталмайды. Ерте кезде де бірен-саран пьесаны қойып көргені бар. Гогольдің “Үйлену” деген пьесасын, Пушкиннің “Сараң серісін” де қойып көрген...”** — Театр репертуары бойынша 1927 жылдың басында А.С. Пушкиннің “Сараң сері” пьесасы (режиссері — Ж. Шанин), 1928 жылы 1 наурызда Н.В. Гогольдің “Үйлену” пьесасы (режиссері — С. Қожамқұлов, Қ. Жандарбеков, аударған —

М. Дәулетбаев) қойылған екен. “Үйлену” пьесасын 1929 жылы 27 желтоқсанда режиссер М.Н. Соколов қайта қойған. Мақалада бұл пьесалардың аудармасында да, сахна қойылымында да қазақшаланудан гөрі қазақыландыру басым болғандығын атап, сынап жазған.

5. 24-б. **“Астық” пьесасын ойнағанда Елубай, Қапан, Қанабек, Шара, Құрманбек, Камалдар қандай белге шықты? “Ақсүйектерді” ойнағанда Мәлике, Елубай, Қалыбек, Серке, Қапан, Шәкен, Жағдалар қандай іріледі?** – “Астық” спектаклінде: Елубай – Романов бейнесін, Қапан – Михайлов, Қанабек – Квасов, Құрманбек – Раевский, сондай-ақ Серке – кулак Котхин, Сәбира Майқанова – Зотова, Рабиға Есімжанова – Паша Квасова, Дүйсенбек Еркінбеков – Дедов бейнелерін орындаған. “Ақсүйектер” спектаклінде: Лимон ролінде – Серке, лагерьдің бастығының ролінде – Елубай, чекист Громовтың ролінде – Қапан, Соняның ролінде – Мәлике ойнаған.

Автор аударма пьесалардағы ірі образдарды бейнелеу арқылы сол кездегі әлі жас, кейінірек көрнекті өнер қайраткерлері болған актерлеріміздің “үлкен сыннан өткендей боп, тәжірибе көріп, ірі табыс тапқанын” атап көрсетеді. Шын мәнінде Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Қанабек Байсейітов, Шара, Құрманбек Жандарбековтер, Камал Қармысов, Мәлике Шамова, Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Шәкен Айманов, Жағда Өгізбаевтардың қазақ мәдениетінің тарихында айрықша орын алатындығы белгілі.

К. Сыздықов

“Ерлік еткен коллектив”

“Социалды Қазақстан” газетінің 1937 жылғы 6 наурызындағы санында жарияланған мақала, 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына (1985, 33—34-бб.) газет нұсқасы бойынша қазіргі орфографиялық ережеге түсіріліп берілген. Жазушы қолжазбасы мұражай қорында сақталмаған. Бұл басылымға томдағы және газеттегі нұсқалары салыстырылып, ішінара кейбір орфографиялық түзетулер енгізіліп толық жіберіліп отыр.

1916 жылғы халық көтерілісін, ел ішіндегі таптық күресті суреттейтін М. Әуезовтің “Түнгі сарын” атты пьесасының үзіндісі алғаш рет “Әдебиет майданында” (1934, №10) жарық көрді. Осы жылы Қазақтың мемлекеттік драма театрында алғашқы постановкасы жасалды. Республиканың еңбек сіңірген артисі К.А. Давидовский постановканы орыс тіліне аударды. Аударма көңілінен шықпаған Әуезов қайта қарап, өндеген “Түнгі сарынды” 1936 жылдың аяқ кезінде Ю.Л. Рутковский орыс драма театрына даярлауға кіріседі. Киім үлгілерін ұсынған — Балғазин, суретшісі — Семкин. Киімдер Орталық музейден алынған. Спектакльді 1937 жылы 4 наурызда Алматыдағы орыс драма театры (қазіргі Лермонтов атындағы) қойды. Одақ бойынша тұңғыш рет орыс тіліне аударылып сахналандырылған “Түнгі сарын” пьесасының қойылуына байланысты көптеген мақалалар жарық көрді.

Мақалада орыс драма театрының басшысы Рутковский мен актерлердің образ ішіне еніп, сахнада көп сезімді мағыналандырып, дәлелдеп, қатты әсерлі етіп көрсете алғандығы айтылады.

1. 28-б. “**Рутковский**” — Рутковский Юрий Людвигович (21.11.1891, Варшава — 30.06.1970, Алматы) — совет театр режиссері. ҚазССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1954) және еңбек сіңірген артисі (1937). Ұлты поляк. 1913 жылы Варшава Көркем театрының студиясын бітіргеннен кейін “Театр Польский” труппасына қабылданады. 1933 жылдан өмірінің соңына дейін Алматыда тұрып, орыс драма театрын (қазіргі М.Ю. Лермонтов атындағы) ұйымдастыруға қатысты. 1939 жылға дейін театрдың көркемдік жетекшісі әрі актері болды.

М.О. Әуезовтің “Түнгі сарынын” 1937 жылы сахнаға қойды.

2. 29-б. “Жүзтайлақ (Кручинина)” — Кручинина (бала кездегі фамилиясы Пржевальская) Елизавета Болеславовна – Рутковская (1895, Свердловск – 22.05.1961, Алматы) — орыс совет актрисасы, ҚазССР халық артисі (1943). Екатеринбургте қыздар гимназиясын бітірді. Сахналық жолын 1912 жылы бастады. Рига, Иркутск, Ярославль, Пермь, Томск (1915—1921) Минск, Витебск және Фрунзенің (Бішкек) орыс театрында (1931—1933) еңбек етті. 1933 жылдан өмірінің соңына дейін М.Ю.Лермонтов атындағы орыс драма театрының труппасында (Алматы) ойнады. М. Әуезовтің “Түнгі сарынында” Жүзтайлақ ролін сомдады (1937 жыл 4 наурыз).

С. Майлыбай

“Ұлы ұран – Отан ұраны”

Мақала “Социалды Қазақстан” газетінің 1937 жылғы 21 наурыздағы санында жарық көрді. Дәл осы кезде Қазақстанның төтенше X съезі болып, 26 наурызда Қазақстан Советтік Социалистік Республикасының конституциясын бекітті. Осы мерекеге арналып газет беттерінде бірнеше мақалалар топтамасы жарық көрді. Барлық мақала кеңес өкіметін, конституцияның айнымас заңдарын мақтап, сол кездегі үкімет іскерлігін дәріптеген мақалалар еді. Сондай тапсырмамен М. Әуезов өзінің “Ұлы ұран – Отан ұраны” атты мақаласын жазды. Қазан төңкерісінен кейін орнаған кеңес өкіметінің қазақ еліне берген теңдігі, ел болып еңсесін көтерген халықтың одақтас республикалармен терезесі теңеліп, еліміздегі ұлттар ала ауыздығының жойылғаны, халықтар достығы, сол кездегі заман ағымы, жеке басқа табынушылық науқанынан сыр шертетін мақаланың алғаш жарияланым нұсқасы, бірен-саран сөздер мен сөйлемдерге ғана өзгерістер енгізіліп жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 17-томында (1985, 74—75-бб.) басылған. Бұл басылым алғашқы нұсқасымен салыстырылып ішінара түзетулермен өзгеріссіз толық жіберіліп отыр.

1. 30-б. **Морава** – Чехословакиядағы тарихи аймақ. Моравада б.з.д. 400 жылдар шамасында кельттер, герман тайпалары, нормандар, 1 мың жылдықтың орта шенінде славяндар мекенделді. 1918 жылдан Чехословакия құрамында.

С. Майлыбай

“Мұхтар жолдастың сөзі”

Қазақстан Жазушылар одағының жиналысында сөйлеген М. Әуезовтің бұл сөзі 1937 жылдың 20 сәуірінде “Қазақ әдебиеті” газетінде жарық көрді. Кейін 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына (76—77-бб.) осы “Қазақ әдебиеті” газетіндегі нұсқасы бойынша берілген. Жазушы архивінде қолжазба сақталмаған. Ауызша сөйленгендіктен қолжазбаның болмауы да мүмкін, газеттегілер жиналыстың стенограммасынан алып жариялаған секілді.

“Мен драматургия жөнінде сөйлемекпін” деп бастаған М. Әуезов өзі әдеби бөлімін басқаратын театрдың өзекті мәселелерін, драмалық шығармалар жазудағы қиындықтарды қозғайды.

1. 33-б. **“Театр — Бейімбет, Ғабит, Мұхтар сияқты кісілердің монополиясы сияқты болып отыр”** — Бұл сөзді өзгелердің де театр жұмысына араласуы қажет екеніне меңзеп, сол кездері шығармалары театрда жиі қойылып жүрген Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, М. Әуезовтер жайлы айтып отыр.

М. Ахетов

“Тәжібаев және оның достары” (Мұхтар Әуезовтің сөзінен)

Бұл материал Қазақстан Жазушылар одағында өткен арнайы жиынның хатнамасы (стенографиясы) негізінде 1937 жылы 29 маусымдағы “Лениншіл жас” газетінің № 95 санында жарияланған. Кейін жазушы жинақтарының ешқайсысына да енбеген.

Халқымызға үлкен қасірет әкелген 1937 жылдың саяси науқаны етек жайып, әдебиет пен мәдениеттің зиялы қауымына да шарпуын тигізе бастаған кезде жер-жерде үлкенді-кішілі саяси жиындар жиі өткізіліп тұрған. Сол жылы Мәскеудің “Правда” газетінде “Саяси поэзия туралы” деген мақала жарияланып, оны “Қазақ әдебиеті” газеті (1937. 16 сәуір. №18) аударып басады. Осыған сәйкес “17 сәуір күні Алматыда әдебиетшілердің жиналысы өтіп, онда М. Қаратаев “Саяси поэзия және Әбділданың шығармалары туралы” баяндама жасады” деген хабар берілген. (Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1967. 601-б.). “Лениншіл жас” газетінің сол 1937 жылғы 24 маусымдағы санында “Тәжібаев және оның достары” деген атпен мақала жарияланған. Жазушылар одағында осы мақалаға байланысты арнайы жиналыс өткізіліп, оны сол кездегі Одақтың жауапты хатшысы М. Қаратаев ашып, онда Ә. Тәжібаев, С. Мұқанов, Қ. Әбдіқадыров, М. Әуезов, Ж. Сыздықов, М. Дәулетбаевтар сөз сөйлейді. Газетте сол сөздерден үзінділер және Ж. Саинның “Тәжібаев қатесін әлі де жасырды” деген мақаласы беріліпті.

“Правда” газетінде жарияланған мақалада Сельвинский, Васильев, Пастернак сияқты кейбір ақындардың күнделікті социалистік шындықты жырлаудан жалтарып, Н. Бухариннің “советке жат”, “екіжүзділік”, “бүркеулі” қисынына елігіп жүргендігі сыналған еді. Қазақстан Жазушылар одағындағы жиын да осы сарындас бағытта өткені белгілі. Онда айтылған сөздер мен газетте жазылған мақалаларда: “Тәжібаевтың достары Қоңыратбаев, Әлібаев, Уәлиахметов өзі сықылды адамдық бейнесін жойған сұмырайлар... Қоңыратбаевтың үйінде Тәжібаевтар үнемі маскүнемдік жасап, төбелес шығарып, бас жаруға дейін барды” деген сияқты ауыр айыптау сындар кездесіп отырады.

М. Әуезовтің сөзі басқаларға қарағанда біршама салиқалы, әдебиет пен қоғамдық мүддені байланыстыра қарауға ұмтылғандық

байқалады. Ә. Тәжібаев өлеңдеріндегі кемшіліктерді қарадүрсін саясат тұрғысынан емес, идеялық-теориялық қисынмен сынап отырып, оған “бүгінгі айтылып отырған сынның барлығы достық сын, түзеуші, жәрдемші сын деп қарсы алуы керек” деп үлкен жанашырлық пейіл білдіреді. Оның үстіне автор Тәжібаевтың өлеңдеріндегі, өз бойындағы кемшіліктерге оның бір өзі ғана емес, оның ортасы комсомол ұйымы мен жазушылар ұйымы да жауапты екендігін де атап айтады. Сол кез үшін осындай пікір айту жас ақынды сынап құзға құлатудан гөрі бері тартып араша түсу болғандығы айқын байқалса керек.

М. Әуезовтің сөзінде аты аталатын: “Осы ретте дарашылдық, “меншілдік” сияқты сары жұрттарға қонақтап барады. Тәжібаевтың өлең жолдарында Жұмабаевтың өлеңдері кездесіп қалатыны сондықтан...”

М. Жұмабаев ұлтшыл алашордашыл деген айыппен 1929 жылы қамауға алынып сотталып, 1936 жылы босап шыққан. 1937 жылдың көктемінен бастап қайта нысанға ілініп сынға алына бастаған. М. Әуезов те, бір жағы, сол кезеңнің үрдісіне ілесе отырып, екінші жағынан, Мағжанға қарсы сын айтуда айрықша белсенділік көрсетіп жүрген жас комсомол ақындардың ішіндегі Әбділданың өзіне аздап болса да тосқауыл қоюдың бір жолы ретінде әдейі атап отырған сияқты әсер қалдырады.

1. 35-б. “...Шелли, Гейнені, әрине, оқуың керек. Ол жөнінде көп оқып келесің. Бірақ олардың сол заманға лайықты боп құрылған мазмұн жөндері бар, оны байқау керек...” – Шелли Перси Биши (1792—1822) – ағылшынның идеалистік бағыттағы лирик ақыны. Аз уақыт өмір сүргенімен мол әдеби мұра қалдырған, көптеген лирикалық өлеңдерімен қатар бірнеше поэмалар, романдар және “Поэзияны қорғау” атты трактаттар жазған. Шелли поэзиясының түп мақсатын сұлулық деп түсінеді. “Поэзия әлемнің жасырынып жатқан сұлулығын ашып көрсетеді” – дейді.

Гейнені аударушылардың қатарында Ә. Тәжібаев та бар.

К. Сыздықов

“Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели”

1937 жылы грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” поэмасының 750 жылдығын атап өту алдында Грузияда, бүкіл Кеңес Одағында үлкен дайындық шаралары жүргізілген. Грузин ақынының өмірі мен шығармашылығы жайлы монографиялық еңбектер, ғылыми-зерттеу жұмыстары, мақалалар дайындалып, жарияланып жатты. Одақтас республикаларда, оның ішінде Қазақстанда да Руставелидің әйгілі поэмасын аудару жұмыстары басталды. Грузияда бұл датаны атап өту үлкен, маңызды мемлекеттік шараға айналдырылды. 1937 жылдың желтоқсан айының соңына қарай өткен бұл мерекеге орай КСРО Жазушылар одағының арнаулы мерекелік пленумын Грузияның астанасы Тбилисиде өткізу жоспарланды. Осындай дайындық кезінде М. Әуезов “Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели”, “Көркем жырдың ұлы ақыны” атты мақалаларын жазды. “Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели” мақаласы алғаш 1937 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 5 желтоқсандағы санында Тбилисидегі мерейтойдың алдында жарияланды. Кейін “Уақыт және әдебиет” жинағында (Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962), жазушының 12 томдық (11-том. Алматы: Жазушы, 1969. 181—189-бб.), 20 томдық (17-том. Алматы: Жазушы, 1985. 82—90-бб.) шығармалар жинағында жарияланды.

Әлемдік әдебиеттің, КСРО халықтары әдебиетінің білгірі М. Әуезов Бүкілодақтық деңгейде де, Қазақстанда да КСРО халықтары әдебиеті курсының негізін салушылардың, бағдарламасын жасаушылардың бірі. 1953—1954 жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінің КСРО халықтары әдебиеті кафедрасының профессор-оқытушысы болған М. Әуезов кейін көптеген оқулықтарға осы курсқа қатысты бөлімдер жазған. М. Әуезов шығармашылығы мен педагогикалық қызметіндегі осы бағыт ғалым-жазушының Ш. Руставелиге қатысты мақаласынан айқын көрінеді. Шағын мақалада грузин ақынының өмірі мен шығармашылығына қатысты негізгі деректерді қысқа-қысқа келтіре отырып, “Жолбарыс терісін жамылған батыр” поэмасына жан-жақты тақырыптық, идеялық, көркемдік талдаулар жасаған. Автор мақалада поэманың әлемдік мәдениеттегі орнын айқындап, шығарманың негізгі тақырыптық-идеялық ұстыны елдік, ерлік

мәселесі екенін нақты мысалдармен дәлелдеген. Поэма авторының ұлттық шеңберден шығып, жалпы адамзаттық нысаналарға ұмтылғанын, махаббат оқиғаларын суреттеуде фольклорлық сипаттардан ілгерілеп, реалистік суреттеулерге келгенін көрсеткен. Шығарманы әдеби байланыстар тұрғысынан зерттеп, нақты салыстырулар жасаған. Руставели поэмасының өлең құрылысын талдап, қазақ өлеңінің құрылысына ұқсас жерлерін көрсетіп, аудармашыларға нақты ұсыныстар жасаған. Мақала Әуезовтің кейін КСРО халықтары әдебиеті тарихына қатысты еңбектері мен оқулықтарға жазған тарауларының грузин әдебиетіне арналған бөлімдеріндегі Ш.Руставелидің өмірі мен шығармашылығына арнап жазған жерлеріне негіз болды.

1. 36-б. **Шота Руставели** – XII ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген грузиннің ұлы ақыны. Туған, өлген мезгілі жайында дәл мәліметтер жоқ. 1966 жылы өткен Ш.Руставелидің 800 жылдық мерейтойының алдында грузин ғалымдары ақынның өмірбаянына қатысты терең ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде ақын поэмасын 1189 жылдан бұрын жаза бастап, 1207 жылға дейін аяқтағанын анықтады. Ш. Руставели Грузияның Месхетия өңіріндегі қазіргі Рустави елді мекенінің маңындағы Рустави қорғанында туған. Ақынның әкесі Чахуркели ауқатты, бектік дәрежесі бар адам болған. Шота Месхетияда негізі XI ғасырда қаланған Гелат академиясын үздік бітірген. Академияда ғылымның әр салаларымен қатар, өнердің барлық түрлерінен хабар беріп, жауынгерлік шеберлікке де баулыған. Академияны бітіру тойына Грузия патшайымы Тамара қатысып, ең үздік нәтижелер көрсеткен Шотаға алтын тәж берген. Зерттеушілердің бәрі дерлік осы той үстінде Ш. Руставели Тамараға ғашық болған дейді. Бірақ патша тұқымы қыздарының грузиннің қара қауымынан шыққан жігіттеріне тұрмысқа шығуына мүмкіндік жоқ болатын. Ұлы поэманы ақын қолы жетпеген махаббаты Тамараға арнап шығарды деген тұжырымды барлық дерлік зерттеушілер келтіреді. Біраз уақыт Грузия патшайымы Тамараның қазынашысы болып патша сарайында тұрған Руставелиге Грекияға кетуге тура келеді. Ш. Руставели поэманы жазуды Грекияда бастап, бірнеше жылдан кейін еліне қайтып келгенде аяқтайды. Халық өте жақсы қабылдаған поэманы Грузияның діни қызметкерлері ұнатпай, шіркеуге қарсы қойып, ұлы ақын елінен кетуге мәжбүр болады. Иерусалимдегі грузиндер салдырған Киелі крест монастырына кетеді. Ш. Руставели шебер суретші ретінде монастырды безендіру, жөндеу жұмыстарына қатысқан. Алпысыншы жылдары грузин ғалымдары Иерусалимге барып, монастырь қабырғасына салынған Ш. Руставелидің суретін тауып, осында жерленгенін анықтады.

Руставели поэмасы әлемдік мәдениет пен әдебиеттің алтын қорына қосылып, “Илиада”, “Одиссея”, Дантениң “Күдіретті комедия”, Гетениң “Фауст” сияқты шығармалардың қатарында тұр.

2. 43-б. Қазір “Жолбарыс тонды жортуылшыны” қазақ тіліне аудару жұмысына біздің ең ірі ақындарымыз кірісіп жатыр” — 1938 жылы Алматыда Қазақстан көркем әдебиет баспасынан Ш. Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” кітабы шықты. Латын алфавитінде шыққан кітаптың алғы сөзінде поэманың 750 жылдық датаға орай дайындалғанын айта келіп, “Бұл кітапқа Шотаның “Жолбарыс терісін жамылған батыр” поэмасы түгел аударылып кірген жоқ; мұнда әр жерінен таңдап-таңдап алынған бөлімдер ғана бар”, — деген. Поэманың бұл қазақша басылымының көлемі 1700 жол өлең шамасында. “Жолбарыс тонды жаһангез” деген атпен Хамза Абдуллин аударып, 1974 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан Ш. Руставели поэмасының қазақша нұсқасы 7000 жолдан тұрады.

М. Әуезовтің мақалаларында поэманың атын “Жолбарыс тонды жортуылшы” (“Мәңгі жасайтын ақын — Шота Руставели” атты мақаласында) және “Жолбарыс терісін жамылған батыр” (“Көркем жырдың ұлы ақыны” атты мақаласында) деп екі түрде алған. Поэманың 750 жылдығын тойлау қарсаңында дайындала, аударыла бастап, 1938 жылы шыққан кітапқа осы соңғы ат алынған. Аудармашылардың аты-жөндері өздері аударған тарауларының соңында берілген. Олар: Тайыр Жароков, Мәжит Дәулетбаев, Әбділда Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Жақан Сыздықовтар. Осыдан болар, поэма желісінде стильдік өзгешеліктер бар.

Біздің ақындардың қолында мерейтой комиссиясы қарап, мақұлдап шыққан, грузин тілінің өзінен жасалған жолма-жол аудармасы (подстрочниктері) да бар. Поэманы алғаш 1712 жылы Вахтанг VI патша кітап етіп шығарған. Содан кейін грузин тілінде алпыстан аса басылым көрген. Бірнеше рет орыс тіліне аударылды (Бальмонт, Петренко, Цагарели). 1937 жылы поэманың 750 жылдық тойына қарсы КСРО-ның барлық республикаларында мерейтойлық комиссиялар, аудару жұмысымен айналысатын арнайы топтар құрылған. Аударуға негізінде орыс тіліндегі нұсқалар таңдап алынып, орталықтан жолма-жол аударма (подстрочник) жіберілген. Аударма жұмыстарының барысын мерейтойлық комиссиялар бақылап, талдап отырған.

Р. Әбдіғұлов

“Көркем жырдың ұлы ақыны”

Мақала 1937 жылы 26 желтоқсанда “Лениншіл жас” газетінде Грузияда Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” поэмасының 750 жылдық тойы өтіп жатқан кезде шыққан. Мақала кейін М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 90—92-бб.) жарияланды. Мақаланың мазмұны осы тойдың алдында, желтоқсанның 5-і күні “Қазақ әдебиеті” газетінде шыққан “Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели” атты мақаласында айтқандарды қайталайды. Көлемі шағын болғандықтан алдыңғы мақалада қамтылған поэманың көркемдік, идеялық ерекшеліктеріне қатысты айтылған ойлар бұл мақалада жоқ. Мерейтой өтіп жатқан кезде жазылғандықтан негізінде хабар түріндегі көтеріңкі екпінмен жазылған мақала. Бұл томға газеттегі және 20 томдық шығармалар жинағындағы нұсқа салыстырылып беріліп отыр. Қажетті түсініктерді осы томдағы “Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели” мақаласының түсінігінен қараңыз.

Р. Әбдіғұлов

“Тарих путевкасын берген адам”

М.Әуезовтің бұл мақаласы “Социалды Қазақстан” газетінің 1937 жылғы 4 желтоқсандағы санында жарияланды. Кейін М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 17-томына (77—81-бб.) енген. Жазушының 50 томдық академиялық басылымының осы томына аталған жинақ пен газет нұсқасы салыстырылып, орфографиялық қателері түзетіліп беріліп отыр. Мақаланың түпнұсқасы сақталмаған.

М. Әуезов “қазақ ұлтшылдығы” үшін 1930 жылы жауапқа тартылып, 1932 жылы шартты түрде 3 жылға бас еркінен айрылғаны белгілі. Түрмеден кейінгі еңбек жолын 1932 жылы қазақ өнерінің қара шаңырағы – Қазақ драма театрының әдеби көркемдік бөлімінің меңгерушісі болып бастады. 1933—1944 жылдар аралығындағы қызметі кезінде театр репертуарының саяси-идеялық маңызы, көркемдік дәрежесі жоғары болуына зор ықпал жасады. 30-шы жылдар қазақ көркемөнерінің ерекше өрістеген дәуірі еді. Осы кезеңде қазақ халық өнерінің, әдебиетінің шығармаларын жинау мен өңдеуге ерекше көңіл бөлген Леон Исаевич Мирзоян болатын. М. Әуезов осы мақаласында өнер мен әдебиетке, қазақ театр өнерпаздарына қамқор болған Л.И. Мирзоян жайлы сөз қозғап, көркемөнер, жалпы мәдениет майданының барлық қызметкерлері 12 желтоқсанда өтетін КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты қып сайлайтындықтарын білдіреді.

1933 жылы 8 қыркүйекте Қазақ АССР Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлар Советі және Халық ағарту комиссариатының “Ұлттық өнерді дамыту” туралы қаулысы шықты. Осы жылы 10 желтоқсанда Л.И. Мирзоян Өлкелік комитет жанында өткен өнер қызметкерлерінің мәжілісінде өнер саласында мамандардың тапшылығы, театр ғимараттарының жоқтығы, актер, режиссер, жазушылардың жағдайы жоқтығы жайын кеңінен сөз қылған.

Еліміздің мақтанышы Күләштің танылуы, Манарбек, Қанабектердің жарыққа шығуы, Абай атындағы опера театрының салынуы Л. Мирзоян есімімен байланысты. Л.И. Мирзоян Жамбыл, Амангелдінің атын шығарумен қатар, Абай туралы да бағалы ойлар айтқан.

1936 жылы қазақ мәдениеті майданында елеулі оқиға болды. Бұл — Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің бірінші онкүндігі. Осы онкүндіктің жақсы өтуіне жағдай жасап, бастап барған да Мирзоян болатын. Ол қазақ өнерпаздарының жол сілтеушісі, қамқоршысы бола отырып, ұлттық актер, әнші кадрларын оқытып, профессионалдық тұрғыдан дайындау мәселесіне ерекше көңіл аударды.

Мақала мәтінін салыстыру барысында газет пен жинақта біраз өзгешеліктер бар екені анықталды. Газеттегі: “өнер тап, өрге бас, артта қалуың жетті” деген — жинақта: “өнер тап, өрге бас, қалуың жетті” болып өзгерген. “... бастық болмыс Беков сияқты феодал: “әнші емес, артист емес, тіпті бұл майданға керек адамдар емес” деп қудалап” деген сөйлем жинақта: “...кейбір бастықтар “әнші емес, артист емес, тіпті бұл майданға керек адамдар емес” деп қудалап” деп өзгерген. Бұл жердегі Беков — сол жылдары театр директоры болған Орынбек Беков.

“Сол партияның Қазақстандағы ең бір қадірлі ұлы, халық ұлы Леон Исаевичқа арналған үн, алғыс” деген сөйлем жинақта жоқ.

“Мирзоян жолдас бір жолы драма театрында ... — Мирзоян бір жолы драма театрында”, “сүйерлігін сүйеу керек — сүйерлігін сүю керек”, “Бұл — Леон Исаевичтің нұсқауларын орындау — мәдениетті өркендетті... — Бұл мәдениетті өркендетті...”, “Бұл үлкен істің тарихы, Леон Исаевичтің атымен байланысты”, “Ең үлкен сыншы басшының өзі екенін біледі” деген сөйлемдер газет нұсқасында бар да, жинақта қалып қойған.

1. 50-б. **“Осы күйдің үстінде декаднике жетіп ек”** — 1936 жылы Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігі.

2. 50-б. **“...орыс драма театры қазақ пьесасын ойнағанда ...”** — Бұл жерде орыс драма театрында М. Әуезовтің “Түнгі сарын” пьесасының қойылуын меңзеп отыр.

3. 50-б. **“...академия театры “Любовь Яроваяны...”** — М. Әуезовтің аударуындағы бұл шығарма М.Г. Насоновтың режиссерлігімен осы театрда қойылды.

А. Болсынбаева

“Бессмертный поэт”

Грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” поэмасының 750 жылдығына арналып жазылған “Бессмертный поэт” атты мақала алғаш рет “Литературный Казахстан” журналының 1937 жылғы 11—12-санында жарық көрді. Кейін М. Әуезовтің “Әр жылдар ойлары” кітабының орысша басылымында (Мысли разных лет. Алматы: Каз. гос. изд. худ. лит., 1961. С. 246—256), 1975 жылы Мәскеуде орыс тілінде басылып шыққан бес томдық шығармалар жинағының бесінші томында (М. Ауэзов. Собр. соч.: В 5 томах. 5-том. С. 10—17) жарияланды. Мақаланың қазақ тіліндегі нұсқасы “Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели” деген атпен “Қазақ әдебиеті газетінің 1937 жылғы 48-санында жарық көріп, одан кейін жазушының 12, 20 томдық шығармалар жинағында басылған таңдаулы мақалалар қатарына кірген. Осылайша екі тілде жарық көрген мақаланың қарастыратын ортақ тақырыбы Шота Руставелидің поэмасы туралы болғандықтан, бұлардың мазмұнында бір-бірінен алшақ кететіндей айырмашылықтар кездеспейді. Мақала ішінде айтылатын ойлардың реті, ондағы келтірілетін мысалдар, қолданылған сөйлемдердің сөзбе-сөз дәл келіп отыруы оның алғашында қазақша жазылып, одан кейін соның ізімен орыс тіліне аударылғанын байқатады. М. Әуезовтің аталған поэма туралы осы мақаланы жазуына бір жағынан мерейтой кезіндегі өткізілген шаралар себеп болса, сонымен қатар жазушының өзі де бұл шығарманы өте жоғары бағалаған. Сондықтан оны қазақстандық орыс тілді оқырмандарға таныстыруды игі мақсат етіп, аталған мақалада оған жан-жақты талдау жасаған. Әдебиет зерттеушісі ретінде ұлт әдебиетімен бірге КСРО, әлем әдебиеті мен мәдениеті тарихының елеулі оқиғаларына М. Әуезов әрдайым пікір білдіріп отырды. Мұның өнер сүйетін жұртшылық үшін пайдасы зор еді, осы тұрғыдан алғанда мақаланың тиімді жақтары көп болғанын атап өту орынды. Қалың көпшілік, алғаш рет осы мақала арқылы Ш. Руставели поэмасын әдебиет тарихында сирек кездесетін мұра ретінде біліп, Батыс пен Шығыс әдебиетінде лайықты орын алатын үздік шығарма деп таныды. Мақалада жазушы поэманың көркемдік ерекшелігі мен достық тақырыбын жырлаудағы бұған дейінгі, бұрынғы әдебиетте сирек кездесетін жаңашылдығын,

композициясы мен өлең құрылысындағы аудармашылар ескеруге тиісті жайттарды түсіндіріп, тиімді кеңестер берді. Ол туралы мақаланы қазақ тіліндегі нұсқасына арналған ғылыми түсінікте жан-жақты айтылған. Онда Ш. Руставелидің өмірі туралы да сирек кездесетін деректер келтіріледі. Мақала туралы толық мәлімет беріледі. “Бессмертный поэт” атты мақаланы жаңадан дайындау барысында бұрын шыққан басылымдарға бірқатар өзгерістер енгізіліп, түзетулер жасалды.

Орыс тілінде жарық көрген мақаланың үш түрлі нұсқасы салыстырыла оқылып, кейінгі 50 томдық академиялық басылымға неғұрлым толық, алғашқы нұсқасы негіз етіп алынды. Мақаланың бұрынғы кітаптарда басылғандағы алынып қалған жерлері толықтырылып, қателері түзетіліп берілді. Журналдағыдан басқа мақаланың кітапқа басылған екі нұсқасында көзге түсетіндей елеулі өзгерістер жоқ. Оқырманның ұғымына ауыр тиетін мағыналық ауытқулар, кейбір жекелей сөздердің ауысып кетуінен, немесе түсіп қалуынан болатын түсініксіз жерлер кезікпейді. Тек жеке сөз тіркесінде кезігетін, әріп қатесінен болатын айырмашылықтар бар. Мысалы: “равнозначашие – равнозначные”, “подчиненный – подчиненная”, “юбилейной комиссии ССП Союза – юбилейной комиссии СП” деп өзгертілген. Мақаланың 1937 жылғы алғашқы нұсқасына қарағанда соңғы кітаптарда көшіріп басқан кезде жіберілген бірталай қателер түзетілді. Журналда басылғанмен кітаптарда белгісіз себептермен алынып қалған тұтастай үш сөйлем орнына келтірілді. Сөйлем “самое персидское”... деп басталып, ...“западных народов” деген сөздермен аяқталады. Кітаптағы “Вспыхнет на литературной ниве” деген тіркестегі сөздер журналда “Вспыхнет над литературной нивой” деп жазылған.

“Отделят нас от даты рождения” деген сөз тіркесіндегі сөздер “отделяют от нас дату рождения” деп жөнделді.

“Что же характерно” деп басталатын сөйлем — “При этом что же характерно”, “Характерно неизменное искание” деген жерде “Характерное, неизменное, это искание” деп түзетілді. Осы сөйлемнің аяғындағы “историй народов” деген сөз тіркесінің дұрысы “историй этих народов”, “вере в собственные силы” — “это вера в собственные силы” деп өзгерген.

“Но она” дұрысы — “Но везде она”, “она переросла Восток” алғашқыда “она переработала Восток”, “с ее культом гармонической красоты тела и духа” деп аяқталатын сөйлемде бірнеше сөздер түсіп қалған. Дұрысы мынадай болып оқылады: “с ее культом человека-героя, с культом гармонической красоты тела и духа”.

Бұрынғы кітаптарда қате басылып келген “их собственного эпоса и напомнив им сходные, родственные черты из их

собственно” деген жолдарда басы артық қате сөздер араласып кеткен. Алғашқы сөйлем “эпоса и фольклора” деп аяқталады. Одан кейін басталатын жаңа сөйлемнің бас жағындағы “И не только теми или иными совпадениями” деген сөйлем қалпына келтірілді.

Мақаланың аяқ жағындағы өлең құрылысы туралы айтылған кездегі “можно переводить стихом” деген сөз тіркесі “можно переводить тем шестнадцатисложным казахским стихом” деп жөнделді. Сонымен бірге тіл шеберлігі туралы жазылатын “Обилие развернутых сложных метафор” деген сөйлем “При этом афористичность Руставели и обилие” деп алғашқыдағы дұрыс қалпымен түзетіліп берілді.

К. Рахымжанов

“Бес мың деген белден асарда”

Мақала алғаш рет “Социалистік Қазақстан” газетінің 1938 жылғы 24 желтоқсандағы нөмірінде басылып шықты. Басқа еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы сақталмаған бұл мақала жазушы еңбектерінің әр басылымдарында (1972, 1997) шыққан кезеңдерін анықтайтын библиографиялық көрсеткіштерге енбеген. М. Әуезовтің 12, 20 томдық материалдарын жинастыру кезінде газеттің бұл нөмірі қолға түспеген болуы керек. Томға осы газет бетіндегі алғашқы нұсқасы өзгеріссіз толық жіберіліп отыр.

“Социалистік Қазақстан” газетінің бес мыңыншы нөмірінің жарыққа шығуын республика халықтары зор құрметпен атап өтті. Туысқан республика басылымдары құттықтау жеделхат, арнайы мақалалар жазды. Бес мыңыншы нөмірін қолына алған жазушы “Социалистік Қазақстанның”, үзіліссіз шығып, өз оқырманына Отанымызда болып жатқан өзгерістер мен ел хабарларын күнбе-күн, дер кезінде жеткізіп беріп отырғанын, газет жетістіктерін қуана құптай келіп, “Бес мың деген белден асарда” атты мақаласын жазды. “Социалистік Қазақстан” газетінің өркендеп, сапасының арта түсуіне өзінің үш тілек, талабын қояды. Бірінші – көтеріп отырған тақырыбы, қозғау салған проблемалық мәселелерінің мазмұны мен мәні жағынан биік тұрғыдан келуін, екінші – әдебиеттің бүгінгі күні мен өткен кезеңдегі даму барысы, өсу қарқыны мен аяқ алысын, әсіресе, халық әдебиетінің асыл қазыналарын зерттеп, талдап ұғу жағына, үшінші – көркем өнер мәселесіне, автордың, режиссердің табысы мен кемшілігіне, театрдың қалыптасып өсуіне көңіл аударатын мақалаларға көбірек орын берсе, театр өнерінің жетіле түсуіне көп көмегі тиетінін баса айтады.

1. 61-б. “Шисланың” — число, бұл жерде әр айдың деген мағынада.

2. 62-б. “Азды-көпті жазған шығармалар турасында” — “Социалды Қазақстан” газетінде 1933 жылғы қарашада “Жуалы колхозшысы”, 30 қарашада “Сөз алған тау сағыз бен көк сағыз”, 1934 жылғы 9 маусымда “Қарғалы совхозында өткізген түн” очерктері мен осы жылдың 7 қарашасында “Үш күн” әңгімесі, 1935 жылғы 26 қазанда “Баймұратұлы жолдас” очеркі, 1936 жылғы

1 мамырда “Әннің сөзі” атты мақалалары жарық көргендігін айтып отыр.

3. 62-б. **“Пайдалы сынымен”** – Смағұл Садуақасовтың “Бәйбіше – тоқал” (Еңбекші қазақ. 1926. 31 қаңтар; 1927. 16 ақпан); “Еңлік—Кебек” (Еңбекші қазақ. 1927. 5 қаңтар); “Еңлік—Кебек” (Еңбекші қазақ. 1927. 1 маусым); Мұстафаның “Қаракөз” (Еңбекші қазақ. 1927. 7 желтоқсан); Тарақтының (Елшібеков А.) “Еңлік—Кебек” (Еңбекші қазақ. 1927. 3 қаңтар); Мұстафаның “Еңлік—Кебек” (Еңбекші қазақ. 1928. 18 наурыз), т.б.толып жатқан жазушы шығармаларына байланысты сын мақалалары жарық көрді.

С. Майлыбай

“Мұса молда”

Мақала бірінші рет орта, орталау мектептің 6-касына арналып жазылған “Әдебиет хрестоматиясында” (Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1937. 80—81-бб.) басылды, одан кейін “Оңтүстік Қазақстан” газетінің 1967 жылғы 13 желтоқсандағы санында жарияланды.

Мұсабек Байзақұлы — жазба әдебиеттің өкілі, тіпті ол айтыстарының өзін де жазып айтысқан ақын (Манат қызбен айтысы). Араб, парсы, шағатай, түрік тілдеріндегі әдебиеттерді еркін оқып, еркін түсінген Мұсабектің өз айналасындағы ақындардан үлгі тұтқаны Құлыншақ, Майлықожа, Мәделіқожа, Бұдабай. Молда атануы да сол білімділігіне, ескіше оқуға жетіктігіне байланысты. Хрестоматияда “Октябрьдің 14 жылдығы”, “Талапты жастар” деп аталатын екі өлеңі беріледі, екеуі де 1931 жылы жазылған. Алғашқысында не туралы сөз болатындығын атының өзі-ақ айтып тұр. Кейінгісінде:

Ілімсіздік — соқырлық,
Не бар оны жасырар.
Білім, өнер оқыса —
Көңілдің тоты ашылар.
Ілімсіз бас — құр шокпар,
Ілімнің алтын басы бар, —

деп жастарды оқуға, өнерлі, білімді болуға шақырады.

Т. Әкім

“Сәбит Дөнентаев”

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы танымдық зерттеу еңбек алғаш “XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” (“Қазақстан” баспасы, 1933. 146—153-бб.) деп аталатын орта, орталау мектептің 6-классына арналған оқулықта жарық көрді. Ал осының ықшамдалған, хрестоматиялық оқулықтар талабына лайықталған нұсқасы 1938 жылғы “Әдебиет хрестоматиясында” (“Қазақтың мемлекеттік баспасы”, 92—97-бб.) басылды. Сонда автор бұған оқулықтағы басылымын негіз етіпті; осындағы белгілерінен тұтастай сөз-сөйлемдердің сызылғандығы, қосылған сөздер мен алынып тасталған абзацтардың молдығы көрінеді. Мысалға оқулықтағы нұсқасы: “1919 жылдың аяғында елде болып, қазақ қаласы ақтардан сейіліп, кеңес үкіметі орнағаннан кейін 20-жылдың бас кезінде партияға кіреді. Содан 22-жылға дейін аудандық сот болып қызмет істейді. Бұл кезде әуелі Қорлықайдың көкірек ауруы күшейіп, қалада тұруға мүмкіндігі болмайды. Оның үстіне партияға кіргелі Баянауылдан шықпай ақыл, үлгі, басшылық алатын коммунист болмай, өз айналасындағылардың көбі білімдар таза коммунист болмай, әрі мектепке барып жаңаша білім ала алмай тұрған ортаның мешешулігінен булығып өсе алмайды. Артынша өзінің тіленуі бойынша партиядан шығып, қызметтен босанып, бір-екі жыл ауылда болады.

1924 жылдың басында Досұлы, Токжігітұлы жолдастардың шақыруымен Семей келіп, ұдайымен 6 жыл “Қазақ тілі” газетінің басқармасында істейді. Әрине, ол кезде басқарма қызметіне ылайықты қызметкерлердің өте кемтар кезі. Басқарманың қызметін 6 жылдай бір өзі атқарған есебінде болады. Жұмысқа немқұрайды қарап, самарқау қимылдауына оның биік адамшылық ары көтермейді. Бар ынта-жігерін сала қимылдайды. Соның салдарынан денсаулығы жұқарады. Оның үстіне әйелінің ескі кеселі күшейіп, қалада тұруға реті келмейтін болғандықтан 30-жылы еліне барып, елде тұрақтай алмай, Павлодарда бір қыс мұғалім болады. Тағы да денсаулық жағдайынан 31-жылы Бесқарағай кетіп, Бөген дейтін жерде оқу-ағарту қызметінде болады. Артынан Семей газетінің өкіріктік болып шығуымен бірге Сәбит қайта шақыртылып, баяғы қызметіне қайта кіріседі”.

Осылардан қалғаны: “1919 жылдың аяғында елде болып, қазақ қаласы ақтардан сейіліп, Совет үкіметі орнағаннан кейін 1920 жылдан 1922 жылға дейін аудандық сот болып қызмет істейді.

1924 жылдың басында Семей келіп, ұдайымен 6 жыл “Қазақ тілі” газетінің басқармасында істейді. 1930 жылы еліне барып, елде тұрақтай алмай, Павлодарда бір қыс мұғалім болады. Денсаулық жағдайынан 1931 жылы Бесқарағай кетіп, Бөген дейтін жерде оқу-ағарту қызметінде болады. Артынан Семей газетінің өкіріктік болып шығуымен бірге Сәбит қайта шақыртылып, байырғы қызметіне қайта кіріседі”.

Әуелінде осы келтірілген үзінділердің ішінен: “бас кезінде партияға кіреді”, “Бұл кезде әуелі Қорлықайдың көкірек ауруы күшейіп, қалада тұруға”, “аса алмайды”, “булығып өсе алмайды. Артынша өзінің тіленуі бойынша партиядан шығып, қызметтен босанып, бір-екі жыл ауылда болады”, “әрине, ол кезде басқарма қызметіне лайықты”, “Оның үстіне әйелінің ескі кеселі күшейіп, қалада тұруға келмейтін болғандықтан”, “Тағы да” деген тіркестерді сызыпты да, соңынан олардың қатарын ұлғайта түсіпті.

Хрестоматияға енгізілген – “Замандастар”, “Драмашыға”, “Біздің колхоз бәйге алды”, “Ерікті Айша”, “Бай мен комсомол”, “Комсомол”, атауларының өзі айтып тұрғандай, бұлардың барлығы дерлік кеңестік дәуірде жазылып, кеңестік тақырыпқа арналған өлеңдер.

Т. Әкім

“Әдебиет хрестоматиясы”

Қазақстан оқу комиссариаты бекіткен М. Әуезовтің орта, орталау мектептің 6-классына арналған “Әдебиет хрестоматиясы” екі рет (“Қазақстан мемлекеттік баспасы”, 1937. 99-б.; 1938. 176-б.) басылып шықты. Бұған дейін “Жеткіншек”, “Новый аул”, “Букварь” (1929), “ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті” (1933) жарық көрген болатын. 1933 жылғы оқулығы да орта, орталау мектептің 6-классына арналған. Бұл оқулықтан қазіргі сөз болып отырған хрестоматияға Махамбет, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Алтынсарин, Абай, Толстой, С. Торайғыров туралы тараулар ауысты да, “Өлкенің патша үкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті”, “Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті (70-жылдар мен 1905-жылдар арасы)”, “Ұлтшылдық әдебиеттің бас кезі” сияқты шолу тараулар, “Бұхар жырау”, “Нысанбайдың еңбегі туралы”, “Шортанбай шығармалары”, “Мұраттың өмірі”, “Әубәкір мен оның шығармалары”, “Шәңгерей”, “Омар Қарашұлы” – хрестоматияның отыз жетінші жылғы да, отыз сегізінші жылғы да басылымдарынан көрінісін таппай қалды. Хрестоматияға жол тапқандардың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер, жекелеген туындылары жөніндегі талдаулар көп ықшамдалып, оның орнын шығармаларынан алынған үзінділер толтырды.

Осы екі басылымның алғашқысының (1937 ж.) көлемі – 99 бет те, соңғысы (1938 ж.) – 176 бет, бұл жерде соңғысына бір есеге жуық материалдың жаңадан қосылғандығы көрінеді. Олар: “Қырық өтіріктің мағынасы”, “Қобыландының Тайбурылы туралы”, “Крылов”, “Пушкин”, “Алтынсарыұлы Ыбырай”, “Толстой” деп аталатын тараулар, ал алдыңғы басылымында бар “Мұса молда”, “Сәбит Дөнентаев” бұлардың қатарына кірмей қалған. “Қамбар батыр” жыры үзіндісінің көлемдірек болып берілуі, бұрынғы Лермонтов өлеңдеріне “Қанжар” аталатын жырының қосылуы сияқты жағдайлар да соңғы басылымның көлемін ұлғайта түскен. “Сабырсыз, арсыз еріншек”, “Желсіз түнде жарық ай”, “Мәз болады болысың”, “Болыс болдым, мінеки”, “Интернатта оқып жүр”, “Бойы бұлғаң” деген тәртіппен берілген Абай өлеңдері кейінгіде: “Мәз болады болысың”, “Болыс болдым,

мінеки”, “Әсемпаз болма”, “Интернатта оқып жүр”, “Абайдың қара сөздері” болып жүйеленген. Алдыңғысынан “Әсемпаз болма”, “Абайдың қара сөздері”, соңғысынан “Сабырсыз, арсыз еріншек”, “Желсіз түнде жарық ай”, “Бойы бұлғаң” көрінбейді. Некрасовтың “Темір жол” деп аталатын поэмасынан алынған үзіндінің екі басылымда екі түрлі нұсқасы берілген, алдыңғысының аудармашысы көрсетілмеген де, кейінгі нұсқасында Әбу есімі тұр. Мұндағы аударылу үлгілері де бөлек-бөлек. Елу томдыққа ұсынылып отырған нұсқадағы аударма:

Жайнаған тамаша күз! Ашық аспан,
Бойында таза ауамен жігер тасқан.
Еріген қантқа ұқсап өзендерде
Жарқырап жатыр мұздар жаңа қатқан, —

деп басталып:

Доғарылды ат ұрлап байға халық,
Жол бойымен жүгірді айқай салып.
Будан артық суреттің керегі не,
Жеткілікті генерал осы да анық, —

деген жолдармен аяқталады. Жаңағы аударушысы көрсетілмеген үлгі мынау:

“Шойын жол

*Ваня — Әкетай, осы жолды кім салды?
Әке — Граф Петр Андреевич Клейнмихель деген инженер,
шырағым.*

Вагондағы сөз

I

Әуе таза, па! Қоңыр күз,
Ширайды жан шаршаған.
Су бетінде қабыршақ мұз

Шекерше еріп қаусаған.
Мамық төсек тоғай маңы,
Тынығасың тыныс кең,
Тотықпапты жапырақ әлі,
Жатыр таза сар кілем.
Уа, қоңыр күз, сұрқай түндер,
Айық, жуас күндіз ай.
Табиғатта бар ма міндер?!
Түбір, томар, сазды сай.
Бәрі де әсем ай нұрында,
Толған орыс жол үсті.
Келем заулап шойын жолда,
Ойлап-ойлап ой түсті.

II

Ой, әкесі-ау, жас Ваняны
Қамау мұнша мүмкін бе?
Сырласайын бұл Ваняға,
Айтам шынын бұл түнде.
Ваня, мынау ауыр еңбек
Жалғыз адам қылмастық,
Бар падиша — жауыз жүрек,
Падишаның аты — астық!
Әскері бар: теңіздерде,
Кеме айдаған, тас қашап,
Жер айдаған, жіп иірген,
Артель айдап, аш қысап.
Сол падыша көп халықты
Келген мұнда қуалап.
Көптің өмірін жел алыпты,
Көпке осы ара көр-азап.
Жол түп-түзу, ені қиық,
Реліс, көпір, діңгектер.
Ол не? Ваня! Жатыр бығып,
Жол жағалай сүйектер.
Қалдың үсіп, бетті баспа!
Сескенбе сен, қой, ұят!
Анау тұрған ақ орыс па,

Безгек сорған түсі тат.
Қансыз ерін, өңсіз қу жақ,
Білек ісік, мандам дерт.
Өміріне су кешкен сирақ,
Ісік, шашы сірке, бит,
Кеудесі үңірік, мәңгі күрек,
Үстінде ұдай асылған.
Қара, Ваня, әбденірек,
Аузына азар түскен нан.
Түзеткен жоқ, әлі үңірек,
Әлі белдің бүкірін.
Меңіреу, үн жоқ, ескі күрек,
Шұқиды жер шұқырын.
Сірә теріс болмас ед бұл,
Еңбек етсек осылай.
Ел еңбегін ардақтай жүр,
Мұжығыңды біл сыйлай.
Туған елің, сескенбе әлі,
Орыс көнбіс, итжанды.
Шыдады осы жолға дағы,
Тартар тәңірі салғанды.
Шыдайды ол, өзіне жол,
Салар ашық кең кеуде,
Амал бар ма? Болмаймыз, сол
Мен де, сен де ол күнде.

III

Қатты ысқырды дәл осы кез,
Кетті пойыз, қалды өлік.
“Әке-ау, көрдім бір қызық түс”,—
Деді Ваня “көп мұжық”.
Қаптады орыс жер-көкті алған,
Деді ол маған міні олар.
— Міне осылар жолды салған...
Күлді қарқ-қарқ генерал.
Батыстағы бай елдерде
Болдым, көрдім көп күмбез,
Соларды да жасаушы ел ме?

Болып па екен сол да сөз.
– Сіз ғафу ет, жөнсіз күлкі,
Сіздердің ой да сүйкылдау.
Сізше Апполон – ердің сиқы
Күл шығарғыш сықылды-ау?
Міне, еліңіз монша, сарай
Құртты өнерді, жерлерді.
Мен сізге емес, Ваняға айтам,
Жанарал сөз бермейді.
– Неміс, сакс, славян,
Түзеуге емес, бұзуға.
Мәстір бұзық, мас антұрған,
Керек Ваняға ұғуға.
Қайғы, өлім мен бай көңілін
Жабырқату жарай ма?
Жаксы, жайлы ел өмірін,
Айтсаңызшы... солай да!
Тыңда, қалқам, азап еңбек,
Өлген көрде, ауру жерлеп...
Жұмысшы жұрт әлсіреп.
Жиылды көп, контор лық-лық...
Желке тыр-тыр қасылды.
Қағылды сот, желкеге жүк,
Борыш мықтап асылды.
Моншаға алған, ауырып қалған
Жазған бастық тәптештеп.
Тиер бар ма? Бар, сен жазған!..
Кете берді қол сілтеп,
Көк шекпенді жуан пыс-пыс,
Беті қызыл мыстайын.
Келе жатыр біткен жұмыс
Подрядшик қожайын.
Жұрт именіп, жол береді,
Сүртіп беттен терлерін.
Қодырайып сөйлегенді,
Пәлі! Жігіт ерлерім!
Ал қайтсаңдар енді тарап,
(Алсаңдаршы бөркінді),
Жұмысшыға бір бөтелке арақ,

Кештім тағы борышыңды...
Ура! Деді, у-шу, айқай,
Күледі көп, қау-қауда.
Он басылар бөшкені айдай,
Тұра алмады жалқау да.
Жұрт ат жекті, жолға түсті,
Байды басты уралар...
Бұдан артық қуанышты
Көре алмассыз, генерал!?”

*(Әдебиет хрестоматиясы.
“Қазақстан мемлекеттік
баспасы”, 1937. 70—71-бб.).*

М. Әуезов жоғарыда аталған еңбектерінде оқу құралының ерекшеліктерін, сөздері мен сөйлемдерінің оқушылар ұғымдарына ауыр келмеуін, жайылмай нақты, түсінікті, талданған шығармалардың құрылысы, қоғамдық, әлеуметтік идеясы, мазмұн мен түр бірлігі тұтас талдануы керектігін қатты ескерді. “Жеткіншек”, “Новый аулдарды” жазғанда бұған дейінгі Ыбырай Алтынсаринның “Қырғыз хрестоматиясынан” бастап, “Әдеп”, “Мінез”, “Ақыл кітабы”, “Тұғмыш”, “Үлгілі бала”, “Өнеге” сияқты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында шыққан кітаптар және Толстой мен Ушинскийдің оқулықтары ойында болды. Мүлде жаңа үлгіде жазылған “XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” кітабында орыстың ақын-жазушыларына да орын берілді, сөз болып отырған екі хрестоматиясы да осы ізбен жазылды. Осылардан кейін кейбір авторлар жазған оқулықтарға пікір білдіргені болмаса, бұл салаға қайтып араласқан жоқ. Қырқыншы, елуінші жылдардың соңғы ширегінде “Қазақ әдебиеті тарихының” жазылуына жетекшілік етті және жүзеге асырушы авторларының бірі болды.

Хрестоматияда кездесетін көптеген атаулар мен есімдер, ұғымдар 7-томның түсінігінде сөз болғандықтан, мына төмендегілерден басқасына тоқтап жатпадық.

1. 165-б. “**Бұландай ерді кескен күн**” — Бұлан — аң.
2. 165-б. “**Он сан байтақ бүлген күн**” — Бүлген — бүлінген.
3. 226-б. “**Ей, ақылсыз Богданжан**” — Богдан Хмельницкий. Ол 1648 жылы Украинада болған казак шаруаларының көтерілісін басқарған. Соның нәтижесінде Украина Польшаның езгісінен құтылған, бірақ соғыспен алған табысын дұрыс пайдалана алмаған. Ақынның “ақылсыз Богдан” деп отырғаны осы.
4. 227-б. “**Іздегені моладан**” — Бұл жерде ақын қорғанға көмілген әскерлерді және теңдікті айтып отыр.

5. 230-б. “**Тауып анам шырағын**” – Шіркеуге апарар шырақ тапқанын айтқаны.

6. 230-б. “**Жалбарынып Мариямға**” – Мариям – Иса пайғамбардың шешесі.

7. 230-б. “**Қамыт киген казак ұлы**” – Орыс-казактарын айтқаны.

8. 232-б. “**Саған, қаншық, сөзіміз**” – Қаншық дегені – Екінші Екатерина. Ол Украинаға көп тізе батырған. Украинаның әскери күшін жойып, басыбайлық орнатқан, шаруалардың жерін өзінің сүйген адамдарына бөліп берген.

9. 280-б. “**Бір адамға**” – Ақын Шорман ауылына барғанда Сәдуақас әкесі Мұса аға сұлтан болып тұрған кезінде сыйға алған шен-шекпенін, жылтыр түймелерін, алтын-күміс ыдыс-аяқтарын мақтан қылып көрсеткеннен кейін осы өлеңін жазған.

Т. Әкім

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу”

Бұл жырдың үзіндісін М.Әуезов тұңғыш рет “Таң” журналында (1925. № 2. 70—72-бб.) “Ай, Таңсықтың қоштасқаны” деген атпен жариялаған. Осыдан кейін Бейсембайдың өңдеуіндегі Жанақ нұсқасын 1936 жылы (Алматы: Қазақтың көркем әдебиет баспасы. 1—75-бб.) алғы сөзімен жеке кітап етіп бастырып шығарған. Осы нұсқа 1939 жылы “Батырлар жыры” жинағы мен 1959 жылы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” деп аталатын жинаққа алты нұсқаның бірі ретінде енгізілген.

Халық арасына кеңінен танымал жыр туралы алғашқы ойларын М.Әуезов өзінің 1927 жылы шыққан “Әдебиет тарихы” атты еңбегінде “Қозы Көрпеш – Баянның қысқаша әңгімесі”, “Қозы Көрпеш – Баянның мәнісі” деп аталатын тарауында білдірген. “Қозы Көрпеш – Баянның қысқаша әңгімесі” дегенге сілтеме беріп, мыналарды жазған: “Қозы Көрпештің әңгімесі жалғыз қазақ емес, басқа түрік жұрттарының да талайының ішінде бар. Бірақ оларды қоя тұрып, қазақ ішіндегі әңгімесін алсақ, оның өзі де нешеалуан болып айтылады. Біздің қолымызға үш түрлі әңгімесі түсіп еді. Соның ішіндегі ең толық, ең ойлысы жаңағы айтқан “Қозы Көрпеш” болғандықтан, осы нұсқаны қарастырамыз”. Осындағы “үш түрлі әңгіме” дегенді былай түсіндіреді: “Бірі – Семей уезі, Тобықты ауданынан жиналған әңгіме; екіншісі – Мәскеуде басылған, Радлов жинаған әңгіме; үшіншісі – Жетісу қазағының арасынан Колпаковский жандаралдың жиғызған әңгімесі” (Әдебиет тарихы. Алматы, 1991. 109, 111-бб.).

Жанақ жырлаған Бейсембай өңдеуіндегі нұсқасына М.Әуезовтің көңіл аударуының және жеке кітап етіп бастырып шығаруының өзіндік сыр, себептері бар. Бұл жырды жақсы білетін және Жанақты аса жоғары бағалайтын Абай өз шәкірттерінің бірі Бейсембай Жәнібекұлына (1857—1917) “Қозы Көрпешті” қайта жырлап шығуға кеңес береді. Осыдан хабары барлар Бейсембайдың өңдеп қана қоймай, осындағы әрбір кейіпкерлеріне арнап ән де шығарғанын, айтқанда сол әнімен айтатынын еске алады. “17 түрлі мақамы бар еді, айтқанда боздатып айтатын еді” дейді. Бейсембайға Ақылбай мен Мағауия көмектесіпті. Жастайынан естіп, көріп-біліп өскен М.Әуезов жырдың осы нұсқасын ертеректе жазып алыпты. Сол жарияланғанына дейін Бейсембайдың айтуындағы нұсқаны Қазақстанның басқа өңірі біле қоймапты. Бұл нұсқа жөніндегі

жазушы ойын өзінің мына төмендегі айтқандарынан да көруге болады: “Қозы Көрпеш жөніндегі тексеруде көп даулы, теріс пікірлер бар. Қозыны өлтірмеудің өзі ғана феодалдық вариант деп байлау, ғылымдық-салмақты ой-пікір болу былай тұрсын өте шикі, ұшқары, шалағай қорытынды. Оқу құралына ондай, әлдеқалай жеңілдіктер кірудің жөні жоқ... Бейсембайдың айтуы бойынша, Сыбанбай, Бекбау, Жанақ ақындардың айтқан вариантының да үлестері болу керек. Бейсембайдың алдындағы соңғы айтушы Жанақ болғандықтан, біз бұл вариантта үлкен ақын Жанақтың үлкен үлесі көп деп айтатынымз рас. Бірақ өзінің аузынан жазып алған Бейсембайдың үлесі жырдың басынан аяғына шейін араласқан жоқ” (“Әуезов үйі” ҒМО. 208-бума. 3-б.).

Енді осы Бейсембай жырлауы негізінде жарық көрген 1936 жылғы мен соңғы басылымы (1959) салыстырылып, елу томдық академиялық толық басылымға ұсынылды. Ол басылымдардың арасында көзге түсерліктей айырым байқалмады. Мына төмендегідей жекелеген сөздер мен атауларға түсінік берілді:

1. 289-б. **“Кемел ақын келтірер сөздің түрін”** – Бұл Жанақ айтты деген жырдың басы (алғашқы екі жолы).

Сөйлейді шешен адам дін мен шынын,
Айтайын ғайып қылмай асыл нұрын, –
деп те айтылатыны бар.

2. 289-б. **“Оған да заман өткен бір ықылым”** – Ықылым – ғасыр сияқты ұзақ дәуір өлшемі.

3. 289-б. **“Сыбанбай, Жанақ, Бекбау”** – Бұлар “Қозы Көрпешті” жырлаған адамдар. Осылардан басқа аты мәлім емес төртінші ақынның бары да байқалады.

4. 289-б. **“... ..”** – Осы сияқты көп нүкте қойылған тұстардың сөздері анықталмаған.

5. 290-б. **“Не Шыңғыстай, болмаса не Қалбадай”** – Шыңғыстай дегені Шыңғыстау, Қалба – Өскемен уезіндегі тау.

6. 290-б. **“Не Мыржықтай”** – Қарқаралы маңындағы тау.

7. 291-б. **“Келіпін сексен үшке мөлден өтіп”** – Пайғамбар жасынан өтіп деген мағынаны білдіреді.

8. 292-б. **“Түскен жоқ жасым жетіп, көзге таған”** – Таған түсу – көрілердің тіліне ақау түсу мағынасында.

9. 292-б. **“Мылтығым алты қарыс”** – Қазақ елінің алғаш көрген мылтығы қарыспен өлшенген. Хиуа, Қоқан ұсталары соғатын. Қарыс-қарыстап, жеке құйып, артынан барып біріктіріледі. Неғұрлым қарысы мол болса жақсы, сапалы саналған.

10. 293-б. **“Ішінен егіз қодығы”** – Арқар, маралдың лағы.

11. 293-б. **“Сілікпелеп жас төлді”** – Ас еткен жас төлдің еті.

12. 295-б. **“Қырыштан төмен жылжып келе жатса”** – Қырыш – қалың ағашты тоғай.

13. 295-б. **“Ертіс басы қара дің”** – Қолжазбада бұл сөйлемнің анық жазылмағандығы айтылған. “Дәлді не екендігі ұғылмады” дейді.

14. 299-б. **“Құба қалмақ сықылды іштен бүлді”** – Күйзеліске түсті деген мағынада.

15. 299-б. **“Табан шөңгел биімсің”** – Бейсембай жазбасында “Кімсің” деп беріліпті. Бұрынғы жырларда “биімсің” делінген. Алғашқы қалпына келтірілді.

16. 300-б. **“Жүруші ең әр нәрседен шолпы тартып”** – Шолпы – мұқтаждық, жетіспеушілік мағынасында.

17. 301-б. **“Билеспес деп тартынба”** – Тазшаның бұл естіртуі әнмен айтылады. Бұрынғы Семей облысында бұл жырды айтатын адамдар сол мақаммен жеткізетін болған. Бейсембайдың көп мақамының бірі болу керек.

18. 303-б. **“Құреңіс, Ақкезең”** – жер аттары.

19. 306-б. **“Ерігіп айтқан”** – Жазбада “ерігіп” болып кеткен, дұрысы “елігіп”.

20. 307-б. **“Бұл басымды келдемнен”** – Келде деп отырғанының өзі бас.

21. 308-б. **“Балталы, Бағаналы ел, аман бол”** – Осындағы Ай, Таңсықтың қоштасулары да арнаулы әнімен айтылады екен.

22. 308-б. **“Іребдел өңшең мырза”** – Ірі, таңдамалы.

23. 309-б. **“Барады белде-белде”** – Белде-белде – көне сөз. Толқып-толқып, үдеп-үдеп деген мағынада.

24. 310-б. **“Барғанмен барқадар”** – Барқадар – береке.

25. 311-б. **“Балталы, мен ұрайын сақалыңды”** – Қолжазбада осылай, дәлді мағынасы белгісіз.

26. 312-б. **“Алла тағала қаңғыртқан Қарабаймын”** – Бұл да арнаулы әнмен айтылған.

27. 312-б. **“Жалған жауап сөйлеуге”** – Қолжазбада осылай. Жанақ айтуында басқаша.

28. 315-б. **“Тал шыбықтай бұралған өзі көрім”** – “Көрім” деген сөздің басқа өңірдің қазақтарында жаман мағынада айтылатынын ескертеді.

29. 315-б. **“Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты”** – Баян келбетін сипаттаған бұл сөз Жанақ үлгісінде басқаша. “Бұл жерін Тобықты ішінде Абай балаларының бірі Ақылбай, Мағауия өндепті деген де сөз бар. Сол расқа ұқсайды” дейді.

30. 315-б. **“Аппақ керік”** – Кең, жазық.

31. 316-б. **“Аяғы бес кісілік Көсем сері”** – “Бұл бергі ақындардың байқамай кіргізген жаңсақтығы болу керек” дейді.

32. 320-б. **“Көңлім жақын тартты сізге дем-дем”** – Үсті-үстіне деген мағынада.

33. 324-б. **“Күркіреп Ұшан сері келіп жетті”** – Ұшан бүгінгі тілімізде ұшан-теңіз деген сөзде болмаса, өзге уақытта жеке қолданылмайды. Бұрын жекеше түрде айтыла бергендігі көрінеді.

34. 337-б. **“Жареукелі келеді жалшы деген”** – Жареукелі – жағынғыш дегені.

35. 338-б. **“Сән-тұрманы мүкәммәл”** – Мүкәммәл – мүлік, қазына.

36. 359-б. **“Баян айтты:” ал, қалқам, қапыл қалма”** – Қапыл – арабша салғырт, селқос. Жырда “күр қалма” деген мағынада.

37. 365-б. **“Қарамастан алады басын кесіп”** – Осыдан ары өлеңнің баяғы қалпынан бұзылғандығын, Жанақтың және бұрынғылардың айтуында Қозының өлетінін, мұндағы өзгерісті Бейсембайдың әдейі енгізгенін, оның қоспасы жырдың басында ақындарды санағанда да білініп тұратынын айтады.

38. 366-б. **“Мүйіз көк термешелі”** – Ингендерде болатын теріні айтқаны сияқты.

Т. Әкім

МАЗ МҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР	3
Сақтық күшейіп, көрегендік артсын.....	5
“Евгений Онегиннің” қазақшасы туралы	6
Алғашқы әсер	16
Серго — қазақ жазушыларының досы	20
Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар.....	22
Ерлік еткен коллектив	28
Ұлы ұран — Отан ұраны	30
Мұхтар жолдастың сөзі	32
Тәжібаев және оның достары	34
Мәңгі жасайтын ақын — Шота Руставели	36
Көркем жырдың ұлы ақыны	45
Тарих путевкасын берген адам.....	47
Бессмертный поэт.....	52
Бес мың деген белден асарда	61
Мұса молда.....	63
Сәбит Дөнентаев	66
II. ОҚУЛЫҚ	69
Әдебиет хрестоматиясы	71
III. ӘДЕБИ НҰСҚА	285
Қозы Көрпеш — Баян сұлу.....	287
IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	369

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

12-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 21,8.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1175.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-154-8



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 5 4 8